Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің және
«Ғылым Ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу
институттарының бірлескен білім беру бағдарламалары
ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

ӘОЖ 903
902(574)

Қолжазба құқығында

АЙТБАЕВА АЙГЕРИМ ЕСИМКАНОВНА

# ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ А.Н. БЕРНШТАМ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

6D020800 – археология және этнология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

**Отандық ғылыми кеңесші**:
Ғ.Қ. Омаров
тарих ғылымдарының кандидаты

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**
Кан Ин Ук
Ph.D доктор, Кенхи университеті
Гуманитарлық колледжінің профессоры,
Корей археологиясы және ежелгі тарихы
Институтының директоры
(Корей Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| | **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.................................. | 3 |
| | **КІРІСПЕ**.......................................................................... | 4 |
| **1** | **А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ**... | |
| 1.1 | А.Н. Бернштамның шығармашылық жолы мен ғылыми қызметі ХХ ғ. 30-50 жж. археология ғылымының дамуы контекстінде....... | 22 |
| 1.2 | А.Н. Бернштам басқарған ғылыми экспедициялар және олардың нәтижелері........................................................................... | 40 |
| **2** | **А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ЖЕТІСУДЫҢ ҚОЛА ЖӘНЕ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУІ**.................. . | 54 |
| 2.1 | Жетісудың қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуі.......................... | 54 |
| 2.2 | Сақ және үйсіндердің ескерткіштері. Қазіргі заманғы сақ-үйсін проблематикасы........................................................................ | 59 |
| 2.3 | Ғұн дәуірі ескерткіштері. Кеңқол қорымы................................... | 70 |
| **3** | **А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ЖЕТІСУДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУІ**............................................... | 83 |
| 3.1 | Алматы облысы аумағында жүргізілген зерттеу жұмыстары....... | 83 |
| 3.2 | Талас алқабының ортағасырлық ескерткіштері мен сәулет орындарына жүргізілген зерттеулері............................................ | 88 |
| 3.3 | Шу өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер............................................................................... | 102 |
| **4** | **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУІ**............................................. | 113 |
| 4.1 | Қаңлы (кангюй) кезеңінің ескерткіштерін зерттеуі. Қаңлы проблемасы........................................................................... | 113 |
| 4.2 | Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеуі.......... | 126 |
| **5.** | **А.Н. БЕРНШТАМ КӨТЕРГЕН ТАЛАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР**.... | 136 |
| 5.1 | Түркі халықтарының тарихы мен этногенез мәселелері.............. | 136 |
| 5.2 | А.Н. Бернштам зерттеулеріндегі соғды мәселесі......................... | 149 |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ**................................................................... | 160 |
| | **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**.......................... | 167 |
| | **ҚОСЫМША А**...................................................................... | 180 |
| | **ҚОСЫМША Ә**...................................................................... | 193 |
| | **ҚОСЫМША Б**...................................................................... | 196 |
| | **ҚОСЫМША В**...................................................................... | 200 |

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**АВ –** Археологический вестник
**АН** – Академия наук
**БҒМ** – Білім және ғылым министрлігі
**ВДИ** – Вестник древней истории
**ГАИМК** – Государственная Академия истории материальной культуры
**ҒА** –Ғылым академиясы
**ҒК** – Ғылым комитеті
**ИА** – Институт Археологии
**ИАК** – Императолық Археологиялық комиссия
**Изв. АН КазССР** – Известия Академии Наук Казахской ССР
**КСИИМК** – Краткие сообщения Института Истории Материальной культуры
**КСИА** – Краткие сообщения Института Археологии
**КСРО ҒА -** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым Академиясы
**ҚР ҰҒА** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы
**Л.** – Ленинград
**ЛМУ** – Ленинград Мемлекеттік Университеті
**М.** – Москва
**ММТИ** – Материалдық мәдениет тарихы институты
**ММТИ ЛБ** – Материалдық мәдениет тарихы институтының Ленинград бөлімі
**ММТМА** – Материалдық мәдениет тарихы Мемлекеттік академиясы
**РА** – Российская археология
**РАИМК** – Российская Академия истории материальной культуры
**РСДЖбП –** Ресей социал-демократиялық жұмысшы большевиктер партиясы
**СА** – Советская археология
**Спб**. – Санкт-Петербург
**СЭ** – Советская этнография
**ЭВ** – Этнографический вестник

# КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс Қазақстан археология ғылымын ұйымдастырушылардың бірі, еліміздің көптеген ескерткіштерін ашқан, есепке алған әрі алғашқы қазба жүргізген, әртүрлі күрделі тарихи-археологиялық мәселелер бойынша ой-тұжырымдар жасаған Александр Натанович Бернштамның Қазақстан археология ғылымына қосқан үлесіне арналады. Ғалымның балалық, студенттік шағы, алғашқы ғылыми ізденістері, сол кездегі саяси қыспаққа алынуы, ұстаз болып қалыптасуы және Қазақстанның қола, ерте темір, ортағасыр ескерткіштерін зерттеудегі жетістіктері баяндалады.

**Тақырыптың өзектілігі.**

Қазіргі уақыттағы тарихнаманың ерекшелігі – ғылым тарихын зертеуге және тарихтың адами мазмұнына, яғни, тарихи тұлғаларға ерекше қызығушылық танытуы болып табылады. Ғылымның дамуына білімін, күшін арнаған тұлғалар өмірін зерттеу археологияның биографиялық тарихының кемшін тұстарын толықтыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары Қазақстан тарихына өз үлестерін қосқан алдыңғы қатарлы ғалымдарымыз – Ә.Х. Марғұлан, М.Е. Массон, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев. А.Н. Нүсіпбеков, М.Қ. Қозыбаев, М.С. Мұқанов, т.б. туралы бірқатар ғылыми жұмыстар жазылды. Сондай ірі тұлғалардың бірі, Қазақстан археологиясының көш басында тұрған, еліміздің көне дәуірлер мәдениеттерін зерттеуде зор үлес қосқан ғалым, ұстаз – Александр Натанович Бернштам болатын.

Орталық Азияның тарихын зерттеуші, ірі шығыстанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Бернштам (1910-1956 жж.) отыз жылға таяу өмірін түркі халықтары – қазақ, қырғыз, түркімен, ұйғырлардың тарихын, археологиясын, этнографиясын, сәулет өнерін зерттеуге арнап, археология ғылымның дамуына теңдесі жоқ үлес қосты. 1933 жылдан бастап бірнеше археологиялық экспедициялар ұйымдастырып, Қырғызстан, Қазақстан аумағында зерттеу жүргізіп, нәтижесінде қола дәуірінен XIX ғасырға дейінгі уақытты қамтитын жүздеген археологиялық нысандар табылды. Ол халықтардың этногенезі, әлеуметтік қоғам және экономикасы мәселелерін, сондай-ақ, ежелгі эпиграфика мен нумизматика мәселелерін зерттеді. Ғалым Жетісу, Тянь-Шань, Памир және Ферғананың ежелгі ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді. Орталық Азия елдерінің археология ғылымына зерттеушінің қосқан үлесі – Орталық Азия аумағындағы сақ, ғұн және қаңлы мәдениеттерін ашуы, Жетісу мен Тянь-Шань сақ-үйсін мәдениеті ескерткіштерін кезеңдеуі, Памирдың биік таулы ауданынан ерте темір дәуірі мен түркі ескерткіштерін ашуы, Қазақстан мен Қырғызстан аумағында орналасқан ортағасырлық қалалардың орнын анықтап, баламалауға алғаш рет талпыныс жасауы, сәулет өнері ескерткіштерін зерттеуі болып табылады. Ғалым өзінің осындай ерен еңбегімен осы аумақтардың тарихы мен мәдениетінің зерттелуін жоғарғы деңгейге көтерді.

1930-ж. II жартысынан – 1950 ж. I жартысы аралығында Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы аймағында жүргізілген далалық зерттеу

жұмыстарының нәтижесінде бірегей материалдардың айтарлықтай көлемі жинақталды. А.Н. Бернштам зерттеулері нәтижесінде табылған артефактілер мен археологиялық кешендердегі қазба жұмыстарының құжаттамалары қазіргі таңда Қазақстан, Ресей Федерациясы және Қырғызстанның мұражайлары мен мұрағаттарында сақтаулы. Археологтың қызметі және қазба жұмыстарының әдістемесі туралы мәліметтердің айтарлықтай бөлігі әлі ғылыми айналымға енгізілмеген. Мұражайлар мен мұрағаттардағы мәліметтерді жинақтау және зерделеу, оларды заманауи қазбалар мен зерттеулерді ескере отырып жүйелеу сапалы жаңа мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Мұндай толыққанды зерттеулерсіз XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан археологиясының даму үрдісі мен нәтижелерін адекватты түрде бағалау мүмкін емес. Жоғарыда айтылғандардың барлығы зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

А.Н. Бернштам Қазақстан аумағындағы көптеген археологиялық ескерткіштерді ашқан, оны баламалаған, әрі алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген пионер ғалымдардың бірі болғанымен, өзі қазақ зерттеушілерінің ғылыми зерттеу нысанына айналмады. Ғалымның ғылыми қызметі мен өмір жолы туралы санаулы ғылыми мақалалар бар. Оларға диссертация барысында тоқталып, ғалымның балалық шағы, ғылыми шығармашылығындағы алғашқы қадамдары, ашқан жаңалықтары мен ұйымдастырған экспедициялары жұмыстарын кеңінен қарастырылады. Көне дәуірлердің археологиялық мұраларын зерттеумен қатар, А.Н. Бернштам археолог мамандарды дайындауда және өз мектебін қалыптастыруда үлкен қызмет атқарды. 200-ге тарта ғылыми мақалалар жазып, 20 монографияны жарыққа шығарды (Қосымша А).

Сонымен, тақырыптың өзектілігі келесі факторлармен айқындалады: біріншіден, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлттық идеяны дамыту, жаңа Қазақстанды құру қазақ халқының тарихи тәжірибесі мен мәдени мұрасын зерттемейінше мүмкін емес. Бұл бай мұраны зерттеуде А.Н Бернштамның ғылыми еңбектерінің қосар үлесі зор. Екіншіден, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының Орталық Азиялық мәдениеттермен ара қатынасы, өзара әсерін анықтауға деген қызығушылық қазір тұрақты түрде артып келеді. Осыған байланысты тарих ғылымындағы көрнекті беделді тұлғалардың бірі – А.Н. Бернштамның зерттеулерін қолдану бұл мақсатқа жету жолында маңызды қадам болып табылады. Үшіншіден, Орталық Азия аймағының тарихын, оның ішінде қазақ халқының тарихының тереңдігін, аумақтың тұтастығын қайта қарап, қайта жазуға әрекеттеніп жатқан соңғы жылдардағы оқиғалар аясында тақырыптың өзектілігі ерекше арта түсуде. Осыған байланысты А.Н. Бернштамның ғылыми мұрасын зерттеу және талдау тарихи әділеттілікті сақтауда үлкен рөл атқара алады. Сонымен қатар, ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу – республика жастарының Қазақстан тарихы мен мәдениетіне ғылыми қызығушылығын арттыруға үлес қосатынына сеніміміз кәміл.

**Зерттеу жұмысының нысаны** болып қазақ археологиясының қалыптасуына үлкен негіз болған, атақты ғалым зерттеуші – А.Н. Бернштамның өмірі және елімізде археология ғылымының қалыптасуына, дамуына, оның өзекті мәселелерін шешуге арнаған ой-пікірлері, қол жеткен нәтижелері мен

қалдырған мол ғылыми мұрасы – мақалалары, монографиялары, қолжазбалары және ғалым туралы жазылған мақалалар болып табылады.

**Зерттеу жұмысының пәні** ретінде ғалымның монографиялары мен ғылыми мақалалары алынып отыр. Сонымен қатар, Материалдық мәдениет тарихы институты мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаттарында сақталған іс-құжаттары диссертацияға арқау болды.

**Диссертацияның мақсаты мен міндеттері.** Бұл диссертацияны жазудағы негізгі мақсат – археолог ғалым А.Н. Бернштамның Қазақстан археологиясының қалыптасып, дамуына қосқан үлесі, қызметі жайлы қорытынды жасау және оның ғылыми зерттеулерінің қазақ тарихының маңызды мәселелерін анықтаудағы орнын көрсету. Жоғарыдағы аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

– А.Н. Бернштамның өмірі мен қызметіне қатысты бұрын жарияланбаған құжаттар мен деректерді ғылыми айналымға енгізу;

– А.Н. Бернштамның өмір жолының негізгі кезеңдері мен ғылыми-зерттеу қызметінің даму ерекшеліктерін анықтау;

– ғалымның ғылыми қызығушылықтарының қалыптасуына әсер еткен факторларды зерттеу;

– А.Н. Бернштамның 1930-1950 жж. аралығындағы археологиялық зерттеулерінің негізгі бағыттарын белгілеу;

– А.Н. Бернштамның қола дәуірі, ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуі, хронологиялық кезеңдеуі және мәдени атрибуциясын анықтауын саралау, ескерткіштерге жүргізілген зерттеулеріне тоқталу;

– А.Н. Бернштамның қаңлы проблемасы, ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуі, олардың баламалануының ғылыми негізділігі мен дәлдігіне тоқталу; түркі-соғды қарым-қатынасы, қалалардың пайда болуы туралы ой-тұжырымдарының маңызын ашу;

– Ғалымның кәсіби археолог мамандарды дайындаудағы педагогикалық және ұйымдастырушылық қабілеттерін сипаттау;

– А.Н. Бернштамның ашқан жаңалықтары мен тұжырымдарының қазіргі таңдағы маңыздылығы мен өзектілігін анықтау;

– А.Н. Бернштамның Қазақстанның археология ғылымына қосқан үлесін сараптау.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Диссертацияның тарихнамалық негізін жазу барысында жүргізілген зерттеулер 4 топқа біріктіріп жіктелді.

*Бірінші топта* ғалымның өмірі мен ғылыми қызметі туралы жазған әріптестерінің, шәкірттерінің, қазіргі заманғы ресейлік, қырғыз, қазақ ғалымдарының еске алулары мен мақалалары жатады. *Екінші топқа* А.Н. Бернштам еңбектеріне жазылған сыни мақалалар жинақталды. *Үшінші топқа* А.Н. Бернштам зерттеу жүргізген ескерткіштерді одан әрі зерттеп, талдауға арналған ғылыми еңбектер, сондай-ақ өлкенің белгілі бір тарихи кезеңдері туралы зерттеушілердің ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын қамтитын басылымдар топтастырылды. *Төртінші топта* бізді қызықтыратын кезеңдегі (1930 ж. ІІ ж. – 1950 ж. ортасы) археология тарихына арналған жалпы сипаттағы еңбектерді атап өтеміз.

Ғалым қайтыс болған соң бірнеше кеңестік ғалымдар мерзімді басылым бетінде еске алулар жариялайды. 1957 жылы С.П. Толстовтың [1], А.М. Беленицкий мен Ю.А. Заднепровскийдің [2] және жеке Ю.А. Заднепровскийдің [3] еске алуларында авторлар ғалымның ғылыми қызметіне толықтай сипаттама береді.

Сондай-ақ, Ю.А. Заднепровский мен А.Г. Подольскийдің А.Н. Бернштамның 70-жылдық мерейтойына байланысты 1981 жылы жарық көрген көлемді еске алу мақаласында ғалымның археология ғылымына қосқан үлесі сипатталып, әсіресе, ұйғыр ұлтының тарихына сіңірген еңбегіне кеңестік кезеңде ұйғыр тарихына арналған ең алғашқы еңбек деп жоғары баға береді. Бұл мақалада шәкірттері ұстазын өз жұмысын шексіз сүйген және өз қызметін ғылыми өмірінің басты мақсаты ретінде көре білген тұлға ретінде сипаттап, ғалымды театр, кино, музыка, әдебиеттегі жаңалықтар қатты қызықтырған жан-жақты жан ретінде суреттейді [4, с. 162]. 2002 жылы 90-жылдық мерейтойына байланысты әйгілі археолог В.М. Массон өз мақаласында А.Н. Бернштам сол кезең мен сол жағдайдың адамы болды дей келе, ғылымның саясаттануынан қашып құтыла алмай, К. Маркс пен Ф. Энгельстің ғылыми мұрасын догматикалық тұрғыда қолданғандығына тоқталды [5, с. 279]. Автор А.Н. Бернштамды Ленинград пен Қырғызстанның ғылыми серіктестігінің бастаушысы дей келе, ММТИ мен ҒА Қырғыз филиалында жұмыс істеген жылдары – А.Н. Бернштамның ғылыми жұмысының «шырқау шегі» болды деп баға береді [5, с. 280-281].

1997 жылы қырғыз ғалымдары ғалым еңбектерін екі томдық жинақ етіп басып шығарады. Осы жинақтың құрастырушылары К.И. Ташбаева мен Л.М. Ведутованың «Археология, история и культура Кыргызстана в исследованиях А.Н. Бернштама» атты көлемді кіріспесінде А.Н. Бернштамның қырғыз елінің тарихы мен археологиясының дамуына қосқан үлесін мейілінше кеңінен толғап жазады [6]. Бұл жинақта аталған ғалымдар А.Н. Бернштам еңбектерін тек жинастырып қана қоймай, ғылымға сіңірген үлкен еңбегі – Солтүстік Қырғызстанның археологиялық ескерткіштерін сыныптап, б.з.б. ІІ м.ж. – б.з. XV ғасырына дейінгі Қырғызстан тарихын кезеңдеуіне жоғарғы баға береді. Аздаған өзгерістер енгенімен, бұл кезеңдеу қырғыз археологтары мен тарихшылары арасында әлі де қолданылатындығына тоқталады [6, с. 17].

2010 жылы өзі ұзақ жылдар еңбек еткен РҒА ММТИ ғалымның 100 жылдық мерейтойына орай «Древние культуры Евразии» атты халықаралық конференция материалдары жинағы жарық көрді. Жинақтың бірінші бөлімінде ғалымның ғылыми және шығармашылық өміріне арналған атақты археолог ғалымдар – В. А. Алекшиннің [7], Е.Е. Кузьминаның [8] және Г.В. Длужневскаяның [9] мақалалары берілген. Қалған бөлімдерінде қола дәуірі мен ерте көшпелілер кезеңі, сондай-ақ ортағасырлық археологияға арналған мақалалар топтастырылған. В.А. Алекшинның «Александр Натанович Бернштам. Биографический очерк» деп аталатын мақаласында зерттеуші ММТИ Мұрағатының Қолжазба қорында сақталған материалдарға сүйене отырып, А.Н. Бернштамның өмірі мен шығармашылығы туралы толықтай баяндайды. Мақала ғалымның аспирант кезіндегі және Қазақстан мен

Қырғыстан аумағындағы археологиялық экспедициялардағы фотосуреттерімен толықтырылған [7]. Ал Е.Е. Кузьмина «А.Н. Бернштам и его место в истории Казахстана и Киргизии» деп аталған мақаласында; «Мен А.Н. Бернштаммен 1951 жылдың жазында, ұстазым – Михаил Михаилович Дьяконовтың мені КСРО ҒА ММТИ Ленинград бөлімінің Орта Азия мен Кавказ секторының қызметкерлеріне таныстырған сәтінде алғаш рет кездестім. А.Н. Бернштам мені ерекше белсенділігімен, темпераментімен және өткір ойлылығымен баурап алды», – деп еске ала отырып, [8, с. 27], А.Н. Бернштамның Үлкен Шу каналының салынуы барысында андрон мәдениетінің зерттелуіне сіңірген еңбегін ерекше атап өтеді.

Г.В. Длужневская осы жинақтағы мақаласында ММТИ Мұрағатындағы қорларда А.Н. Бернштам туралы 6580 дана негатив және позитив материалдар жинақталғанына тоқталып, Өзбекстан, Қырғызстан және Қырымдағы зерттеу жұмыстары бойынша этнограф ретінде жоғары баға беруге талпынады. Мақалада ММТИ мұрағатындағы ғалым қоры 3 бөлімге бөліп жіктеледі. Әрбір бөлім құжаттары егжей-тегжейлі сипатталады [9].

Отандық зерттеушілер арасынан А.Н. Бернштамды өз зерттеулеріне арқау етіп алған А.Ә. Нұржановты атап өтсек болады. Ғалымның жеке А.Н. Бернштамға арналған «Бернштам А.Н. – исследователь средневековых городов Шу-Таласских долин» [10], «Археологическое исследования А.Н. Бернштама в 40-х годах XX века на юге Казахстана и Жетысу (Семиречье)» [11] мақалалары, сондай-ақ, Арнабай Әбішұлы мен диссертация авторының біріге дайындаған мақаласы жарық көрген [12]. Тарих ғылымдарының докторы Д.С. Байгунаков А.Н. Бернштамға арналған мақаласында ғалымның Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуіне, ғалымның шығармашылық жолының санқырлылығына тоқтала отырып, XX ғ. Орталық Азия тарихының зерттелуін алдыға жылжытты деп баға береді [13].

Н.Н. Маханбаеваның «А.Н. Бернштам – как исследователь археологических памятников Жетысу» [14] атты мақаласында да ғалымның Қазақстан тарихы мен археологиясына қосқан үлесіне сараптама жасалады. Мақалада автор кең әрі ғылыми нақтыланған түрде Жетісу және Орталық Қазақстан экспедицияларына жетекшілік еткен ғалымның Шу және Талас өңірлерінде, Іле өзені бойында жүргізген археологиялық барлау және қазба жұмыстары сарапталған. А.Н. Бернштамның тарихи топография мәселелерін шешу жолдары қаузалған [14, с.208-217].

А.Н. Свиридовтың «Эволюция взглядов А.Н. Бернштама на пробелы культурогенеза в Южном Казахстане и Средней Азии (конец I тыс. до н.э. – начало I тыс. н.э.)» атты мақаласында ғалымның көзқарастарына жақсы баға берілген [15]. Мақалада автор ғалымның Қазақстан археологиясының ең күрделі кезеңі – ғұн-сармат кезеңі бойынша көзқарастарының дамуына тоқталып, Кеңкөл обасынан бастап, сақ-үйсін ескерткіштері, олардың ерекшеліктері және әр аумақтардағы кезеңделулерін сипаттаған. Мақалада автор А.Н. Бернштамның Қазақстанның тарихи географиясы, ежелгі және ортағасырлық ескерткіштердің топографиясы, типологиясы, табылған

археологиялық жәдігерлердің кезеңделуі мәселелері бойынша тұжырымдары құнды деп баға береді [15, с. 256].

Қазіргі таңда қырғыз тарихшылары мен археологтары ғалым өмірі мен шығармашылығы, зерттеулері туралы көптеген мақалалар шығаруда. Қырғыз ғалымдарының А.Н. Бернштам жайлы қалам тартқандарының қатарына В.А. Воропаева [16], Н.Г. Горбунова [17], Л.Я. Маловицкая [18], Б.Я. Ставискийді [19] жатқызамыз. Ғалым мұрағатының бір бөлігі Қырғыз Республикасы Ғылым Академиясы Қолжазба қорының мұрағатында сақталғаны белгілі. Осы мұрағат қорлары жайлы жинақтаушы «Научное наследие А.Н. Бернштама в фондах АН Кыргызской Республики» мақаласының авторы М.Ч. Қожабеков аталған қорлар тарихы, толықтырылуы мәселелерімен қатар, ғалымның жарық көрген зерттеулеріне де тоқталған [20]. Автор өз мақаласында «Бернштам оқуларын» өткізу және ғалымның мұрағаттағы докторлық диссертациясын жарыққа шығару мәселелерін алдыға қою керек деп есептейді [20, с.112-117].

Соңғы жылдары Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің оқытушысы Н.Г. Жантелееваның «А.Н. Бернштам и Кырым» [21], «О научных взглядах А.Н. Бернштама на историю гуннов» [22], «Кутагду Билик в исследованиях А.Н. Бернштама» [23] және өзге авторлармен бірлескен «Научная деятельность А.Н. Бернштама в Кыргызстане в постсоветской историографии» [24] атты мақалалары жарық көрді (Қосымша Ә). Әсіресе, авторлар тобымен бірге жазылған осы мақаласында зерттеуші шығармашылығы туралы кейінгі уақытта жазылған бірнеше мақалаларға тоқталып, тарихнамалық талдау жасауға тырысқан [24, с. 81-85]. Осы мақалада Ю.А. Заднепровскийдің естелігінде А.Н. Бернштамның И.В. Сталинге арнап шығарған төмендегі өлең жолдары келтірілген:

«Иосиф Сталин вы большой ученый,
В языкознании познали смысл и толк.
А я простой советский заключенный,
А мой товарищ – серый брянский волк» [24, с. 84]. Ғалымның бұл шумақтарынан тіл мәселесі бойынша М.Я. Марр ілімін қолдаушы ретінде қуғынға ұшыраған өз тағдыры туралы ащы сарказм байқалатындай.

Жалпы, А.Н. Бернштамның шығармаларына қарсы сыни пікірдегі мақалалар авторлары ретінде М.П. Грязнов [25], Л.Р. Кызласов пен Н.Я. Мерперт [26], Э.В. Удальцова [27], А.Х. Рафиков [28], С.В. Киселев [9] секілді ғалымдардың сыни мақалалары қарастырылды. Бұл мақалалар диссертацияның жекелеген тарауларында кеңінен талданды.

Диссертацияны жазу барысында ғалымның өз қаламынан туған шығармалардан өзге, аталған ескерткіштерге және мәселелерге тоқталу барысында өзге де ғалымдардың монографиялары мен ғылыми мақалалары пайдаланылды. Мысалы, қола дәуірі бойынша Е.Е. Кузьминаның [30], К.М. Қарабаспақованың [31], А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячевтің [32], Ж.Қ. Құрманқұлов пен Д.С. Байгунаковтың [33] еңбектерін қолдандық.

Ерте темір дәуірі ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулерін қарастыруда К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаевтың Іле өзені алабының сақ және үйсін

тайпаларының ежелгі мәдениетіне арналған монографиясы [34] кеңінен пайдаланылды. Осы монография авторлары А.Н. Бернштамның сақ және үйсін кезеңдерін біртұтас тарихи-мәдени процестің екі кезеңі ретінде қарастырып, бірыңғай «сақ-үйсін мәдениеті» ұғымына біріктірген идеясын толықтай қолдағанын атап өтпей болмас [34, с. 140].

Сонымен қатар, К.А. Ақышевтың [35], Ю.А. Заднепровскийдің [36], Ю.А. Зуевтың [37], А.М. Досымбаеваның [38-39], К.М. Байпаковтың [40-41], Ә.Т. Төлеубаевтың [42], Ғ.Қ. Омаровтың [43], А.С. Ганиева [44] мен А.Н. Свиридовтың [45] ғылыми еңбектері кеңінен сараланды. Осы еңбектерге біраз тоқталсақ. А.Н. Бернштаммен 1944 жылдан 1956 жылға дейін экспедицияларда бірге болған Ю.А. Заднепровский «Об этнической принадлежности памятников кочевников Семиречья усуньского периода II в. до н.э. – V в. н.э.» мақаласында өзіне дейінгі осы тақырыпта қалам тарқан М.В. Воеводский, М.П. Грязнов, А.Н. Бернштам, А. Кибиров, Е.И. Агеева, К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, А.К. Абетеков сынды ғалымдардың еңбектерін сараптай отырып, үйсін мәдениетінің ескерткіштерін – шелпек және кеңкөл ескерткіштері атты екі негізі типке бөледі. Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы катакомбалы обалардың шығу тегі ғұндарға тән деген А.Н. Бернштам тұжырымын негізсіз деп табады [36, с. 27]. А.М. Досымбаева Жетісу мен Солтүстік Қырғызстан үшін ортақ үйсіндердің мәдени кешенін бөліп көрсетті және сақ және үйсін жерлеу орындарының шектерін анықтауға тырысқан [38]. Ал солтүстік-шығыс Жетісу аумағының елді мекендері мен қалаларын зерттеуге өмірінің ұзақ жылдарын арнаған ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпаков өз еңбектерінде бұрын К.А. Ақышев бөліп көрсеткен «қыстау–елді-мекен» түсінігінен өзге «стационарлы елді-мекен» немесе «дамыған қолөнерлі ірі елді-мекен» деген түсініктерді ғылыми айналымға енгізді [40, с. 3-25].

Көрнекті ғалым Ә.Т. Төлеубаев Ертістің оң жағалауы, Тарбағатайдың теріскейінде үйсін тайпалары қоныстанған деп тұжырымдайды. Бұл ойын ескерткіштердің сыртқы құрылысы мен табылған жәдігерлерге енген өзгерістермен байланыстырады [42, 23-28 бб.]. Ғ.Қ. Омаровтың «Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі» монографиясында Тарбағатайдың терістігінде үйсіндердің болғандығы туралы тұжырымдар келтірілген [43, 131-132 бб.].

Ғұн ескерткіштерін зерттеулеріне арналған тарауды жазуда С. Сорокинның [46-47] еңбектері кеңінен пайдаланылды. Кеңкөл ескерткішіне арналған «О датировке и толковании Кенкольского могильника» мақаласында С.С. Сорокин Кеңкөл қорымын жаңаша кезеңдеп, катакомбалы және ақымды жерлеу орны мәдениеті жергілікті тайпалардан қалған мәдениет белгілері деп қорытынды жасайды [47, с. 3-14].

1956 жылдан бастап Қырғыз КСР-ы Ғылым Академиясының Қырғыз археологиялық экспедициясының Талас отрядының құрамында И.К. Кожомбердиев те Кеңкөл қорымына жүргізген зерттеулері нәтижесінде 1963 жылы жарық көрген «Новые данные о Кенкольском могильнике» атты мақаласында кейінгі жүргізген зерттеулерді сараптай отырып, Кеңкөл қорымын

б.з. I-V ғғ. мерзімдеуді қолдап, бұл ескерткіштер жергілікті таулы және тау баурайындағы ежелгі түркі тайпаларына жатады деген пікір ұсынды [48, с. 75].

Қырғыздың жас ғалым қызы Эльмира Кожамбердива өзіне дейінгі ұзақ жылдардағы Кеңкөл мәдениеті ескерткіштерінде жүргізілген қазбалар нәтижелерін қарастыра отырып, «Классификация погребальных сооружений кенкольской культуры» атты мақаласында Қырғызстанның солтүстік-батысындағы Талас және Нарын өзендері алқабындағы б.з. I-II ғғ. кеңкөл мәдениетінің катакомбалы құрылыстарын сыныптай келе [49, с. 44-50], Л.Н. Гумилев [50], С.С. Беляков [51], Е.Ә. Смағұловтың [52] еңбектеріндегі А.Н. Бернштамның тұжырымдарының жалғасуы немесе қабылданбауы талданды.

Солтүстік-шығыс Жетісу аймағының зерттелуі, әсіресе ортағасырлық қала орындарының баламалануы мәселелері бойынша археолог К.М. Байпаковтың [53] пікірлеріне тоқталдық. Ғалым осы өңірде жүргізген зерттеулері барысында А.Н. Бернштамның Шеңгелді қала орнын ортағасырлық Эквиуспен, Дүнгене қаласын Қойлықпен баламалауын теріске шығарып, ғылыми негіздейді [71, с. 36]. Жалпы, академиктің тұжырымдары Шу, Талас өңірі қалалары, қаңлы, сақ-үйсін ескерткіштері, соғды мәселесі туралы тарауларды жазу барысында кеңінен қаузалды.

Талас өңірінің ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуге арналған бөлімде Т.Н. Сенигова [54], Л.М. Левина [55], М. Елеуов [56-57], Б.Ә. Байтанаевтың [58] және осы өлкенің археологиялық зерттелуі туралы Н. Маханбаеваның [59] ғылыми зерттеулерін пайдаландық. Ал Шу алабының ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуіне арналған тараушада Л.Р. Кызласовтың [60], қырғыз археологтары В.Д. Горячеваның [61] зерттеулері қолданылды.

Шу өңірінің археологиялық зерттелуі туралы тарауда П.Н. Кожемяконың «Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины» атты көлемді монографиясы кеңінен қарастырылды. Шу өзені бойындағы «ұзын үйінділі» және «ұзын қорғанды» 19 қалашықты және ондаған бекіністер мен төрткүлдерді зерттеу нәтижесінде жарық көрген осы монографиясында ғалым ұзын қабырғалары қалалардың аграрлық мәнін көрсетеді деп тұжырымдайды [62, с. 177]. Олардан өзге, отандық ғалым У.Х. Шәлекеновтың зерттеулері кеңінен қолданылды[63-64]. Шу бойындағы Ақтөбе қаласында 1973-1974 жж. бері жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде У.Х. Шалекенов осы қаланы стратиграфиясы, құрылымы және табылған артефактілеріне қарап ортағасырлық Баласағұн қаласымен баламалаған еді [64]. Аталған тарауда бұл көзқарасқа деген өзге де ғалымдардың пікірлері келтірілді.

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу археологиялық экспедицияларының мүшелері болған, археология ғылымында А.Н. Бернштамның шәкірттері және оның ізін жалғастырушылары болып саналатын Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің осы өлкеде жүргізілген экспедиция жұмыстары нәтижесінде жарық көрген «Из истории оседлых поселении и городов Южного Казахстана» атты сүбелі еңбегі де кеңінен қолданылды [65]. Сонымен қатар қаңлылар мәселесі бойынша С.П. Толстовтың [66], С.Г. Кляшторныйдың [67], Б.А. Литвинскийдің [68], Ю.А. Заднепровскийдың [69] еңбектері, ал

ортағасырлық қалалардың зерттелу деңгейі бойынша М.Е. Массонның [70], К.М. Байпаковтың [71-72], Е.Ә. Смағұловтың [73], М. Қожаның [74], Б.Ә. Байтанаевтың [75] мақалалары мен монографиялары пайдаланылды.

Соғды мәселесі бойынша Қазақстан мен Қырғызстанның археологиялық зерттелуінің көшбасшысы В.В. Бартольдтың «История культурной жизни Туркестана» мақаласына [76] тоқталып, Ақбешім қаласында ұзақ жылдар зерттеу жұмысын жүргізген В.И. Распопованың [77] мақаласы, сондай-ақ, К.М. Байпақовтың [78], В.М. Массонның [79] және В.А. Кольченконың [80] ғылыми зерттеулері сараланды.

Диссертацияны жазу барысында сол кезеңдегі ғылымның дамуына, археология ғылымына саяси жағдайлардың тигізген әсерін бағамдау үшін бірнеше ғылыми мақалаларға тоқталдық.

Жете тоқталуды қажет ететін жинақ ретінде «Советская археология до и после Великой Отечественной войны (вторая половина 1930-х – конец 1940-х годов)» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағын атап өте аламыз. 2021 жылы жарық көрген бұл жинақтың маңыздылығы – біз қарастырып отырған сол бір қиын-қыстау кезеңдегі кеңестік археология ғылымында орын алған үрдістерді, орталықтағы және шеткі аудандардағы археология саласындағы мекемелердің қызметтері, сондай-ақ, жеке тұлғалар – археологтар мен өлкетанушылардың далалық археология ғылымы мен археологиялық ілімге сіңірген үлесі туралы ғылыми баға берілген бірнеше мақалаларды топтастырған. Солардың бірі – И.Л. Тихоновтың «О репрессиях в ГАИМК» деп аталатын мақаласы. Осы кезеңде жалпы зиялы қауымдарды қуғындау мәселесі археологтарды айналып өтпегені анық. А.Н. Бернштамның ғылыми жетекшісі С.Н. Быковский де 1936 жылы «троцкишілігі үшін» деген айыппен атылып кеткені, ал А.Н. Бернштамның да ғылыми жетекшісі үшін біраз сынға алынғаны туралы бірінші тарауда кеңінен таратып айтатын боламыз. Бұл мақалада автор жалпы ММТМА-дағы репрессия құрбанадарына кеңінен тоқталады [81]. Осы жинақтағы С.В. Кузьминых пен Д.В. Серых секілді ғалымдардың 1945 жылы өткізілген Бүкілодақтық археологиялық жиналыс туралы «Всесоюзное археологическое совещание 1945 г. Как ключевой фактор послевоенного развития археологии» атты мақаласын диссертацияның I тарауында жалпы тарихи кезеңге сипаттама беру барысында қолдандық. Мақаладағы айтылған түйінді мәселе – осы жылдан бастап, Ресей археология ғылымында көп жылдар бойы қолдауға ие болмаған төңкеріске дейінгі ғалымдардың сіңірген еңбегі ашық мойындалғаны жазылған [82]. Аталған жинақта біз пайдаланған келесі мақала И.А. Сорокинаның соғысқа дейінгі кезеңде далалық зерттеулерді жүргізу жұмыстарының ұйымдастырылуына арналған «Организация и регламентация полевых исследований в предвоенный период» деп аталған мақаласын атап өтуіміз керек. Бұл мақалада далалық қазба жұмыстарын жүргізу барысында берілетін ашық хаттар, ғалымдардың жұмысын ұйымдастыру және реттеу ережелері баяндалған [83].

Ұзақ жылдар бойым КСРО ҒА ММТИ Ғылыми мұрағатының меңгерушісі болып қызмет атқарған Г.В. Длужневскаяның 2011 жылы жарық көрген «Археологические исследования в Центральной Азии и Сибирии в 1859-1959

гг. (по документам Научного архива Института истории материальной культуры РАН)» атты ғылыми еңбегі біздің тақырып үшін өте құнды болып табылады. Бұл монографияда алғаш рет Императорлық Археологиялық комиссия (1859-1917 жж.) мен оның ізін жалғастырған Материалдық Мәдениет тарихы Мемлекеттік Академиясының (1926-1937 жж.) және КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының (1937-1959 жж.) Орталық Алия мен Сібірді археологиялық зерттеуімен байланысты фотоқұжаттардың толық сипаттамасы беріледі. Әсіресе Императорлық Археологиялық комиссияның РАИМК, кейіннен ГАИМК-ға ауысуы, арнайы мамандандырылған фотомұрағаттың құрылуы мәселесі жан-жақты талқыланған. Жеке бір тарауы Орталық Азия мен Сібірдің ескерткіштерін зерттеген ғалымдар туралы биобиблиографиялық ақпараттарға арналған [84].

П.К. Дашковский мен С.А. Васютиннің «Социально-политическая организация кочевников Центральной Азии поздней древности и раннего средневековья (отечественная историография и современные исследования)» атты монографиялары пайдаланылды. Монографияда XX ғасырдың 20-30 жж. тарихты жазудағы эволюционистік әдіснаманың орнына марксистік ілімнің енуін сипаттап, көшпелілер тарихы туралы XXI ғасырдың басына дейінгі кеңестік және посткеңестік елдер ғалымдарының ғылыми зерттеулері толықтай сарапталған [85].

Тақырыптың зерттелу деңгейін қысқаша қорытындылай отырып айтарымыз, бұл мақалалардың барлығы ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы тарихнамалық білімді кеңейтті. Дегенмен, Қазақстан тарихнамасында болашақта және қазіргі уақытта ғылыми зерттеулерге негіз бола алатын А.Н. Бенштамның өмір жолы мен ғылыми жұмысын, сонымен қатар, сол кезеңнің жетістіктерін жинақтайтын біртұтас зерттеу жұмысы жоқ. Қазақстан археологиясының дамуындағы маңызды кезең – 1930-1950 жж. қатысты материалдар ерекше құнды. Белгілі бір зерттеулерге қатысты бұрын беймәлім мәліметтерді қамтитын мұрағаттық жинақтардың бұл зерттеулерде болашағы зор.

**Зерттеудің деректік негізі** А.Н. Бернштамның ғылыми қызметін зерттеуде маңызды деректер – ғалымның қаламынан туған жеке ғылыми еңбектері, экспедициялық жазбалары, сызбалары. Сарабдал ғалымның артында қалдырған шығармашылық мұрасы мен жеке мұрағат қоры оның қоғамдық-саяси, қайраткерлік қызметінің және ғылыми-шығармашылық еңбектерінің құндылығын ашуға көмектеседі және зерттеудің өзегі болып табылады.

Диссертация Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі А.Н. Бернштам қызметінің нәтижелерін көрсететін мұрағат материалдарын талдауға негізделді. Ең алдымен, бұл қарастырылып отырған кезеңдегі археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша мұрағат қорларындағы көне жәдігерлер туралы мәліметтер, ғалымның барлау және қазба жұмыстары туралы ғылыми есептері, жарияланбаған мақалалардың қолжазбалары, мұражай құндылықтарын есепке алу және сақтау жөніндегі нұсқаулықтар, ғылыми ұйымдар мәжілістерінің хаттамалары, қызметтік және жеке хат-хабарлар, мұрағаттық өмірбаяндық материалдар, іс қағаздары секілді

жарияланбаған әртүрлі материалдар қарастырылды. Сонымен қатар, аталған мәселелер бойынша мәліметтерді қамтитын әртүрлі мерзімді басылымдар, монографиялық басылымдар дереккөз ретінде пайдаланылды. Олардың көпшілігі қазірдің өзінде библиографиялық алтын қорға айналды. Археология саласындағы он жылдан астам уақыт бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін жариялаған ғылыми басылымдар «Известия ГАИМК», «Советская археология», «Краткие сообщения Института истории материальной культуры» («Краткие сообщения Института археологии»), «Археологические открытия», «Этнографический вестник», «Проблемы истории докапиталистического общества», «Вестник древней истории» секілді ғалым мақалалары үздіксіз жарияланып тұрған мерзімді басылымдар да кеңінен қолданылды.

А.Н. Бернштамның РҒА ММТИ Мұрағатындағы №35 қоры 5-тізбе (опись) 22 санды жеке ісінде барлығы 164 бет құжат тіркелген. Бұл құжаттар негізінен А.Н. Бернштамның әр жылдары жазылған автобиографиясы, кадрларды тіркеу туралы парақтар, бұйрықтар көшірмесі, әр жылдары өткізіген ғылыми еңбектерінің тізімі, жарғылар мен қаулылар көшірмесінен, анкеталық беттерден тұрады. Автобиографиялар арасында А.Н. Бернштамның өз қолымен жазылғандары да бар [86].

Бұл материалдардың арасынан атап өтсек, ғалымның жеке ісі №2 қордың 793 [87] және 56-істерінде [88] жинақталған және бұл қорларда А.Н.Бернштамнан өзге, осы экспедициялар құрамында болған Е.И. Агеева, Г.Л. Михельс, И.А. Рощина, В. Дреман, М.В. Луппиан, Г.Ф. Корниенко, И.К. Бенедиктов секілді ғалымдар мен зерттеушілердің күнделіктері де бар [89-95].

Сондай-ақ, РҒА ММТИ Мұрағатының фотобөлімінде сақталған суреттері де қолданылды. Жалпы тарихи-мәдени мұраның қалыптасуында фотолардың алар орны ерекше екені бәрімізге мәлім.

Сонымен қатар, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мұрағатында да А.Н. Бернштамның 14 ісі жинақталып сақталған. Ол жерде ғалымның кей мақалаларының түпнұсқалары, археологиялық экспедицияларының есептері және еш жерде жарыққа шықпаған есептер жинағының алғысөзі мен жоспары сақталған [96-109], барлық мұрағат құжаттары тізімі II Қосымшада келтірілді (Қосымша Б).

Жалпы, ғалым мұрағатының 19 қолжазбасы Қырғыз Республикасы Ғылым Академиясының Қолжазба қорында сақталған. Қолжазбаның бірінші бөлімі кейіннен «Труды Семиреченской археологической экспедиции – Чуйская долина» еңбегіне енген жазба болса, екінші бөлігі «Археологический надзор на трассе строительства Большого Чуйского канала в 1941 году» – деп аталады. Бұл қолжазбада ғалым канал бойынан табылған б.з.б. II м.ж. пен XV ғ. аралығын қамтитын археологиялық жәдігерлер мен ескерткіштерге шолу жасаған. «Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Фергано-Алая» еңбегінің 1949 жылғы қолжазба нұсқасы сақталған. 1952 жылы жарық көрген нұсқадан ерекшелігі – бұл қолжазбада «Роль племен и народов Тянь-Шаня и Фергано-Алая в истории Средней Азии» атты тағы бір тарау болған. Сондай-ақ, жоғарғы оқу орындары студенттеріне курс ретінде жазылған

«История киргизского народа и Киргизстана» атты қолжазбасы, «История Кыргызской ССР» еңбегінің жобасы бар. Сонымен бірге біз Материалдық Мәдениет тарихы институтыда тезисіне ғана қолымыз жеткен докторлық диссертациясының қолжазбасы және жеке іс қағазы 1-1-қор, 10-тізбе, 50-іс сақталған.

Диссертацияны жазу барысында дерек көзі ретінде ғалымның әр жылдары ғылыми мерзімді басылымдар мен жинақтарда жарық көрген мақалалары, арнайы оттисктері және монографиялары қолданылды. Мысал келтірер болсақ, 1939 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы жұмысының қысқаша нәтижесі ретінде «Археологические работы в Казахстане и Киргизии» атты мақаласы [110], ал 1938-1939 жж. Кеңкөл өзені жағалауындағы Кеңкөл қорымында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде «Кенкольский могильник» атты монографиясы [111], түркі тайпаларының әлеуметтік экономикалық өмірінің дамуы туралы 1935 жылы «Социально-экономический строй древнетурецкого общества VI-VIII вв. Турки в Монголии» атты диссертациясының тезисі [112] және осы диссертацияның жарық көрген кітабы қарастырылды [113].

Алматы облысының зерттелуіне арналған бөлімде 1939 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы Алматы облысы территориясында жүргізген зерттеулері нәтижесінде шыққан «Прошлое района Алма-Ата» атты еңбегін [114], Алматы облысы аумағындағы ежелгі ескерткіштеріне арналған «Памятники старины Алматинской области» [115], «Золотая диадема из шаманского погребения на р. Каргалинке» [116] мақалаларын кеңінен қарастырдық.

А.Н. Бернштамның Қазақстан мен Қырғызстан аумағындағы және жалпы Орта Азиядағы археологиялық жағынан зерттелу деңгейін, табылған ескерткіштер мен олардың кезеңделуіне арналған есептік мақалалары да маңызды дерек көздері болып табылады. Ғалым өзі жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясының 1936 жылдан 1940 жылға дейін Қазақстан мен Қырғызстан аумағында, әсіресе Талас, Шу және Іле алқаптарында қола дәуірінен XIX ғасырға дейінгі аралықты қамтитын археологиялық ескерткіштерінде жүргізген зерттеу жұмыстары туралы «Некоторые итоги археологических работ в Семиречье» атты мақаласы [117] қолданылды.

«Среднеазиатская древность и ее изучение за 30 лет» (1947 ж) атты мақаласында ғалым өңір тарихын кезеңдеуде осыған дейін орын алған жаулап алулар бойынша кезеңдеуден бас тартып, мұсылмандыққа дейінгі уақытты 7 кезеңге бөліп көрсетті [118]. Келесі «Археологические работы в Южном Казахстане» [119], «Советская археология Средней Азии» атты мақалаларында ғалым Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі дәуірінің зерттелуіне сипаттама жасады [120]. 1949 жылғы Жетісу мен Тянь-Шань тарихының маңызды кезеңдеріне арналған «Основные этапы истории культуры Семиречье и Тянь-Шаня» атты мақаласында ғалым Жетісу мен Тянь-Шань ескерткіштерінің алғашқы тарихи-археологиялық хронологиясын жасады. Бұл кезеңдеу қазіргі таңға дейін өзінің ғылыми маңыздылығын жоймады [121].

«Согдийская колонизация Семиречья» мақаласында қолда бар жазба деректер мен археологиялық материалдарды сараптай отырып, ғалым урбанизация үрдісінің VI-VIII ғасырларды қамтитын ерте түркі – соғдылық кезеңін көрсетеді [122].

«Памятники старины Таласской долины» атты сүбелі тарихи-археологиялық очеркі 1936 жылдан осы аумақта ортағасырлық Тараз қаласының орнын анықтау мақсатындағы 1938 жылы осы қала орнында жүргізілген зерттеулері және оның нәтижелері туралы жинақ [123]. 1950 жылғы Жетісу археологиялық экспедициясының жұмыстарының барысында жарық көрген «Чуйская долина» еңбегі де кеңінен қарастырылды [124].

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының есебі негізінде жазылған «Древний Отрар» атты мақаласында Отырар шұратындағы Отырар қаласы мен өзге де қалашықтар, қорымдар туралы мәліметтер, олардың жоспарлары мен сызбалары келтірілген [125].

1951 жылы жарық көрген «Древний Тянь-Шань» [126] мақаласында 1949 жылы Тянь-Шаньда жүргізілген зерттеулерге тоқталады. Экспедиция маршруты 3000 шақырымға дейін жетіп, Түп, Жаргелан, Жұмғал, Токуз-Тарау секілді бұрын археологиялық жағынан зерттелмеген 7 жаңа елді мекен мен 90 оба қорғандар ашылғаны туралы хабарлайды. Сонымен қатар, ғалым ғұн тайпаларына жатқызған Қызарт обасындағы катакомбалы қорғандарға қазба жүргізіп, қол жеткен материалдар нәтижесінде Тянь-Шань ғұндардың Орта Азияға енуінің цитаделі болған деп баға береді [126, с. 141].

«Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая» атты сүбелі еңбегінде, А.Н. Бернштам өлкедегі барлық жұмыстардың нәтижелерін жинақтап, Тянь-Шань, Алай, Ферғана және Памир аудандарының ежелгі дәуірден орта ғасырларға дейінгі тарихын баяндайды. Бұл аудандар мәдениетінің ортақтығын көшпелі-малшы тайпалардың мәдениеті ретінде көрсете отырып (Ферғанадан басқа), жергілікті ерекшеліктерін ерекшелеп, археологиялық деректерді жазбаша дереккөздерімен салыстырады. Жалпы осы аумақта жүргізілген зерттеулер ғалымға сақтар мен өзге де ерте темір дәуірі тайпаларының орналасуы картасын ұсынуға, сақтардан Жетісу және Тянь-Шань аудандарындағы үйсіндерге, Сыр-Дарияның орта ағысы аудандарындағы қаңлыларға дейінгі мәдениеттердің үздіксіз дамуын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл еңбегінде ғалым сол кезде әлі де аз зерттелген Ферғана ескерткіштерінің мәдениетінің дамуының негізгі бағыттарын сипаттайды, оны кезең-кезеңмен ұсынады. Еңбектің қорытынды бөлімі өнердегі синкретизм мәселесіне арналады [127].

Өз заманында талай әріптестерінің қарсылығын тудырған «Очерки истории гуннов» іргелі еңбегі диссертация тарауларын жазу барысында қолданылды [128]. Ғылыми еңбек құрылымы және оған қатысты сын пікірлер де толық сараланды.

1949 жылы А.Н. Бернштамның редакторлығымен «Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.). Таласская долина» атты жинақ жарыққа шыққан, әрі экспедиция мүшелерінің күнделіктерінен тұратын бұл

еңбек те Жетісудың ежелгі және орта ғасырлық ескерткіштерін зерттеуіне арналған тарауда кеңінен қарастырылды [129].

Этногенез мәселесі бойынша «Древняя Фергана» [130], «Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии» [131] атты еңбектерінде Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстан халықтарының тарихының өзекті мәселелерін жіктеп көрсетеді. «Спорные вопросы истории кочевых народов Средней Азии в древности» атты мақаласында Орта Азия тарихында алғашқы еңбек бөлінісі, шығыс ирандық тайпалардың шығу тегі туралы ой-пікірлерін айтады [132].

Сондай-ақ, А.Н. Бернштам 1947 жылы «Проблемы истории Восточного Туркестана» атты мақаласында ұйғыр проблемасына, Шығыс Түркістан тарихының зерттелуіне және осы өлке мен Жетісу және Тянь-Шань арасындағы байланыстарға кеңінен тоқталады [133]. Мақалада Орта Азия мен Шығыс Түркістан секілді екі аумақ тұрғындарының байланысын баса көрсетіп, Орта Азияның ықпалына ең ежелгі, үздіксіз әрі прогрессивті деп баға беріп, «Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана» мақаласында қазақ халқының этногенезі мен қаңлы проблемасына айрықша көңіл бөледі [134].

Диссертацияда Н.Ю. Смирновтың «Возвращенная рукопись (из публистического наследия А.Н. Бернштама)» атты мақаласында алғаш рет А.Н. Бернштамның 1955 жылы жазылған «Не пора ли пересмотреть традицию в науке?» атты ерекше мақаласының қолжазбасын қарастырдық [135].

Жалпы диссертацияны жазу барысында ғалымның бұдан да өзге ғылыми мақалалары мен тезистері қолданылды, оларға диссертация барысында жүгінетін боламыз.

**Диссертациялық жұмыстың территориялық ауқымына** Жетісу жері яғни оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан аумағы кіреді. Дегенмен, кей тарауларды жазу барысында Қырғызстан аумағында жүргізілген зерттеулеріне де тоқталдық.

**Диссертациялық жұмыстың мерзімдемелік шеңбері** А.Н. Бернштамның өмірге келіп, азамат ретінде қалыптасқан, еңбек еткен, ғылыми ізденіспен айналысқан уақытты (1910-1956 жж.) және ғалымның зерттеу жұмыстарын жүргізген қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі тарихи кезеңдерді қамтиды.

**Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдістер мен әдіснама.**

Диссертацияда деректанулық, нақты-тарихи және тарихи-археологиялық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды. Ең алдымен, А.Н. Бернштамның тағдырына тікелей немесе жанама түрде әсер еткен оқиғаларды қалпына келтіру мақсатында ақпараттарды ала білу үшін деректерді сынау әдістерінің кешені қолданылды. Жұмыстың әдіснамалық негізін нысанды сол кездегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық принципі және субъективті және эмоционалды көзқарасқа ие ғалымның ғылыми мұрасына талдау жасау үшін маңызы зор ғылыми объективтілік принциптері құрады.

Ғалымның өмірі мен шығармашылығының тарихын қарастырып қана қоймай, оның тұлғасының қалыптасу жағдайларын көрсетуге мүмкіндік беретін библиографиялық (өмірбаяндық) әдіс қолданылды. Зерттеудің өмірбаяндық әдісі Александр Натановичтің кәсіби ғалым ретінде қалыптасу процесін оның мінез құлқы, әлеуметтік жағдайы, мәдени және этикалық қасиеттерінің үйлесуі тұрғысынан қайта құруға көмектеседі. Аталған әдістерді кешенді қолданудың нәтижесінде ғалымның отандық археология ғылымына қосқан үлесін бағалауға тырыстық.

Қазақстан археологиясы мәселелері бойынша жекелеген отандық археологтардың теориялық ұстанымдарын салыстыру кезінде салыстырмалы-тарихи және тарихи-генетикалық әдістер қолданылды.

А.Н. Бернштам зерттеулерімен қамтылған тарихи, археологиялық мәселелерді қарастыру барысында жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтауда, ғалымның және өзге зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарын талқылауда тарихнамалық зерттеулер әдіснамасы қолданылып, автор логикалық әдіске жүгінді.

А.Н. Бернштамның ғылыми-зерттеу қызметі мен ғылыми көзқарастарының қалыптасуы мен дамуы үрдісін анықтауда тарихи-генетикалық әдісті пайдаландық.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** А.Н. Бернштамның ғылыми зерттеулерін сараптау арқылы біз Қазақстанның археология ғылымының қалыптасуын, алғашқы археологиялық мектептің құрылуы туралы ақпараттарға қол жеткізе аламыз. Зерттеу барысында төмендегідей тарихнамалық нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылдық:

– Отандық тарих ғылымында алғаш рет А.Н. Бернштамның өмірбаяны, ғылыми қызметі мен ғылыми мұрасы мұрағат материалдары мен ғалым зерттеулері негізінде толықтай сипатталды. Ғалымның ғылыми қызметі сол кезеңдегі орын алған саяси жағдайлар мен ғылымның дамуымен бірге байланыста қарастырылып, Қазақстан археологиясының қалыптасуында алатын орны бағамдалды;

– А.Н. Бернштамның жалпы Жетісудың қола дәуірі ескерткіштерін анықтауы, алғашқы қазба жұмыстарын жүргізуі және жергілікті «Солтүстік қырғыз нұсқасын» ерекшелеуіне, қола дәуірі ескерткіштерін хронологиялық, типологиялық жіктеуіне тоқталдық;

– сақ және үйсін тайпаларының дамуындағы эволюциялық үздіксіздік, сақ-үйсін бірлестігі туралы тұжырымы және бұл тұжырымға басқа археолог ғалымдардың көзқарастары қарастырылды;

– А.Н. Бернштамның ғұндардың қоныс аударуының тарихтағы құлиеленушілік құрылыстың жойылып, феодалдық қатынастардың орнауына септігін тигізген прогрессивті ролі идеясын сынаған сыни мақалалар талқыланды. Ғалымның Сталиннің идеяларына қарсы пантюркист деп айыпталуы, ғылыми-педагогикалық қызметіне тигізген теріс әсері сараланды;

– Қаңлы тайпалық бірлесітігінің бес иелігін орналастыруы және қаңлы ескерткіштерін зерттеуіне тоқталдық;

– Жетісу мен Орта Азияның ортағасырлық қалаларының баламалануы, бұл баламалауды өзге археолог ғалымдардың теріске шығаруы немесе қолдауы қарастырылды;

– ғалым ғылыми қызмет атқарған кезеңдегі археология ғылымының дамуын, сол заман аясында, сол көзқарастар аясында, модернизациялауға тырыспай, адекватты түрде бағалауға тырыстық.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1) Диссертациялық жұмыста А.Н. Бернштамның балалық шағы, студенттік кезі, қоғамдық және ғылыми қызметі зерделенді. Кеңестік уақыттың жалпы тарихи, мәдени және интеллектуалдық контексті А.Н. Бернштамның ойлау стилін, оның ғылыми көзқарастарын, саяси тұлғасын айқындады және арнайы авторлық, жазу стилінің қалыптасуына ықпал етті. Әсіресе, ғылыми жетекшілері С.Е. Малов пен А.Н. Самоилович секілді дарынды шығыстанушылардың мектебінен өтуі, тарихи деректермен жұмыс істеуі ғылыми зерттеулерінің өмірлік маңызды артықшылығына айналды. Ғалым сол заманның жетекші парадигмасы – марксизмнің ұстанушысы болды;

2) А.Н. Бернштамның Жетісу мен Тянь-Шаньдағы көптеген қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізген зерттеулеріне анализ жасай келе, осы өңірлерде қола дәуірі мәдениетінің өзіне тән ерекшеліктері бола тұра, Еуразия кеңістігіндегі андрон тайпалары дамуымен синхронды жүргендігі анықталды;

3) Ғалым Жетісуда б.з.б. VII – б.з. I ғғ. мәдениет дамуының ортақ бір линиясы болғандығына тоқталып, сақтар мен үйсіндердің мәдениеті кейінгі қола дәуірінен бастап, жергілікті негізде қалыптасты деп есептейді. Сақ және үйсін мәдениетінің біріздiлiгiн, үйсін тайпаларын автохтонды болғандығын, Таластан Ілеге дейінгі және Орталық Тянь-Шаньда орналасқан сақтар мен үйсіндердің ескерткіштерін кезеңдеуін, орналасу шекарасын анықтауы кейінірек К.А. Ақышев, А.Г. Максимова, Ә.Т. Төлеубаев және т.б. зерттеулерінде толықтырылып, орналасу шекарасы кеңейтілгені белгілі болды;

4) А.Н. Бернштам тарихи деректердегі қаңлылардың 5 иелігінің үшеуін Қазақстан аумағына орналастырып, топонимикаларына талдау жасайды. Битянь қаласының орны Қаратау баурайында деп санап, қаңлыларды түркітілдес халыққа жатқызады. Бұл мәселе бойынша С.П. Толстов, Ю.А. Заднепровский, Л.М. Левина, К.М. Байпақов, Е.А. Смағұлов және т.б. ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізіп, ғылыми пайымдаулар жасағанымен Қазақстан тарихында «қаңлылар мәселесі» әлі де өзекті болып табылады;

5) А.Н. Бернштам ХХ ғасырдың 30-жылдарының соңында ғұн тарихын зерттеу нәтижесінде пайымдалған ғұн жаулап алушылығының прогрессивті маңыздылығы туралы негізгі тезисі кеңес ғалымдары тарапынан қолдау таппады. Кеңкөл секілді бірқатар ортаазиялық қорымдарды ғұндарға жатқызу туралы мәселесі де анағұрлым күрделі болып шықты. Ғалымның катакомбалы-ақымды жерлеу орындары ғұндарға тиесілі деп санаған пікірі өзге ғалымдар тарапынан қайшылық тудырды. Бұл типтес жерлеу орындарының жергілікті тұрғандарға тән екендігі дәлелденуде;

6) Іле, Талас, Шу өңірі мен Сырдария бойында ғалым жетекшілігімен жүргізілген археологиялық зерттеулер қалалардың пайда болуын, қала

құрылысын, қолөнер өндірісін, қала тұрғындарының өмірі мен тұрмысын зерттеуге мүмкіндік беретін баға жетпес материалдар негізінде көптеген еңбектер жазады. Солардың ішінде А.Н. Бернштамның қалалардың пайда болуындағы соғдылық әсер идеясы отандық тарихшылардың басым бөлігінің қарсылығына ұшырады. Ғалымдар соғдылардың қалалардың пайда болуына емес, дамуына әсер еткендігін қолдайды. Дегенмен, қазақ жеріндегі ортағасырлық қалалардың автохтонды негізде қалыптасқаны анықталды;

7) А.Н. Бернштамның түркі халықтары – ежелгі түркілер, қазақтар, қырғыздар, ұйғырлардың шығу тегі, этногенезі мәселелері, ру-тайпалар атауының қалыптасуы туралы ойлары жинақталып, талданды. Анықтап айтсақ, қазақтардың шығу тегі – сақтардан басталып, моңғолдар кезеңінде аяқталғанын, ал қырғыздардың түпкі тегі – динлин-үйсіндер, өзбектердікі – сақ-соғдылықтар мен қарахан мемлекеті, тәжіктердікі – соғдылық және бактриялық тайпалар мен саманид мемлекеті, түркмендердікі – дае-массагет-алан конфедерациясы мен оғыз мемлекеті, қарақалпақтардікі – печенег мемлекеті деп тұжырымдаған еді. Ғалымның зерттеулерінің нәтижесінде түркі тайпаларының басым бөлігінің этногенезінің негізгі үрдістері Қазақстан аумағында жүргені дәлелденді;

8) Қазақстан мен Қырғызстанның – Жетісу, Памир-Алай, Оңтүстік Қазақстан, Тянь-Шань, Памир-Ферғана, Үлкен Шу каналында жүргізген археологиялық экспедицияларының қазба жұмыстары барысында әртүрлі археологиялық мәдениеттерге жататын жүздеген ескерткіштерді анықтауы – археология ғылымына қосқан үлкен үлесі болып табылады. А.Н. Бернштамның ғылыми және ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде қалыптасқан археологиялық мектепке сипаттама берілді;

9) ғалымның тайпалық одақтардың шекарасын анықтауы, Шу мен Талас өңірінен табылған керамикаларды кезеңдеуі, ортағасырлық қалаларды типологиялық жағынан жіктеуі және баламалауы, түркі тайпаларының шығу тегі туралы гипотезалар мен тұжырымдамаларының қазіргі таңдағы қолданыс аясы, бұл тұжырымдарға қатысты өзге ғалымдардың көзқарастары анықталды.

**Зерттеу жұмыстың тәжірибелік маңызы.** Зерттеу жұмысы қазақстандық тарихнамада ғұмырнамалық жанрдың дамуына үлес қосады. А.Н. Бернштам тарихи мұрасы жайында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды болашақта еліміздің жоғары оқу орындарында қазақ тарихы мен археологиясы бойынша оқу бағдарламаларына теориялық, практикалық толықтырулар енгізе алады, сонымен қатар, тарих мамандығы бойынша арнайы таңдау пәні ретінде дәрістер жүргізуге болады. Болашақ ғалымдар мен ізденушілер осы мәселелер бойынша өздерінің тарихнамалық зерттеулерде пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелері ортағасырлық қалалар мен қоныстар жөнінде қорытынды еңбек пен оқулықтар жазуда, жоғары оқу орындарына арнайы дәрістерді оқытуда пайдаланылуы мүмкін.

**Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі.** Диссертациялық жұмыстың мәселелері мен негізгі қорытындылары жинақталған Қазақстан, Украина және Ресейде шыққан 12 ғылыми мақалада жарық көрді. Солардың ішінде докторантурада оқу барысында жарық көрген мақалалар саны – 7. 3 мақала ҚР

БҒМ Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілуге ұсынған басылымдарында жарияланды.

«Вопросы гуннской миграции в работах А.Н. Бернштама» атты мақала Украинада өткен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында басылып шықты. Шетелдік ғылыми жетекші, профессор Кан Ин Укпен жазылған мақала Scopus базасына енетін «Повольжская археология» атты халықаралық журналда жарық көрді. Мақалалардың барлығы диссертация тарауларын жазу барысында қолданылды. Барлық мақалалар арнайы қосымшада келтірілді (Қосымша В).

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, бес тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және төрт қосымшадан тұрады.

# 1 А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

## 1.1 А.Н. Бернштамның шығармашылық жолы мен ғылыми қызметі XX ғ. 30-50 жж. археология ғылымының дамуы контекстінде

Диссертацияны жазу барысында 2017 жылдың 1-сәуірі мен 15-мамыры аралығында Ресей Ғылым Академиясы Материалдық Мәдениет тарихы Институтының (ММТИ) мұрағатында өткен ғылыми іс-сапар барысында жинақталған материалдар негізге алынды. Енді осы Мұрағат қорындағы ғалымның жеке істері мен фото мұрағат қорларына тоқталып өтсек. А.Н. Бернштамның РҒА Материалдық Мәдениет тарихы институтының Мұрағатының Қолжазба қоры мен Фото бөліміндегі материалдары негізгі дерек көзі болып табылады. Жалпы Фото бөліміндегі ғалымның қоры 25 жылдан аса уақыт бойы жинақталған 6580 дана фотосуреттерден, негативтерден тұрады. Бұл материалдарды А.Н. Бернштам мұрағатқа өзі өткізіп отырған, ал ғалым қайтыс болған соң жақындары тапсырған. Жалпы бұл қордағы материалдарды үш бөлімге бөліп қарастыруға болады: 1. Далалық зерттеулер фотоматериалдары, 2. Жұмыс материалдары, 3. Персоналия. Персоналия бөліміне әр жылдары түсірілген жеке фотолары жинақталған.

Ғылыми мұрағаттың қолжазба қорында А.Н. Берштамның ғылыми зерттеу жұмыстары мен жеке істері №35 және №2 қорларға топтастырылған. Бұл қорлар 1930 жылдан 1952 жылға дейінгі уақыт аралығында жинақталған 581 істен тұрады. Қолжазба қоры материалдары диссертацияны жазу барысында толықтай қарастырылды және қолданылды. №35 қор экспедициялық жұмыс материалдарынан тұрады. Олардың құрамына экспедициялардың ұйымдастырылу барысындағы ең алғашқы бұйрықтардан бастап, келісім-шарттар, экспедиция құрамының бекітілуі, жұмыс барысына қажетті құрал-саймандардың сатып алынуы, түгелдей жобалық-сметалық жұмыстар; экспедиция күнделіктері, ескерткіштер сызбалары, экспедиция жұмыстарының қолжазба түріндегі қорытынды есептері және табылған жәдігерлер – қыш ыдыстар мен крониологиялық материалдардың ары қарай мұражайлар мен экспертизаларға өткізілу тізімдері жинақталған.

Сонымен қатар, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мұрағатында да А.Н. Бернштамның 14 ісі жинақталып сақталған. Жалпы барлық мұрағат құжаттары тізімі IV Қосымшада келтіріледі (Қосымша Б).

Александр Натанович Бернштам (1910-1956) – көрнекті археолог, шығыстанушы ғалым, 1910 жылы 18-қыркүйекте Қырым АКСР-ының Керч қаласында большевик-революционердің жанұясында дүниеге келді. Ата-анасы, отбасы туралы негізгі ақпараттар ғалымның өз қолымен жазылған әр жылдардағы өмірбаяндарында толықтай айтылып өтеді. Сол өмірбаяндарының біріне жүгінсек: әкесі – Натан Борисович Бернштам мещандық қызметкер, кеңсеші болып жұмыс істеген. РСДРП мүшесі қатарында 1905 жылы Қырымдағы революцияда большевиктерді жақтап, осы жылы «Керчьтегі төңкерісті ұйымдастырды және қатысты» – деген айыппен істі болып,

сотталып, соңынан Вяткаға жер аударылады. 1906 жылы амнистиядан соң, Қырымның тек далалы Джанкое аумағында ғана өмір сүруіне рұқсат беріліп, үйіне қайтарылады. Ғалымның әкесі Қазан төңкерісінен кейін Қырымдағы азамат соғысының белсенді қатысушысы болды, партизан отрядтарын ұйымдастырды. Натан Борисович 1914 жылы Патша армиясы қатарына алынып, кейіннен 1918-1919 жж. Қызыл Әскер қатарына өтеді. Азамат соғысы жылдарында Қырым үшін шайқаста жараланып, 1920 жылы Перекоп маңында қайтыс болады. Қысқа өмірі күреске толы әскери адам болған әкесі туралы А.Н. Бернштам өз өмірбаянында осы мәліметтерді айта келіп, атасының Қызыл Әскер жауынгерінің әкесі ретінде зейнетақы алып тұрғанын да көрсетеді [86, 1 п.]. Ал анасы туралы ғалым осы өмірбаянында: «Анам Евгения Борисовна Бернштам – (кей деректерде Шейндель Бернштам) кустарь-зергердің қызы, 1916 жылдан бері есепші (счетовед) болып жұмыс істеді. Севостополь мен Ленинградта құпия түрдегі мекемелерде жұмыстар атқарды. Қазір «Печатный двор» типографиясында жұмыс жасайды» деп атап өтті [86, 38 п.]. Сондай ақ, сол кездегі саяси жағдайға байланысты шетелде туыстарының тұрмайтындығын, барлық туыстарының қызметкерлер екендігін және ақ гвардияшылар қатарында қызмет атқармағандығын атап көрсетеді. 1955 жылы толтырылған жеке парағында ғалым анасының Ленинград блокадасынан соң қайтыс болғаны туралы жазады [86, 38 п.].



5-сурет. Қызы Т.А. Бернштам мен анасы Е.Б. Бернштам (Майстер). Ленинград, 1939 ж. (Т.А. Бернштам қорынан)

А.Н. Бернштамның балалық шағына оралсақ, 1923 жылға дейін Керчьте тұрған болашақ ғалымның отбасы 1924 жылы Севастопольге қоныс аударады. Севостопольде 1927 жылы Луначарский атындағы №8 тоғыз жылдық мектепті аяқтайды. Мектептің соңғы сыныптарында оқып жүріп, кешкісін жергілікті Өлкетану мұражайында практикант, кейіннен қызметкер, экскурсовод болып қосымша қызметтер атқарды. Павел Петрович Бабенчиков басқарған Севастополь өлкетану мұражайы болашақ ғалымның өлкетанушы болып қалыптасуына әсер еткен алғашқы мектеп болды. Орта мектепте оқып жүрген кезінде, 1924 жылы Қырымдағы Ескі Кермен ортағасырлық қамал-қаласына зерттеу жүргізген белгілі қырым археологы Н.И. Репниковтың археологиялық қазбаларына қатысады [88, 3 п.]. Н.И. Репников өз кезегінде жас ғалымды қорғандарды қазу әдіснамасы мен көрмелерді құру сынды кәсіби археологиялық әдіс-тәсілдерге баулиды.

1926 жылдың 5-10 қыркүйегі аралығында археолог-ғалымдарға арналған съезд – Керчь конферениясына қатысады. Жалпы, археологиялық съездер XIX ғ. 60-жылдарынан бастап шақырыла бастаған. Бұл конференцияға КСРО-ның 30 қаласының 73 ғылыми және білім беру орталықтарынан барлығы 135 делегат қатысқан. Керчь конференциясын шақырудың бір себебі – 1926 жылдың жазындағы Керчь археологиялық мұражайының 100 жылдық мерейтойы болды. Барлық баяндамалар конференцияның төрт секциясы бойынша бөлінді, олар: 1) тарихқа дейінгі археология; 2) Иран-Эллин секциясы; 3) ортағасырлық археология және 4) түркі-татар археологиясы. Дегенмен, бұл конференцияда оқылған мақаласы тақырыбы белгісіз. А.Н. Бернштам бұл съезд жұмысына Севастополь өлкетану мұражайының құрамында делегат болып қатысқан.

Бір жыл өткен соң, ғалым 10-13 қыркүйекте Херсонес қазбасының 100 жылдығынаорай ұйымдастырылған КСРО археологтарының II конференциясына қатысады. Херсонес Мемлекеттік археологиялық мұражайының директоры К.Э. Гриневичтің ұйымдастыруымен шақырылған бұл конферанияға КСРО-ның төрт Республикасының 20 қаласынан барлығы 89 қатысушы қатысады [21, с. 107]. Аталған конференциялар да ғалымның ғылыми қалыптасуына өз үлесін қосқаны сөзсіз.

Әр жылдары толтырылған кадрлар туралы парақшаларда ғалым өзі білетін тілдер ретінде – ағылшын, француз, неміс, ежелгі түркі, ұйғыр, қытай тілдерін атап өтеді.

1928 жылы А.Н. Бернштам Ленинград Мемлекеттік университетінің География факультетінің Этнография бөліміне оқуға түседі. ЛМУ-де гуманитарлық білім берудің қайта ұйымдастырылуына байланысты, ол осы университет құрамындағы Тарихи-лингвистикалық институтқа тыңдаушы болып қабылданады. А.Н. Бернштамның қоғамдық қызметіне келер болсақ, қоғамдық жұмыстарға 1927 жылдан бастап араласа бастаған. 1927 жылы наурыз айында Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағына кандидат болып қабылданып, 1929 жылы қаңтарда БЛКЖО қатарына өтті. Комсомол мен партияның жекелеген тапсырмаларын, пропогандалық тапсырмаларды да қалтқысыз орындайды. Ғылыми-қоғамдық қызметінің алғашқы жылдары кеңестік өлкетану жұмысын басқарумен байланысты болды. 1929 жылы

болашақ ғалым Бүкілодақтық өлкетанушылардың 11-пленумында Ленинградтық облыстық өлкетану бюросы президиуымына сайланып, 1930 жылы бюро мүшесі болды. Кейіннен Өлкетанушылардың Орталық Бюросына мүше болып қабылданды. Бұл жылдары ғалым Орталық Бюроның Ленинград бөлімінің студенттер секциясын басқарады, 1933 жылы сырқаттануына байланысты өлкетану жұмыстарынан қол үзеді [88, 18 п.].

ММТИ-ның мұрағаты қорындағы жеке іс-қағаздарында А.Н. Бернштамның сүйек туберкулезына шалдыққаны, сол себепті балдақпен қозғалатыны туралы айтылады. Өз автобиографиясында ғалым 1924 жылға дейін сүйек туберкулезымен ауырып, кейіннен айыққанын жазады [87, 20 п.]. №2 қорда өзі қызмет істеген ММТМА дирекциясының Телефон желісі Басқармасына, Вокзал бастықтарына ғалымның осы денсаулығындағы кінарат бойынша ыңғайлылық сұрап жазған хаттары, сүйек туберкулезі санаторийлеріне жіберу туралы өтініш хаттары сақталған [87, 3-4 п.].

Университет қабырғасында ғылыми жұмысқа араласып, 1930 жылы Материалдық Мәдениет тарихы Мемлекеттік Академиясына контрактымен жұмысқа тұрады. ММТИ қолжазба қорындағы іс-қағаздар арасында сол кездегі ММТМА-мен студент-степендиат А.Н. Бернштам арасындағы 1930 жылғы 21-ақпанда жасалған келісім-шарт сақталған. Ол жерде А.Н. Бернштам Ленинград Мемлекеттік университетінің 2-курс студенті, мамандығы мұражайтанушы деп көрсетілген. Аталған келісім-шартта Академия тарапынан қол қойылған күннен 1931 жылдың 31-желтоқсанына дейін оған ай сайын 90 рубль көлемінде степендия тағайындалғаны және степендиат ЛМУ-дегі оқуын 1931 жылдың 1-желтоқсанына дейін аяқтауы тиіс екендігі жазылған. Осы оқу курсы аяқталған соң, степендиат Академияда 3-жылдық аспиранттық тәжірибе жинауы, ал оны аяқтаған соң, Академияда немесе өзге ғылыми ұйымда, степендиясын қайтару мақсатында, жұмыс істеуі керектігі жазылған [88, 3 п.].

1930 жылы сәуір айының басында ғалым ММТМА-ның этнография разрядына Ашхабадтан Қызыл Арбадқа дейінгі аумақтың колхозық құрылымға өтуі туралы тәжірибе алмасу үшін Түркіменстанға 2,5 айға іс-сапарға жіберуін сұрап, өтініш айтып, жас маман түркімендердің тұрғын жайлары, тілі мен дәстүрін зерттеуге ұмтылады. ММТМА басшылығы осы жылы жас ғалымды Өзбекстан, Түркменстан және Қырым АКСР-на іс-сапарға жібереді. Осы сапар А.Н. Бернштам үшін Орта Азия түркі халықтарының этногенезі проблемасына қызығуының бастауы болды. Бұл іс-сапар нәтижелері ММТИ Мұрағатының Фото материалдар бөлімінде сақталған. Барлығы 175 фотодан тұрады. Сапасының орташалығына қарамастан, түркмендердің салт-дәстүрі, қасиетті орындары бейнеленген бұл суреттер құнды этнологиялық құжаттар болып табылады. Фотолардың бір тобы Кеши, Бегір және Нұхур секілді түркімен ауылдарының архитектурасына арналған. Сондай-ақ, Қырымның Ай-Тодор, Черкес-Кермен, Биюк-Узенбани ауылдары бойынша жасалған фотолар сақталған. 1931 жылы осы іс-сапарлар негізінде «Туркменский род и колхозы [136] және «Жилище Крымского предгорья» атты мақалалары жарық көреді [137].



1-сурет. А.Н. Бернштам ММТМА аспиранты. 1931 ж. (ФМ,альбом О.292, негатив I-849)

1931 жылдың шілде айында Ленинград Мемлекеттік университетінің жанындағы Тарих-лингвистикалық институтының этнограф-мұражайтанушы мамандығы оқуын аяқтайды.

Ғалым 1930-1931 жж. Материалдық мәдениет тарихы институтының Архаикалық секторының көшпелі мәдениет тобының 2-разрядтағы ғылыми қызметкері болып қызмет атқарса, 1931-1934 жж. аспирантурада оқиды (1-сурет). Аспирантураға оқуға түсісімен оған екі ғылыми кеңесші бекітілді. Олардың бірі – С.Н. Быковский болса, екіншісі – профессор С.Е. Малов болады. А.Н. Бернштам диссертациясының алғашқы нұсқасы «Разложение архаической формации и возникновение классов по Средней Азии» атты тақырыпта бекітіледі [87, 18 п.]. Болашақ ғалым аспирантурада оқып жүргенінде Мемлекеттік Эрмитаждың этнография мұражайында да қосымша жұмыс істейді, 1933-1935 жж. осы Мемлекеттік Эрмитаждың аға ғылыми қызметкері болып бекітіледі [4, с. 16].

1933 жылдың жазы мен күзінде ғалымның Орта Азияға, атап айтсақ, Жетісуға, Фрунзе мен Ташкент қалаларына тағы бір сапарының мақсаты – ежелгі ескерткіштерді фотоға түсіріп, топографиялық сызбасын жасау, сондай-ақ, археология-этнографиялық зерттеулер жүргізу болады [27, с. 18], іс-сапар материалдары Қолжазба қорында сақталған. Осы сапардың есептік мақаласы «Отчет о командировке в Среднюю Азию» деген атаумен жарық көреді [138, с. 100-101].

Аспирантураны аяқтаған соң 1934 жылдың мамырында бірден ММТМА-ның Феодалдық қоғам институтына аға ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа

алынып, 1935 жылдан 1937 жылдың қарашасына дейін аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарады [88, 21 п.].

Аспирантурада оқып жүрген кезінде атақты тюркологтар С.Е. Малов пен А.Н. Самойловичтың жетекшілігімен ғалым ежелгі түркі жазуларын зерттей бастайды. 1935 жылдың сәуір айында «Социально-экономический строй орхоно-Енисейских тюрок VI-VIII вв.» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды [111]. Бұл туралы жеке қорда 1939 жылдың 28-наурызында шыққан ММТИ Анықтамасында жазылған. Анықтамада ізденушіге тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілгені туралы мәлімет келтіріледі [86, 10 п.]. Сондай-ақ, осы жеке қорда кандидаттық диссертацияның қорғалып, тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілгені туралы Ленинград мемлекеттік университеттінің 1939 жылдың 28 маусымындағы №5/28 хаттама көшірмесі де сақталған [88, 12 п.]. Қорғау барысында ресми оппоненті ретіне – А.Ю. Якубовский бекітілсе, диссертацияның лингвистикалық жағын белгілі тюрколог, академик А.Н. Самойлович бағалады. Бұл диссертацияда түрік қағанатының әлеуметтік құрылымы кеңінен ашылып, руна жазулары нинтерпретацияланып, өзге де заттай, археологиялық деректер кеңінен қарастырылады. Автор түркі қауымында таптық бөліністердің пайда болуы мен дамуы кезеңдерін ашып көрсетіп, жалпы әлемдік тарихтағы орнын анықтауға тырысты. Ал кейіннен өзгертілулер мен толықтырылулардан соң, «Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII вв. Восточно-тюркский каганат и киргизы» атауымен 1946 жылы монография түрінде жарық көрді. 1938 жылы осы диссертациясы бойынша Ғылыми жұмыстардың жас ғалымдар конкурсы бойынша, Бүкілодақтық қазылар алқасы шешімімен 3-дәрежелі грамотамен марапатталады [88, 15-16 п.]. Кіріспе бөлімінде атап өткеніміздей, ММТИ Қолжазба қорында диссертация қолжазбасы сақталмағандықтан, тек тезисімен ғана таныстық.

Жалпы, 1930-жылдардың ортасына қарай, КСРО тарих ғылымында маркстік формациялық методологияға негізделген тарихты зерттеудің жаңа принциптері орныға бастап, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында орын алған эволюциялық теорияны ығысытырды. 1930 жылдардың басында белгіленген өзгерістер тарихшылар мен археологтардың алдына тарихты 1933-1935 жж. қалыптасқан бес мүшелі формациялық тұжырымдама тұрғысынан қарастыру қажеттілігін қойды. 1932 жылы И.В. Сталин мен А. Ждановтың агралық съездегі баяндамаларындағы құлдар революциясының құлиеленушілік қоғамды жоюға, феодалдық-басыбайлылық құрылымға әкелгені туралы баяндамасынан соң, партиялық жиналыстар мен ғылыми бас қосуларда қоғамдық-экономикалық формацияларды зерттеу бағдарламалары талқылана бастады. Осы кезеңде кеңестік тарих ғылымының өзгеруінің соңғы нүктесін IV тарауында тарихи процестің «марксистік-лениндік» схемасы баяндалған 1938 жылы жарық көрген «БКП(б) тарихының қысқаша курсы» қойды. Біраз уақыт өткен соң, БКП(б) ОК-нің «Қысқаша курсқа» сәйкес «тарихи зерттеулердің теориялық деңгейін» көтеру талабын қамтитын қаулысы пайда болды [85, с. 17.]. Осылайша, 60 жылға таяу уақытқа созылған тарихи баяндаудың формациялық әдісі тарих сахнасына шықты.

Марксизмдегі тарихи процестің дамуы бірқатар әлеуметтік-экономикалық формациялардың өзгеруі ретінде қарастырылды, олардың әрқайсысы еңбек құралдары мен адамдардың біліктілігінің даму деңгейімен анықталған дамыған өндіріс әдісіне негізделген деп саналды. Қозғалыстың бастапқы нүктесі еңбек құралдарын жетілдіру болып саналды. Осы ережелерден еңбек құралдарын зерттеу әлеуметтік-экономикалық формацияларды, сәйкесінше адамдардың өмірін, мәдениетін қалпына келтіру арқылы белгілі бір қоғамдық-экономикалық формацияны да қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді деген қисынды тұжырым пайда болды. Алғашқы эволюционалистік ілім өкілдері қуғындала бастады. Оның бір себебі, эволюционизм төңкеріске дейінгі ғалымдарға және оның шәкірттеріне тән ілім болғандығы. әрі эволюциялық ілім өкілдері формациялық идеяларға қарама-қайшылығы еді.

Бұл методология «жоғарыдан» келген, еріксіз таңдалған деп қана біржақты қарастыруға болмайды. Көптеген зерттеушілер нақты тарихи қоғамдарға қатысты жүзеге асырылуы мен жаңа формациялық әдіснаманың шынайы жақтаушылары болды. Ғалымның кандидаттық диссертациясының алғашқы бекітілген тақырыбы да Орта Азияда архаикалық формацияның ыдырауы және таптардың пайда болуы тақырыбында болды. Осындай жағдайда ғалымдар нақты тарихи материалдар негізінде феодалдық және құлиеленушілік қоғамды маркстік тұрғыда түсіндіруді апробациялаған көптеген мақалалар жаза бастады. Осы бағытта А.Н. Бернштамның «О роли завоеваний в исторической концепции Карла Маркса», «Ленин и история народов Советского Востока», «Проблема распада родовых отношений у кочевников Азии» секілді мақалалары мерзімді басылымдарда жарық көрді. 1936 жылы жазылған «К вопросу о возникновения классов и государства у турков VI-VIII вв.н.э.» атты мақаласында Ф. Энгельстің «Происхождение семьи, частной собственности и государства» атты еңбегінде көшпелілердегі феодализм туралы сол кездегі ғылыми ортадағы тұжырымдарды сараптап, көне түркі жазба ескерткіштерінде келтірілген мәліметтер арқылы түркі мемлекетіндегі таптық күресті сипаттайды.

Кеңес заманында бұл теория жалғыз дұрыс теория болып саналғаны және оны кез-келген түзету ғылымға қарсы деп саналғаны болмаса, марксизмді адамзат қоғамының дамуы мен оның тарихының іргелі тұжырымдамаларының бірі ретінде қарастырған жөн.

А.Н. Бернштамның саяи және қоғамдық-партиялық қызметінің бір қыры ретінде, болашақ ғалымның 1930 жылдардан бастап ММТМА қабырғасында жүзеге асқан «тазалау» жұмыстарына да қатысып, осы жылдың қарашасынан бастап, ММТМА жергілікті комитетінің төрағасы болғанын айта аламыз (2-сурет). Бұл лауазымда 1930-1931жж. және 1935-1936 жж. жұмыс атқарды. Ол өз өмірбаянында «Өзімнің ғылыми және қоғамдық қызметімде шамам келгенше партияның басты линиясы үшін күрестім», - деп жазады. Университеттің Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы (БЛКЖО) тапсырмасы бойынша троцкийшілерге қарсы баяндамалар жасады. А.Н. Бернштам бастамасы бойынша халық жауы Г.Е. Зиновьевтің бұрынғы хатшысы В. Большаков жұмыстан шығарылады [88, 2 п.].



2-сурет. А.Н. Бернштам ММТМА Жергілікті комитетінің төрағасы, 1935 ж.
(ФМ альбом О.929/31, негатив II -20184)

Дегенмен, 1930 жылдары барлық салада орын алған қуғындаулар мен саяси репрессиялар жас ғалымды да айналып өтпейді. Осы саяси қуғындау құрбаны ғалымның кезіндегі жетекшісі С.Н. Быковский да қуғындалып, 1936 жылы ату жазасына кесіледі. Ұстазының трагедиялық тағдыры шәкіртіне де әсер етіп, қорғалып қойылған кандидаттық диссертациясы қайтадан тексерулерге ұшырайды. В.И. Равдоникас басқарған комиссияның талап етуімен А.Н. Бернштам өз диссертациясының мәтініне өзгерістер жасайды.

Жалпы С.Н. Быковскийге қысқаша тоқтала кетсек, тарихшы, этнограф ғалым ретінде Н.Я. Марр ілімінің айқын қолдаушысы болған. Комилер мен вепстердің діни көзқарасы, наным сенімдері мен этногенезі мәселелерімен айналысқанымен, ғалымның еңбектерінің көпшілігі Н.Я. Марр мен оның теориясын мақтап-мадақтауға және осы теория қарсыластарын қаралауға арналған. 1936 жылы партиядан шығарылып, «Троцкийшілдік оппозицияға қатысқаны үшін» деген айыппен атылады.

ММТМА дағы репрессиялар туралы И. Л. Тихоновтың мақаласында толықтай сарапталған. Автор осы тақырыпқа қалам тартқан А.М. Тальгрен,

М.А. Миллер секілді шетел ғалымдары, А.А. Формозов секілді реселік ғалымдардың мақалаларына талдау жасай келе, 1929-1941 жж. саяси айыпталып, қуғындалған ММТМА-ның қызметкерлерінің саны 50 адамнан асқанын айта келіп, сол 1936 жылы ұйым қызметкерлерінің 163 адамнан тұрғанын есепке ала отырып, көп пайызын құрағанын баса көрсетеді. Ал олардың 18-і ату жазасына кесілсе, 9-ы қамауда қайтыс болған. Дегенмен, көмекші-әкімші қызметкерлердің Академияның жалпы қызметкерлерінің 40 пайызын құрағанын есепке ала отырып, бұл тізімге олардың енбегенін алдыға тосып, тіпті бұл сандардың да нақты емес екеніне тоқталады [81, с. 63]. 30-жылдардың басында «Академиялық іс» және «Славянистер ісі» атты қуғындау істері ұйымдастырылғаны бізге тарихтан белгілі. Осы «Академиялық іс» бойынша С.И. Руденко, С.А. Теплоухов, М.П. Грязнов, А.А. Миллер, Ю.В. Готье, Г.И. Боровка, В.В. Бартольд, С.А. Городцов, Б.Н. Граков секілді ғалымдар әртүрлі деңгейде зардап шекті.

1933 жылы «Ресей ұлттық партиясы» деп аталған іс бойынша М.П. Грязнов, С.А. Теплоухов, Ф.А. Фиельструп, А.А. Миллер секілді ірі ғалымдар тұтқындалды.

1936 жылдарға дейін қуғынға таза ғалым адамдар ұшыраса, осы жылдан бастап, ғылыми ортаға «ендірілген» БК(б)П мүшелері де қуғындала бастайды. ММТМА төрағасы Н.Я. Маррдың өзі осы ғылыми ортаға марксистік көзқарастағы жаңа адамдарды шақыруының нәтижесінде ММТМА-да археологиямен айналыспайтын тарихшы, шығыстанушы, филологтар көбейгенін және олардың басшылық қызметтерді атқарғандығын жазады. Автор осындай тұлғалардың арасынан жоғарыда тоқталған С.Н. Быковскийді де жатқызады және оның да тағдырының қалай өрбігеніне тоқталады. Тағдырласы Ф.В. Кипарисов өзіне тағылған айыпты мойындаса, С.Н. Быковский еш айыпты мойындамағанын, дегенменде бұл қылығы ату жазасынан арашалап қалмағандығын атап көрсетеді. [81, с. 63].

Осы 1936-1937 жж. қуғындалған 22 адамның тек үшеуі – В.С. Адрианов, Б.А. Латынин және М.Г. Худяков қана археологиялық ескерткіштерді зерттеумен айналысса, 14-і Большевиктік Жұмысшы партиясының мүшесі болған. 1937 жылғы тамыз айында ММТМА-сы КСРО ҒА Н.Я. Марр атындағы Материалдық мәдениет институты болып қайта құрылғанда бұл ұйымда сырттан «енгізілген» партиялықтардың ешқайсысы қалмағанын, олардың барлығы саяси репрессия құрбаны болғанын айтып қорытындылайды [81, с. 63].

Осы жылдары репрессияға ұшыраған келесі бір ғалым Е.Е. Кричевскиймен А.Н. Бернштамның «К вопросу о закономерности в развитии архаической формации (к разработке теоретического наследия Маркса, Энгельса и Ленина)» атты мақаласы жарық көрген [139].

Өз өмірінің қиын осы бір шақтары туралы өмірбаянында А.Н. Бернштам өзінің ғылыми және қоғамдық жұмысында бірнеше қателіктер жібергенін «мойындап» жазады. Ол ең алдымен халық жауы болған «Быковскийдың әсерінен жұмысымда социологизм мен схематизмге жол бердім, өзім жете дайындықсыз қолға алған мәселелерді қате шештім», – дей келе, қателіктерін

ешқашан жасырмайтынын айта келіп, осы С.Н. Быковскийге қатысты «За притуплению комсомольской бдительности» деген қатаң сөгіс алғанын жазады. Бірақ, өзінің айтуынша 1938 жылы наурыз айында Дзержинский аудандық Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы (БЛКЖО) бөлімімен белсенді жұмысы нәтижесінде қатаң сөгісі алынып тасталады. Этнография мен археологияда да қате позиция ұстанғанын, бірақ кейіннен өз жұмыстары барысында бұл қателіктерді жойғанын атап көрсетеді [88, 4 п.]. 1937 жылы А.Н. Бернштам КСРО ҒА ММТИ аға ғылыми қызметкерлігінен босатылады, қателіктерін «мойындаған» соң 1938 жылдың қарашасында қатаң сөгісі алынып тасталып, қайтадан қызметіне алынады. Институт басшылығы 1939 жылы жазылған А.Н. Бернштамға берілген мінездемеде «За время работы в ГАИМК показал себя политическим грамотным и выдержанным комсомольцем, честно выполнявшим все дававшиеся ему поручения» деп сипаттама береді [88, 11 п.].



3-сурет. А.Н. Бернштам ММТМА аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, 1940 ж. (ФМ, альбом О.292, негатив I-44613)

1935 жылы А.Н. Бернштам КСРО ҒА Шығыстану институтында докторантураға оқуға түсіп, «История тюркских племен и народов» тақырыбында ғылыми жұмысын жалғастырады. Кейіннен ғалым түркі халықтарының жалпы тарихын жазып шығуға талпынады. Бұл еңбекте түркілердің пайда болуы, олардың тарихи даму кезеңдері, әлем тарихында алар орны сынды мәселелер қамтылуы керек болатын. Былайынша айтқанда түркі тайпалары мен халықтарының тарихи дамуы ежелгі уақыттан сол кезеңге дейін түгел қамтылуы керек-тін. Осы ұлы ойды орындау үшін ғалым бар өмірін сарп етті [4, с. 163].

А.Н. Бернштамның жеке қорында Н.Я. Марр атындағы Материалдық мәдениет тарихы институтының директоры М.И. Артамоновқа жазған өтінішінде А.Н. Бернштам 1938 жылдың 1-қарашасынан бастап Шығыстану интститутының докторантурасының оқу мерзімі аяқталуы себепті мамандық бойынша осы ММТИ-на жұмысқа кіргізуін сұрап жазады. Бұл өтінішке директор міндетін атқарушы М.И. Артомонов бұрыштама қойып, онда аға ғылыми қызметкердің міндетін атқарушы ретінде 700 рубль көлемінде айлықпен жұмысқа алынсын деп қол қояды [88, 5 п.].

А.Н. Бернштам 1940 жылы Ленинград университетінің доценті болып жүріп, (3-сурет) Ұлы Отан соғысы басталған жылдары ғалым Қырғыз КСР-і аумағына жұмысқа ауыстырылады. Жалпы осы 1940 жыл ғалымның ғылыми жұмыстарының ең қарыштап дамыған уақыты болды. Бұл туралы мұрағатта Институт директоры М.И. Артамонов қол қойған 1941 жылғы 3-сәуірдегі ММТИ №28 Бұйрығында аға ғылыми қызметкер А.Н. Бернштам 1941 жылғы 9 сәуірден 15 шілдеге дейін Фрунзе қаласына Қырғыз КСР ХКК жанындағы Ғылым комитетіне Үлкен Шу каналы құрылысы басталуына орай, археологиялық экспедиция ұйымдастыру үшін іс-сапарға жіберілсін деп жазылған [87, 24 п.]. Қырғыз КСР-де ғалым алғашында Қырғыз Мемлекеттік Тарих, тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері болса, 1942 жылдың 13 қаңтарынан бастап, Қырғыз КСР-і ХКК жанындағы Ғылым комитетінің төрағасы болды. 1941 жылы А.Н. Бернштам Үлкен Шу каналы құрылысының салынуына байланысты археологиялық экспедицияға басшылық етті. Бұл экспедиция жұмысы нәтижесінде Қырғызстан тарихы бойынша көптеген материалдар жинақталды. 1942 жылы 12 қыркүйекте жазған автобиографиясында «Соғыс басталғалы бері іс-сапармен Қырғызстанның Фрунзе қаласындамын. 1942 жылдың 13 қаңтарынан бастап Қырғыз КСР ХКК Ғылым комитетінің төрағасы орынбасарымын. 1943 жылдың мамыр айына дейін КСРО ҒА Кырғыз филиалының құрылуына белсенді үлес қостым. Сондай-ақ, 1941 жылдың қарашасында мұражайдың тарихи археологиялық бөлімі құрылып, ол мен жетекшілік еткен экспедиция жұмысы нәтижесінде табылған жәдігерлермен толықтырылуда» – деп жазады [88, 20 п.].

Сондай-ақ, 1941 жылдың 17-шілдесіне аға ғылыми қызметкер А.Н. Бернштамның Қырғыз КСР-на іс-сапары еңбекақысы сақталмай, ұзартуға рұқсат берілсін деген ММТИ ның дирекциясының бұйрығы да сақталған [88, 25 п.]. Осылайша, ғалым іс-сапарының мерзімі белгісіз уақытқа созыла береді.

Қырғызстанда жүріп А.Н. Бернштам «История кыргыз и Кыргызстана с древнейших времен до монгольского нашествия» тақырыбында докторлық диссертациясын жазуды аяқтап, 1942 жылдың 24 тамыз айында Ташкентте қорғады. Жеке ісінен 1943 жылдың 14 тамызынан №16 Хаттама көшірмесінде 1942 жылғы 24 тамызда А.Н. Бернштамды «История Киргиз и Киргизстана с древнейших времен до монгольского завоевания» атты тақырыпта докторлық диссертациясы қорғалуы себепті оған тарих ғылымдарының докторы дәрежесін беру туралы шешім көрсетілген [88, 28 п.]. 1943 жылдың 1 шілдесінен бастап тарих ғылымдарының докторы А.Н. Бернштам Қырғыз мемлекеттік Тарих, тіл және әдебиет институтының бөлім меңгерушісі болып бекітіледі [88, 29 п.].

Қолжазба қорында Ұлы Отан соғысы аяқталар уақытта, 1945 жылдың 15-сәуірінде А.Н. Бернштам Қырғызстанның КП(б) Орталық Комитетіне жазған өтініші сақталған. Бұл өтініште «Маған 1929 жылдан бері өзім ММТИ де жұмыс істеген Ленинград қаласына біржола қоныс аударуға рұқсат беруіңізді сұраймын», – дей келіп, бұл қалаға қоныс аударуы ҒА  Қырғыз филиалының жұмысына әсер етпейтінін, жылдың 5-6 айын екі жақтың басшылығының келісімімен Фрунзе қаласында өткізіп тұратындығымен түсіндіреді [88, 42 п.]. Осы қорда 1945 жылдың 26-ақпанындағы Н.Я. Марр атындағы ММТИ Институт директоры академик Б.Д. Грековтың қолы қойылған №6 Резолюциясының көшірмесінде А.Н. Бернштамды Институттың аға қылыми қызметкері қызметіне қайтадан алуды бұйырғаны жазылған [88, 42 п.]. Осылайша, 1945 жылдан бастап КРО ҒА ММТИ Ленинград бөлімінің Орта және Орталық Азия секторының аға ғылыми қызметкері болып қызмет атқарады.

1944, 1946, 1949 жылдары Тянь - Шань экспедияциясына басшылық етіп Қырғызстан аумағын археологиялық жағынан зерттеуді жалғастыра берді. Жалпы А.Н. Бернштам қырғыз тарихы зерттелуіне косқан үлесі өлшеусіз болды. КСРО ҒА Қырғыз филиалының құруылуын ұйымдастырды. Тарихи-археологиялық ұйымдар мен мұражай бөлімдерін ашуға үлес қосты және жергілікті халықтың археолог, тарихшы ғалымдарын тәрбиелеп шығарды.

Осы кезеңде жалпы Одақ көлемінде маңызды іс-шара орын алды. 1945 жылдың 25-ақпаны мен 1-наурызы аралығында Москва қаласында КСРО ҒА ұйымдастыруымен Бүкілодақтық археологиялық жиналыс өткізілді. Н. Я. Марр атындағы Материалдық мәдениет тарихы институты, одақтас республикалар Ғылым Академиялары, КСРО ҒА филиалдары, халық ағарту комиссариаттары, университеттер, педагогикалық институттар, орталық, өлкелік, облыстық және жергілікті мұражайлар, мемлекеттік инспекция және ескерткіштерді қорғау жөніндегі Комиссия және басқа да ғылыми мекемелерден 156 делегат қатысты, олардың арасында археология ғылымымыздың көрнекті қайраткерлері де болды. Жиналыс қорытындысында үкімет алдында «Археология және ескерткіштерді қорғау істері жөніндегі комитетті» құру туралы өтініш жасау қаулы етілді. Комитет Кеңес Одағында археологиялық зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыруды жүргізуі тиіс болды.

Сонымен қатар, осы жиналыстағы маңызды жағдай – кеңестік археология ғылымының төңкеріске дейінгі кезеңдегі тарихымен сабақтастығы берік қалпына келтірілді. Дайындық құжаттарында және жиналыста сөйлеген сөздерде қазан төңкерісіне дейінгі археологиялық съездердің дәстүрін жалғастыру туралы ашық айтылды, орыс археологиясының классиктерінің есімдері (сирек жағдайларды қоспағанда) қорқынышсыз аталды. Кеңесте революцияға дейінгі Ресей мен КСРО-дағы археологиялық зерттеулердің қорытындылары алғаш рет жасалды және олар ажырамас байланыста қарастырылды.

Сондай-ақ, бүкіл Кеңес Одағында ғылыми-зерттеу жұмыстарын орталықтандыратын жоспарлау саясаты күшейтіліп, бүкіл одақ бойынша

археологиялық зерттеулердің перспективалы бес жылдық жоспары қабылданып, жарияланды.

1945 жылғы Жиналыс КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтына Институттың Ашық парақтарды беру жүйесі де, далалық зерттеулер бойынша есептерді жинақтауы да аяқталады. Жиналыс археология ғылымын басқару орталығын Ленинградтан Мәскеуге көшіру арқылы Ленинград және Мәскеудің археологиялық мектептері арасындағы көп жылғы күрес пен ширек ғасырлық бақталастықты, КСРО көлеміндегі ғылыми мекемелердің белгілі бір бытыраңқылығын қорытындылады [82, с. 36].

Бұл уақытта Қырғыз КСР-де жұмыс істеп жүрген А.Н. Бернштамның бұл съездге қатысқан қатыспағаны туралы мәлімет кездестірмедік.

Ғалым сонымен қатар, 1943 жылы В.В. Бартольдтың «Очерки об истории Семиречья» және «Киргизи» атты еңбектерін және 1950 жылы Н.Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» атты еңбегін қайта жарыққа шығаруды ұйымдастырады.

1945 жылдың желтоқсанынан бастап, Ленинград Мемлекеттік университетіне сабақ беруге кіріседі. КСРО Жоғарғы білім министрлігінің Жоғарғы аттестациялық комиссиясының №00545 1947 жылғы 17-мамырдағы шешімімен А.Н. Бернштам археология кафедрасының профессоры ғылыми лауазымына ие болады. Университетте ғалым «История тюркских племен и народов» және «Кочевники и археология Средней Азии» пәндерінен дәріс оқыған [88, 66 п.].

Жеке өмірі, отбасылық жағдайына келер болсақ, А.Н. Бернштам 1945 жылдың 6-наурызында толтырылған кадрлар есебі туралы парақшада екі баласының бар екенін атап өтеді [86, 34 п.]. Ал әйелдері туралы мәліметті 1955 жылғы 18 ақпанда толтырылған жеке парақшасынан көре аламыз. Ол жерде ғалым өзінің екі рет үйленгенін, бірінші әйелі – Морозова Анна Степановна туралы оның Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы (БЛКЖО) мүшесі, қолөнершінің қызы екендігін, әкесі қайтыс болған соң, фабрикада жұмыс істейтін анасы тәрбилегенін де жазады [86, 2 п.].

А.Н. Морозова Орта Азия тарихы бойынша зерттеулер жүргізген этнограф маман (4-сурет). 1928-1931 жж. Ленинград университетінің Тіл және ойлау тарихы факультетінің Материалдық мәдениет бөлімінде оқып, 1934 жылы Н.Я. Марр атындағы Материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасын аяқтаған А.Н. Морозова А.Н. Бернштаммен бірге Түркіменстанға сапар шегеді. 1933 жылы Мемлекеттік этнография мұражайына жұмысқа тұрып, 1939 жылдан бастап, Орта Азия халықтары этнографиясы бөлімін, ал 1941-1942 жж. осы мұражайды басқарады. 1947 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, 1954-1972 жж. Орта Азия халықтары этнографиясы бөліміне басшылық етеді [86, 40 п.]. Дегенмен, бұл неке ұзаққа созылмайды. Екеуінің жолы екі жаққа кетіп, қыздары Татьянаны А.Н. Морозованың екінші некедегі жолдасы тәрбиелейді.

Келесі өмірбаяндарында ғалым зайыбы ретінде Розина Любовь Григорьевнаны көрсетеді. Л.Г. Розина (1904-1995 жж.) Кунсткамерада 1954-1964 жж. Аралығында аға ғылыми-техникалық қызметкер, ал, 1964-1974 жж.

КСРО ҒА Этнография Институтының Австралия және Океания секторының кіші ғылыми қызметкері болған. Ғалыммен Жетісу археологиялық экспедициясы сапарларында бірге болған, ғылыми қызметтер атқарған. Дегенмен, бұл неке де ұзаққа созылмаған секілді.



4-сурет. А.С. Морозова (1909-1999) және А.Н. Бернштам (1910-1956). Ленинград, 1934 (Т.А. Бернштам қорынан)

Ғалымның қызы – Татьяна Александровна Бернштам (11.11.1935-13.04.2008) кеңестік және ресейлік этнограф, этнолог, фольклорист ғалым болған (5-сурет). Тарих ғылымдарының докторы, профессор, РҒА Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография мұражайының бас ғылыми қызметкері және Орыс және славян этнографиясы бөлімінің басшысы қызметін атқарған. Жалпы, шығыс славян этнографиясы мен фольклорына 130-дан астам ғылыми еңбек арнаған, Ресей тарихы мен этнографиясына зор үлес қосқан ғалым. Балалық шағы Екінші Дүниежүзілік соғысқа тұспа-тұс келген Татьяна Александровна Ленинград блокадасы кезінде Татар АКСР Титюши қаласына балалар үйіне эвакуацияланады. Блокада аяқталған соң Ленинградқа қайта оралып, орта мектепті аяқтап, Ленинград Мемлекеттік университетіне оқуға түседі (6-сурет). Жалпы А.Н. Бернштамның жеке өмірі туралы ақпарат өте аз. Бірінші некеден екі баласы болғаны туралы айтылса да, екінші баласы туралы еш ақпаратқа қол жеткізе алмадық. Кейіннен, әйелі А.С. Морозованың жанұясы туралы деректерде де тек қызы Т.А. Бернштам туралы ғана айтылады.



6-сурет. Татьяна Александровна Бернштам (11.11.1935-13.04.2008)

А.Н. Бернштамның жарық көрмеген мақаласына қысқаша тоқталсақ. Қырғыз Ғылым Академиясының мұрағатындағы Тарих ғылымдарының кандидаты, Материалдық Мәдениет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері Н.Ю. Смирновтың «Возвращенная рукопись (из публистического наследия А.Н. Бернштама)» атты мақаласында А.Н. Бернштамның шығармашылық еңбек жолы туралы біршама ерекше ой-толғаулар бар. Бұл мақаласының эпиграфы ретінде Н.Ю. Смирнов А.Н. Бернштамның 1954 жылы Қырғыз КСР ҒА сайлау туралы хатынан алынған «Она для меня родная, хотя я у нее пасынок» деген сөздерімен бастайды. Мақала авторы ең алдымен А.Н. Бернштамның мінез-құлқына терең бойлап, энтузиаст және шынайы баға беруші деп көрсетеді [135, с. 353]. Тағы бір қыры ретінде өмірлік жағдайларға қарсы қайратты тұра алушылығын атап өтеді. Осы мақалада алғаш рет А.Н. Бернштамның 1955 жылы жазылған ерекше мақаласының қолжазбасы жарияланған. Н.Ю. Смирнов мақаламен қоса «Литературная газета» газеті редакциясының А.Н. Бернштамның мақаласында бір мақала үшін өте көп

мәліметтер келтірілгендігін, сол себепті редакция осылардың арасынан бір мәселені ерекшелеп алып дамытуды ұсынғаны жазылған жауап хаты та жарияланған. Байқағанымыздай бұл редакция мақаланы жариялауға бас тартқан. Мақала «Не пора ли пересмотреть традицию в науке?» деп аталады [135, с. 355]. Енді, А.Н. Бернштамның осы жарияланбай қалған мақаласына тоқталсақ. Ғалым: «...ғылыми қызметкер – шығармашылық қызметкер, барлық ғылыми шығармашылықта аз да болса жаңалықтар болуы керек», – дей келе, сол уақыттағы ғылыми ұйымдардағы ғылымды жоспарлау мен ұйымдастыруларға тоқталып өтеді.

Мақаланың «Жоспар және оның түсіндірілуі» атты бөлімінде тақырыптар ірі болуы керектігін, ал жекелеген ғалымдар өз өтінімдерімен осы тақырып арасында бірігуі керек деген ұстанымды, мақалалар тапсырудағы қойылған хронологиялық күнтізбелік шектеулерді сынап: «Где возможность творчества, когда она зажато в ненужный жесткий, нелепый срок», – деп күйіне жазады [135, с. 355]. «Авторство и борьба мнений» атты бөлімде пікірлер, тұжырымдар және ғылыми негізделген гипотезалар арасындағы талассыз ғылымның болуы мүмкін емес дей келе: «ұжымдық еңбектерде редактор тек өзіне ұнағанын ғана қалдырады, автордың мәтінін өзгертеді», – дей келе, автор өз кезегінде редактордың көзқарасын таратушы болып қала береді деп жазады [135, с. 356]. Редакторға дейін-ақ автордың еңбегі бірнеше рет тексеріліп, қаншама рет өзгертулер жасау ұсынылады. Соның нәтижесінде автор тек «жазу машинасына» айналады. «Пікірлер қайшылығының» екінші варианты ретінде А.Н. Бернштам кейбір ғылыми мәселелерде ғалымдар әртүрлі көзқарастар ұстанады және бұл көзқарастар міндетті түрде жарыққа шығуы керектігін жазады. «Біздер үшін трибуна– мерзімді басылым», – деп атай келе, ғалымдарға өз ойларын ашық айтатын клубтар, әңгімелесулердің қандай қажет екенін ашып көрсетуге тырысады, және ғылыми қызметкерлерді 8 сағаттық жұмыс күнімен шектемеу керек деп санайды. Дегенмен кейбір журналдардың редакторлығында неше түрлі (өз тілімен айтсақ) «деспоттар» отырғандықтан оларға мақала шығару мүмкін емес деп санайды. Осы жерде С.В. Киселев жетекшілік еткен «Вестник древней истории» журналының редакциясын атап өтеді [135, с. 357]. Аталған ғалымның А.Н. Бернштамға жазған рецензиясын диссертация барысында қарастыратын боламыз.

Сол кезедегі ғылымдағы космополитизмге қарсы күрес жағдайына арнайы тоқталады. Бұл күрес нәтижесінде:

«1. Шетел тілін білу мен сол тілдегі әдебиеттерді оқу міндетті емес, тіпті жат болып саналғанын;.

2. Кез-келген мәдени әсерлер – идеологиялық агрессорлармен теңестірілгенін;

3. Халықтардың кез келген орын алмасуы миграциясы Гитлер армиясының басып алуымен теңестірілді, мұның бәрі зерттеушілердің жауапсыздығы мен сауатсыздығы», – деп сол уақытта орын алған жағдайға шынайы баға береді [135, с. 359-360].

Сондай-ақ, ежелгі тайпалардың тарихи ролін олардың субъективті қалауларымен байланыстыру ақымақтық деп санай отырып, ғұндардың тарихи-

объективті прогрессивті ролі туралы ойына, айтылған сындарына жауап береді. Осылайша «славян-орыс халықтарының мәдениеті жоғары, әрі ежелгі» – деп санаған ақымақ «славянофильство» ғылымдағы басты «әдіске» айналды деп қынжылады [135, с. 361].

Мақаласын қорытындылай келе А.Н. Бернштам журнал редакторларынан «ғылыми сөз бостандығын» талап ету керек және ғылымдағы «кемсітулер» жойылуы керек деген үндеу тастайды. Мақала сол уақыттағы тарихи ғылымда, жалпы қоғамда орын алған барлық жағдайларды толықтай ашып көрсетті деп айта аламыз.

Ғалымның өмірінің соңы «Ғұн тарихының очеркі» еңбегі шыққан соң, сынның астында қалады. Жалпы ғұн миграциясының прогрессивті ролі туралы А.Н. Бернштам «...Гунны и созданный ими огромный племенной союз отнюдь не были, как это представляет западноевропейская культура, разбоиничьим отрядом. Они стояли несравненно выше многих европейских племен и по своему социальному строю и по своей культуре. ... по сравнению с рабовладельческой системой, в гуннском племенном союзе были элементы новых, более совершенных общественных отношении – имелись предпосылки образования феодальных порядков», - деп ғұндардың Евразия тарихында алар орнын жоғары бағалады. Бұ ашық айтылған ойлары кеңестік ғалымдар тарапынан қолдау таба алған жоқ. Л.Р. Кызласов пен Н.Я. Мерперт, Э.В. Удальцова, А.Х. Рафиков сынды ғалымдардың қатаң сындар айтылған мақалалары жарық көрді. А.Н. Бернштамды кеңестік қуғынға ұшыраған Н.Я. Маррдың идеялары дамытушы, тарихи шындықты көрсетпей, ғұндарды идеал тұтатын, олардың тарихтағы орнын асыра жоғары көрсеткен, Аттиланы асыра биіктетуші, Хамит Зюбеир Кашай секілді түрік ұлтшылдарының пантүркистік ойын қолдаушы және дамытушыға балады. Скифтер, ғұндар және түркілер тарихы, мәдениеті мен тіліндегі сабақтастықты көрсеткен А.Н Бернштамның жергілікті түркітілдес тайпалардың этногенезі туралы идеясын да сол кезде қуғынға ұшыраған М.Я. Марр ілімін жалғастыруы ретінде айыптады [28, с. 128].

Ғалым үшін соққылардың ауыры 1953 жылы Известия газетінде жарық көрген С. Щетининнің «Порочная позиция профессора Бернштама» атты мақаласында КСРО ҒА ММТИ Ленинград бөлімінің аға ғылыми қызметкері А.Н. Бернштам ғұндардың өзін ғана емес, Аттиланы да идеал тұтып, қырғыз эпосы «Манастағы» Манас тұлғасын аспандата, оны бүкіл қырғыз тайпаларын біріктірушы тұлға ретінде көрсетіп, эпосты Марр позициясы тарапынан қарастырған деп айыптайды. Ғалым «өз қателерімен жұмыс істейтінін айтқанымен, оған асығар емес»,- дей келе , ғалым туралы айтқан әріптестерінің төмендегі пікірін келтіреді. Бұл пікір зерттеуші бейнесін жақсы ашып беретіндіктен цитатаны өзгеріссіз қалдырдық. «Марксистко-ленинскую теорию А. Бернштам изучает поверхностно. Он не понимает необходимости перестройки всей своей научной работы. Бернштам кичлив и страдает зазнайством. Он нетерпимо относится к критике и самокритике, когда товарищи по работе разъясняют глубину его теоритических ошибок. Критику А. Бернштам не воспринимает и не улучшает своей работы...»,-деген жұмыс

орнынан берілген мінездемені көрсете келе, автор қайта құру процесі ММТИ ЛБ-нің М.Б. Пиотровский, К.В. Тревер, С.И. Руденко, В.В. Тихонов секілді өзге де ғылыми қызметкерлері 1951-1952 жж. Марр ілімінің қателіктерін әшкерелейтін бірде-бір еңбек жазбағандарын алдыға тартады [140].

Осындай сындардың нәтижесінде ғалым Ленинград Мемлекеттік университетінде дәріс оқу, экспедицияға жетекшілік ету құқығынан айырылады.

Ғылымға сіңірген еңбегі үшін А.Н. Бернштам Қырғыз КСР «Ғылымға еңбегі сіңген қызметкері» атағына ие болады. Ғалымның жеке ісінде 1945 жылдың 2 қазанында Қырғыз КСР Жоғарғы Кеңесінің президиумының А.Н. Бернштамға «Қырғыз КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткері» атағын беру туралы жарғысы сақталған [87, 35 п.], 1946 жылдың 28-ақпанында «Еңбек Қызыл Ту орденімен» және 1946 жылдың 4-ақпанында «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталғаны туралы өзінің автобиографиясында айтылып өтіледі [87, 72 п.].

Ғалымның ғылыми қызметі 25 жылға созылды және артына бай мұра қалдырды. Ғалым еңбектерінің саны 200 ге жетсе, ал кітаптары 20 шақты (Қосымша А). Бұл көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да аса құнды еңбектер болып табылады. Олардың арасынан әсіресе, «Кенкольский могильник», «Археологический очерк Северной Киргизии», «Древняя Фергана», «Социально-экономический строй орхоно-энисейских тюрков VI – VIII вв. до н.э.», «Архитектурные памятники Киргизии», «Очерки истории гуннов», «Историко-археологические очерки Центрального Тяянь-шаня и Памиро-Алая» секілді сүбелі еңбектерін ерекше атап өтуіміз керек. Қазақстан тарихына қатысты ғалым 1943 және 1949 жж. «Қазақ КСР тарихы» басылымының бірнеше тарауларын жазуға ат салысты.

Ғалым қайтыс болған соң кеңестік бірнеше ірі ғалымдар мерзімді басылым бетінде еске алулар жариялайды. Өз еске алуында атақты ғалым Сергей Павлович Толстов: «А.Н. Бернштам Қырғызстан мен Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеудің негізін салушы» – деп берген бағасы әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ [25, с. 179].

Өз шәкірті Ю.А. Заднепровский еске алуында А.Н. Бернштамның 1950 жылы Памир – Фержана экспедициясы барысында аяғының ақсақтығына қарамай (Жас кезінде Қырымдағы экскурсия жүргізу барысында құлап, тізе анкилозына шалдыққан) Кугарт асуынан жаяу өтуін ерлікпен пара-пар деп еске алады. Оның себебін ғалымның Саймалы Таш жазбаларын өз көзімен көруі керектігімен түсіндіргенін атап өтеді. Тіпті 1956 жылы қатты ауруға шалдықса да, экспедиция құрамында Памирде болып, бүкіл жоспарланған зерттеулерді іске асырғанын да ғылымның энтузиазмы деп санайды. Осы айдың қараша айында Бішкек қаласында өткен қырғыз халқының этногенезіне арналған сессияға да қатысып, баяндама оқиды [28, с. 165]. 1956 жылдың 10 желтоқсанында бар жоғы 46 жасында әйгілі ғалым дүниеден озды. Санкт-Петербург қаласындағы Богословское бейітіне жерленді.

В.М. Массон болса, өз еске алуында 1930 жылдардан басталған А.Н. Бернштамның Қырғызстан мен Оңтүстік Қазақстанға жүргізген

экспедициялық жұмыстарын Ортаазиялық археологияның «Үлкен секірісі» деп баға берді. Жалпы А.Н. Бернштамға нақты ұйымдастырылатын еңбекқорлықтың тән екендігін де еске алады. «Ол өте өмірді сүйетін адам болды. Артында қалған ғылыми еңбектері мен ашқан ескерткіштері ғалымның сенімді ғылыми мұрасы болып қала береді» – деп мақаласын қорытындылайды [5, с. 281].

Жалпы адам ретінде А.Н. Бернштам образын әріптестері мен шәкірттері өз ісіне адал берілген жан-жақты білімді адам ретінде сипаттайды. Ғалымның ерекшелігі - көпке мәлім емес, тіпті түсінілуі қиын мәселелерді де ұғынықты тілмен жеткізе білетінінде. Бұл ерекшелігіне осы диссертацияны жазу барысында өзім де көз жеткіздім. Ю.А. Заднепровскийдің естелігінде келтірген А.Н. Бернштамның: « Я урбанист. Но в степи я расплываюсь в улыбке» –деген сөздері ғалымның түр-тұлғасын ашып беретіндей [4, с. 168].

Қорыта келе, А.Н. Бернштам Қырғызстан мен Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеудің негізін салды деп айтуға болады. Большевиктің отбасында дүниеге келіп, мектеп қабырғасынан ақ, археологияға әуес болған жас ғалым 1926 жылғы, 1927 жылғы археологтар съездеріне қатысты. Ленинград университеті қабырғасында білім алып, студент кезінен ақ ММТМА-да қызмет етті. Қысқа ғұмырының елеулі бөлігі осы ғылым ордасымен байланысты болды. Адамды сол өзі өмір сүрген қоғамнан бөліп алып қарастырудың қажеті жоқ. Ол да өз заманының сойылын соқты, өзі де аз теперіш көрмеді. Дегенмен, бұл қиындықтар оның археологияға, далаға деген махаббатына селкеу түсіре алған жоқ. Ғалым тек археолог, этнограф қана емес, тарихшы, көптеген теориялық мәселелерді күн тәртібіне қоя білген және оның шешімін табуға тырысқан. А.Н. Бернштам мақалаларында тек жаңа мәліметтер ғана жарияланып қойылған жоқ, сонымен қатар тарихи топография, қала жөне оның тарихи-мәдени байланыста салынуы, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың көшпелі және отырықшы тайпаларының өзара қатынасы, ортағасырлық қала тарихының маңызды проблемалары да біршама шешімін тапты.

### 1.2. А.Н. Бернштам басқарған ғылыми экспедициялар және олардың нәтижелері

А.Н. Бернштам өмірінің айтулы бөлігі РҒА ММТИ-мен байланыста өрбиді. Үлкен ғылымның ордасы ретінде осы ғылыми құрылымның қалыптасу тарихына да аздап тоқталайық. 1859 жылдың 2-ақпанында II Александр патшаның жарлығымен Императорлық Археологиялық комиссия құрылады. 1859 жылдан 1882 жылға дейін комиссияны С.Г. Строганов басқарса, оның жақын серіктесі әрі әріптесі В.Г. Тизенгаузен болып табылды [84, с.7]. 1882 жылдың 7-наурызынан 1886 жылдың 1-ақпанына дейінгі аралықта басшылық қызметін А.А. Ваисльчиков, ал 1886-1918 жж А.А. Бобринский атқарып, өз қызметі барысында комиссия құрамының кеңеюі, қаржыландырудың артуы, Комиссияның ескерткіштерді Қорғау қызметі бойынша да міндеттері мен құқықтарын айқындауға күш салған еді [84, с. 8-9]. 1989 жылдың 11-наурызынан бастап ИАК империядағы қазыналық және қоғамдық жерлерде

археологиялық мақсатта қазба жүргізуге міндетті және құқықты органға айналды. Қазба жұмысын жүргізетін кез-келген ұйым немесе жеке тұлғалар осы ИАК-мен алдын-ала келісім-шартқа отыруы және қазба барысында табылған археологиялық немесе тарихи құнды жәдігерлер осы комиссияға тапсырылуы тиіс болды.

Императорлық Археологиялық комиссия шешімімен қазақ жерін зерттеу үшін 1867 жылы П.И. Лерх, 1868-1869 жж. В.В. Радлов, 1872 жылы Н.Н. Пантусов, Орта Азия аумағын зерттеуге 1884-1885 жж. Н.И. Веселовский, 1886 жылы И.П. Остроумов жіберілгені белгілі. Ал Санкт-Петербург университеті 1893 жылы мамырда Орта Азия ескерткіштерін әсіресе, Шу және Іле өңірі ескерткіштерін зерттеу үшін профессор В.В. Бартольдты іс-сапарға жібереді.

1930 ж. I жартысында ММТМА-да Қазбалар бойынша комитет жұмыс істеген еді. Оның құзіретіне далалық жұмыстарды жүргізу әдістері мен әдістемелік құралдарды және Ашық парақтар Нұсқауларын жасау жататын. Бұл комитет Ашық парақ алу үшін жазылатын Өтініштерді қарастырып, есептер бойынша қорытындылар да жасайтын еді. Ал Ашық парақтарды беру Басғылым (Главнаука) құзіретінде болғандықтан, ММТМА қорытындылар мен рецензияларды осы мекемеге тапсыруға міндетті болған. 1935 жылдан бастап Халық ағарту комиссариатының шешімі бойынша, Ашық парақ беру құқығы ММТМА-ға берілді. Бұл әрекет ғылыми және әкімшілік қызметті бір орталыққа жинады [83, с. 62].

1920-жылдардың ортасына қарай КСРО-дағы индустрияландыру мен мәдени құрылыс бағдарламаларының қабылдануына байланысты ескерткіштерді қорғау мәселелері ұлғайып, сонымен қатар, осы сақталған мәдениет орындарын ғылыми-методологиялық жағынан басқаруды ұйымдастыратын ғылыми ұйымдардың ролі мен мәні артты. Жергілікті әкімшілік ұйымдар, мұражайлар мен өлкетану ұйымдарының қызметтері жанданды [84, с.108].

Академияның 1919-1929 жж. жұмысы сәулет және өнер ескерткіштерінің зерттеу, реставрациялау, қорғау және археологиялық ескерткіштерде рекогностикалық қазба жүргізу мен сипаттау бойынша сапарлардан тұрды. Осы жылдары Академияның алғашқы іргелі экспедициялары ұйымдастырыла бастады. 1919-1921 жж. Минусинск (басшысы С.И. Руденко және отряд басшысы С.А. Теплоухов) және Түркістан (басшысы А.П. Удаленков) экспедициялары жұмыстарын жүргізді [84, с.110].

1929-1932 жж. ММТМА да қайта құру жүзеге асып, барлық ғылыми зерттеулер марксистік-лениндік саясатты басшылыққа алуы тиіс болды.

Қысқаша айтқанда, 1859-1917 жж. аралығында Императорлық Археологиялық комиссия деп аталса, 1919 жылдан бастап атауы Материалдық мәдениет тарихы Ресей Академиясы (РАИМК) болып өзгеріп, 1925 жылға дейін осы атауын сақтап келді. 1926-1937 жж. Материалдық мәдениет тарихы Мемлекеттік Академиясы деген атауды иеленеді. 1932 жылы 9-мамырда Москвада ММТМА-ның төрт сектордан құралған Бөлімі ашылды. 1937 жылдың шілдесінде Материалдық мәдениет тарихы Мемлекеттік академиясы Н.Я. Марр

атындағы Материалдық мәдениет тарихы институты болып қайта құрылды. Негзгі орталығы Лениградта болса, бөлімшесі Москвада орналасты. Және бұған дейін КСРО ҒА құрамына кірмеген бұл мекеме енді Ғылым Академиясының Тарих және фиолософия бөлімінің құрамына енді. Дегенмен, 1945 жылдың 9-ақпанында Институт Москваға көшіп, Ленинградта тек бөлімшесі ғана қалады және 1959 жылы Археология институты болып атауы өзгерді [84, с.114].

Осылайша, осы ғылыми ұйымның тарапынан 1930 жылы А.Н. Бернштам Өзбекстан, Түркменстан және Қырым АКСР-не ғылыми іс-сапарға жіберіледі. Бұл іс-сапар материалдары РҒА ММТИ Мұрағатының Фотобөлімінде 175 фотосурет болып сақталып тұр. Сапасының нашарлығына қарамастан, бұл суреттер түркмендердің дәстүрлері, культты орындары көрсетілген құнды этнографиялық мұра болып табылады.

1932 жылы А.Н. Бернштам Мемлекеттік Эрмитаждың Шығыс Бөліміне археологиялық коллекция жинау үшін жіберілген сапары барысында Шу өңірін зерттеді. Бұл сапары материалдарынан 4 бабал тас суреті сақталған.

1930-1940 жж. «Саян-Алтай», «Оңтүстік Орал», «Қырғыз», «Хорезм», «Куйбышев», «Жетісу» секілді бірнеше кешенді экспедициялар өз жұмыстарын бастады. Ғылыми жүйенің орталықтандырылуы, қаржыландырудың көбеюі КСРО-ның көптеген аудандарының археологиялық жағынан зерттелуіне жол ашты. Деректік қор ұлғаюы ғалымдар алдына жинақталған материалдарды жүйелеу, оларға тарихи анықтама беру және жергілікті ұлттың қоғамдық дамуы туралы ұғымдарды формациялық үлгі негізінде қарастыру сынды мақсаттар қойды.

Өткен ғасырдың 30-жылдарының басына қарай Орта Азия археологиясы дамудың ең алғашқы сатысында тұрған еді. Ғалым тыңнан түрен түргендей Қазақстан мен Қырғызстанның кең байтақ аумағын, Тянь-Шань, Памир, Алай және Ферғана жазығын археологиялық жағынан зерттеген көшбасшылардың бірі болды. Осыдан бастап 20 жыл бойы Жетісу, Тянь-Шань, Шу, Памир-Ферғана, Оңтүстік Қазақстан экспедицияларын басқарды. Бұл экспедиция нәтижелері ғалымның көптеген іргелі еңбектерінде жарық көрді. 1936 жылдан бастап А.Н. Бернштам жыл сайын Материалдық Мәдениет тарихы институтының және республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдарының ірі археологиялық экспедицияларына жетекшілік етті. Осы экспедициялардың ұйымдастырылуы, құрамы және нәтижелеріне қысқаша тоқталсақ.

А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Қазақстан мен Орта Азия аумағын зерттеуге бағытталған *Қазақстан (Жетісу)* археологиялық экспедициясы 1936 жылы Н.Я. Марр атындағы Материалдық мәдениет тарихы Мемлекеттік академиясы мен Қазақ Ұлттық мәдениет институтымен (1936 жылдан бастап Ғылым Академиясының Қазақ филиалына енген) ұйымдастырылды. Экспедиция Оңтүстік Қазақстан аумағын екі маршрут бойынша зерттеуі тиіс болды. 1. Мирзоян-Мерке қаласынан бастап Талас өзені бойы маршруты. Мақсаты – ауданның археологиялық картасын жасау, сипаттау, фото және топо түсірілімдер көмегімен ескерткіштерді фиксациялау және ескерткіштің кезеңделу уақыты мен стратиграфиясын анықтау мақсатында жекелеген түрлі нысандарда кішігірім қазбалар жүргізу болды. 2. Талас өңірі мен ежелгі Тараз

қаласы аумағы мен оның төңірегін зерттеу. Экспедициясың тарихи мәселесі – ежелгі Тараз қаласының аумағын анықтау және аталған аудандағы көшпелі отырықшы халықтың өзара байланысын анықтайтын ескерткіштерді ашу болды. [99, 116 п.].

Экспедиция 1936 жылы Талас, Іле өңірлері мен Шу өзенінің оң жағалауындағы археологиялық ескерткіштерді тіркеуге алумен айналысты. Аша-Бибі және Бабажа хатун мазарлары және Тараз, Головачевка, Қостөбе қала орындары зерттелді. Бұл экспедиция құжаттары фотомұрағатында О.1255-1264, О.1464-1466 фотолары ретінде сақталған. 1938 жылы экспедиция Талас өзенінің батыс жағалауында барлау жұмыстарын жүргіп, маршрут бойынша барлық ескерткіштер есепке алады. 1938-40 жж. төрт далалық маусымда көптеген ортағасырлық қалалардың орнын анықтап, қазба жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеулер арасында ежелгі Тараз қаласы мен Берікқара қорымында жүргізілген зерттеулер құжаттары фотомұрағатта О.1513-О.1514 номерлерімен сақталған.

1936-1940 жж. экспедиция маршруты батыста Талас өңірінен шығыста Кеген өзеніне дейінгі, солтүстікте Қаратал мен Көксу өзендері жазығынан оңтүстікте Қошқар ата мен Талас өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі аумақты қамтыды [123, с. 9]. Бұл экспедиция 1940 жылға дейін жұмыс істеді. 1940 жылғы далалық зерттеулер Ортағасырлық Қысмышы қала орыны мен Қарғалы қорымында шоғырландырылды. Іле өңірінің төрткүлдері, қорғандары, Қойлық, Талғар секілді қала орындарының жоспары түсірілді. (фотомұрағат О. 1552). Жетісу археологиялық экспедициясы нәтижесінде Жетісу тарихына арналған көп материалдарға қол жеткізілді. Бұл жұмыстар нәтижелері ғалымның «Археологический очерк Северной Киргизии», «Памятники старины Таласской долины», «Труды Семиреченской археологической экспедиции. «Чуйская долина», сондай-ақ «Труды Семиреченской археологической экспедиции. «Таласская долина» атты ғылыми еңбектерінде жүйеленген. Жетісу археологиялық экспедициясы нәтижесінде Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласында Оңтүстік Қазақстанда стационарлы археологиялық зерттеулер жүргізетін Археологиялық пункт ашылып, осы пункт аясында Археологиялық мұражай жұмысын бастады.

1940 жылы Жетісуда археологиялық экспедициясының барлау жұмысы аяқталды. Бұл барлау жұмысы неғұрлым тарихи маңызды нысандарда жүргізілген қазба жұмыстарымен ұштасып отырды. Нәтижесінде археологиялық карта жасалып, ескерткіштер кезеңделді, неғұрлым күрделі қалашықтардың стратиграфиясы анықталды, өте үлкен көлемде материал жинақталды [95, 10 п.].

Жалпы экспедиция жұмысына М.Я. Марр атындағы ММТМА ғылыми қызметкерлері А.Н. Бернштам (жетекші), аға ғылыми қызметкер А.С. Тереножкин және В.А. Лавровтар (бүкіл фото түсірілімдер жасаушы) қатысты. Луговое қаласындағы зерттеу жұмысына Түрген-Талғар маршруты бойынша Ғылым Академиясының Қазақ филиалының академигі Б.Н. Дублицкий қатысады [98, 132 п.]. Бұл экспедиция тарихи мақсаттардан өзге, Қазақстан ескерткіштерін қорғау туралы мәселелерді де алдыға қоюға

мүмкіндігін және Жетісудың ерекше байлығын көрсетіп берді және осы өлкені жоспарлы түрде зерттеудің бастауы болды.

Жетісу археологиялық экспедициясы 1938 жылдан бастап Қырғызстан аумағын зерттеуге бет бұрып, 1939-1940 жж. Шу өңірі, Үлкен және Кіші Кемин өзендері аңғарлары, Ыстықкөл жағалауы, Красная Речка және Ақбешім қала орындары мен Кеңкөл қорымында зерттеу жүргізді. *Қырғыз экспедициясы* деп те аталған бұл экспедиция құрамында Б.Н. Зимма, Н.П. Кипарисова, А.М. Беленицкий, Л.Г. Розина, М.В. Лупциан, И.В. Щербаков, сонымен қатар Қырғыз КСР ХКК Ғылым Комитеті мен Қырғыз Педагогикалық институтының қызметкерлері болды. Ленинград Мемлекеттік университетінің Тарих факультетінің Археология бөлімінің студенттері: Е.И. Агеева, И.К. Бенедиктов, Г.Л. Михельс, И.А. Рощин, О.М. Зубакаиналар экспедиция жұмысына қатысты [141, с. 9]. Материалдары ММТИ мұрағатының №3 қордың 24,25-істерінде Қолжазба қорының №35 қор, 1935 жыл 206-іс; 1939 жыл  80-іс, 1940 жыл 75 іс; Фотомұрағат қорының О.1002, О.1666, Q7 686, Q 700 қорларында сақталған. 1938-1940 жж. осы археологиялық экспедиия қызметінің қорытындысы ретінде ғалымның «Археологический очерк Северной Киргизии» атты еңбегі жарық көрді.

1940 жылы Қырғыз Республикасына іс-сапарға жіберілген ғалым Ұлы Отан соғысы аяқталғанша сол елде ғылыми жұмыстар атқарғандығы туралы алдыңғы бөлімде айтылған. КСРО-дағы индустрияландыру бағдарламасы бойынша осы жылдары бірнеше ірі жобалар іске асырылған. Олардың бірі – Үлкен Шу каналының салынуы болды. Осы канал салыну орнындағы археологиялық ескерткіштерді барлау, есепке алу және қазба жүргізу бойынша ММТИ ірі экспедиция ұйымдастырып, оны басқару құқығы А.Н. Бернштамға берілді. Экспедиция материалдары арасынан ММТИ Мұрағат қорында 6 жинақтау кестесінің фотосы сақталған. Экспедиция құрамына ММТИ-нан А.Н. Бернштам, Л.Г. Розина, И.В. Щербаков, Қырғыз КСР Ғылым Комитетінен – Н.Д. Черкасов, Ғылым Комитеті Тіл, әдебиет және тарих институтынан Тилегенов, Яншансин, Мұражайдан – Хамдабаева (есімдері мұрағат құжатында жазылмаған), Қырғыз Педагогикалық институтынан оқытушылар мен студенттер қатысты. Сонымен қатар Ленинград Мемлекеттік университетінің Тарих факультетінің археология бөлімінің студенттері Е.И. Агеева, И.К. Бенедиктов, И.Л. Михельс, И.В. Рощин, С.С. Сорокин, Ю.Л. Клименко, Р.С. Свердловтар қатысады [124, с. 84]. Экспедиция құрамында 10 отряд жасақталып, олардың есептері Шу алқабына арналған еңбекте жинақталған.

Экспедиция жұмысы нәтижесінде Қайыңды елді мекені маңынан қола дәуіріне жататын елді мекен ашылды. Табылған жәдігерлер нәтижесінде ғалым Қырғызстанның қола дәуірінің дамуының б.з.б. ІІ м.ж. қамтитын андрондық және б.з.б. XII-IX ғғ. кезеңделетін қарасұқ кезеңін бөліп көрсетеді. Археологиялық жәдігерлердің, жерлеу орындарының ерекшеліктерін ескере отырып, Қырғызстан аумағына тән қола дәуірінің Солтүстік-қырғыз нұсқасын ерекшелеп берді.

Осы жылдары аталған аймақта Аспара, Шиштөбе, Ақтөбе (Сретенское), Ключевское, Красная Речка, Қысмышы, Ақбешім, Кіші Ақбешім, Бурана,

Новороссийское қалалары зерттелді. Үш қала жұртында – Красная Речка, Ақбешім, Қысмышы қалаларында қазба жүргізілсе, Новороссийское қаласында екі орташа барлау шурфы түсірілді. Экспедиция барысында өте үлкен тарихи-мәдени құндылыққа ие материалдар жинақталды. Бұл материалдар осы аумақта V – XIII ғғ. аралығында өмір сүрген ежелгі тұрғындарының шаруашылығын, құрылыс техникасын, сәулет өнерін, діни наным-сенімін көрсетті. Сондай-ақ, қалалар туралы орта ғасырлық жазба деректер сарапталып, олар бойынша бірнеше қала орындарын ортағасырлық қалалармен шендестіруге тырысты.

1944 ж. *Тянь-Шань-Алай археологиялық экспедициясы* ұйымдастырылып, 1944-1946 жж. және 1949 ж. зерттеу жұмысын жүргізді. Экспедиция құрамына П.Н. Кожемяко, А.Н. Кибиров, Ю.Д. Баруздин, С.П. Кляшторный, Ю.А. Заднепровский, Н.П. Горбунова, Б.З. Гамбург кірді. Бірінші жылы Қырғызстанның оңтүстігіндегі – қола дәуірінің Арпа қорымы мен Бурмачап катакомбалы жерлеу орындарында барлау жұмыстары жүргізілді. 1945 жылы Тянь-Шаньдағы Алабұқа өзені бойы және Үзген ауданында Үзген қалашығының орнына қазба жұмыстары жүргізілсе, 1946 жылы Ыстықкөл, Алабұқа маңындағы сақ-үйсін және түркі дәуірі ескерткіштері зерттелді. Бұл экспедицияның 1944-1945 жж. теңіз деңгейінен 2800 м биіктікте, Бурмачап шатқалында қола дәуірінің Арпа қорымы ашылды. Бұл қорымды зерттей келе ғалым арпалық ыдыстардың жергілікті формалардан айырмашылығы мен олардың Қазақстанның далалық нұсқаларымен жақындығын атап өтті. Осы зерттеулерінің нәтижесінде Орталық Тянь-Шань үшін мәйіттерді өртеу орын алса, үлкен Кемин, Талас, Алай тау аңғарларының қорғандарда мәйіттерді қою салты кеңінен таралуын сипаттайды. Ғалым осы экспедиция нәтижесінде б.з.б. II-I мыңжылдықта екі этникалық топ бірге өмір сүргендігі туралы болжам жасады [121, с. 343].

Бұл экспедиция жұмыстары материалдары ММТИ Мұрағатының Қолжазба қорының №35-қорында 1949 ж. 38-ісінде сақталған. Сонымен қатар, экспедиция нәтижелері «Из итогов археологических работ на Тянь-Шане и Памиро-Алае», «Археологические контуры Тянь-Шаня и Алая», «Основные этапы истории и культуры Семиречья и Тянь-Шаня» атты ғылыми мақалалары ретінде жарық көрді.

Қазақстанның тарихи ескерткіштерін зерттеу мақсатында 1946 жылы ғалым жетекшілік еткен *Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы* құрылады. Экспедиция Жетісу археологиялық экспедиция жұмысын жалғастырып, 1947-1949 жж. аралығында Сырдария мен Қаратау аралығында Отырар шұратында, Шу өзенінің төменгі ағысы мен Сырдария өзенінің орта ағысы аумағында зерттеу жүргізіп, Тамды, Шығанақсай, Бөріжар қорымдарында қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция материалдары Қазақстан Орталық Мұражайына тапсырылды. Экспедиция мүшелері – ғылыми қызметкерлер Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, А. Джусупов, И.И. Копылов және Қазақ Педагогикалық институтының студенттері Т. Керімбаев, Н. Подушкин, В. Югай, практиканттар – С.Г. Кляшторный, М. Морозовтар болды [106, 1 п.]. 1947 жылы ММТИ Ленинград бөлімінің аспиранты Л.Я. Маловицкая, ал 1951

жылы экспедиция жұмысына Жамбыл өлкетану мұражайынан тарих ғылымдарының кандидаты Л.И. Ремпель қатысады [106, 2 п.].

1947-1951 жж. экспедиция маршруты өлкенің тарихи-археологиялық картасын жасау үшін үлкен барлау жұмыстарын жүргізді және кейбір елді мекендер мен қала орындарына стратиграфиялық шурфтар түсірді. Экспедиция маршруты Темирлановка ауылынан Сырдарияға құяр жеріне дейінгі Арыс өзені бойын, Қаратаудың баурайы солтүстіктен оңтүстікке дейін, одан әрі Тамды жайлауынан Сусандық асуына дейінгі аумақты қамтыды.

Ғалым экспедицияның тарихи мақсаты – қаңлы проблемасы мен Сырдария мәдениетінің қалыптасуындағы оғыздардың орны мен ролін анықтау деп атап көрсетеді.

Арыс пен Қаратау бойындағы осы маршрут шығысында осыған дейінгі Жетісу археологиялық экспедициясы шегімен шектелді. Одан өзге Қаратаудан солтүстікке қарай Шу өзенінің жағалауы, Отырар оазисі толық зерттеумен қамтылды. Сырдарияның оң жақ жағалауы Сығанақ қаласынан оңтүстікке Келес өзені бойына дейін, ал Сырдарияның сол жағалауы Ташкенттен Шымкентке дейін зерттеу жұмыстарымен қамтылды [65, с. 8].

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының есебі негізінде жазылған «Археологические работы в Южном Казахстане» [106], «Древний Отрар» [125] атты мақалаларында Отырар шұратындағы Отырар қаласы мен өзге де қалашықтар, қорымдар туралы мәліметтер, олардың жоспарлары мен сызбалары келтірілген.

Осы Оңтүстік Қазақстан және Жетісу археологиялық экспедицияларының мүшелері болған, археология ғылымында А.Н. Бернштамның шәкірттері және оның ізін жалғастырушылары болып саналатын Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич өлкеде жүргізілген экспедиция жұмыстары нәтижесінде «Из истории оседлых поселении и городов Южного Казахстана» атты сүбелі еңбекті жарыққа шығарды [65]. Бұл еңбекте Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының 1947 жылдан 1951 жылға дейінгі бес жылдық жұмысы нәтижелері топтастырылған. Диссертацияның оңтүстік Қазақстан аумағындағы ескерткіштердің зерттелуіне арналған бөлімді жазу барысында бұл еңбек те кеңінен қолданылды.

1947-1948 жж. *Памир-Алай археологиялық экспедициясы* зерттеу жұмыстарын жүргізді. Құрамында Ю.А. Заднепровский, С.С. Сорокин бар бұл экспедиция ММТИ Ленинград бөлімі мен Қырғыз КСР Ғылым Академиясы Тіл әдебиет институты (ИЯЛИ АН), Ленинград Мемлекеттік университеті, Наманган мұражайы бірлесе ұйымдастырды. Осы экспедицияның 1941 ж. және 1944-1949 жж. далалық зерттеулері нәтижесінде «Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая» еңбегі жарық көрді [127, с. 5]. 1941 жылы алғаш рет Қырғызстанның оңтүстігі зерттеле басталды, алайда Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты жұмыстар үзіліп, тек 1944 жылы өз жалғасын тапты. Бұл археологиялық жұмыстар Тянь-Шань бойымен бүкіл Ыстыққөлді, Қыршын, Түп, Джаргелан жазықтарын, Фрунзеден Нарынға дейінгі жолды, Нарын бойын, Кочкор жазығын, Джумгала, Алабука

жазықтарын қамтыды. Осы Алабука атырабын зерттеп бастағаннан-ақ, Тянь-Шанның Ферғана мен Алаймен байланысы байқалады (7-сурет).



7-сурет. А.Н. Бернштам кезекті экспедиция материалдарын қағаз бетіне түсіруде. (ФМ, О.1855)

1945 жылы Тянь-Шаньдағы (Арпа, Нарын) жұмыстарды жалғастыруымен қатар, Үзгенде Мемлекеттік Эрмитаждың қатысуымен қазбалар жүргізілді. 1946-1948 жж. толықтай жұмыстар Қырғызстанды зерттеуге арналса, 1948 жылы Памирге, 1949 жылы Орталық Тянь-Шаньға экспедициялар ұйымдастырылады [127, с. 5]. Осы экспедицияда П.А. Видик, Г. Бабанская, Н. Куликова, О. Дворкина, Ю.А. Заднепровский, С.Г. Кляшторный, М. Шевина, Н. Горбунова, Т. Вагнер, В. Котович, Ю.А. Баруздин, Б. Гамбург, М. Маукиевичтер еңбек етеді. Осы Памирде жүргізілген зерттеулер ғылымда алғаш рет Орталық Тянь-Шаньдағы ескерткіштердің жаппай зерттелуі барысында ескерткіштердің тарихи-археологиялық сыныптауын жасауға мүмкіндік берді [127, с. 8].

1950-1952 жж. *Памир-Ферғана* кешенді археология-этнографиялық экспедициясы Қырғыз КСР-ның Ош облысының батыс аудандарында, Өзбек КСР-ның Ферғана және Наманган облыстарында, Тәжік КСР-ның Ленинабад облысында барлау жұмыстарын жүргізіп, Алай жазығының қорғандарында, Мархамат қала орнында, Джангал, Гурмирон, Ақбейіт қорымдарында қазба

жүргізді. Н.Э. Воронец жетекшілік еткен Өзбек отряды қола дәуірінің Чустский елді мекенінде зерттеу жүргізсе, А.К. Кибиров бастаған Шатқал отряды Шатқал өзені бойында барлау жұмыстарын және түркі дәуіріне жататын біздің заманымыздың ағашқы ғасырларымен мерзімделетін қорғандарда қазба жұмыстарын жүргізді. Ю.А. Заднепровский жетекшілік жасаған отырықшы елді мекендерді зерттеу тобы Элатан, Кува, Касан қалашықтарына қазба жүргізсе, С.С. Сорокин Боркарбаз қорымдарын зерттеу тобына басшылық етті. Есепті құжаттар Қырғыз және Өзбек КСР Тарих институттарының қорларына өткізілген [84, с. 141]. 1950 жылы Памир – Ферғана археология-этнография экспедициясы Ферғана жотасында орналасқан атақты Саймалы-Таш тасқа салынған суреттер ескерткішіне зерттеу жұмысын бастайды. Осы зерттеулер нәтижесінде 1952 жылы ғылыми мақала жарық көреді [141]. 1950 жылғы экспедиция жұмысы бүкіл ауданды қамтиды. 150-ден астам ірі композицияның көшірмесі алынды, осы аудан кинопленкаға түсіріліп, бірнеше жүздеген фотосуреттер түсірілді. Бұл ескерткішті экспедиция 1950 жылы біршама толықтай зерттеп, бүкіл тасқа салынған суреттер тобын төмендегідей топтарға жіктейді:

1. Сақ дәуіріне дейінгі: б.з.б. II-I мыңжылдықтар.
2. Сақ кезеңі: б.з.б. VIII-III ғғ.
3. Ғұн-үйсін дәуірі: б.з.б. III ғ.-б.з. II ғ.
4. Ғұн-түркі дәуірі: б.з. III-VIII ғғ. [125, с. 128].

Жалпы Памирдегі зерттеулердің ерекшеліктері туралы ғалым «барлау – қазба жүргізуден басым болды»,-деп сипаттай келе, бұл ерекшелікті өздерінің Орта Азия археологиясында кездеспеген немесе аз кездескен ескерткіштерге ғана қазба жүргізгендерімен түсіндіреді. Таулы аудандағы ауа тығыздығының төмендігін, жұмысшы күшінің аздығын айта келе, жерлеу орындарындағы ақыреттік заттардың аздығы, қорғандардың көпшілігінің тоналғандығыны - осының барлығы археологиялық жәдігерлерге қол жеткізуді ғана емес, оны интерпретациялауда да қиындық тудырғанын атап өтті [127, с. 13].

Осылайша ең алғашқы кешенді Жетісу, Тянь-Шань, Шу, Памир-Ферғана археологиялық-этнографиялық экспедицияларының жетекшісі ретінде А.Н. Бернштам 1936-1956 жж. аралығында жиырма жыл бойы Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен айналысты. 1936-1945 жж. Талас, Шу, Іле жазығында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде бұрын белгісіз болып келген Талас өзенінің жоғарғы және төменгі ағысындағы қалалар мен елді мекендер, Тараз қаласы маңы, Шу өзенінің орта ағысы ескерткіштері, Іле жазығы аумағы тарихи мұралары есепке алынды. Тараз, Красная Речка, Қысмышы, Ақбешім, Талғар және Дүнгене қала орындарында қазба жұмыстары жүргізілді Сонымен қатар осы аймақты мекендеген түркі тілдес халықтардың шығу тегі, ерте тарихы және мәдени дамуын, түркі жазуын, эпиграфиканы, нумизматиканы зерттеуі де ғалымның өлшеусіз еңбегінің бір қыры болып табылды. Ғалым қырғыз археологиялық ескерткіштерін кезеңдеді. Бұл кезеңдеу әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. ғұндар тарихы, түркі қағанатының саяси-экономикалық мәселелері секілді

тақырыптарға да қалам тартты. А.Н. Бернштам көп ғылыми зерттеуін қырғыз халқының шығу тегін зерттеуге жұмсады.

Александр Натанович өз әріптестерінің бағалауынша өте талантты педагог та болған. Ленинград университетінде оқыған лекциялары әрдайым аудиторияның ерекше ықыласына бөленген деп еске алады әріптестері [26, с. 179]. Ғалым жетекшілік еткен археологиялық экспедицияларға ғылыми қызметкер, қызметкер, практикант болып қатысқан жас ғалымдар кейіннен кеңестік және тәуелсіз қазақ, ресей, қырғыз тарихы мен археологиясының ірі зерттеушілеріне айналды.

Ғалымның ізін жалғастырған шәкірттері ретінде Ферғана өлкесін зерттеген Ленинградтық ғалымдар Н.Г. Горбунова, Ю.А. Заднепровский және С.Г. Кляшторныйды, Қырғызстанда зерттеу жүргізген И. Кожомбердиевты, Қазақстанда ұзақ жылдар бойы ұстаз жолын жалғастырған Е.И. Агееваны, Г.И. Пацевичті, И.И. Копыловты және Ю.Д. Боруздин мен А.К. Кибировты атап өте аламыз. Ю.А. Заднепровский мен И. Кожамбердиевке ғылыми жетекші болуы туралы бұйрықтар сақталған [87, 101-103 п.]. Енді осы ізбасар шәкірттерінің бірқатарына тоқталсақ.

Ерте көшпенділер тарихының озық білгірі, Памир, Тянь-Шань, Алтай, Ферғана өңірлерін археологиялық зерттеулер жүргізген С.С. Сорокин А.Н. Бернштамның шәкірті әрі үзеңгілес серігі болды. 1941 жылғы далалық маусымда ЛМУ-нің 2-курсында оқып жүріп, А.Н. Бернштам жетекшілік еткен экспедиция құрамында Үлкен Шу каналы бойындағы аумақты барлау жұмыстарына қатысады. А.Н. Бернштам өзінің екі шәкірті С.С. Сорокин мен И.К. Бенедиктовпен бірге Қырғыз Республикасының оңтүстігінде барлау жұмыстарын жүргізіп жүргенде, Жалалабад ауданында Ұлы Отан соғысы басталғанын естиді. С.С. Сорокин дереу Ленинградқа қайтып, армия қатарында соғысқа аттанады [143, с. 218]. Соғыстан оралған соң, Ленинград Университетіндегі оқуына қайта жалғастырып, 1946-1949 жж. Памир-Алай экспедициясында аға лоборант болып қызмет атқарады. С.С. Сорокин туралы жазылған естеліктер жинағында 1949 жылы ММТИ-ның аспирантурасына түсуге талпынған жас ғалымға А.Н. Бернштамның берген мінездемесі келтірілген [143, с. 221-222]. Дегенмен аспирантураға түсе алмай, ММТИ-на лаборант болып қызметке тағайындалады. 1950-1952 жж. Памир-Ферғана кешенді археологиялық-этнографиялық экспедициясының Борқарбаз обаларын зерттеу тобының жетекшісі болды. Экспедициядағы негізгі атқарған қызметі сызбашы-суретші еді. 1953 жылдан бастап Мемлекеттік Эрмитажда ғылыми қызметкер болып жұмыс істеп, Орта Азия көшпенділерінің тарихын зерттеді. 1959 жылы тарих ғылымдарының кандидаты атағына ие болды. Ғалымның ғылыми мұрасы 60-тан астам еңбектен тұрады. 1965-1967 жж. Эрмитаждың Ғылыми хатшысы қызметін атқарды және ұзақ жылдар бойы ЛМУ археология кафедрасында дәріс оқыды [143, с. 226]. С.С. Сорокиннің Орта Азияның ақымды-катакомбалы қорымдарына арналған және Кеңкөл қорымының кезеңделуіне арналған мақалалары диссертацияның ғұн ескерткіштерінің зерттелуіна арналған тарауда кеңінен қарастырылды.

Ғалымның көптеген экспедицияларының құрамында болған келесі бір шәкірті Юрий Александрович Заднепровский еді. (1924-1999), археолог, тарих ғылымдарының докторы (1978). Гатчина қаласында дүниеге келген. 17 жасында Кеңес Армиясы қатарында Ленинградты қорғауға, содан кейін Ұлы Отан соғысының басқа майдандарындағы шайқастарға қатысты. Бірнеше рет ауыр жараланып, мүгедектігі бойынша демобилизацияланды. 1945 жылы ЛМУ тарих факультетіне түсіп, 1950 жылы бітіріп, 1951 жылы КСРО ҒА ММТИ аспирантурасына қабылданды. Жетекшісі – А. Н. Бернштам, содан кейін КСРО ҒА корреспондент мүшесі К.В. Тревер болды. Студенттік және аспирантуралық жылдары өзінің мұғалімі А.Н. Бернштамның сегіз экспедициясына қатысты. Ғалым: «Я участвовал во всех экспедициях, начиная с 1946 г. и до последних дней жизни учителя в 1956 г. Наряду с коллегами по экспедиции и археологами из республик Средней Азии мне довелось закладывать основы археологии Ферганы»,-дей келе, ғылыми қызметінің осы өлкемен байланысты өрілгенін баяндайды. Ю.А. Заднепровскийдің негізгі ғылыми тақырыбын анықтаған Оңтүстік Қазақстан облысы және Ферғана археологиясы болды. 1954 жылы «Древняя Фергана» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында егіншілер мен көшпенділердің мәдениеті жөнінде сол кезге белгілі барлық материалдар жинақталып, ежелгі кезеңдегі Ферғана мәдениеті тарихының жаңа кезеңделуі ұсынылды. 1954 жылдан 1987 жылға дейін Ю.А. Заднепровский Қырғызстан мен Өзбекстанда 30-дан астам экспедицияға жетекшілік етті. 60-жылдардың басынан бастап Ферғана жасағын, кейінірек Ферғана экспедициясын басқарды. Барлық жинақталған материалдар 1978 жылы қорғалған «Ферғаналық чуст мәдениеті және Орта Азияның ерте темір дәуірі ескерткіштері» атты докторлық диссертациясында талданған. Ол 350-ден астам баспа жұмыстарының авторы; оның ішінде бірнеше іргелі ұжымдық жалпылама монографияларда бөлімдер жазылған [84, с. 183]. Диссертация барысында Ю.А. Заднепровскийдің қаңлы және үйсін тайпалары тарихы, шығу тегі, орналасуы және ескерткіштері туралы ой-тұжырымдарын талдап көрсетілген.

Ғалымның түркілер этногенезі туралы зерттеулерін одан әрі дамытып, жалғастырған келесі бір шәкірті – С.Г. Кляшторный еді. 1945-1950 жж. Ленинград мемлекеттік университетінің Шығыс факультетінде Таяу және Орта Шығыс Түркі филологиясы және тарихы кафедраларында оқыды. 1957 жылы КСРО ҒА Шығыстану институтының Ленинград бөлімшесінің түркология және моңғолистика секторының кіші ғылыми қызметкері лауазымына ауыстырылды. 1960-1962 жж. КСРО ҒА Ленинград бөлімінің кіітапхана меңгерушісі қызметін атқарды.

1947-1953 жж. аралығында А.Н. Бернштам жетекшілік еткен КСРО ҒА ИИМК Памир-Ферғана экспедициясында лаборант болып жұмыс істейді. Бұл қысқа еңбек жолы кейіннен С.Г. Кляшторный өмірінің соңына дейін А.Н. Бернштамды ғылыми ұстазы ретінде атауына жол ашты. 1962 жылы «Древнетюркские рунические памятники как история Средней Азии» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Осы диссертация тақырыбы бекігенде А.Н. Бернштам ғылыми жетекші болып бекітілген еді. Дегенмен, ғалым қайтыс болған соң, С.Г. Кляшторный С.Е. Малов жетекшілігімен

қорғайды. 1963 жылдан 2013 жылға дейін − РҒА Шығыстану институтының түркология және моңғолистика секторының меңгерушісі, 2013 жылдан бастап Орталық және Оңтүстік Азия бөлімінің Орталық Азия секторының жетекші қызметкері болып жұмыс істейді. С.Г. Кляшторныйдың ой-тқжырымдары әсіресе Соғды мәселесіне арналған тарауда кеңінен талқыланды. Ғалым өз ұстазының ұстанымын жалғастырып, Жетісу аумағындағы қалалардың пайда болуы мен дамуындағы соғдылардың ролін жоғары бағалаған.

А.Н. Бернштам, сонымен қатар қырғыз ұлтынан шыққан бірнеше әйгілі археологтардың ұстазы болып табылады. Олардың бірі Кибиров Ахмет Кибирович 1941 жылы Қырғызстан Мемлекеттің университетінің тарих факультетін бітіріп, 1944 жылы аспирантураға түсіп, А.Н. Бернштамның жетекшілігімен Қырғызстан археологиясы бойынша маманданды. Аспирант А.К. Кибировтың диссертациясының тақырыбы тарихи бағытта «XIII-XIV ғасырлардағы Ұйғырстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесі» деп аталғанымен, бірақ оның кейінгі практикалық жұмысы археологиямен байланысты болды. 1944 жылдан бастап, Қырғызстанның далалық археологиялық зерттеулері қайта басталған кезде, А.К. Кибиров А.Н. Бернштамның барлық экспедицияларына қатысады, ал 1950 жылдардан бастап отрядтардың бірін басқарады. 1950 жылдан бастап Чаткал, Сусамыр алқаптарын зерттеп, археологиялық экспедицияларды дербес басқарды. Оның басшылығымен Ыстықкөл қазаншұңқырындағы және Орталық Тянь-Шаньның ең шалғай аудандарындағы ескерткіштер егжей-тегжейлі зерттелді. Осы жұмыстардың нәтижесінде құнды археологиялық деректер жиналды — б. з. д. VIII ғ. және б.з. XII ғ. дейін 1950-1952 жж. Памир-Ферғана кешенді археологиялық-этнографиялық экспедициясына, 1953-1955 жж.

Қырғыз экспедициясына қатысты, Тянь-Шань отрядын басқарды және Тянь-Шаньдағы көшпенділер ескерткіштері мен әртүрлі дәуірдегі қорғандарға қазба жүргізді [84, с. 190].

Келесі бір ғылыми қалыптасуына А.Н. Бернштам үлесін қосқан қырғыз ғалымы Қожомбердиев Ысман Қожомбердіұлы Қырғыз techинститутының (Қазіргі — Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті) тарих факультетінде оқуын аяқтағаннан кейін Ленинград қаласындағы аспирантураға түседі. Оның тәлімгерлері А.Н. Бернштам және М.П. Грязнов сияқты көрнекті археологтар болды. Ғалым Қырғызстан Ғылым Академиясының Тарих институтында (қазіргі Қырғызстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Бегімалы Жамғыршынов атындағы Тарих және мәдени мұра институты) жұмыс істеді.

Көпжылдық археологиялық мансабында ол жүздеген қорғандарды қазып, аймақтың көшпелі өркениетінің ескерткіштері туралы алпысқа жуық мақала жариялады. Ысман Қожамбердіұлы өзінің зерттеулерінің көпшілігін Кетмен-төбе алқабында ежелгі көшпенділердің жерлеуін және халықтардың қоныс аудару дәуірін зерттей отырып жүргізді. Тоқтоғұл ГЭС-ін салуға дайындық жұмыстары археологиялық ғылыми ізденістерді де қамтыды.

Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерін зерттеудің білгір маманы Пацевич Героним Иосифович 1914 жылы Мәскеу археологиялық институтын

бітіреді. Бірнеше жыл Алматы Орталық Мұражайында қызмет атқарып, 1940 жылдан Республикалық қорықтар басқармасының жанындағы Жамбыл археологиялық пунктінің директоры болып істейді. Г.И. Пацевич Талас және Шу өңірлеріндегі ежелгі сауда жолдарын археологиялық зерттеу мақсатымен 10-нан астам дербес іс-сапарлар мен жаяу маршруттарға шығып осы өңірдегі ортағасырлық қалалардың топографиялық ерекшеліктеріне назар аударды, ондаған қорған-бейіттерді тауып зерттеді. 1945 жылдың маусым айынан археологиялық пункт Қазақстан ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының қарауына берілді. Осыған байланысты Г.И. Пацевич Алматыға ауысып, 1955 жылға дейін институтта істейді. Оңүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында жұмыс істеп, Г.И. Пацевич «Историческая топография городов и поселений Юга Казахстана VII-XV вв. н. э. (по археол. данным)» тақырыбында 1954 жылы Мәскеуде кандидаттық диссертацияны қорғап шықты.

1947-1951 жж. ОҚАЭ құрамында жұмыс істеп, 1954 жылы «Қазақстанның оңтүстігіндегі VII-XV ғғ. қалалар мен қоныстардың тарихи топографиясы» тақырыбында диссертация қорғады. Ғалым А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу, Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларына қатысып, Жамбыл археологиялық пунктін басқарды. Г.И. Пацевич көптеген ортағасырлық қалаларды баламалайды. А.Н. Бернштамнан 17 жас үлкендігі бар Героним Иосифович көп мәселелерде А.Н. Бернштаммен келіспеген тұстары да кездеседі. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында сақталған «Несколько замечаний по работам А.Н. Берштама «Археологические работы в Казахстане и Киргизии в 1936- и 1938 гг» мақаласында да Тараз қаласынан табылған су құбырлардың мәні туралы өзіндік пікір білдірген [99, 2-4 п.]. Жалпы Жетісу археологиялық экспедициясының құрамында Талас өңірі қалаларын зерттеуде Г.И. Пацевичтің алар орны орасан зор. Ғалымның осы өңір қалаларын баламалуы, жүргізген зерттеулері диссертацияның Талас өңірінің ортағасырлық ескерткіштеріне арналған тарауында тарата сипатталады.

Ғалымның келесі шәкірті, Қазақстан археология ғылымындағы алар орны ерекше тұлға – Агеева Евгения Ивановна еді. Евгения Ивановна Ленинград мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезінен ақ А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу, Үлкен Шу Каналы археологиялық экспедицияларына үздңксңз қатысып, Жетісу өңірінің қола дәуірінен кейінгі орта ғасырға дейінгі ескерткіштерін зерттеумен айналысады. 1941 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) мемлекеттік университетін бітірген соң, 1943-1946 жж. Орталық мемлекеттік музейде аға ғылыми қызметкер, 1947 жылдан Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында кіші, кейіннен аға ғылыми қызметкер болды. Александр Натанович Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан Археологиялық экспедициясының жұмысына қатысып, кейіннен осы экспедицияны басқарады. Баба-Ата қала жұртында нәтижелі қазба жұмыстарын жүргізді. Отырар, т.б. көне қалалар мәдениетін, Сырдария мен Қаратау қыш ыдыстары ерекшеліктерін зерттеп, Оңтүстік Қазақстан жерінен бірнеше ежелгі қала орындарын анықтады. 40 шақты ғылыми және

ғылымдық-танымдық еңбектердің авторы. Е.И. Агееваның Г.И. Пацевичпен бірлесе жазған ұжымдық монографиясы диссертацияның тарауларын жазу барысында кеңінен қолданылды. Ұжымдық еңбекте Отырар шұраты, Қаратау баурайы, Сырдарияның сол жағалауы, Арыс, Талас және Келес өзендерінің аралығындағы өте үлкен тарихи-мәдени аймақта жүргізілген зерттеулер барысында жинақталған материалдарды археологияның негізгі мәселелері бойынша жүйеленді, елді мекендер мен қалалардың типологиясы ұсынылды, қыш ыдыстар хронологиялық сыныпталды. Бұл сыныптау бойынша авторлар осы аймақтың қыш ыдыстарын алты кезеңге бөлді:

1. сақ кезеңі (б.з.б. VII-IV ғғ.);
2. ерте қаңлы кезеңі (б.з.б. III- б.з. I ғғ.);
3. кейінгі қаңлы кезеңі (б.з. I–IV ғғ.);
4. кенгерес кезеңі (б.з. V-VIII ғғ.);
5. қарлұқ кезеңі (б.з. VIII-XII ғғ.);
6. шығыс – қыпшақ кезеңі (б.з.б. XIII–XV ғғ.) [65, с. 203-210].

Қазақтың көрнекті археологы Ақышев Кемел Ақышұлы да 1949 жылы А.Н. Бернштам бастаған археологиялық экспедицияға қатысады. 1950 жылы осы экспедиция құрамында Бөріжар қорымын, Көк мардан, Мардан күйік, Алтын төбе қалашықтарын зерттейді.

Қысқаша қорытындылай келсек, бұл бөлімде А.Н. Бернштам ғылыми қызметін бастаған 1930-1940 жж. жалпы археология ғылымына, археологиялық қазба жұмыстарының ұйымдастырылу барысына, сонымен қатар, жетекшілік еткен археологиялық экспедициялары мен оның ізбасар шәкірттеріне тоқталдық. Бұл шәкірттерінің ғалым ғылыми қызметін қалай жалғастырғандары, зерттеуші идеяларын қолдауы немесе терістеулері туралы диссертация тарауларында кеңінен тоқталатын боламыз.

А.Н. Бернштам Қазақстан мен Орта Азия археологиясының көшбасшысы болды. Ол отандық археология мен шығыстану ғылымын жаңа сапалы деңгейге көтерді. Бүгінгі күнге дейін зерттеушінің ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі жоғалған жоқ. Оның ұсынған даму схемалары әртүрлі жағдайларда жекеленген өзгерістер жасалғанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін мәртебе құрып келеді.

## 2 А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ЖЕТІСУДЫҢ ҚОЛА ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУІ

### 2.1 Жетісудың қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуі

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қола дәуірінің зерттелуінің алғашқы кезеңдері де А.Н. Бернштам есімімен байланысты. Ғалым бұл өңірді зерттеуді 1933 жылдан бастады және 20 жылдан астам уақытын арнап, осы өлкедегі қола дәуіріне жататын көптеген ескерткіштерді ашып, ғылыми тұрғыдан зерттеді. КСРО ҒА Материалдық Мәдениет тарихы институты мен КСРО ҒА Қазақ филиалы, Қырғыз КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым комитеті бірлесе ұйымдастырған Жетісу археологиялық экспедициясы 1933-1938 жж. Талас, Шу және Іле өзендері алқаптарында, сондай-ақ, Ыстықкөл қазаншұңқырында орналасқан археологиялық ескерткіштерге зерттеулер жүргізді. Бұл материалдарды А.Н. Бернштам әртүрлі мақалалар және зерттеулер негізінде жарыққа шығарды. Алғашқы экспедициялары барлау мақсатында жүргізілді және қола дәуірінен бастап, ежелгі сақтар, үйсіндер, қаңлылар ескерткіштеріне, Батыс Түрік қағанатының ертедегі елді мекендері мен ортағасырлық қалаларға зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Осы экспедиция жұмысының қорытындысы іспеттес «Некоторые итоги археологических работ в Семиречье» атты мақаласында А.Н. Бернштам аймақта 1936-1940 жылдар аралығында жинақталған жұмыстарға ғылыми сараптама жасайды [117]. Нәтижесінде, автор осы аумақтағы қола дәуірі ескерткіштерін сараптай отырып, бойынан батыстық және қытайлық әсерлер байқалатын, Оңтүстік Сібірдің қола дәуірі ескерткіштеріне ұқсайтын, қола дәуірі мәдениетінің ерекше – «солтүстік-қырғыз» нұсқасын бөліп көрсетеді [117, с. 111]. Жетісудың қола дәуірі ескерткіштерін андрон және қарасұқ кезеңдеріне жататын жергілікті нұсқа деп санай отырып, А.Н. Бернштам «Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии» атты мақаласында қола дәуірі ескерткіштері солтүстік және орталық Тянь-Шаньға тарала орналасқанын көрсетеді. Бұл Солтүстік қырғыз қоласы – қазақстандық және оңтүстік сібірлік қоламен байланысы болғанымен өзіне тән ерекшеліктері бар деп атап өтіп, қырғыз қоласы қазақстандық қауымдардың тарала орналасуы әсерінен пайда болмаған, жергілікті белгілері бар автохтондық мәдениет деп баға береді. Сондай-ақ, Ташкент шұратынан шыққан ескерткіштердің солтүстік қырғыздық қоладан айырмашылығы – формаларының ұсақталуы деп атап көрсетті. Оның себебін Ташкент шұратын көшпеліліктің жер өңдеушілікке жол салған ең шеткі аумағы болуымен түсіндіреді [131, с. 151].

1941 жылы жарыққа шыққан «Археологический очерк Северной Киргизии» мақаласында ғалым Сукулук қазынасы мен формасы жағынан оған жақын андрон мәдениетінің Қазақстан ошағының құралдары мен бұйымдарын салыстыра өреді. Осы еңбегінде сондай-ақ ғалым Қарағаш орманынан табылған тұрақты Батыс Қазақстандық андрондық керамиканың аналогы арқылы б.з.б. ІІ мыңжылдықтың ортасымен кезеңдейді [141, с. 21].

А.Н. Бернштам 1949 жылы Жетісу мен Тянь-Шань тарихының маңызды кезеңдеріне арналған «Основные этапы истории культуры Семиречье и Тянь-Шаня» атты мақаласында қазіргі таңға дейін өзінің ғылыми маңыздылығын жоймаған Жетісу мен Тянь-Шанның ескерткіштерінің алғашқы тарихи-археологиялық хронологиясын жасады [121, с. 383]. Өзі солтүстік қырғыздық нұсқаға жатқызған қола дәуірінің ескерткіштерін ғалым екі кезеңге бөліп: 1. Андрон мәдениетіне синхронды, 2. Қарасұқ мәдениетіне синхронды дей келе, әр кезеңнің жерлеу құрылыстары мен ғұрыптарының, қыш ыдыстарының, өзге де табылған жәдігерлерінің ерекшеліктерін көрсетті.

Андрон типтес обаны ғалым жетекшілік еткен экспедиция 1944-1945 жж. Қырғызстан аумағын зерттеу барысында Арпа жазығында (Бурмачап жайлауында) тауып, қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл обада барлығы 8 жерлеу орны аршылды. Обалардың екі түрі анықталды: шаршы түріндегі тас қалаулары 4х4 м көлемдегі арасында тас қабырға арқылы батыс және шығыс екі тең емес бөлікке бөлінген тас жамылғылы обалар болса, екіншісі, тікбұрышты концентрациялы қаланған қоршаулар. Бірақ екі жағдайда да өлікті өртеу салты ұстанған. Адам сүйектері қалдықтары қабір шұңқырының батыс бөлігіне таман орналасқан, ал жерлеу бұйымдары шығыс бөлігіне, немесе ішкі қабырғаға тақап, кей кезде сүйектің қасына орналастырылған. Бүкіл жерлеу орындары жер бетіне қойылған. А.Н. Бернштам осы андрон типтес ескерткіштерге Ивановское, Ново-Павловское, Сукулук, Жайылма, Қайыңдыны жатқызады [121, с. 338-339].

Ғалым осы аумақтағы Қарасұқ кезеңіне жататын жерлеу орындарының да екі түрін бөліп көрсетеді. Таулы аумақтарда шаршы түріндегі, көбіне таспен жабылған тас қалаулар сақталса, Шу жазығындағы осы кезең қорғандары жартылай сфералық тас аралас топырақ үйінділі болып келеді. Жерлеу шұңқыры тас жәшік тәріздес. Жерлеу бұйымдары – дөңгелек түпті ыдыстар, кіші көлемдегі қола пышақтар және беті тегіс біздер. Бұл қорғандарды ғалым қарасұқ типтес мәдениеттен ерте сақ кезеңіне өтпелі мәдениет деп тұжырымдайды [121, с. 341].

Кездейсоқ табылған жәдігерлер мен осы экспедиция жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлерді салыстыру арқылы А.Н. Бернштам қола дәуірі мәдениетінің солтүстік қырғыздық нұсқасының бірнеше ерекшеліктерін бөліп көрсетті. Олар:

1. Жәдігерлер – қару жарақтар мен құралдардың оңтүстік сібірлік кешендермен жалпы ұқсастықтарына қарамастан, олардың бойынан ең шығыс шегі Жетісу болып табылатын батыстық әсер байқалады. Оған дәлел ретінде шаппашот балталарды келтіреді;
2. Жетісуда қола дәуірінің батыс және шығыс ошақтарында кездеспейтін еңбек құралдары табылды. Олар – тік бұрышты күрек тәрізді шот балталар (кельттер);
3. Қола дәуірінде осы аймақта еңбек құралдарын жасауда архаика басымдықта. Барлық құралдарда дерлік шыңдау (соғу) іздері байқалады;

4. Шу жазығының андронов және қарасұқ типтес қыш ыдыстарында формасы және өрнектелуі бойынша ұқсастықтар көп. Ал Тянь-Шаньнның Арпалық ыдыстары осы жергілікті формалардан қатты ерекшелінеді;

5. Қарасұқ кезеңі қыш ыдыстарында сақ-үйсін қыш ыдыстарының негіздері қалыптаса бастайды;

6. Қола дәуірі ескерткіштері арасында жергілікті ерекшеліктер байқалады [121, с. 341].

Орталық Тянь-Шань үшін жердің бетінде қоршаулар ішінде өлікті өртеу салты таралса (Үлкен Кемин, Талас және Алайдың таулы жазықтары), Шу мен Іле өзендері бойларында топырақтан қазылған шұңқырға немесе тас жамылғылы тас жәшіктер ішіне өлікті қою салты таралған. Бұл ерекшеліктердің бір бөлігі хронологиялық, бір бөлігі жергілікті нұсқаларға байланысты деп бөліп көрсетеді. Мұның бәрі автордың пайымдауынша, Жетісу мен Тянь-Шаньдағы мал шаруашылығының таулы және тау етегіндегі далалық-малшы нұсқаларының өзара араласуы нәтижесінде қалыптасқан қола дәуірі мәдениетінің белгілі бір типін анықтауға мүмкіндік береді [121, с. 342].

1944 жылдан бастап Орталық Тянь-Шань, Памир мен Алайда жүргізген зерттеулері нәтижесінде ғалым Арпа жазығында қола дәуіріне жататын қорған мен бейітке қазба жүргізді. Бұл қорымдар бұрыштары әлемнің төрт бұрышына бағытталып, 6-8х1-2 м төртбұрышты көлемде. Бұл төртбұрыштар жер бетіне 10 см шығып тұратын тігінен қойылған тастардан тұрғызылған. Қазылған жерлеу орнының батыс бөлігінде күл орны, ортасында шар тәріздес формадағы қоңыр жылтыратылған ыдыс табылған. Қорғандардың барлығының көлемдері біртектес, биіктігі 0,40-0,60 м, диаметрі 12-18 м болса, жамылғылары топырақ пен ұсақ тастардан тұрады. Ал қазба жүргізілген қорғанда төртбұрышты жерлеу орнының солтүстік-батысында 0,45 см тереңдікте тарақ тәріздес оюлар салынған андрон типтес екі ыдыс табылды. Жерлеу орны ортасында мәйітті өртеу салтымен қойылған адам сүйектерінің қалдықтары табылған. Бұл зерттелген қорымда 15 оба тіркелді. Өлкені одан әрі зерттеу барысында мұндай қорымдар Шырғайыл жайлауында, Нарын өңірінде, Атбаш алқабындағы Боғұшты аумағында да кездескен. Ыдыстарды безендіру ерекшеліктері және жасалу техникасы ғалымға бұл обаларды андрон мәдениетіне шүбәсіз жатқызуға мүмкіндік берді [127, с. 19-20].

Қола дәуірі ескерткіштерінде өлікті қою салты туралы осы аймақта жүргізілген көпжылдық зерттеулерге қорытынды жасаған «Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая» еңбегінде ғалым Арпа жазығындағы Бурмачап қорғандары мәйітті өртеу салтымен қойылған қола дәуірінің андрон типті ескерткіштері болғандықтан, оларды «арпалық» ескерткіштер деп жинақтап атауды ұсынады. Ал мәйітті қою салтымен жерлеу шұңқырына жерленген қорғандарды «кеминдік» деп атайды. Бұл қорғандар аналогтары бойынша қарасұқ мәдениетіне, тіпті ертесақ мәдениетіне жатуы мүмкін деген болжам айтады [127, с. 22].

Үлкен Шу каналын салу барысында ұйымдастырылған экспедиция зерттеулері нәтижесінде ғалым Қайыңды мен Жайылма елді мекендерінен

табылған қыш ыдыстарға арнайы тоқталады. Осы аумақтан жинақталған қыш ыдыстарды екі топқа бөледі. Олардың біріншісі және саны жағынан көбі – үлкен ыдыстар бөлшектері. Бұл үлкен ыдыстардың екі түрі байқалады: 1. жартылай сфералық банка тәрізді. Бұл ыдыстардың қалыңдығы 6-9 мм. шамасында. 2. Екінші топтағы ыдыстар бірінші топтағы ыдыстардан тек мойын формасымен ғана ерекшеленеді. Мойындары сыртқа қайырылған, ернеусіз, керісінше шетіне қарай жұқалана түседі. Екі түрдің ыдыстарының да қиыршықтасы көп, жапсырмалы сынығында қара түсті әрі өте әдемі өрнектелген. Бөлшектердің екінші тобы жұқа қабырғалы жартылай сфералық түрде, түбі тегіс, ернеусіз, бірақ өте сапалы саздан жасалған ыдыстар. Ғалым бұл екі топтың қыш ыдыстарын екі хронологиялық кезеңге жатады деп есептейді. Барлық заттай материалдар андрон кезеңіне жататын *Жайылмалық* және Қарасұқ кезеңіне ұқсас *Қайыңдылық* болып екі топқа бөледі. Сондай-ақ, өзге де еңбек құралдары мен бұйымдарды жасалу техникасына байланысты біршама қарабайыр, ертеде жасалғандарын андрон кезеңіне жатқызса, ал жетілдірілген түрлерін қарасұқ кезеңіне жатқызады [125, с. 106].

1948 жылы «Прошлое района Алма-Ата» атты еңбегінде ғалым қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтпелі кезеңнің Қарғалы-1 қорымы туралы мәліметтер келтіреді. Бұл еңбегінде А.Н. Бернштам қола дәуіріне жататын заттардың Алматы маңынан да көптеп табылғанын тілге тиек етеді, солардың ішінде кездейсоқ табылған Алексеев қазынасына, Ұзынағаштан табылған орақ және т.б. тоқталады. Бұл заттардың арасынан әсіресе, қоладан құйылған жоғарғы сапалы бұйымдарға – шаруашылықта да, ұрыста да қатар қолданылған балталардың ерекше типтеріне тоқталып, ауыр балта мен ерекше шеберлікпен жасалған малдарға шөп ору үшін жасалған орақтың ерекше көзге түсетіні туралы жазады [114, с. 3-4].

А.Н. Бернштам бұл өңірдің қола дәуірінің малшылары туралы Қарғалы өзенінің бойынан қазылған қола дәуірі қорғандарының материалдары негізінде: «Олар тас өңдеудің аса шеберлері болған, оның мысалы қорғандарға тұрғызылған жеке-жеке тас тақталардан жасалған жерлеу құрылыстары болып табылады. 2-2,5 м тереңдікте сопақша шұңқыр қазылған, оның қабырғалары қалыңдығы 1,1 м дейін жететін тас тақталармен қаланған, аралары топырақ шыландысымен сыланған. Қайтыс болған адамды осындай тас жәшікке жатқызған соң, сол секілді тас тақталармен бетін жапқан. Жерлеу камерасына ұры түспес үшін шұңқырлар үстіне ірі шомбал тастар үйілген. Тек соден кейін ғана топырақ және ұсақ тастардан тұратын үйінді тұрғызылған», – деп жазды [114, с. 4].

Ғалым бастаған жолды жалғастырып, өлкенің қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен П.Н. Кожемяко [144], А.К. Абетеков [145], Н.Г. Галочкина және И.К. Кожамбердиев [146] секілді шәкірттері айналысты. Әсіресе жинақтаушы еңбек ретінде жарық көрген шәкірті Ю.А. Заднепровскийдің андрон мәдениеті ескерткіштеріне арналған мақаласының құндылығы аса жоғары [147].

Осы Жетісу өлкесінің қола дәуірінің одан әрі зерттелуін жалғастырушы ретінде Е.Е. Кузьминаны атап өтеміз. 1960 жылы Ыстықкөл және Қарақол

қазыналарын «Свод металлических изделий» жинағында жариялайды. 1980 жылдары И. Қожамбердиевпен бірге Шамшы қазынасын жарыққа шығарды. Шамшы қазынасы құрамына кіретін бұйымдардың әртүрлілігіне байланысты белгілі кешендердің арасында алғашқы орынды алады. Сол себепті бұл қазына қола дәуірі ескерткіштерін дұрыс кезеңдеудің эталоны болып табылады. Е.Е. Кузьмина бұл жетісулық қазыналарды Евразияның әртүрлі кешендерінен табылған бұйымдардың жекелеген типтерінің кездесуіне байланысты б.з.б. XII-IX ғғ. кезеңдейді. Кейінгі қола дәуірі үшін ғалым Қырғызстан – Қазақстан металлургиялық провинциясын бөліп көрсетті. Және бұл провинция құрамына Жетісу және тағы басқа да ошақтардың кіретінін атап көрсетті. Жалпы, Е.Е. Кузьмина андрон тайпаларының федоров кезеңі тайпаларының жайлаған аумағы ретінде Орталық Қазақстанды, ал алакөл тайпаларын батысқа қарай орналасқан деп көрсетеді. Алакөл тайпаларының бірте-бірте шығысқа қарай қоныс аударуы нәтижесінде, феодоров тайпалары одан әрі шығысқа Батыс Сібірге қарай ығысады. Дегенмен федоров тайпаларының біршама бөлігі өз аумағында қалып қояды да, б.з.б. XV-XIV ғғ. тайпалардың өзара араласуы басталады. Осы ассимиляция үрдісі нәтижесінде аралас түрдегі ескерткіштер пайда болады. Осы ескерткіштерді Е.Е. Кузьмина жетісулық ескерткіштер деп атау беріп, бөліп қарастырады [30, с. 105-106].

Сонымен қатар келесі бір ғалым К.М. Қарабаспакованың осы өлке қола дәуірі тарихына байланысты іргелі еңбегі Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғалымдарының жинақтауымен 2011 жылы жарыққа шықты [31], сондай-ақ Жетісудың қола дәуірін зерттеушілер қатарына аталған институт ғылыми қызметкерлері А.Н. Марьяшев, А.А. Горячевты жатқызамыз.

А.Н. Марьяшев жетекшілік еткен Қазақ Педагогикалық университетінің археологиялық экспедициясы 1982 жылдан бастап Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Таңбалы шатқалында Тамғалы 1-3 обаларында қазба жұмыстарын жүргізіп, қол жеткен нәтижелермен қорымды б.з.б. XIV-XII ғғ. кезеңдейді [32, с. 8]. Сонымен қатар, осы аумақтағы тағы бір ерекше ескерткіш Ой-Жайлау қорымы болып табылады. Қорым Жамбыл ауданы, Отар станциясынан батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. 51 қоршаудан тұратын бұл жерлеу орнын А.Н. Марьяшев б.з.б. XIV-XII ғғ. кезеңдейді. Ғалым зерттеу жүргізген ескерткіштер қатарына Жоңғар Алатауының батыс беткейіндегі Ешкіөлмес тауы баурайындағы Құйған қорымы мен қонысы, Талапты 1-3 қорымы мен қонысын жатқызуға болады [32, с. 16]. Сонымен қатар, А.Н. Марьяшев пен А.А. Горячев 1992 жылдан бастап, бірнеше жыл бойы Көлсай 1, Түрген, Ұзынбұлақ-1, Қызылбұлақ 1-2 секілді қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын көлсай типі ескертіштеріне қазба жұмыстарын жүргізді [33, с. 105]. Аталған ғалымдар 1998 жылдан бастап, Асы-1, Түрген-2 археологиялық кешендерінде, 2001 жылдан бастап, Тасбас қонысында, Қалақай қорымдарында зерттеу жұмыстарын жүргізді. 2007 жылы А.Н. Марьяшев Жетісу археологиялық экспедициясының Көксу жасағын, А.А. Горячев Түрген жасағын басқарып осы өңірдің қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуді одан әрі жалғастырды.

Қысқаша қорытындылар болсақ, Үлкен Шу каналы салынуы барысында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Жетісу өңірінде А.Н. Бернштам көптеген қола дәуірі ескерткіштерін анықтап, қазба жүргізді. Бұл жұмыстар нәтижесінде табылған жәдігерлер сонау қола дәуірінің өзінде қазақ-қырғыз жерінде жоғары дамыған мәдениет қалыптасқанын дәлелдеп берді. Олардың арасында Қайыңды, Қарғалы, Арпа, Бурмачап, Жайылма, Сукулук обаларынан табылған жәдігерлерге сараптама жасап, осы аймаққа тән қола дәуірі ескерткіштерінің солтүстік қырғыздық нұсқасын бөліп шығарды. Арпа жазығындағы Бурмачап қорғандары мәйітті өртеу салтымен қойылған қола дәуірінің андрон типті ескерткіштері болғандықтан, А.Н. Бернштам оларды «арпалық» ескерткіштер деп жинақтап атауды ұсынады. Ал мәйітті қою салтымен жерлеу шұңқырына жерленген қорғандарды «кеминдік» деп атайды. Шу мен Іле өзендері бойларында топырақтан қазылған шұңқырға немесе тас жамылғылы тас жәшіктер ішіне өлікті қою салты таралғанын бөліп көрсетті. Қайыңды мен Жайылма елді мекендерінен табылған қыш ыдыстарға арнайы тоқталады. Осы аумақтан жинақталған қыш ыдыстарды екі топқа бөліп, жіктеді. Қазіргі күні осы ғалым зерттеулері барысында табылған керемет жәдігерлер Қырғызстан мұражайларында сақтаулы. Жетісу өлкесінің қола дәуірінің ірі зерттеушісі Е.Е. Кузьмина Үлкен Шу каналын салу барысында табылған қола дәуірі жәдігерлерін А.Н. Бернштамның интерпретациялауы дұрыс болғанын атап өтіп, Қазақстан мен Қырғызстан тарихы үшін А.Н. Бернштамның сіңірген әсері күмәнсіз деп баға береді. Бұл бағалауға қазақ, қырғыз қола дәуірі зерттеушілері де қосылатынына сеніміміз кәміл.

## 2.2 Сақ және үйсіндердің ескерткіштері. Қазіргі заманғы сақ-үйсін проблематикасы

Сақтар мәселесі, олардың шығу тегі мен тарала орналасуы, кейінгі тарихта алатын орны кеңестік кезеңде де және қазіргі уақытта да зор талас тудырған мәселе болып табылады.

Археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, сақтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу – А.Н. Бернштамның қалам тартқан мәселелердің бір саласы. Жалпы сақтардың орналасу мекені ретінде ғалым Жетісудан, Балқаштың оңтүстік жағалауынан Шығыс Түркістанға дейін, Алтайдан Памирге дейінгі аумақты атап өтеді. Ал сақтардың біраз бөлігі көшпелі өмір салтын ұстанып, Сырдарияның шығысында өмір сүрген деп санап, осы Яксарт бойындағы сақтарға «яксарттық сақтар» деп атаса, Тянь-Шань баурайында өмір сүрген сақтарды «тяньшаньдықтар» деп атап, түркі тайпаларының пайда болуын осы Тянь-Шаньдық сақтармен байланыстырады [128, с. 89]. Өзінің 1947 жылы жарық көрген «Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии» атты мақаласында батыс түркілер этногенезін амиргюй сақтар – үйсіндер – батыс түркілер деген тізбек арқылы түсіндіруге тырысады. Ал ирантілдес тайпалардың яғни тохар тобының шығуын сақтардың памирлік оңтүстік тобымен байланыстырады [131, с. 41-47].

Яксарттың ар жағындағы сақтар конфедеренциясының ыдырауы нәтижесінде: 1. Сақ тайпалық одағының дәстүрлерін жалғастырған, дегенмен, оңтүстік сібірлік байланыстарды да сақтап қалған - үйсіндер, 2. Ферғана, Соғды және Тохаристанның отырықшы-жер өңдеуші экономикасы жағдайында дамыған және мәдени дәстүрлерден ажыраған - кушан-тохарлар, 3. Қаңлылар қалыптасады. Бұл қаңлылар өз кезегінде екіге бөлініп, отырықшы тобы Сырдарияның массагет және сармат-аландық ортасына сіңісіп кетсе, екінші бөлігі Қаратаудың және мүмкін Орталық Қазақстанның далаларында мекен еткен, көшпелі сақ бет-бейнесін сақтап қалған көшпелілер деп тұжырымдайды [127, с. 212].

Сақтар мен үйсіндер тарихына қатысты ғалымның ұстанған позициясы ретінде біз сақ-үйсін этногенезінің үздіксіздігін және сақ-үйсін бірлестігі идеясын атап өте аламыз. Ғалым Жетісуда б.з.б. VII – б.з. I ғғ. мәдениет дамуының ортақ бір линиясын көреді. Қарғалы-1 секілді өтпелі кезең ескерткіштерінің болуы ғалымға ерте көшпелілер – сақтар мен үйсіндердің мәдениеті кейінгі қола дәуірінен бастап, жергілікті негізде қалыптасқандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Ғалымның пайымдауынша, Жетісулық сақ мәдениеті өзіне дейінгі қола дәуірі мәдениеті негізінде пайда болған және өз кезегінде үйсін мәдениетінің негізін құрады [117, с. 112-113].

Бірақ антикалық және қытайлық авторлардың жазба деректері бұл аудандарда алдымен сақтарды, содан кейін тек б.з.б. III ғ. бастап үйсіндерді орналастырады және үйсіндер бұл аумаққа Шығыс Түркістаннан қоныс аударып келгендігі айтылады. Ғалым егер осылай болған жағдайда Жетісу мәдениетінде Шығыс Түркістандық мәдениет әсері байқалар еді деп санайды. Оның пайымдауынша, ешқандай үйсіндер миграциясы болмаған, тек сақтардың күш қуатынан айырылып, исседондармен ығыстырылуы әсерінен, тайпалар одағының этникалық атауы ғана ауысқан деп санайды [128, с. 96]. Автордың осы идеясы сақ-үйсін мәселелері ұшырасатын оның бүкіл мақалалары мен зерттеулерінде қайталана қарастырылды.

Сақ-үйсін бірлестігі туралы автор «...Многочисленные раскопки курганов первого тыс. до н.э. (главным образом второй его половины) и обильное поступление случайных находок позволили выделить сакский и усунский круг памятников, и в то же время, выявить в них столь много общего, что вслед за тем и объединить их в понятие «сако-усунская культура» и рассматривать сакскую и усунскую группы памятников как два этапа единого культурно-исторического процесса», - деп атап өтеді [128, с. 85].

Сақ және үйсін тайпалары арасындағы тығыз байланыс пен генетикалық туыстықты автор жерлеу бұйымдары мен жерлеу орны құрылымы, сондай-ақ, жұқа темірден жасалған шиыршық тәріздес сырғалардың және керамиканың кейбір формаларының, аңдық стиль мен образдардың бірегейлігін сараптау нәтижесінде тұжырымдайды [121, с. 356-357].

Енді ғалым өзі жетекшілік еткен археологиялық экспедициялар барысында қазба жүргізілген археологиялық ескерткіштерге қысқаша тоқталайық. А.Н. Бернштам Үлкен Шу каналы құрылысы барысында б.з.б. VI-

III ғғ. жататын Іле бойындағы – Карашоқы 1, Талас өңіріндегі – Берікқара 1, Тянь-Шаньда Нарында және Шу бойындағы ескерткіштерге қазба жүргізген [128, с. 85].

Ғалым 1940 жылы Алматы облысы аумағындағы Ұзынағаш ауданы Қарғалы шатқалында зерттеулер жүргізу барысында сақ қорғандары зерттеліп, табылған материалдар негізінде бұл қорғандар б.з.б. VIII-VII ғғ. мерзімделді. Бұл уақытты А.Н. Бернштам қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтпелі кезең деп атап өтті [141, с. 25].

1940 жылы Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан б.з.б. V-IV ғғ. мерзімделетін Қарашоқы І қорымына қазба жүргізіледі. Бұл ескерткіштен ұзындығы 4 см болатын, қиындысында ромбы секілді, жапырақ тәріздес қола түтік тәріздес жебе ұштары табылады. Осы жебе ұштары А.Н. Бернштамға дөңгелек, топырақ үйінділі қорғандарды осы кезеңге біріктіре жіктеуге мүмкіндік береді. Мұндай қорымдар Кеген ауылының оңтүстігінен де табылып, осы қорымның бір тоналған обасына қазба жүргізіледі [121, с. 197].

Б.з.б. V-III ғғ. жататын конустық тұғырдағы немесе үш аяқты қазандар және олармен бірге табылатын құрбандық үстелдері мен шырағдандар, Алматы мағындағы Каменное плато аумағында 1923 жылы табылған 8 қазан және қала ішінен Гоголь және Дунганская көшелері қиылысынан табылған қазан және оның жан-жағынан көптеген мал сүйектер табылды. А.Н. Бернштам Жетісулық қазандардың ерекшеліктері ретінде олардың төртбұрышты құрбандық үстелдері мен шырағдандармен бір кешенде табылуын көрсетеді. Құрбандық үстелдерінің жыртқыш аңның төрт аяғы іспеттес жасалған аяқтары бар. Дөңгелек немесе төртбұрышты формалы шырағдандар да жыртқыш аңдар көріністерімен безендірілген. Бұл заттардың аналогтары ретінде ғалым Чжоулық Қытайдың күнделікті және ғұрыптық қолданысқа арналған ыдыстарын көрсете отырып, алайда үш аяқты қазандар Жетісуға тән екендігін атап көрсетеді [121, с. 200].

Экспедициялар зерттеулері нәтижесінде қол жеткен материалдар негізінде ғалым сақтар мен үйсіндер мәдениетін Таластан Ілеге дейінгі аумақта орналасқан ескерткіштері бойынша төмендегідей топтарға бөледі:

1. Қарачоко (Іле өзені) және Шу қорғандары б.з.б. VI-V ғғ. скифтік типтегі жебелер және белдік қапсырмаларымен кезеңделеді.

2. Берікқара І (Қаратау жотасы) және Нарын қорғандары б.з.б. IV-III ғғ. құс тістеген арыстан бейнеленген қола қапсырма мен тілшіктері жоқ қапсырмалармен кезеңделеді.

3. Берікқара ІІ және Шу мен Қарақол өзендері бойындағы М.П. Грязнов пен М.В. Воеводский қазба жүргізген үйсін қорғандары б.з.б. II-б.з. I ғғ. сарматтық типтес жәдігерлер: түйіршікті сырғалар мен моншақтармен кезеңделеді.

4. Қарачоко ІІ және Қарғалы б.з.б. II-I ғ. – б.з. II ғғ. Қарғалы алтын диадемасымен кезеңделеді [124, с. 145].

Тянь-Шаньда жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған сақ кезеңі ескерткіштерін жерлеу түріне байланысты А.Н. Бернштам

Аламышық қорымындағы «бүгіле жерленгендер» және Джергетал қорымындағы жер қабірлі жерлеу орындары деп екі түрге бөледі [127, с. 27].

Жалпы Аламышық обасы осы аттас таулы қыраттың солтүстік баурайында Нарын өзенінің сол жағалауын бойлай созыла орналасқан. А.Н. Бернштам 1945 жылғы зерттеулері бойынша 125 жерлеу орнын тіркеуге алады. Олардың 30-да қазба жұмысы жүргізілсе, №№ 44, 58, 66, 68 қорғандар ерекше материалдар берген [127, с. 27]. Осы кезеңге жататын Аламышықтан табылған жалғыз ғана крониологиялық материал негізінде бұл тұрғындардың европоидтық болғаны, памир-ферғаналық типке жататыны анықталды [11, с. 193].

1949 жылғы Орталық Тянь-Шаньға жасалған экспедиция маршруты бойынша Түп, Жергетал, Жумғала және Тоғызтарау ескерткіштері зерттелді. Орталық Тянь-Шаньдағы сақ-үйсін және ғұн кезеңінің қазылып, зерттелген ескерткіштерін ғалым бірнеше кезеңдерге бөледі:

1. Сақ кезеңі б.з.б. VI-V ғғ. жерлеу орындары (Аламышық, Жергетал, Кырчин).
2. Сақ–исседон (ерте үйсіндік) б.з.б. V-III ғғ. жерлеу орындары (Аламышық 2, Жергетал, Каракуджир).
3. Үйсін-юечжи б.з.б. II ғ.-б.з. II ғ. жерлеу орындары (Соколовка, Аламышық 3, Жергетал, Алабақан, Ача төбе, Джергес).
4. Б.з.б. I ғ.-б.з. IV ғғ. Қызарт, Аламышықтағы ғұн дәуірінің катакомбалары [126, с. 10].

Памир-Алайға арналған еңбегінде А.Н. Бернштам «патшалық» сақ-үйсіндер Қырғыз Алатауы, Іле Алатауы баурайларында, Шу және Талас бойында, яғни біршама жазық аймақтарда өмір сүрген, ал таулық сақ-үйсіндер қатардағы, аз дифференцияцияланған қоғамнан тұрған және олардың бір бөлігі ежелгі Ферғанамен тығыз мәдени қарым-қатынаста болған деп тұжырымдайды [127, с. 212]. Ұзақ жылдар бойы Тянь-Шаньның, Памир мен Алайдың ежелгі тарихын тынбастан зерттеген А.Н. Бернштам ескертіштердің сыртқы белгілеріне талдау жасай отырып, «қорған үйінділеріндегі тастан тұрғызылған шеңберлер осы жерлеу орнын сақ-үйсін кезеңіне жатқызудың алғашқы және аса бекем белгісі болып табылады, ал тас үйінділі қорғандар – үйсін-түркілерге, егер топырақ көлемі көп болса түркілерге тән», – деп атап өтті [127, с. 25]. Үйсін қорғандары тізбек бойымен оңтүстіктен солтүстікке қарай созыла орналасса, сақ қорғандары диаметрі мен жамылғы көлемі бойынша аз дифференцияланғанын атап өтеді. Сақ қорғанының маңызды ерекшелігі ретінде қорған етегінде шеңбер түрінде тік қойылған тас қоршаулар мен ортасындағы қабір шұңқырын қоршай тұрғызылған эллипс түріндегі тік қойылған тас қоршаулардың болуы және осы екі тігінен қойылған тас қоршаулар арасы ұсақ тастармен шегенделуі деп көрсетеді. Ал кейінгі үйсін және қаңлы қорғандары мұндай үйінді түрлерін жоғалтқанымен, жерлеу орны құрылыстарына өзіндік «мұртты» конструкциялар енеді деп санады [127, с. 213].

Сақ дәуірінің қыш ыдыстары туралы А.Н. Бернштам: «Дөңгелек түпті жолақтардан жапсырыла жасалған. Формасы жағынан үйсін ыдыстарына ұқсас.

Негізінен ашық формалы. Ыдыстар шаблонсыз жабыстырылғандықтан асимметриялы. Ашық кейде сарғыштау фонға қызыл вертикалды бояумен сызылған», - деп сипаттама береді [121, с. 197].

Осылайша, сақ тайпаларының орналасуы, шығу тегі мен ескерткіштерінің ерекшелігіне Жетісу, Тянь-Шань, Памир, Алай аумақтарында 15 жылдан аса уақыт аясында жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде ғалым жоғарыда көрсеткен тұжырымдамаларын жасады. Сақ дәуірі археологиясымен айналысқан кейінгі кезең ғалымдары А.Н. Бернштамның аталған дәуір зерттелуіндегі орынын жоғары бағалады. Мысалы, К.А. Ақышев өз еңбегінде А.Н. Бернштамның амюргий (хаомоварга) сақтарын Памирге орналастыруына келіспейтіндігін және ғалымның көп тұжырымдамаларында асығыстықтың, жете негіздеудің жетіспейтіндігін айта келе, дегенмен, А.Н. Бернштам зерттеулері сақ-үйсін мәдениетінің зерттелуінің жаңа кезеңін ашты деп баға береді [152, с. 13]. А.Н. Бернштамның Памирдегі сақ ескерткіштеріне жүргізген зерттеулерін ғалым қайтыс болған соң Б.А. Литвинский, Ферғанадағы зерттеулерін И.А. Тереножкин мен Ю.А. Заднепровский, Тянь-Шаньдағы зерттеулерін А.К. Кибиров пен Ю.Д. Боруздин, Қазақстанда К.А. Акишев, А.Г. Максимова, Е.И. Агеевалар жалғастырды.

Ғалым ескерткіштеріне қазба жүргізіп, тарихына қалам тартқан үйсін тайпаларының тарихына тоқталайық. Үйсіндер туралы қытай деректерін тәржімалаған «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары)» атты Жақып Мырзаханұлы жетекшілігімен басылып шыққан еңбекте «Үйсін елі ұлы күнбидің қаласы Чегук қаласында. Чәң-аннан 8900 ли шалғай. 120 мың түтін, 630 мың адам, соғысқа жарамды 188800 адамы бар. Шығысынан басқақтыққа дейін 1721 ли, батысынан қаңлының Паннұт жеріне дейін 5000 ли. Жері ұлан-асыр жазық, ауа-райы жаңбырлы, салқын келеді. Тауларында қарағай, самырсын көп өседі. Жер жыртып, егін екпейді. Халқы сулы, шүйгін қоныс қуалап көшпелі малшылықпен шұғылданады, әдет-ғұрпы ғұндарға ұқсайды. Елінде жылқы көп... Бұрын ғұнға бағынған, кейін келе күшейіп, номиналды бағыныштылықты ғана сақтап, Ғұн ордасына қол тапсырудан бас тартқан. Шығысы Ғұнмен, солтүстік-батысы Қаңлы, батысы Дад-уан, оңтүстігі қала мемлекеттермен іргелес»,-деп маңызды деректерді береді [161, 158 б.].

Жалпы ғалым Қазақстанның оңтүстігінде екі тайпалық бірлестік – қаңлылар мен үйсіндер қатар мекен еткеніне тоқталып, олардың шекарасы Талас өзені арқылы өткендеген пікірде болды. Сол себепті Шу өңірінен батысқа қарай орналасқан барлық обаларды қаңлыларға тән екенін айтса, Шу мен Талас өзенаралығының ескерткіштерін үйсіндерге тиесілі деп санады [123, с. 11]. Келесі еңбегінде А.Н. Бернштам үйсін тайпалары таралған аумақ ретінде Ыстықкөл маңын, Шудан солтүстікке қарай Шу өңірін, Іле өзені бойы мен Іле Алатауын көрсетеді [127, с. 213]. Үйсін мәдениетін б.з.б. ІІІ ғ. аяғы-ІІ ғ. – б.з. І ғ. деп кезеңдеп, жерлеу ғұрыптарындағы ерекшеліктер ретінде жалпы қорғандар сол сақтардікіне ұқсайды, тек тік қойылған тас қоршаулар өз тізбектерін өзгерткен дей келе, үйсін қорғандары биіктіктері 5 м-ге дейін

баратын үлкен қорғандарды ортаға ала, тізбектей созыла орналасумен қатар, еш тәртіпсіз де орналасатындығын да байқаған. Бұл қорған үйінділерінің әртүрлі болуы, ақыреттік заттарсыз жерлеу орындарының пайда болуы, бір қорғанда аяқ-қолы байланған адамның күшпен жерлену белігісінің байқалуы – таптар пайда болуының алғашқы белгісі және құлдық институтының енуі деп көрсетеді. Жерлеу камерасының құрылысы бойынша, ғалым Таластан шығысқа қарай орналасқан қорғандар (Шу мен Ыстықкөл бойы) салыстырмалы түрде кең камералы, Тянь-Шань шыршасы бөренелерімен қиғаштай жабылған жер қабірлер (грунтты) түрінде деп көрсетеді [127, с. 193].

Ғалым үйсін ыдыстарының ерекшелігі ретінде – сақ кезеңі ыдыстарының типтері жалғасын тапқанымен, мата шаблонға жапсыру арқылы жасалған, алайда біршама жетілген, формасы жағынан симметриялы ыдыстар пайда болғандығын байқаған. Жалпы таластық және шулық қорғандардың қыш ыдыстарының ортақ ұқсастықтары – жұқа, сынғыш, қиыршық тасты және шала күйдірілген. Бұл кезеңде қола жебе ұштары жоғалып, темірден жасалған, сүйектен жасалған үшқырлы жебелер және темірден жасалған қимасында ромбы тәріздес ұштары бар жебелер пайда болады. Ал жерлеу бұйымдарынан табылған ерекше элемент ретінде А.Н. Бернштам шығу тегі қытайлық лактар, жібек, нефриттердің табылуын көрсетеді [127, с. 194].

Зерттеуші үйсін мәдениеті «сақтық реализмнен» ерекшеленетін, геометриялық элементтер басымдыққа шыққан жаңа өрнектеудің дүниеге келгендігін сипаттап, үйсін кезеңінде сақтық мәнердің азайып, жоғала бастағанын аңғарған. Жалпы үйсін қорғандарынан археологтар өнер жәдігерлерін таппайтынын атап өте отырып, үйсіндер ең бастысы асыл тастарды өңдеумен айналысты деп баға береді. Сақ кезеңін – көшпелілер мәдениетінің гүлдену кезеңі, ал үйсін кезеңін – құлдырау кезеңі деп бағамдай отырып, оның себебін үйсін кезеңінде сақ мәдениетіне тән өзіндік ерекше стилі жойылып, бірте-бірте сырттан келген кірме өзгерістер мен стильдер (Грек-Бактрия, Қытай) енгенімен түсіндіреді [119, с. 132].

Кейіннен К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаев монографияларында А.Н. Бернштамның ойын одар әрі дамытып, сақ кезеңі жерлеу орындарында қоладан жасалған бұйымдардың (қазандар, шырағдандар, пышақтар, жебе ұштары) басым екендігін, «аң стилінде» жасалған алтын бұйымдарғ әскери бұйымдар және жерлеу жабындысының сыртындағы менгирлі қоршаулар мен сақиналардың болуы тән болса, үйсін жерлеу орны – аз жәдігерлі, темірден жасалған бұйымдар басым әрі қару-жарақтар жоққа тән деп сипаттайды [34, с. 234].

Енді ғалым зерттеу жүргізген үйсін ескерткіштеріне тоқталсақ. Талғар қаласында жүргізген зерттеулерін аяқтаған соң, экспедиция қалашықтан шығысқа қарай орналасқан Лаптев қорғаны деп аталып кеткен ескерткішке қазба жүргізеді. Өз мақаласында Талғар өзенінің оң жағалауында орналасқан бұл қорғандар тобының қатты тоналғанын атап өтіп, оларда қазба жүргізу нәтижесінде қандай да бір мәліметтерге қол жететініне сенімсіздікпен қарайды. Есік өзенінің сол жағалауындағы, Түрген өзенінің қос қапталында орналасқан

өте үлкен қорғандардың жай-күйін де осылай сипаттайды. Дегенмен, 1939 жылы оларды да қалдырмай зерттеп, жоспарын сызып көрсетеді. Алматы облысының көне ескерткіштеріне арналған мақаласында бұл қорғандардың орналасуына қарап б.з.б. III ғасыр – б.з. I-II ғасыры деп мерзімдеп, ғұн және үйсін кезеңдеріне жататыны күмән тудырмайды деп есептейді. Қорғандар жағдайы өте аянышты және бірнеше мәрте тоналған деп атап өтеді. Осы еңбегінде Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан Жуантөбе, Қойбын, Қоңырөлең, Айнабұлақ, Басшы, Жаңғызағаш секілді қорғандар тобына да сипаттама береді [115, с. 80-81].

Ғалым үйсін уақытына Іле өзенінің оң жағалауындағы Қарашоқы шатқалынан табылған қорғандарды және Алматыдан батысқа қарай 55 шақырым жерде орналасқан Қарғалы қорғандарын да жатқызады. Бұл қорғандардағы жерлеу салттары шелпек обаларына ұқсастығын, құрылымдары күрделілігін атап көрсете келе, бұл қорғандардың тізбектей орналасқандығына нақтылай тоқталады [141, с. 40]. Көлемдері өте ірі қорғандардың тізбек бойымен орналасуына қарай кочкорлық, оңтүстік ыстыққөлдік, солтүстік ыстыққөлдік, чонкеминдік, Шу және Іле топтары деп бөледі. Қорғандардың ең ірілері Шу даласында (Ақсу, Қарабалта), Тянь-Шаньда (Қарақол, Түп, Кочкор) және Іле алабында (Алматы, Есік, Түрген) деп атай келе, бұларды қытай деректерінде айтылған үйсіндердің үш тобына тән шығар деген болжам айтады [141, с. 41].

Ғалымның айтуынша, Жетісуда үйсіндер мекен еткен уақытта жартылай көшпелі және жартылай отырықшы өмір салты ұстанылып, шаруашылықтың кешенді түрі қолданылғандықтан үйсін кезеңінде ескерткіштердің жаңа типтері: қыстау – елді мекендердің, ал одан кейінгі кезеңде – бекіністі елді мекендер мен бекіністі қамалдары бар бас сауғалауға арналған қалалардың пайда болуымен дәлелденеді деп есептейді [124, с. 58].

Алматының маңындағы Қарғалы қойнауындағы шамамен 25 жастағы әйел адамның атақты жерлеу орнынан 300-ден астам алтын бұйымдар табылған. Осы табылған алтын бұйымдар ежелгі үйсіндердің зергерлік өнерін мейлінше айқын сипаттайды. Табылған заттардың ішінде айыр өркешті түйенің мүсіні салынған екі жүзік, таутекелердің он мүсіні, тізерлеп отырған адамның бауырын кеміріп жатқан тышқан бейнеленген сырға, көптеген қаптырмалар мен алтын жапсырмалар бар. Бұл бұйымдардың бәрі алтыннан жасалып, перузамен апталған. Ерекше бір көз тартатын нәрсе – Қарғалыдан табылған тәті. Оның ішкі беті толған күрделі өсімдік тектес өрнектің ортасында тұрған аңдардың, құстардың, адамдардың бейнелері [114, с. 11]. Өз мақаласында тәтіні егжей-тегжейлі сараптаған А.Н. Бернштам, осы бейнелер семантикасына Иран мен Қытай әсерлерін баса көрсетті және жерлеу орнынан табылған заттар мен тәті б.з.б. I ғ.-б.з. II ғ. кезеңдеп, оның шаманға тиесілі болғандығын атап өтті [116, с. 31].

Памир-Алай археологиялық ескерткіштеріне арналған өзінің сүбелі еңбегінде А.Н. Бернштам үйсін және қаңлы тайпаларын Яксарттың ар жағындағы сақтардың ұрпақтары дей келе, «Александр Македонскийге қарсы

күресте сақтар арасынан рулық аристократия өсіп шығып, олардың бір бөлігі таулы аймақтарда үйсіндердің, ал Сырдария бойында қаңлы конфедерациясының құрылуына қатысты», - деп жазады. Түркі этногенезіндегі қаңлы және үйсін тайпаларының орнына тоқталып, шығыстан келген түркітілдес тайпалар қаңлылар мен үйсіндердің көшпелі бөлігімен тығыз байланыста болғандығын айта келе, қаңлылар мен үйсіндерді этникалық жағынан шығыс ирандық топ тайпаларына жақын болуы мүмкін деп санады [127, с. 214]. Дегенмен, археологиялық мәліметтер бойынша, б.з.б. І м.ж. ортасынан бастап, Орта Азияға Орталық Азиялық тайпалардың еніп, б.з.б. ІІІ-ІІ ғғ. бастап физикалық және тілдік жағынан сырттан келген тайпалар мен жергілікті халық ассимиляцияланды. Үйсіндер иран тілдес Ферғанамен тығыз байланыста болған. Ал сақтардың қалған бөліктері үйсіндер билік басына келген соң, оңтүстік-батыс бағытқа – Ауғанстан, Индия және шығыс Иранға қарай ығысқанын сақ ескерткіштерінің осы маршрут бойымен орналасуымен түсіндіруге тырысады [127, с. 215].

Жалпы осы еңбегін қорытындылай келе, археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, автор Ферғана мен Сырдария бойында сақ тайпалары мен оның ұрпақтарын: Ферғанада – аристей және үйсін тайпалары, Алайда – хюсунь және кумед тайпалары жайлағанын, Ферғанадан Сырдарияға дейін – су сақтары (абийлер, апасиактар) өмір сүргенін айта келіп, оларды төмендегідей бес ірі археологиялық аудандарға бөліп орналастырады:

1. Юени (абий-яксарттар) – Ташкент оазисі, Қауыншы мәдениеті;
2. Сусе (қаңлылар мен асийлер) – Отырар оазисі, қаңлы Қаратау мәдениеті;
3. Фуму (тохарлар) – Қуаңдария мен Жағадария бойы, Жетіасар мәдениеті;
4. Ги (массагеттер мен сармат, аландар) – Сырдарияның төменгі ағысы;
5. Юегань (Хорезм) – «қабырғаларында тіршілік бар» қалалар мәдениеті және қаңлы мәдениеті (С.П. Толстов бойынша). Осы бүкіл этникалық құрылымдар негізін А.Н. Бернштам амюригийлер мен тиграхауда сақтарына жатқызады [127, с. 216].

Үйсіндер ескерткішін зерттей отырып, А.Н. Бернштам үйсін терминінің шығу тегіне де қалам тартты. Өзінің «Археологический очерк Северной Киргизии» атты еңбегінде А.Н. Бернштам «исседон-усунь» тарихи термині туралы ой толғайды. Автордың ойынша үйсіндердің ертедегі уақытта әртүрлі атауларға ие болуы, массагет тайпаларының шығыс бұтағының атауы исседон атауымен байланысты деп пайымдайды [141, с. 33]. Жоғарыда бірнеше рет атап өткеніміздей, ғалым үйсін миграциясы болмағанын үнемі айтып өтті. Дегенмен, «Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня» атты мақаласында исседон-үйсіндер екіге – тянь-шандық және шығыс түркістандық болып бөлінген дей келе, қытай деректеріндегі үйсін миграциясын осы шығыс түркістандық үйсіндермен байланысты қате жорамал болуы мүмкін деген пікір айтады [121, с. 359]. Осы мақаласында үйсіндердің нәсілдік түрі – памир-

ферғаналық, еуропалық нәсіл дей келе, өзі зерттеген үйсін ескерткіштерінің ең солтүстіктегі нүктесі Көксу, Қаратал өзендерінің алабы, ал оңтүстікте Ферғанаға кірігіп кетеді деп көрсетеді [121, с. 360].

Осы этнонимның шығу тегі мен этногенезге арналған келесі мақаласы «К вопросу об усунь//кушан и тохарах» деп аталады [148]. Бұл мақалада тохар және кушан этнонимдерінің өзара байланысы қарастырылады. Кушан термині юечжи-тохарлардың басқарушы тайпасының атауы деп санайды. Үйсіндердің Кушан мемлекетінің мәдени генезисіне үлкен әсер еткенін атап өтеді. Үйсіндердің мәдениетінің ежелгі Давань халқы мәдениетімен қосылуы нәтижесінде Ферғаналық Кушан мәдениеті пайда болған, кушан атауы үйсін сөзінен шыққан деп санап, бұл өзгерісті усунь-хюсюнь-кусан-кушан трансформациясымен түсіндіреді. Бұл мақалада да ғалым үйсіндердің Ферғана аумағындағы белсенділігін Тянь-Шань аумағына ғұн тайпаларының қоныстануымен байланыстырады [148, с. 58].

Енді осы үйсін мәселесінің қазіргі таңдағы зерттелу деңгейіне қысқаша тоқталсақ. Қазіргі уақытта үйсін ескерткіштерін табу, табылған жәдігерлерді сипаттау, картографиялау, алып жатқан территориясы, олардағы мемлекеттік мәселелерінен басқа, үйсін қоғамының шаруашылық негіздерін зерттеуге және осы тайпалық одақты этникалық жағынан интерпретациялауға көңіл бөлінуде.

Осы мәселеге байланысты фундаменталды еңбек болып саналатын К.А. Акишев пен Г.К. Кушаевтың Іле өзені алабының сақ және үйсін тайпаларының ежелгі мәдениетіне арналған монографиясында 5 жылда (1954, 1957-1960 жж.) жинақталған материалдарға сараптама жасау нәтижесінде авторлар үйсіндер мәдениетін, олардың шаруашылығының негізгі бағыттары және қоғамдық құрылысы мен діни нанымдары даму динамикасын бағдарлап, үйсіндер ескерткіштерін үш хронологиялық кезеңге бөліп көрсетті. Олар: ерте – б.з.б. III–II ғғ.; ауыспалы – б.з.б. I ғ.-б.з. I ғ.; кейінгі – б.з. II-III ғғ. [34, с. 139].

Осы монография авторлары А.Н. Бернштамның сақ және үйсін кезеңдерін біртұтас тарихи-мәдени процестің екі кезеңі ретінде қарастырып, бірыңғай «сақ-үйсін мәдениеті» ұғымына біріктірген идеясын толықтай қолдаған [34, с. 140].

Кейіннен, К.А. Ақышев үйсіндердің мәдениетін қорымдардың жоспарлану ерекшеліктері, қабір құрылысының өзгешелігі мен табылған жәдігерлердің ерекшеліктеріне сай Қаратал (б.з.б. III-I ғғ.), Іле (I-III ғғ.), Жетісу (III-V ғғ.) кезеңдерін бөліп көрсетеді. Ғалым 1-кезеңге қорымдардағы обалардың оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле, немесе қосарласа орналасуы тән десе, екінші кезеңде обалардың орналасуы жүйесіз, беті ағашпен жабылған қабірлер саны кемитінін, оның орнына солтүстік қабырғадан қазылған ақымдық жерлеу орны пайда бола бастағанын атап көрсетеді. Ал үшінші соңғы Іле кезеңінде үйсін обалары арасында түркі қорымдары да кездесе бастайтынын, қабіплер катакомбалы және ақымды болғанына тоқталады [149, с. 263-264].

А.Н. Бернштаммен 1944 жылдан 1956 жылға дейін экспедицияларда бірге болған Ю.А. Заднепровскийдың «Об этнической принадлежности памятников

кочевников Семиречья усуньского периода II в. до н. э. – V в. н. э.» мақаласына көз жүгіртейік. Өзіне дейінгі осы тақырыпта қалам тарқан М.В. Воеводский, М.П. Грязнов, А.Н. Бернштам, А.К. Кибиров, Е.И. Агеева, К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, А.К. Абетеков сынды ғалымдардың еңбектерін сараптай отырып, Ю.А. Заднепровский үйсін мәдениетінің ескерткіштерін – шелпек және кеңкөл ескерткіштері атты екі негізі типке бөледі. Бірінші түрге әдебиеттерде үйсіндердікі деп аталатын қарапайым топырақты жерлеу орындарын жатқызса, екінші түр катакомбада жерлеу орындары бар ескерткіштер (Кеңкөл) мен ақымда жерлеу орындары (Айғыржал) топтарынан тұрады [36, с. 27].

Осы мақаласында ғалым М.В. Воеводский мен М.П. Грязновтың топырақты жерлеу орындарын үйсіндерге жатқызғанына келіспейтінін білдіреді. Үйсіндерді Жетісуда б.з.б. II ғасырдың 60-жылдарынан бұрын мекендегені туралы мәліметтердің жоқтығын айта отырып, бұл жерлеу орындары осы аумақта бұдан бұрын да кең таралағанына тоқталады. Жазба деректер бойынша үйсіндер Дуньхуань мен Цилянь-Шань аралығында Орталық Азияда мекен еткенін және үйсіндердің атамекені осы аумақ болғанын айта келе, б.з.б. 160 ж. ғұндар шабуылының әсерінен үйсіндер Жетісуға қоныс аударды және осы жерде жергілікті сақ тайпалары мен юечжилерді жаулап алды деп санайды. Ал жерлеу орындары мен құрылымдары өзгеше болуы туралы сұраққа ғалым, Жетісуда б.з.б. II-I ғғ. бастау алған жергілікті тұрғындар ескерткіштерінен өзгешеленетін ескерткіштер ғана үйсіндердікі болып саналуы тиіс деп есептейді [36, с. 27].

Үйсіндердің қаңлылармен қарым-қатынасы, оңтүстік және солтүстік болып бөлінген ғұндар, олардың солтүстік пен шығысқа қоныс аударуы әсері, қытай империясының қаңлы, әсіресе үйсін тайпаларымен одақтастық қарым-қатынасы туралы өткен ғасырдың 60-жылдары Ю.А. Зуев қытай дерек көздерін негізге ала отырып қалам тартқан болатын [37].

Қазақстандық археолог ғалым А.М. Досымбаева Жетісу мен Солтүстік Қырғызстан үшін ортақ үйсіндердің мәдени кешенін бөліп көрсетті және сақ және үйсін жерлеу орындарының шектерін анықтауға тырысты [38]. Ғалым үйсін мәдениетінің алғашқы қалыптасуы Шығыс Түркістан жерінде өтті дей келе, үйсін мемлекеті Жетісу жерінде б.з. II-V ғғ. өмір сүрді деп тұжырымдайды. Ең алдымен критерий ретінде кеңістіктегі қорғандардың орналасуы және тас қалаулар қабылданды. Бұл жерде тізбек бойынша орналасса – сақтардікі, бей-берекет орналасса – үйсіндердікі деп есептеді. Ғалымның ойынша, жерлеу кешендерін салудағы ұқсастықтар сақ және үйсін ескерткіштерінің генетикалық біртектілігін емес, екі бір-бірінен дербес этномәдени ұйымдардың өзара қарым-қатынасы мен өзара әсері ретінде жүзеге асқан деп есептейді [38, с. 31].

Одан кейінгі еңбектерінде де А.М. Досымбаева үйсін кешендерінің түркілермен байланысын негізге ала отырып: «Жетісу территориясындағы б.з.б. I мыңжылдықтың соңғы ғасырлары мен б.з. I мыңжылдығының ортасына дейінгі уақыттағы мәдени-тарихи үрдістің өзіне тән ерекшелігі бір жағынан

жаңа тұрақты шаруашылық-мәдени типтің пайда болуы болса, екінші жағынан түркі мәдениетінің қалыптасуы болып табылады»,–деп түйіндейді [39, с. 45]. Өз еңбектерінде жылдар бойы тарихта үстемдік құрып келген сақтар мен үйсіндер мәдениетінің генетикалық байланысынан бас тарта отырып, ғалым бұл мәселенің ұзақ жылдар бойы Қазақстан аумағындағы түркілік түп тегін іздеуге байланысты қиындықтар тудырғанын атап өтеді.

Солтүстік Шығыс Жетісу аумағының үйсін ескерткіштерін зерттеген тағы бір ірі ғалым, археология ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі К.М. Байпақов болды. Бар өмірін археологияға арнаған ғалымның зерттеулеріндегі осы проблематиканың қарастырылуы туралы тоқталар болсақ, 80-жылдардың ортасынан Алматы облысы аумағындағы Цыганка-8, Түзусай секілді елді мекендерде қазба жұмыстары жүргізді. Бұл елді-мекендердің көп бөлігі жыл бойы қоныстанылған стационарлы елді-мекендер ретінде анықталды. Осы зерттеулер нәтижесінде елді-мекен және жерлеу орны түріндегі археологиялық ескерткіштер көптеп ашылып, жинақталған материалдар үйсіндерде жер өңдеу ісі мен отырықшылықтың болмағаны туралы мәселені толықтай жоққа шығарады. Соңғы онжылдықтарда Жетісу аумағындағы зерттелген көптеген елді мекендерді сараптау негізінде К.М. Байпаков аумақтағы елді мекендік жүйенің әртүрлі болғандығын көрсетеді. Бұрын К.А. Ақышев бөліп көрсеткен «қыстау–елді-мекен» түсінігінен өзге ғалым «стационарлы елді-мекен» немесе «дамыған қолөнерлі ірі елді-мекен» деген түсініктерді ғылыми айналымға енгізді [40, с. 3-25]. Және сақтар мен үйсіндердің шаруашылығы мал шаруашылығының жайылымдық шаруашылықтан жер өңдеушілігі дамыған үй маңы шаруашылығы жататын әртүрлі типіне негізделгендігін атап көрсетеді [41, с. 65-66].

Көрнекті ғалым Ә.Т. Төлеубаев «Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері» атты мақаласында Қазақ Ұлттық университетінің Ерте көшпелілерді зерттейтін экспедициясының зерттеулеріне сүйене отырып, Тарбағатайдың теріскейіндегі Тебіске, Базар, Қарғыба өзендерінің бойынан үйсіндерге тән 70-тен астам қорған анықталғанына тоқталады. Тебіске өзені бойындағы Құлбабас қорымының 17 қорғанына жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде үйсін тайпаларының шекарасы туралы ғалым Ертістің оң жағалауы, Тарбағатайдың теріскейінде үйсін тайпалары қоныстанған деп тұжырымдайды. Бұл ойын ескерткіштердің сыртқы құрылысы мен табылған жәдігерлерге енген өзгерістермен байланыстырады [42, 23-28 бб.]. Тарбағатайдағы осы ақымдық қабірлер Жетісулық ақымдық қабірлерге ұқсастығын, біріншіден, қабір шұңқыры шығыстан батысқа бағытталған; екіншіден, Құлбабас қорғандарында Жетісу үйсіндерінікі секілді ақым қабірдің солтүстік қабырғасынан салынған; үшіншіден, Құлбабас ескерткіштерінде де Жетісудағыдай адамды шалқасынан салып, басын батысқа бағыттап, аяғын шығысқа қаратып қойған; төртіншіден, Құлбабастан шыққан аздаған заттар мәйіттің тек бас жағынан шықты деп осындай ұқсастықтарын көрсетіп және обаны б.з.б. І ғ. – б.з. І ғғ. кезеңдейді [42, 26 б.]. осылайша, ғалым Ыстықкөл

мен Балқашқа дейін деп межеленген үйсіндер тарала қоныстану аумағын Тарбағатайдың теріскейіне дейін кеңейтті.

Жетісу өлкесінің үйсін жерлеу орындары мен Шығыс Қазақстанның ескерткіштерін қатар саралап, қытай деректеріне сүйене отырып, ғылыми жетекшім Ғ.Қ. Омаров та «Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі» монографиясында Алтайдың батыс беткейін мекендеген құлажорғалықтармен қатар өмір сүрген Тарбағатайдың терістігіндегі тұрғындардың қалдырған археологиялық ескерткіштері бұл өңірде б.з.б. II-I ғғ. үйсіндердің болғандығын дәлелдейді деп тұжырымдайды [43, 131-132 бб.]. Бұл тұжырымдар үйсіндердің орналасу шегін солтүстік-шығысқа қарай кеңігендігін көрсетеді. Соңғы жылдары осы үйсіндер ескерткіштерінің зерттелу деңгейіне арналған бірнеше мақалалар жарық көрді. Мысалы т.ғ.к. А.С. Ғаниеваның [44] осы тақырыпта ой қозғаған мақалаларын және қазіргі заманғы қазақстандық зерттеушілердің үйсін археологиясы бойынша зерттеулерінің негізгі бағыттарын айқындауға қадам жасалған А. Свиридовтың мақаласын атап өтеміз [45].

Сонымен қатар автордың «История и материальная культура усуньских племен в работах А.Н. Бернштама» атты мақаласында үйсін мәселесенің А.Н. Бернштам еңбектерінде көрініс табуы және ғалымның ой-тұжырымдарына тоқталды [150].

Қорыта келе айтарымыз, А.Н. Бернштамның Жетісу өлкесінде жүргізген зерттеулері сақ-үйсін археологиясында жаңа тарихи зерттеудің бетін ашты. Ғалым үйсіндердің автохтондығы туралы бағытты ұстанды және үйсін мәдениеті осы аймақтағы өз бастауын қола дәуірінен алатын жергілікті элементтер негізінде дамығандығын және сақ археологиялық мәдениетінің мұрагері болып табылатындығын атап өтті. Қол жеткен археологиялық материалдар сақ-үйсін қоғамының шаруашылығы, тұрмысы, әлемге деген көзқарасы, өнері және жалпы өмірінің барлық салалары туралы ой толғауда маңызды роль атқарады. А.Н. Бернштамның тарихи таразыға қоя білген көптеген ой-пікірлері әлі де өз өзектілігін жоймағанын байқаймыз. Дегенмен, ғалымның шәкірттері мен қазіргі отандық ғалымдар арасында да үйсіндердің автохтондылығы туралы ойларға қарсылық білдіріп, қытай деректерінде келтірілген үйсін миграциясын қолдауда. Тақырып бойынша материалдарды талдау барысында, үйсін тайпаларының жергілікті негізде дамығанын, сақ мәдениетімен біте қайнасып өмір сүргенін аңғардық.

### 2.3 Ғұн дәуірі ескерткіштері. Кеңкөл обасы

Ғұн проблемасы А.Н. Бернштам қалам тартқан және ең көп талас тудырған мәселелердің бірі және бірегейі болып табылады. Бұл салада ғалым әр жылдары әр аумақтарда жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған ғұн кезеңіне жататын ескерткіштерді зерттей келе, көптеген мәселелерді ғылымда алғаш рет қоя білді.

Жалпы ғұн дәуіріне жататын ескерткіштерге А.Н. Бернштам Талас жазығындағы Кеңкөл қорымын, Орталық Тянь-Шань мен Арпа жазығындағы

Бурмачап II және III қорымдарын, Ферғанадағы Исфара, Шырынсай қорымдарын, Ташкент шұратындағы Қауыншы ескерткіштерін жатқызады. Ғұндар б.з.б. 55 жылдан бастап б.з. 130 жылына дейін Тянь-Шаньда билік құруы және олардың билігінің бірте-бірте батысқа қарай, яғни Ферғана мен Ташкент шұратына қарай таралуы түркілік-көшпелілік типтің қалыптасуына және Орта Азияның жергілікті еворпеоидтық бет бейнесіне моңғолоидтық өзгерістер енуіне әкелді деп есептейді [121, с. 206].

Мемлекеттік Эрмитаж бен КСРО Ғылым Академиясының М.Я. Марр атындағы Материалдық Мәдениет тарихы институтының тапсырысымен 1938 1939 жж. автор өзі солтүстік ғұндарға тән деп есептеген бірқатар қорғандарға қазба жұмыстарын жүргізді. Қырғыз КСР-ы Талас ауданында Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Кеңкөл қорымы ашылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл қорым диаметрлері 6 метрден 20 метрге дейін, биіктіктері 0,25 метрден 2,50 метрге дейінгі 63 қорғаннан тұрады. Қорғандар дөңгелек, құрамында тасы жоқ топырақты үйінділі болып келеді [128, с. 22].

1939 жылы А.Н. Бернштам өзінің Кеңкөл ескерткішіне арналған еңбегін жарыққа шығарады. Кітаптың бірінші бөлімінде Кеңкөл қорымының 8 қорғанының жерлеу орындарына қысқаша, бірақ, тиянақты сипаттама берілсе, екінші бөлім жалпы жерлеу орны мен табылған жәдігерлердің ерекшеліктеріне арналады. Үшінші бөлімде осы обалардың кезеңделуі мен шығу тегіне көңіл бөлініп, қазылған қорымдардың сызбалары мен табылған жәдігерлердің фотоларымен толықтырылған [111].

1938 жылы №54, 55, 56, 57 қорғандар, яғни, 4 қорған, ал келесі 1939 жылы тағы да 8 қорғанға қазба жұмыстары жүргізілді. А.Н. Бернштам жетекшілігімен зерттелген сегіз қорғанның жетеуі катакомбалы жерлеу орындары болып шыққан [111, с. 5]. Бүкіл қазылған қорғандардың жерлеу құрылысы мен үйінді құрылысы бір ғана жоспармен жасалған, табылған жәдігерлер де ұқсас. Жамылғы арасында құрбандық шалу белгілері – ыдыстар мен күлдер кездесті.

Ғұн қорғандары топырақ үйінділі, жерлеу орындары ұзын жіңішке дромостан (айван) және мәйіт жататын сопақша орыннан (лақат) тұрады. Катакомбаға кіре беріс әртүрлі бағытта. Бүкіл катакомба жерлеу орындары сырғауылдармен бөлініп, таспен толтырылған. Қорған төбесінен 1 метр тереңдікте дромостар орын алған. Олардың кейбіреуінің едені тас тақталармен шегенделіп, шамамен 15 градусқа еңістеу салынған. Дромос арқылы дөңгелек, кейде тік бұрышты кіреберіспен катакомбаға (лақатқа) енеді. Жерлеу аяқталған соң, бұл кіреберіс міндетті түрде таспен жабылған. Кейбір қорған үйінділері мен дромостарында құлдардың сүйектері бірге қойылған. Ғалым антропологиялық жағынан құлдар европеоидтық нәсілді, демек жергілікті үйсіндер болуы мүмкін деп санайды [114, с. 103]. Антропологиялық зерттеулер нәтижесінде катакомбадағы барлық жерленген адамдар бір нәсілге тән екендігі анықталып, әрі олардың барлығына тән белгі – бас сүйекке сопақша форма беру үшін оны айналдыра байлауышпен орау арқылы бас сүйекті деформациялау. Ғалымның бұл белгі этникалық немесе әлеуметтік жағдайдың белгісі болуы

мүмкін, мұндай деформациялар алты айлық балалар бас сүйегінде де кездеседі деп пайымдайды [111, с. 5].

Кеңкөл типті ескерткіштерге тән белгілерге жапсырмалы қыш ыдыстар (кей жағдайда толқын тәріздес өте жұтаң бедерлер салынған), саздан жасалған биконикалық ұршықтар, ағаштан жасалған ыдыстар, күрделі садақтар, темір ұшты жебелер, сүйектен жасалған тегіс тұтқалы жебе ұштары, аяқтары бар ағаш үстелдер және өте көп мөлшерде қытай жібегі жатады. Киімдегі оюөрнектер қарапайым сюжетті, қисық сызықты және өсімдік бейнелес. Бұл жерден табылған саздан жасалған бұйымдарға ыдыстар мен күлсалғыштарды жатқыза аламыз. Техникалық жағынан ыдыстар үшке бөлінеді: 1. Қолдан жапсырылған, өте тұрпайы, құрамында ағаш ұнтағы көп ыдыстар. 2. Қолдан жапсырылған, бірақ әдемілері. 3. Шығырда шеберлікпен жасалғандар. Табылған қыш бұйымдар көршілес аумақтардың сол мерзімдегі ескерткіштерінен табылған қыш ыдыстардан мүлдем өзгеше. Ғалым ыдыстар жасалуының техникасы, формасы және безендірілуі үйсіндердің қорымдарынан да, Беріккара және Ноинулы қорғандарынан да табылмағандығын да атап өтеді [111, с. 5]. Ал табылған ағаш өнімдері негізінен аршадан жасалған, кейде жағдайда ғана Тянь-Шань шыршасынан жасалған бұйымдар кездеседі. Сондай-ақ, ер адамдар жерленген қорғандардан жебе ұштары, садақ бөлігі, темірден жасалған пышақ секілді қару-жарақтар табылса, әйел адамдар жерленген жерлеу орындарынан саз бен ағаштан жасалған ыдыстар сынды басқа да ас үйге қажетті заттар, екі жерден қойдың құйымшақ сүйектері және ит қаңқалары табылды [115, с. 45]. Ғалымның айтуынша жерленген адамдар нәсілдік жағынан автохтонды тұрғындардан ерекше, жергілікті үйсіндер памир-ферғаналық нәсілге жатса, сырттан келген осы қорымда жерленген адамдар монғолоидтық нәсілге жатады деп түйіндейді [115, с. 46].

1939 жылғы қазба жұмысы кезінде, ылғалдың аздығы және ауа кірмеуі себепті белгілі бір деңгейде мумияланған катакомбалы жерлеу орны қазылды. Аршадан жасалған тақтайларға екі адам жатқызылған, олардың бірі – ер адам, екіншісі – әйел. Ер адам бетінің бір бөлігі мен жібектен тігілген кең жейдесі жақсы сақталса, ортаазиялық шарықтар типтес теріден тігілген етігі мен тері шалбары нашар сақталған. Ал әйелдің басында қызыл жібек орамал, беті түгел жібек матамен жабылған, үстіне кеудесінен байланатын жібек халат кидірілген. Бұл маталардың табылуы дәл сол уақытта Орта Азия тарихындағы бірінші жағдай болды. Қорғандардан табылған жәдігерлердің біртектілігіне қарап, ғалым бұл қорғандар бір ғана этникалық және әлеуметтік топқа тиесілі деп пайымдайды. Бұл мәдениетті жасаушылар көшпелі малшылар болған. Көшпелілер мәдениетіне бір жағынан Қытай мен Шығыс Түркістан мәдениеті (маталар, бояулар) әсер етсе, екінші жағынан жергілікті тұрғындар әсері байқалады [111, с. 5].

Бұл ескерткіштің мерзімдеу уақытын анықтауда А.Н. Бернштам төмендегідей факторлар көмегіне жүгінгенгін атап өтті: 1. Мата мен бояу; 2. «Скифтік» типтегі жебелер, қыш ыдыстар, ағаштан жасалған ыдыстар; 3. Инкрустациялы заттар және қола қаптырмалар. Табылған маталар аналогтары

бойынша Хань уақытына жатады және б.з.б. 202-б.з. 200 жж. аралығымен мерзімделеді [111, с. 25].

Бас сүйектері деформациялануы бойынша аналогтары – Моңғолияда Ноинулыда, Шығыс Түркістанда Лоуланьда табылған. Автор осы келтірілген мәліметтер негізінде Кеңкөл қорымын жат жұрттық сырттан келген ғұн тайпалары қалдырған деп санайды және қорғандарды б.з.б. I ғ.-б.з. II ғ. кезеңдейді [111, с. 27-32]. Аршылған жерлеу орындарының зерттелуі, жерлеу салттары бұл тұрғындар арасында отбасының патриархалды формасы дамығанын көрсетеді. Ер адам қайтыс болған кезде, әйелін де өлтіріп, егер қалдыруға болмайтындай жас балалары болса оларды да бірге жерлеген. Қарт адаммен бірге жерленген әйел адамның бетіне орамал жапқанына қарағанда бұл адам тұншықтырылып өлтірілуі мүмкін деген тұжырымға келеді. Қол жеткен материалдарды зерделей отырып автор бұл қабірлерді қалдырған тайпаларда тайпаның әскери-демократиялық құрылысы болғанын көрсетеді деп санайды [111, с. 46].

1945 жылы М.П. Грязновтың осы Кеңкөл қорымына арналған А.Н. Бернштамның еңбегіне рецензиясы жарық көреді. Басында А.Н. Бернштамның 1936 жылдан бастап Қазақстан мен Қырғызстанның таулы және далалы аумақтарында жүргізген экспедициясының маңыздылығын айта келіп, М.П. Грязнов осы Кеңкөл қорымына арналған еңбегіне қысқа, дегенмен тиянақты сипаттаулар берілген деп баға береді. Еңбекте ескерткіш жеткілікті деңгейде иллюстрацияланбағандығына сын айтып, мұны автордың тәжірибесінің аздығына балайды. Берілген фотолар, сызбалар графикалық материалдар жарыққа шығару талаптарына сай келмейтіндігін де атап өтеді [25, с. 146], Сондай-ақ, кітап мәтінінде кеткен көптеген кемшіліктер қатарына бір жәдігердің бірнеше жерде сипатталуын, ал кейбіріне мүлдем сипаттама берілмегендігін де көрсетеді. Кейбір жәдігерлердің өлшемдері кейде метрмен кейде сантиметрмен көрсетілгенін де сынайды [25, с. 147]. Негізінен М.П. Грязновтың сындары мәтінде және иллюстрацияда жіберілген қателіктерге байланысты айтылған. Өзінің 1940 жылы жарық көрген «Из истории гуннов I в. до н.э. Хуханье и Чжи-Чжи шаньюй» атты мақаласында ғұндардың солтүстік және оңтүстік болып екіге бөліну себептері және солтүстік ғұндардың Орта Азия аумағына енуі себептері қарастырылады.

1944 жылы Қырғыз филиалы А.Н. Бернштам жетекшілігімен Арпа өзені жағалауында Бурмачап 1, Бурмачап II, Аламышық, Кызарт катакомбалы қорымдарын зерттеді. 1947-1948 жж. КСРО ҒА ММТИ Ленинград бөлімі мен Ленинград мемлекеттік университеті ұйымдастырған Памир-Алай археологиялық экспедициясы құрамында А.Н. Бернштам Алай жазығындағы Кургак, Мааша, Кызыл-Туу мекендеріндегі ақымды обаларға, бір жылдан кейін Ыстықкөлдің солтүстік жағалауындағы Кырчын ақымды қорымында қазба жүргізді.

Ғұн дәуірі ескерткіштеріне б.з. I-IV ғғ. жататын өзгелерден нәсілдік шығу тегі, бас сүйектің деформациялануы және жерлеу түріне қарай ерекшеленетін катакомбалы және ақымды жерлеу орындарын жатқызады. Олар Қызарт

асуында, Кырчын жазығында, Аламышық қорымдарында кездесті. Сондай-ақ, катакомбалы жерлеу орындарының барлық қорымдарда кездесуін А.Н. Бернштам сырттан келген тайпалардың жергілікті тайпаларымен араласуымен түсіндіреді [127, с. 60]. Қызарт қорғандар тобы 12 қорғаннан тұрады, барлық жерлеу орындары катакомбалы [108, 2 п.]. Бұл Кызарт қорғандарындағы №7 және №10 қорған кеңкөл типті жерлеу орны болып табылады. Бұған ең алдымен жерлеу орнының архитектурасы яғни катакомбаға түсетін өзіндік пандусы бар тар дромос тән. Дромос тастармен толтырылып, катакомбаға кіре берісі тас тақталармен немесе ірі тастармен жабылған. Жерлеу орнына кіре берістер мен жерленген адамдардың бағытталуы да Кеңкөл қорымындағыдай өзгеріп отырады. Кеңкөл қорымындағы бұл өзгерістерді ғалым ескерткіш топографиясымен түсіндірген болатын. Ал Қызарт ескерткішінде бұлай түсіндіру мүмкін емес, себебі қорым орналасқан жер біршама тегіс. Бұл жерде бағытталудың өзгеруін өзгеше себептермен, яғни жыл мезгілдерімен немесе жыныс-жас ерекшеліктерімен түсіндірілу мүмкіндігін жоққа шығармай, үйінділері негізінен біртекті болғандықтан әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты деп айтуға келмейтінін баса айтады. Кеңкөлге қарағанда біршама кейінгі деп саналатын Алай жерлеу орындарында жұптық жерлеу орындарының кездеспейтінін атап өтеді. [108, 3 п.]. Қызарт қорымының 7 қорғанынан табылған кеңкөл типтес садақ, темір пышақ қалдықтары, жебе ұштары, қызыл және көк түсті жібек мата қалдықтары, сондай-ақ, сызаттарын бітеу үшін қола пластиналармен құрсауланған ағаш ыдыстардың кеңкөлдік жәдігерлермен ұқсастығын байқаған [127, с. 67].

Кырчын мен Аламышықтағы ақымдық жерлеу орындарын салыстыра отырып, келесідегідей ерекшеліктерді атап көрсетеді: Кырчында дромос ірі тастармен толтырылса, Аламышыкта топырақпен толтырылған, ал жерлеу ғұрпында Кырчында адамдар ешқандай ақыреттік заттарсыз жерленсе, Аламышықта ыдыстар және қой сүйектері кездеседі, қабірдің бағытталуы да әрқалай. Осылайша бұл ескерткіштерді тек конструкцияларының бірегейлігі біріктіреді. Аламышық ақымдық жерлеу орындарын Алайлық жерлеу орындарымен салыстыра отырып б.з. алғашқы ғасырларымен кезеңдейді [127, с. 70].

Қырғызстандағы катакомбалы және ақымдық қорғандарда жүргізілген зерттеулер нәтижесінде бұл жерлеу орындарының шығу тегі мен кезеңделуіне қатысты бірыңғай пікір жоқ. Қазіргі уақытта ғылымда ескерткіштердің шығу тегі жайлы екі гипотезаның туылуына әкелді. Олар 1. Мұндай ақымдық-катакомбалы жерлеу орындары Орта Азияға өзге тайпалардың жаппай қоныс аударуымен байланысты. 2. Бұл қорғандар жергілікті тайпаларға тиесілі. Бірінші гипотезаны ұсынушы және жақтаушы да А.Н. Бернштам болған.

Ал 50-жылдардың аяғына қарай, осы ақымдық-катакомбалы обалардың шығу тегі туралы қарама-қарсы пікірлер пайда болды. Ең алғаш осы мәселені көтерген С.С. Сорокин мұндай жерлеу орындары жергілікті жер өндеуші мәдениетпен ажырамас байланыста болған таулық және тау баурайындағы малшы тайпалар қалдырған деп пайымдады. Бірақ, шығу тегі жағынан сармат

тайпаларымен ұқсастығын көрсете келе, бұл мәдениетті тікелей сармат тайпаларымен байланыстыруға әлі де материал жетіспейтінін атап өтті [46, с. 105-117]. Ал өзінің тікелей Кеңкөл обасына арналған «О датировке и толковании Кенкольского могильника» мақаласында С.С. Сорокин А.Н. Бернштамның Кеңкөл қорымының өмір сүрген уақытымен келіспей, оны б.з. II-IV ғғ. мерзімдейді және Кеңкөлден табылған күнделікті қолданыстағы жәдігерлерді балшықтан жасалған ас үйлік және шаруашылық ыдыстар, ұршықтастар, кішкентай ыдыстар, шиыршық тастар және т.б. қарастыра отырып, С.С. Сорокин бұл заттар тек Орта Азия аумағында ғана таралған мәдениет жәдігерлері деп қорытынды жасайды. Бірақ, бұл мәдениет катакомбалы және ақымды жерлеу орындары жататын кезеңнен бұрынырақ өмір сүрген деп санайды. Қару-жарақ бұйымдарынан да жергілікті ортаазиялық белгілерді байқағанын атап өте келе, ғалым, катакомбалы және ақымды жерлеу орны мәдениеті ешқандай сырттан келген емес, Орта Азияны б.з.б. 1 мыңжылдықта-ақ мекен еткен жергілікті тайпалардан қалған мәдениет белгілері деп қорытындылайды [47, с. 3-14].

Ю.А. Заднепровский де өз зерттеуінде осы катакомбалы жерлеу орындары туралы нәсілдік топ, жерлеу құрылымы, жерлеу салтының бұған дейінгі мәдениеттерден ерекшелігін ескере отырып, бұл мәдениетті сырттан келген деп санайды. Бірақ, А.Н. Бернштамның ғұндарға тиесілі деген тұжырымына қосылмайды. Ғалым бұл катакомбалы жерлеу орындарын сырттан келген және осы аймақта 600-700 жыл мекендеген тайпалар қалдырғандығын, оларды үйсіндермен немесе юечжилермен байланыстыру керек деп санайды [36, с. 33].

1956 жылдан бастап Қырғыз КСР-ы Ғылым Академиясының Қырғыз археологиялық экспедициясының Талас отрядының құрамында И.К. Кожомбердиев те осы Кеңкөлді зерттейді. Өзінің 1963 жылы жарық көрген «Новые данные о Кенкольском могильнике» атты мақаласында осы жылдары қорымда 16 қорған қазылғанын, олардың 10-ы катакомбалы жерлеу орны болса, 5-уі жер қабірде, ал біреуі шикі кірпіштен жасалған жәшіктегі жерлеу орны болғанын атап өтеді [48, с. 70]. Кеңкөл қыш ыдыстарының аналогтары Ташкент шұратының катакомбалы қорғандарынан табылған қыш ыдыстар арасынан жиі кездесетінін, осы қыш ыдыстар және жебе ұштары бойынша Кеңкөл ескерткішін б.з. I-IV ғғ. жатқызады. Осы қорымға ең жақын ұқсастықтар Вревская, Қауыншы қоғандарынан табылғандығын, және ол қорғандардың батыспен, яғни сарматтармен байланысты екенін айта келіп, ол жерде жерленген тұрғындардың европеоидтық нәсілде болғанына тоқталады. Ал, Кеңкөл обасының тұрғындары европа-монғолоидтық нәсілде болғанын және олардың Шығыспен байланысын атап өтеді. Бұл ескерткіш иелері мал шаруашылығы мен ара-арасында жер өңдеушілікпен айналысқанын көрсетеді. Ол осының дәлелі ретінде дән үккіш, асқабаққа ұқсатын ыдыс, тары ұнтағын келтіреді. Өзінің кейінгі жүргізген зерттеулерді сараптай отырып, Кеңкөл обасын б.з. I-V ғғ. мерзімдеуді қолдап, бұл ескерткіштер жергілікті таулы және

тау баурайындағы ежелгі түркі тайпаларына жатады деген пікір ұсынды [48, с. 82-84].

Қазақстан археологиясының қалыптасуының 40-жылдық мерейтойына арналған мақаласында К.А. Ақышев аумаққа ғұндардың енуі туралы А.Н. Бернштам идеясымен келіспей, Берікқара және Кеңкөл обаларын қаңлыларға тиесілі дей келе, сақ, үйсін, қаңлы тайпаларын туыстас тайпалық одақтарға жатқызады [151, с. 82-84].

Қырғыздың жас ғалым қызы Эльмира Кожамбердива өзіне дейінгі ұзақ жылдардағы Кеңкөл мәдениеті ескерткіштерінде жүргізілген қазбалар нәтижелерін қарастыра отырып, «Классификация погребальных сооружений кенкольской культуры» атты мақаласында Қырғызстанның солтүстік-батысындағы Талас және Нарын өзендері алқабындағы б.з. I-II ғғ. кеңкөл мәдениетінің катакомбалы құрылыстарын сыныптайды [49, с. 44-50]. Э.И. Кожомбердиева сыныптау барысында А.Н. Бернштам, А.К. Кибиров және И.К. Кожомбердиевтердің зерттеу есептері мен күнделіктерін қолданған. Ізденіс барысында ол А.Н. Бернштам мен А.К. Кибировтың жұмысында терминологияның дұрыс қолданылмауы жұмыс жүргізуге кедергі болды деп атап өтеді. Автор: «Из их описаний трудно понять, идет ли речь о катакомбном или же о подбойном погребении. Неправильно применялись термины «дромос» или «могильная яма» вместо «входная яма» при описании подбойного погребения. Авторы считали синонимами термины «подбой» и «катакомба», и это зачастую приводит к путанице. Во-вторых, положение осложняется тем, что в указанных случаях не всегда бывают приложены чертежи. Иногда даже наличие чертежа не вносит ясности, а более того – наталкивает на новые вопросы. Так, например, погребение 41 в могильнике Аламышик описано как катакомбное, но на чертеже представлен едва ли не «классический» подбой. Чертежи часто неправильны или неполны» – деп сын айтады [49, с. 44]. Осылай өзіне дейінгі ғалымдарға сыни көзқараспен қараған Э. Кожомбердиева Талас, Кетпентөбе және Шу жазығындағы барлығы 493 катакомбалық жерлеу орындарын сыныптайды. Бұл сыныптауда автор жерлеу құрылыстарын катакомбалар мен дромостардың өзара орналасуы бойынша – түрлерге, жерлеу құрылысының жоспардағы формалары бойынша – варианттарға және жерлеу құрылысының кесіндідегі формасы бойынша – подварианттарға бөлген және ғалым А.Н. Бернштам еңбектерінде жауапсыз қалған мәселе – жерлеу құрылымдарының бағытталуын жерлеу орны салынған мекеннің еңістеу бағытына байланыстылығын аңғармағандығын да мінейді [49, с. 46].

Дегенменде, бүгінгі таңда әлі де А.Н. Бернштам идеясының кейбір тұстарын қолдаушы ғалымдар аз емес. Моңғолиядан шыққан ғұндар Шығыс Ервопаға бет алғанға дейін Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияда қоныстанған. Е.Ә. Смағұлов өз мақаласында б.з. I-III ғғ. осы аумақтарда үстемдік еткен қаңлы мемлекетінің атауы аталмай, оның орнына деректерде хионит-ғұндар, кидарит-ғұндар және эфталит-ғұндар атала басталатынына тоқталады. Осыған сүйене отырып, автор қаңлылардан кейін осы алқапта билік еткен ғұндар болуы мүмкін дейді. Кеңкөл қорғандарын Тянь-Шаньдағы қаңлы мәдениетінің

жергілікті нұсқасы деп санап, олардың пайда болуын шығыстан келген ғұндардың тікелей қатысы болуының нәтижесі деп бағалайды. Дегенмен бұл ғұндардың Қаңлы мемлекеті құрамындағы кейінгі сақ кезеңі тұрғындарымен ассимиляциялану үрдісінің әлі де толық зерттелмеген мәселе екендігін ашып көрсетеді [52, с. 146]. Авторлар қолда бар деректерге сүйене отырып, Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстанның Талас өзенінің жоғарғы ағысы, Шатқал, Кетпентөбе секілді таулы алаптарының көшпелі тайпаларының б.з. 1 мыңжылдығының алғашқы жартысына жататын үлкен қорғанды ескерткіштерін ғұндармен байланыстырады [52, с. 148].

Ғұн тарихына арнаған А.Н. Бернштамның «Очерки истории гуннов» монографиясы 1951 жылы Ленинград қаласында М.М. Дьяконовтың жауапты редакторлығымен жарық көрді. Таласты жағдайларда жарық көрген еңбегі туралы автор өз алғысөзінде бұл еңбекті жазуда өзге тілде жазылған дерек көздерінің өте аздығын, жете зерттелмеген археологиялық материалдар кедергі келтіргені туралы және еңбекте тарихнамалық анализ жасалмағандығын айтып өткен [128, с. 3]. Монографияда қытайлық жазба деректер мен археологиялық материалдарға сүйене отырып, ортодоксалды марксизм тұрғысында жазылып, ғұн қоғамына тайпалық одақ  және патриархалды рулық қоғам деген сипаттама берді. таптық күрес, құлдықтың, аристократияның болуы, басқару құрылымы секілді белгілер арқылы көшпеліліердегі мүлік теңсіздігін айқындап көрсетеді.

Кітап екі бөлімнен: 1. Батыс ғұндар тарихы. 2. Шығыс ғұндар тарихынан тұрады. Автор өз еңбегінде ғұндар тарихының бастауын Ордостың көшпелі тайпаларының арасынан Жунь тайпаларын атап көрсетіп, бұл тайпалар кейіннен сюнну аталған ғұн тайпалары деген тұжырымын келтіреді.

Өзіне дейінгі В. Хирт, К. Ширатори, В. Панов секілді ғалымдар ғұндар тілін қазіргі түрік, тұңғыс тілдерімен байланыстырғанын айта келіп, А.Н. Бернштам осы ғалымдар ізімен ғұндарда бірегей тіл болмағанын, ғұндар әртүрлі тілдер мен диалектілерде сөйлеп және кейіннен түркі немесе моңғол тілі шыққан деген пікірге қосылады. Бірыңғай тілдің болмауы – ғұндарда мемлекеттіліктің де болмағанын, саяси құрылымы тек тайпалық одақ күйінде қалуының себебі ретінде санайды. Ғалым тек Хуянь, Лянь, Сюйбу секілді билеуші тайпалары ғана түркітілдес болғандығы және осы тайпалардан ғұн шаньюйлары шығып отырғандығын айтады. Және осы билеуші топтың түркітілдес болуы себепті осы тайпалар арасында «түркі тілі» жеңіске жетті және көшпелі шаруашылыққа негізделген  шаруашылықты ұстанған деп есептейді [128, с. 9]. Ғұндар туралы қытай тарихшысы Шицзи дерегіне сүйене отырып кітаптың екінші тарауы жазылған.

Орта Азияға ғұндардың қоныс аударуы б.з.б. І ғ. ортасында Орталық Азиядан Чжи Чжи шаньюй басшылығымен жаппай көшуімен байланыстырылады. Одан өзге солтүстік ғұндар Жетісуға б.з. І ғасырының аяғында Моңғолияда сяньбиліктерден жеңіліп, Тарбағатайдан өтіп Жетісу жеріне енген және осы аумақта Юебань тайпалық одағын құрады [128, с. 109].

Чжи Чжи бастаған ғұндардың Орта Азияға қоныс аударуын «халықтардың ұлы қоныс аударуының» 1-кезеңі деп есептеп, ал 2-ортаазиялық

кезеңнің аяғы ғұндардың бұл аймақтан шығыстағы көршілерінің ығыстыруымен батысқа қоныс аударуынан басталады. Бұл уақытта да ғұндар екіге бөлініп бір бөлігі сяньби және тоба секілді жергілікті тайпалармен ассимиляцияланса, екінші бөлігі батысқа көшіп кеткен [128, с. 112].

Европалық халықтар мен мемлекеттердің тарихымен тығыз байланысты батыс ғұндардың тарихына арналаған еңбектің екінші бөлігі батыс ғұн тайпалық одағының пайда болуы мәселесінен басталады. Батыс дерек көздеріндегі ғұндар туралы деректерге сараптама жасай отырып, А.Н. Бернштам Шығыс Европаның оңтүстігіндегі ғұн тайпалық одағының құрылуы автохтонды негізде жүзеге асқан деп ой түйеді. Бұл үрдісте маңызды рольды жергілікті көшпелі тайпалар ойнағанын, ал ғұндар тек қозғаушы күш болған деп қорытынды жасайды. Ғалымның осы ойларын кейннен сыншылар Марр ілімін қолдаушылыққа балады.

Шығыс Европадағы ғұндарға қатысты саяси жағдайларға автор өте қысқа тоқталған. Кейіннен сыншылардың қатал сындарына ұшыраған ойларына тоқталсақ, А.Н. Бернштам: «Гунны и созданный ими огромный племенной союз отнюдь не были, как это представляет западноевропейская культура, разбоиничьим отрядом. Они стояли несравненно выше многих европеских племен и по своему социальному строю и по своей культуре. ...по сравнению с рабовладельческой системой, в гуннском племенном союзе были элементы новых, более совершенных общественных отношении – имелись предпосылки образования феодальных порядков», – деп ғұндардың орнын жоғары бағалады [128, с. 162].

Аттила құрған ғұн державасы ыдыраған соң, ғұн тайпалық одағының өмір сүруі аяқталды деп көрсеткен А.Н. Бернштам осы Европа аумағындағы ғұн державасы орнында пайда болған ірі бірлестік ретінде Авар тайпалық бірлестігін атап өтті [128, с. 170-182]. Сондай-ақ, бұл еңбекте Орта Азиялық тайпалардың тарихында елеулі із қалдырған ғұндар-эфталиттерге жете тоқталған. V ғасырда сасанидтық Иранға жасалған ғұн-эфталиттер шабуылын А.Н. Бернштам варварлардың Қытай мен Рим империясына қарсы шабуылымен теңестіре көрсетіп, Орта Азияның феодалдық қатынастарына өтуіне түрткі болғандығы көрсетілген [43, с. 195].

Енді өз уақытында үлкен сынға ұшыраған осы еңбекті сынаған мақалалар мен рецензияларға тоқталайық. Кітапқа қатысты өз рецензиясында Л.Р. Кызласов пен Н.Я. Мерперт А.Н. Бернштамды «... автор часто впадает в непреодолимые противоречия: не аргументировав одного положения, он перебрасывается к противоположному, столь же бездокозательному... », – деп сын айтады [26, с. 104]. Сыншылар өз мақаласында А.Н. Бернштамның ғұндардың тілі туралы аз тоқталғанын айта келіп, осы очеркте ғұн тайпаларының келуімен жергілікті үйсін тайпаларының түркіленуі туралы ойларының әр жерде қиыспайтынына нақты цитаталармен тоқталады [26, с. 105].

Сыншылар сондай-ақ, ғұн жаулап алушылығының «тарихи прогрессивті» мәні туралы ойын да сынға алады. Орта Азия мен Шығыс Европаға тигізген ғұн

жаулап алушылығының жойқын зардаптары туралы айта келіп, ғалымдар И.В. Сталинның 1943 жылғы 6-қарашада жасаған баяндамасындағы: «Как средневековые варвары или орды Аттилы, немецкие злодеи вытаптывают поля, сжигают деревня и города...», – деген цитатасын мысалға келтіреді. И.В. Сталинді кеңестік ғылымның корифейі санай отырып, А.Н. Бернштамды көсемнің осы ойын елемегенін бетіне басып, үлкен саяси қателікке балады, сондай-ақ, бұл кітапта сол кезде кеңестік қуғынға ұшыраған Н.Я. Маррдың идеялары дамытылған деп айыптайды [26, с. 108-109].

Келесі бір сыншы Э.В. Удальцованың 1952 жылы жарық көрген мақаласында А.Н. Бернштамның ғұндар шапқыншылығының тарихтағы құлиеленушілік құрылыстың жойылып, феодалдық қатынастардың орнауына септігін тигізген прогрессивті ролін көрсетуге тырысуы сынға алынды. «Ғұндарды тіпті герман тайпаларымен қатар қоюға келмейді, славян-германдықтардың Рим империясына қарсы күрестері шындығында да құл иеленуші мемлекеттің құлауына септігін тигізсе, ал ғұндар өз шапқыншылығымен осы жерөңдеуші тайпалардың дамуын тежеп отырды», – деп санаған мақала авторы А.Н. Бернштамды: «қарақшы ғұндарды ақтап, олардың жыртқыш, қарақшылық әрекеттерін жабуға тырысты» – деп айыптады [27, с. 68]. Бұл автор да И.В. Сталинның неміс әскерлері шабуылдарын ғұн шапқыншылығымен теңеп айыптауын алдыға тартады. Ғұндар ешқашан феодалдық қатынастарды құрушы және прогресс әкелуші болған емес, олар тек өздерінен әлдеқайда жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік экономикалық даму деңгейінде тұрған тайпалардың дамуын тежеуші деген айыптауын кеңес археологтарының Қара теңіз жағалауындағы ескерткіштерге жүргізген зерттеулеріндегі қирап қалған елді мекендермен дәлелдегісі келеді.

Қорыта келе мақала авторы тарихи шындықты көрсетпейтін ғұндарды идеал тұтатын, олардың тарихтағы орнын асыра жоғары көрсеткен, Аттиланы асыра биіктеткен А.Н. Бернштамның ойлары мен тұжырымдарын қателікке санай келе осындай кемшіліктерге толы деген кітаптың жарыққа шығуына тек автор ғана емес, Ленинград мемлекеттік университетінің Археология кафедрасын және ең алдымен редакторы М.М. Дьяконовты айыптайды [27, с. 72].

1952 жылы жарық көрген үшінші сыни мақала авторы А.Х. Рафиков өзге әріптестері секілді А.Н. Бернштамның «Гунское нашествие разбудило варварские «запасы» племен, сломивших Рим, и в этом заключается всемирно-историческое значения гуннского похода на запад, в этом заключается всемирно историческая роль», – деген тұжырымына түбегейлі қарсы шығып, жартылай жабайы ғұндардың Қытай, Орта Азия және Евопаның отырықшы халықтарына жасаған шабуылдары тек қиратушылық, теріс сипатта болды деп атады [28, с. 126]. Қытай империясы ғұндар шапқыншылығына дейін-ақ феодалдық қатынаста өмір сүргенін, ал А.Н. Бернштамның ғұндар орнын биіктеткені әлемдік өркениетке көп жетістік әкелген қытайдың ролін төмендеткені деп тұжырымдайды [54, с. 126].

Бұл мақаланың өзгелерден бір ерекшелігі А.Н. Бернштамды Хамит Зюбеир Кашай секілді түрік ұлтшылдарының ғұндарды түріктердің ата-бабасы санап, әлемдегі мәдениетті Батыстан Шығысқа, Шығыстан Батысқа түркілер тасымалдады деген пантүркистік ойын қолдаушы және дамытушыға балады [54, с. 127]. Скифтер, ғұндар және түркілер тарихы, мәдениеті мен тіліндегі сабақтастықты көрсеткен А.Н. Бернштамның жергілікті түркітілдес тайпалардың этногенезі туралы идеясын да сол кезде қуғынға ұшыраған М.Я. Марр ілімін жалғастыруы ретінде айыптады [28, с. 128].

Сондай-ақ, идеологиялық айыптаулардан өзге біршама негізделген айыптауларды да келтіреді. Мысалы А.Н. Бернштамның «Оғыз» атауы Мөде шаньюйдың екінші аты болды, ал өгіз сол уақытта тотем жануар болды деп санағаны және ұйғыр терминін ғұндардың бір тайпасының атауы Хуянь атауының «ouger» сосын ұйғыр – «uigur» атауына ауысуы деп санауы ақылға сыймайды деп көрсетеді [28, с. 130].

Ғұн тарихына арналған еңбегі 1951 жылы желтоқсан айында ММТИ Ғылыми кеңесінің Орта Азия мен Кавказ секторы мен Ленинград Мемлекеттік университетінің Археология кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде де арнайы қаралады. Ғылыми кеңес автордың «ғұндардың батысқа шапқыншылығының бүкіләлемдік мәні» және «Аттиланың бүкіләлемдік тарихи ролі» туралы консепцияларын зиянды және қате деп бағалаған еді.

1952 жылдың 27-маусымында ММТИ Ғылыми кеңесінің отырысында А.Н. Бернштамның «Очерки истории гуннов» еңбегі мен осы еңбекке жазылған «Большевик» журналында жарық көрген рецензия талқыланып, барлық сөйлеушілер бір ауыздан З.В. Удальцованың мақаласында берілген идеялық жағынан зиян деген бағалауға бір ауыздан қосылады [152, с. 320].

Мәжілісте С.В. Киселев пен Н.Я. Мерперт сөз сөйлеп, сыни мақалаларында келтірілген тұжырымдарын айтады. Сонымен қатар, мәжілісте В.П. Шилов пен Л. Викторовалардың жазбаша пікірлері оқылады. Л. Викторова кітаптың атауы мен оның мазмұнының сәйкес келмейтіндігіне тоқталып, кітапта ғұн тарихы толық баяндалмайтындығын, ғұндардан анағұрлым кейін өмір сүрген жужандардың да енгізілгені орынсыз болған деген пікір білдіреді. А.Н. Бернштамның қолданған әдісі дұрыс емес, ол алдымен теориялық құрылым жасап алып, кейіннен осы құрылымға сай келетін фактілерді ғана қолданатынын, ал дұрысында нақты археологиялық материалдар мен жазба деректер бойынша қорытынды жасауы керек еді деп сынайды.

Мәжіліс соңында 1951 жылдың желтоқсанында өткен екі күндік отырыстан А.Н. Бернштам ешқандай сабақ алмағандығы айтылып, ММТИ Ғылыми кеңесі ғалымға жақын арада өз қателіктерін мойындап, кеңейтілген анализ жасалған мақала дайындауын және оқырмандар алдында жауапкершілікті сезіне білуіне кеңес береді. Сонымен қатар, Ғылыми кеңес А.Н. Бернштамның зиянды еңбегінің шығуына жауапкершілік алған М.М. Дьяконовты, М.И. Артомоновты, М.А. Тиханованы сынады [152, с. 325-326]. Дегенмен, А.Н. Бернштам осыншалықты барлық тараптан қысым көрсе де, өз идеяларынан бас тартпауы, ешқандай мерзімді басылым мен бұқаралық

ақпарат құралдарында «кінәсін мойындап» ақталмауы да ғалымның өз принциптеріне адалдығын, мінезіндегі батылдықты көрсетеді.

Жалпы, осы ғұн тарихына қалам тартқан келесі ғалым Л.Н. Гумилев пен А.Н. Бернштам арасында келіспеушіліктер мен идеялық қақтығыстар орын алған. Өзінің «История народов хунну» атты еңбегінде Л.Н. Гумилев А.Н. Бернштамның «Очерк истории гуннов» еңбегін ғұн тарихын зерттеудегі «артқа кеткен бір қадам» деп бағалап, еңбекте ғұн қоғамының өзгерісі мен оқиғаларын баяндауда бірізділік жоқ дей келе, автордың өзі монографияға айтылған сындарға шыдамады деп тұжырымдайды [50, с. 24].

Дегенмен, мен А.Н. Бернштам мұрағатынан Л.Н. Гумилевқа қатысты мәліметтер таппадым. Тек Л.Н. Гумилев өз мақалаларында кандидаттық диссертациясын қорғау барысында Шығыстану институты А.Н. Бернштамды оппонент етіп бекіткені туралы атап өтеді. Осы қорғау барысында А.Н. Бернштам 16 пункттен тұратын сын даярлап әкеледі. Л.Н. Гумилевтің айтуы бойынша олардың ішінде әсіресе екеуі қатал болған. Оның бірі – Л.Н. Гумилевті шығыс тілдерін білмейді деп айыптаса, бұл сынға Л.Н. Гумилев парсыша жауап берген. Ал екінші сын бойынша диссертант өз жұмысында марксизмді жете қолданбаған. Дегенмен, Л.Н. Гумилевті 16 комиссия мүшесінің 15-і қолдап дауыс беріп, кандидаттық диссертациясын қорғап шығады [50]. А.Н. Бернштамға деген жек көрушілік Л.Н. Гумилевтің еске алулары мен еңбектерінде ұшырасып отырады, кейбір ғалымдар бұл қайшылықты екі тап өкілдерінің түсініспеушілігімен түсіндіреді [51].

Осы А.Н. Бернштам зерттеулеріндегі ғұн миграциясы мәселесіне арналған диссертант мақаласында тек Жетісу өлкесі ғана емес, Шығыс, Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштеріндегі сырттан келген әсерлер туралы С.С. Черниковтың, К.А. Ақышевтың, А.З. Бейсеновтың, П.И. Шульганың тұжырымдарына тоқталды [153, с. 23-28]. Аталған ғалымдар б.з.б. IV ғ. аяғында Алтай мен Моңғолия арқылы шығыстан аралас нәсілді типті халықтар тобының миграциясы болғанын және бұл миграция әсерінен жергілікті мәдениеттер ескерткіштерінің жерлеу құрылымында өзгерістер орын алғанына тоқталған. Дегенмен, бұл ғалымдар нақты бұл өзгерістерді сырттан келген көп емес халық топтары әкелген деп санағандарымен, олардың нақты ғұндар ма, жоқ әлде өзге тайпалар ма екенін кесіп айтпаған. Бұл мәселе әлі де зерттеу жұмыстарының жеткіліксіздігінен басы ашық күйінде қалып отыр.

Байқағанымыздай, қылышынан қан тамған заманда А.Н. Бернштамның ғұн тарихына арналған еңбегі осындай қатаң сындарға ұшырады және өте үлкен саяси қателіктер жіберілген деп айыпталды. Ғалымды жаулап алу соғыстарын жақтаушы деп кіналап, ғұндардың ролін асыра күшейте көрсеттіге санап, пантюркизмге қатысы бар деп айыптады. Осы сындар салдарынан А.Н. Бернштам ұстаздық қызметінен және экспедициялардан аластатылды. Бірақ, қанша сынға ұшырап жатса да, ғалым ғұндар тарихына қатысты өз идеяларынан бас тартпады және ғұндардың саяси аренадағы орнын төмендете көрстеуге бармады. Автордың Жетісу мен Тянь-Шаньның катакомбалы-ақымды қорғандарын да ғұн тайпаларына жатқызуы да көптеген ғалымдардың

тарапынан қарсылық туғызды. Осы күнге дейін катакомбалы-ақымды қорғандардың кімдерге тиесілі екендігі туралы орныққан, дәлелденген пікір жоқ. Яғни пікір қайшылығы әлі де жалғасуда. Сонымен қатар ешқандай ғұндар миграциясы болмаған, тек өзге тайпаларға тән жерлеу жоралғылары ғана таралғаны туралы пікірлер де бар. Бұл мәселе әлі де талай зерттеу жұмысына арқау болары сөзсіз.

## 3 А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ЖЕТІСУ ҚАЛАЛАРЫН ЗЕРТТЕУІ.

### 3.1 Алматы облысы аумағында жүргізілген зерттеулер

Қазақстан археология ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ғалым А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы 1936 жылдан 1940 жылға дейін Қазақстан мен Қырғызстан аумағында, әсіресе Талас, Шу және Іле өзенаралықтарында қола дәуірінен XIX ғасырға дейінгі уақытты қамтитын археологиялық ескерткіштерде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Экспедиция жұмысы 1936-1938 жж. Талас өзені жазығын қамтыса, 1938-1940 жж. Іле және Шу бойларында жүргізілді. Осы жылдары бірнеше сүбелі еңбектері жарыққа шықты және ондаған ірі қалашықтар мен елді мекендерде – Тараз, Сарыг, Баласағұн, Қойлық қалашықтарында, Талас бойындағы Текабкет, Сус, Кул, Шельджи қалалары, Шу бойындағы Якакент, Іле бойындағы Талғар қалаларында қазбалар жүргізілді. Сондай-ақ, әртүрлі кезеңдерге жататын жүздеген қорғандар қазылды [117, с. 110].

Жетісу археологиялық экспедициясы 1939 жылы сол кездегі Жамбыл және Алматы облыстары аумағында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатындағы есебінде ғалым 1939 жылы экспедиция өз алдына Алматы облысының ескерткіштерін ашуды және олардың арасынан ең маңыздыларын анықтап, оларда қазба жүргізуді мақсат етіп қойғанын айтады. Сондай-ақ осы есепте сол жылы экспедиция құрамында ҒА Қазақ филиалының және ММТИ-ның ғылыми қызметкерлері – Л.Г. Розина, М.В. Луппиан, И.В. Щербаков, Ленинград Университетінің Тарих факультетінің және Қазақ Педагогикалық институтының студенттері қатысқаны айтылған [99, 1 п.].

1939 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының Алматы облысы аумағында жүргізілген зерттеулері нәтижесінде жарық көрген А.Н. Бернштамның «Прошлое района Алма-Ата» атты еңбегінде жинақталған археологиялық және тарихи деректерге сүйене отырып Алматы қаласы орнының б.з.б. III мыңжылдықтан кейінгі ортағасырға дейінгі қоныстанылуын көрсетті. Бұл еңбек 1948 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының ғылыми-көпшілік сериясымен С.С. Черниковтың жауапты редакторлығымен басылып шыққан. Еңбек ғылыми ортамен қатар, қалың көпшілікке арналғандықтан тілі жеңіл әрі ұғынықты. Осы еңбекте Алматы қаласы аумағындағы табылған ескерткіштерді сонау қола дәуірінен бастап, сақ, үйсін және ғұн дәуірлерінде, түркі кезеңінде мекен еткен халықтардың тарихын археологиялық табылған ескерткіштер мен жәдігерлерге сүйене отырып, реконструкцияламаққа тырысады. Еңбекте қала орнының б.з.б. III мыңжылдықтан кейінгі ортағасырға дейінгі қоныстанылуы көрсетілді [114]. 1939 жылы экспедиция маршруты Талғар, Есік, Түрген, Шелек, Сөгеті жазығы, Шарын, Көктал, Алтын Емел, Қаратал, Талдықорған, Қапал және Алматы секілді елді мекендерді шарлап өтіп, жалпы ұзындығы 1500 км созылды. Сондай-ақ, Алматы қаласы маңында Үлкен және Кіші Алматы өзендері бойында, Таулы Қырат ауданында барлау

жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде кейбір ескерткіштерге сипаттама беріліп, аталған аумақтың археологиялық картасы жасалды [154, с. 212].

Жұмыстың алғашқы нысаны болып Талғар қалашығы таңдап алынды. Мәдени қабаттарының ерекшеліктерін анықтау үшін үш шурф түсірілген. Қаланы А.Н. Бернштам хронологиялық жағынан да, стратиграфиялық жағынан да бір қабатты деп сипаттап, мәдени қабаттағы материалдарына сүйене отырып ескерткіштің қарахандық кезеңде өмір сүргенін айтып өтеді. Талғар қаласында жүргізген зерттеулерін аяқтаған соң, экспедиция қалашықтан шығысқа қарай орналасқан Лаптев қорғаны деп аталып кеткен қорғанға қазба жүргізеді. Өз мақаласында бұл қорғандардың өмір сүрген уақыты б.з.б. III ғасыр мен б.з. I- II ғасырлары деп мерзімдеп, ғұн және үйсін кезеңдеріне жататынына күмән тудырмайды деп тұжырымдайды [100, 5 п.].

Барлау жұмысы барысында экспедиция Түрген, Қаракемер ауылдары маңындағы, сондай-ақ, Маловодное мен Лабасы елдімекені арасында және Шелек өзенінің оң жағалауындағы Бұғыты тауының баурайындағы төрткүлдерді ашты. Құрылыс жұмыстары нәтижесінде табылған қыш ыдыстар Талғар қаласынан табылған XI-XII ғғ. жататын ас үй қыш ыдыстарының тобымен бірдей екенін анықтайды және сол дәуірмен мерзімдейді [100, 7 п.]. Экспедиция Шелек өзенінен өткен соң, Іле өзенінің оң жағалауынан Сөгеті тауларына дейінгі аумақты алып жатқан үлкен қорғандар тобына кездеседі. Тас үйінділі бұл қорғандардың көлемі де әр түрлі. Кішірек бір қорғанға жүргізілген қазба жұмысы барысында табылған жәдігерлер бұл ескерткіштің VI-IX ғғ. жататынын болжауға мүмкіндік берді. Бұл мыңдаған қорғандардан тұратын үлкен қорым кімдерге тиесілі екенін анықтау үшін А.Н. Бернштам тарихи деректерге көз жүгіртіп, Қытай деректері, нақтылай алғанда Таншу дерегіне сүйене отырып, осы үлкен қорымды түркілердің Дулу тайпаларына жатуы мүмкін екендігін айтады [114, с. 81].

Өз еңбегінде Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан Жуантөбе, Қойбын, Қоңырөлең, Айнабұлақ, Басшы, Жаңғызағаш секілді қорғандар тобына сипаттама бере келіп, Жалғызағаш елді мекенінен Талдықорғанға дейінгі жол бойында Көксу жазығында қорғандар тобының саны азайып, керісінше елді мекендер қирандылары кездесе бастағанын атап өтеді [114, с. 82].

Бұл аумақтағы ірі ескерткіш сол Көксу өзенінің оң жағалауында орналасқан ,қалашық болып табылады. Қалашық орны түгелдей егін мен күнбағыс алқабы және зираттар алып жатқан, әлемнің төрт бұрышына бағытталған төрт бұрышты қалыпта. Солтүстік-шығыс қабырғасы 675 м, оңтүстік-шығысы 565 м. Кіреберіс қақпа солтүстік қабырға бойында болған. Дүнгене қалашығы орнында тереңдігі кей жерлерде 4,5 метрге дейін жететін жалпы аумағы 60 шаршы метр шурф салынды. Осы қазба нәтижесінде ғалым ескерткішті қарахан дәуіріне, яғни, IX-XIII ғасырларға жатқызады [100, 10 п.].

Табылған қыш ыдыстар нәтижесінде ғалым қыш ыдыстар жасалу технологиясы туралы бірнеше қорытындылар жасап өтеді:

1. Қарабайыр қазан тәріздес ыдыстар табылған қабаттардан бұрын құймалы қыш ыдыстар орналасқан;

2. XII ғасырдың екінші жартысынан соң құймалы қыш ыдыстар мүлдем кездеспейді;

3. Парсылық шеберлердің қыш ыдыстары саны өте аз. IX-XII ғасырларға жататын қыш ыдыстар саны аз және олар жасалу техникасы жағынан Тараздық жәдігерлерге қарағанда нашар сапада;

4. Біршама бағалы ыдыстарға таңба салынған;

5. Мал арасында қой мен түйе малдары басым. Ірі қара жоққа тән дей келе осы аумақтағы қала мәдениетіне тән ерекшелікті бөліп көрсетуге тырысады [115, с. 84].

Ғалым бұл қалашықты саяхатшы Вильгельм Рубрук сипаттап кеткен ортағасырлық *Қойлық (Қаялық)* қаласымен баламалады [100, 20 п.].

Шеңгелді ауылы маңынан табылған елдімекенді ортаазиялық типті цитаделі бар қалашық деп есептеді. Бекінісі өте үлкен емес, шаршы түріндегі қалашық орнынан экспедиция жұмысы барысында су құбырлары мен қыш ыдыстар табылды. Осы табылған жәдігерлерді сараптай отырып ғалым бұл қаланы мекендеген тұрғындар ирандықтар болған дей келе, бұл қаланың *Эквиус* (Екіоғыз) екені күмән тудырмайды деп есептеді. Өз сөзінің дәлелі ретінде А.Н. Бернштам Вильгельм Рубруктың Қаялықтан Эквиусқа дейін бір тәулікте жеткені туралы мәліметін келтіреді. А.Н. Бернштам В. Рубруктың моңғолдардың пошталық қатынас жолы арқылы жүргенін және олардың бір тәуліктік жол жүру шамасы 150-200 шақырым болатынын есепке ала отырып, Шеңгелді (Эквиус) және Дүңгене (Қаялық) арасы тура осы шамада екенін атап кетті. Дүнгене мен Қаялық арасын жалғайтын, Үлкен және Кіші Біже өзендері арқылы өтетін жол бойында керуен сарайлар орналасқан [5, с. 86].

Ғалым келесі мақаласында ортағасырлық Эквиус және Қойлық атаулары шығу тегі туралы да сол уақытта ғылымда орын алған ой-толғауларға тоқталып, өз тұжырымын алға тартады. Мысалы, Эквиус терминін Махмут Қашқари сөздігіндегі Екі Оғыз атауының өзгертілген түрі деген пікірге қосылатынын білдірсе, Қойлық атауын түркілік «қой бағуға арналған жайылым» мағынасынан туындаған деп ой түйіндейді [100, с. 23].

Дегенмен, кейіннен К.М. Байпақов Іле бойында жүргізген зерттеулері нәтижесінде А.Н. Бернштамның бұл тұжырымын теріске шығарды. К.М. Байпақов ең басты дәлел ретінде, бұл қала орнынан XIII ғасырға жататын материалдың табылмауын тілге тиек етеді. Сондай-ақ, қаланың көлемі ортағасырда кеңінен белгілі болған Эквиусқа тең емес, жалпы көлемі 75х75 м төрткүл типтес қала немесе керуен сарай болғанын алға тартады. Ал Қойлықпен шендестірген Дүнгене қаласын К.М. Байпақов Эквиус деп есептейді [71, с. 36]. А.Н. Бернштамның Дүнгене қаласының орнынан іздеген Қаялық қаласы Іле алқабындағы Қойлық (Антоновка) ауылы маңында орналасқан қала орнымен баламалайды.

Өз зерттеулерінің қызықты бір нәтижесі ретінде, А.Н. Бернштам сол уақыттағы жергілікті халықтың ерекше орналасуын атап көрсетеді. Ғалым өз пайымдауын былай жеткізеді: «Түркілерден және арасында аздаған көшіп келген парсылардан тұратын отырықшы жер өңдеуші жергілікті халық VII-XIV

ғасырларда суға бай Іле өзенін игермегенін» айтады. Оның себебін автор жер өңдеу ісіне игеруге қолайлы Есік, Талғар, Шелек секілді кішірек тау өзендерінің көп болуымен түсіндіреді. Сол себепті де XI-XII ғасырларда жер өңдеу отырықшы қоныстар Талғар, Есік, Түрген, Шелек, одан әрі оңтүстік шығысқа қарай, Кеген, Шарын секілді бастауын биік таулардан алатын кішігірім өзендер бойына орналасқан. Ал, мал шаруашылығын жүргізуге өте қолайлы Іле алқабында ол уақытта көшпелі түркілер мекен еткен деп жазады. Іленің сол жағалауында жүздеп, тіпті мыңдап шоғырланған қорғандарда жүргізілген қазба жұмысы оларды VI-VIII ғғ. жататынын көрсетті [116, с. 112].

1939 жылғы Алматы облысы аумағында Жетісу археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеулер нәтижесінде ғалым Іле жазығы ескерткіштерінің типологиялық өзгешеліктерін анықтады. Олардың қатарына қалашықтардың «мұсылмандық» қабатында сырлы қыш ыдыстардың болмауы, қыш ыдыстардың оюлары мен бедерленуінің жұтаңдығы, қалаларда цитадельдердің болмауы, елді мекен топографиясының сауда жолдарына тәуелділігі секілді ерекшеліктерді атап өтті [100, 29 п.].

Зерттеуші қоныстардың тау өзендерін бойлай орналасқан, төрткүлдер – керуен сарайлардың орналасуын керуен жолдары бойымен байланысты деген шешімге келеді. Іле алқабында ғалым екі керуен жолын атап көрсетеді: олардың бірі – Талғар қалашығы жанынан өтіп одан әрі қарай Есік, Түрген керуен сарайларына соғып, одан әрі оңтүстікке – Кеген және Темірлік тауларына бет алған. Бұл жолды *Оңтүстік Іле керуен жолы* деп атайды. Ал екінші керуен жолы *Солтүстік Іле жолы* Рубрук маршрутымен бірге Эквиус Қойлық қалалары арқылы Қапалға дейін баратындығын жазады [115, с. 90].

1940 жылы ҒА Қазақстан филиалы мен Н.Я. Марр атындағы ММТИ институты бірлесе ұйымдастырған экспедицияның 1940 жылғы жұмысы туралы А.Н. Бернштамның есебі ММТИ Мұрағатының Қолжазба бөлімінде сақталған. 1940 жылғы экспедицияның 1-маршруты Алматы облысы бойынша жүрген. Бұл аумақта, біріншіден, Іледен Қоянқұзға дейінгі аумақты ежелгі Эквиустың орны туралы түпкілікті шешімге келу мақсатында таңдайды. Негізінен Іле өзенінің оң жағалауындағы жұмыстар 1939 жылы жүргізілгенімен, мәселе толықтай шешілмегендігі айтылады. Ертедегі отырықшы-жер өңдеуші елдімекендерде зерттеу жүргізу мақсатында Іле өзенінің сол жағалуында, Қарғалы станциясынан Шелекке дейін бірнеше қалалар орындары зерттеледі. Бұл елдімекендер белгілі бір жолақта ғана орналасып, Балтабай, Моловодное, Евгеньевка ауылдарынан ары қарай таралмаған деп сипаттайды. Бұл ауданның ең ірі қаласы ретінде ғалым Шелек қаласын атап өтеді. Оның мәдени қабаттарынан XI-XII ғғ. қарахан кезеңіне жататын қыш ыдыстар табылды. Бұл қаланы А.Н. Бернштам ең шеткі, көшпелілердің шегінде орналасқан қала деп сипаттады. Ал одан әрірек, Шарын және Кеген жазықтарында отырықшы елді мекендер кездеспегенін айтады. Бұл аумақтарда тек Кеген ауылы маңындағыдай қорғанысты қабырғалы керуен сарайлар болуын осы аумақтан Орта Азияның отырықшы қалаларын Шығыс Түркістан мен Қытаймен байланыстырған сауда жолының өткенін байқатады [88, 1 п.].

Ал Жетісу көшпелілері бойынша да көптеген материалдар жинақталған б.з.б. VII-V ғғ. жататын скиф дәуірі қорғандары Қарашоқы, Кеген ауылдары маңынан табылды. Сондай-ақ VI-VIII ғғ. жататын түркі дәуірі ескерткіштері Қарғалы, Қарашоқы, Шелек, Ұзынбұлақ ауылдары маңынан табылған [88, 2 п.].

А.Н. Бернштам Алматы облысы аумағындағы көне ескерткіштеріне арналған «Памятники старины Алматинской области» атты мақаласында Іле және Жоңғар Алатауларының баурайлары, Іле өзені аңғарының археологиялық картасын жасады [115].

Жалпы ғалым Талас пен Шу алқабын жер өңдеушілер мекен еткен аймақ деп есептесе, Іле жазығында отырықшы мәдениет тау бұлақтары маңы секілді аздаған аумақтарды ғана қамтығанын, елді мекендер топографиясы Оңтүстік-Ілелік, яғни Шығыс Түркістандық және Солтүстік-Ілелік, яғни монғолдық сауда жолдарына бағынышты болған деп санайды. Ал аумақтың басқа аудандарын түгелдей көшпелілер мекендеген.

Шу-Талас өзенаралығы мен Іле алқабы қалаларының басты айырмашылығы ретінде ғалым алғашқыларының құрылымдық жағынан Мәуереннахр қалашықтарынан айырмашылығының жоқтығын, яғни шахристан, рабад, цитадель секілді архитектониканың болуы деп санаса, Іле алқабының қалаларында цитадельдың жоқтығын атап өтеді. Бұл ерекшелікті ғалым біріншіден, Іле қалаларының неғұрлым кейінгі уақытта, яғни IX-X ғғ. пайда болуымен, екіншіден, көшпелілер ордасының кейіннен қабырғамен қоршалып қалаға айналуымен түсіндіреді [141, с. 93].

Іле жазығының қыш ыдыстарында Шу-Талас өзенаралығы бойындағы қыш ыдыстардан ерекшелігі – таңбалардың салынуы болды. Екі аумақ ескерткіштерінен табылған материалдардың тағы бір ерекшелігі ретінде – Шу-Талас қалаларының мәдени қабаттарында барлық үй жануарларының сүйектері бірдей табылып отырса, Іле алқабындағы қалаларда, әсіресе, Қойлықта (Дүңгене) қой сүйектері әлдеқайда көп кездеседі. Іле алқабы қалаларының ерекшеліктеріне құймалы қыш ыдыстардың аз көлемін және тамақты даярлау және сақтауға арналған тұрпайы, әрі ірі ыдыстардың біртектес формалары болуы жатады. Ғалымның ойынша, пияла, кесе секілді ыдыс түрлері өте аз болуы олардың кең таралмауының белгісі болған. Құймалы емес қыш ыдыстардың өрнектелуінде толқын тәріздес өрнектер, жабыстырмалы иірім, сирек оюлар тән болған [141, с. 94].

Алматы облысы аумағының археологиялық зерттелуі А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы жұмысы тәмамдалған соң, ғалымның шәкірті Е.И. Агеева, сонымен қатар, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов сынды айтулы ғалымдар зерттеулерінің өзегіне айналды. Алматы қаласының археологиялық зерттелуіне тоқталатын болсақ, К.М. Байпаковтың Жетісу мен Алматы аумағындағы сақтар мен үйсіндердің елдімекендеріне арналған монографиясында 20 жылда ашылып, зерттелген сақ-үйсін кезеңінің отырықшы қоныстары толықтай қамтылған [155]. З.С. Самашев бастаған авторлар тобының Боралдай қорғанына арналған ұжымдық еңбегі қала тарихының зерттелуіне арналған өзіндік үлес болып табылады [156]. Еңбекте

Алматы қаласының солтүстігінде орналасқан Боралдай қорымын мұражайландыру жобасы бойынша жүзеге асқан археологиялық зерттеулердің нәтижелері енген. Диссертанттың Алматы қаласы аумағындағы археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихына арналған мақаласы да бар [154].

2004 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша, Талғар, Қойлық қалаларында қазба жұмыстары жалғастырылды. 2014 жылы Талғар, Қойлық қалалары ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енді.

Қорыта келе айтарымыз, А.Н. Бернштамның қазіргі Алматы облысы аумағында Жетісу археологиялық экспедициясына басшылық етіп жүргізген жұмыстары өлкенің археологиялық жағынан зерттелуінің бастауы болды. Көптеген ескерткіштерге барлау жұмыстарымен қатар, қазба жұмыстары да жүргізіліп, ой түйіндері айтылды. Олардың кебіреулері қазіргі уақытта да өз маңызын жоймаған. Дегенмен, ғалым Іле алқабы қалаларының орнын өте төмен көрсетеді. Бұл аймақты Шу ауданының ауылдық аймағы деп те атайды. А.Н. Бернштамның осы аумақты зерттеу барысында В.В. Бартольдтың бұл аумақта қандай да бір ерекше ескерткішті кездестіру мүмкін емес деген ойына қосылып, бүкіл Шығыс Жетісу туралы осындай пікірді таратты [115, с. 87-88]. К.А. Ақышев Қазақстан археологиясының дамуына арналған өз мақаласында 1954-1966 жж. Жетісуда жүргізілген зерттеулер В.В. Бартольд пен А.Н. Бернштамның бұл пікірінің қате екеніне көз жеткізді деп жазады [158, с. 78]. Жалпы мұндай пікірдің пайда болуының себебін жеткілікті дәрежеде археологиялық материалдардың жинақталмауымен түсіндіруге болады.

### 3.2 Талас алқабында ортағасырлық ескерткіштер мен сәулет орындарына жүргізілген зерттеулер

КСРО ҒА ММТИ мен ҒА Қазақ филиалы және Қырғыз КСР Халық Комиссарлар кеңесі Ғылым комитетімен біріге ұйымдастырылған, А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы 1936-1938 жж. Талас жазығында, 1938-1940 жж. Шу және Іле жазықтарында археологиялық зерттеулер жүргізгенін атап өттік.

ММТИ Мұрағатының Қолжазба қорындағы № 46 істегі А.Н. Бернштамның өз қолымен жазылған «Предварительный отчет о работах археологической экспедиции в Киргизии и Казахстана в 1938 г на 63 листах» атты қолжазбасында экспедиция ұйымдастырыуы туралы жаза келіп, 1938 жылы өзінің үш экспедицияға 1. Тараз қаласында қазба жүргізген Ғылым Академиясының Қазақ филиалының экспедициясы, 2. Таластың төменгі ағысы мен Ассы өзені бойында зерттеулер жүргізген КазКСР Орталық Халық Комиссариаты жанындағы Қорықтар мен ескілік ескерткіштерін қорғау басқармасымен бірлесе ұйымдастырылған экспедиция, 3. Таластың жоғарғы ағысы мен Шу бойында зерттеулер жүргізген Қырғыз КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым Комитеті ұйымдастырған экспедицияларға басшылық еткенін атап өтеді. Бұл экспедициялар құрамында ММТИ-нан Л. Розина, Н.Г. Кипарисова және А.Н. Белиницкий болса, жергілікті ғылыми

қызметкерлерден Қазақстаннан Б.Н. Дублицкий, Г.И. Пацевич, Қырғызстаннан Б.Н. Зимма және осы екі елдің педагогикалық оқу орындарының студенттері қатысқанын жазады. Тараздағы 1938 жылы жүргізіген археологиялық жұмыстарға Л.Ю. Якубовский кеңесші болғандығын атап өтеді [89, 2 п.].

Өзінің 1936 жылғы есебінде А.Н. Бернштам ескерткіштер соншалықты көп шоғырланған болса да, бұл аумақтың өткен ғасырдың 90-жылдары В.В. Бартольдтың үстіртін жүргізілген барлауларынан өзге зерттелмегенін тіпті Талас өзенінің төменгі ағысына археологтардың аяқтары тимегенін атап өтеді. Экспедицияның 1936 жылғы басталу нүктесі Мирзоян (Жамбыл) қаласы болған [99, 118 п.].

Осы Мирзоян қаласынан Меркеге барар маршрутта экспедиция бірқатар ескерткіштерді есепке алды. Олардың қатарына көпшілігінде тоналған қорғандар, елдімекен-қалашықтар және тасқа салынған суреттер, құрбандық шалу орындары және мазарлар болған. Обалар туралы айта келіп, ғалым белгілі бір шатқалдарда бөлініп орналасуы олардың белгілі бір руға тиесілі болуының белгісі болуы мүмкін деп және обаларға қазба жүргізу экспедиция мақсатына кірмеуі себепті кездескен қорғандарды сыртынан фиксациялаумен шектелгеніне тоқталады [99, 119 п.].

Ал елдімекендерді үш түрге бөліп қарастырады: 1. Отырықшы типтегі қалашықтар – Қостөбе, Луговое, Мерке қалашықтары. Олардың бекіністерінің ішінде де, сыртында да тұрғынжайлар бар. 2. Төрткүлдер. Олар ерекшелігі ретінле ғалым жеке-дара орналасуын, бір-бірінен 10-15 шақырым қашықтықта, тау етегіндегі тегіс жерлерде салынуын көрсетеді. Төрткүлдердің қалашықтардан айырмасы олардың көлемі, ішінде ешбір құрылыстың болмауы және беткі қабатында материалдардың кездеспеуінде деп атап көрсетеді. Төрткүлдердің саяси мәні анық емес дей келе, Александровск жоталарындағы керемет жайылымдарды қорғау үшін салынған әскери мәндегі құрылыстар ретінде сипаттайды. 3. Төбелер (холм) – төменгі қабаттары материалдарына байланысты малшылардың елді мекені деп бөледі [99, 119-121 п.].

1941 жылы «Памятники старины Таласской долины» деген атаумен 1936, 1938 және 1939 жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде тарихи-археологиялық очерк жарыққа шықты. Бұл еңбекте Талас өңірінің Қазақстан аумағында орналасқан ескерткіштер, әсіресе, Тараз қаласы туралы зерттеулер топтастырылған. Очерктің бірінші тарауы «Жалпы мәліметтер» деп аталып, ең алғаш рет В.В. Бартольдың «Отчет о командировке в Среднюю Азию» атты есепті еңбегінде Әулиеата қаласының ортағасырлық Тараз қаласымен баламалаған идеясының дұрыстығын және де В.А. Каллаур, П.И. Лерх, В. Лавреньтев, Н. Лыкошин секілді Қазан төңкерісіне дейінгі өлкетанушылар мен саяхатшылар еңбектерінде де Тараз қаласы туралы мәліметтер келтірілгенін атап өтеді [123, с. 7].

Осы еңбекте ғалым Талас алқабына географиялық топонимикалық сипаттама бере келіп, А.Н. Бернштам осы аумақтың ескілік ескерткіштерін төмендегідей топтарға жіктеп көрсетеді: 1. Қалалар; 2. Елді мекендер; 3. Бекіністер; 4. Сарайлар; 5. Керуен сарайлар; 6. Бекініс құрылыстары; 7.

Жекелеген құрылыстар, мазарлар; 8. Қорғандар; 9. Тұрақтар. Осы жіктелген археологиялық ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер олардың ортағасырлық Таразбен тығыз байланысын көрсетеді [123, с. 9].

Сондай-ақ, 1949 жылы А.Н. Бернштамның редакциялауымен «Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.) Таласская долина» атты жинақ жарыққа шығады. Бұл жинақ экспедиция мүшелерінің күнделіктерінен тұрады. 1940 жылы жинақ толықтай жазылып, профессор М.Е. Массонға қарастыруға беріледі. М.Е. Массонның тарихнама жағынан айтқан бірнеше ескертулері мен ұсыныстары назарға алынады [129, с. 5].

Экспедиция Талас өзенінің оң жағалауында Кеңес ауылы мағында орналасқан Қостөбе бекінісіне зерттеу жүргізеді. Бекініс құрылысы үш бөліктен 1. Сыртқы қабырғадан, 2. Бекіністің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан кішірек құрылыстан, 3. Солтүстік-батысында орналасқан цитадельден тұрады. Бекіністің ішкі аумағы 18 га. Табылған материалдар негізінде қалашық VI-XII ғғ. кезеңделеді [99, 120 п.].

Сондай-ақ, ғалым Құсақ өзені бойында, Құрама колхозы маңында орналасқан жалпы көлемі 6 гектар жерді алатын төрткүлді сипаттай келе, бұл бекіністе ешқандай құрылыс орны байқалмайтындығын айтады. Сонымен қатар, Құсақ өзенінің сол жағалауында орналасқан Ақтөбе төбешігі мен оның жанындағы Ақтөбе күмбезі, Сарыөзек өзенінің төменгі ағысында орналасқан Нарымбай төрткүлі, Таластың сол жағалауындағы Тегістік колхозы маңындағы үш төрткүл, Қонысбай, Қаратөбекүл төрткүлдері, Жантай мен Жан күмбездері, Машанайтөбе, Маржантөбе, Құрманбайтөбе қала орындары сипатталады. Экспедиция жұмысы барысында бұл ескерткіштерге қазба және зерттеу жұмыстары жүргізілмеген, тек қала топографиясы сыртқы қабырғалары мен мұнаралары және жер бетінен табылған қыш ыдыстары бойынша қысқаша баяндалып кеткен [129, с. 106-110].

Ғалым Талас өзенінің сол жағалауында 1,5 шақырым жерде орналасқан Оқхум қаласына айырықша тоқталып, Оқхум бекінісі екі қоршау мен ортада орналасқан цитадельден тұрады деп жазады. Қақпалар батыс және шығыс қабырғалар бойында орналасып, қабырғаларды бойлай 14 мұнарасы болған, оның 13-і сақталған. [129, 110].

1936 жылғы жұмыстардың орталық пункті – Талас өзенінің сол жағалауында орналасқан, ортағасырлық араб географы Аль-Макдиси шығармаларында кеңінен сипатталған ортағасырлық Тараз қаласы болды.

ММТИ-ның Мұрағатының Қолжазба бөлімінде 35 қордың 1-тізбегінде 169 реттік номермен сақталған Іс-құжатта «Ежелгі Тараз қаласы орнында археологиялық жұмыстар жүргізу туралы Келісім» сақталған. Ол жерде 1938 жылдың 2-сәуірінде КСРО ҒА Қазахстан филиалы атынан Л.П. Мамет пен КСРО ҒА ММТИ атынан директордың орынбасары М.И. Артамонов арасында 1938 жылы бірігіп ОҚО Мирзоян қаласында археологиялық жұмыстар жүргізу туралы құжат сақталса, ҒА Қазақстан филиалы осы жұмыстарды 33400 рубль көлемінде қаржыландыратыны жазылған. Сондай-ақ, ҒА Қазақстан филиалының 1938 жылдың 4-маусымындағы №52 Бұйрығында далалық кезең

ретінде 1938 жылдың 4-маусымнан 1-қыркүйекке дейінгі уақыт белгіленген [89, 1-2 п.]. Осы істе А.Н. Бернштамның жүргізілген археологиялық жұмыстар туралы ҒА Қазақстан филиалы мен Н.Я. Марр атындағы ММТИ-на берілген Рапорты сақталған. 1938 жылдың 1-қыркүйегінде аяқталған археологиялық жұмыстарды қорытындылай келіп, Тараз қаласы орнында археологиялық жұмыстар негізінен шахристанда және цитадельде жүргізілгенін, барлығы 3 қазба мен 13 тазалау болғандығын баяндайды [89, 4 п.].

Мұрағат құжаттарында экспедиция жұмысының аяқталуымен жергілікті Өлкетану мұражайында 12-тамызда көрме ашылғаны туралы жазылған. Бұл көрменің Жамбыл қаласында 15-қыркүйекке дейін болатынын, одан кейін Алматыға, ал одан кейін Ленинградқа ауысатынына тоқталған. 48 жәшіктен тұратын коллекция Ленинград қаласына жіберілгені туралы айтылған [91, 6-8 п.].

1936 жылғы барлау жұмыстары нәтижесінде А.Н. Бернштам Макдиси мен қытай діндары Сюань-Цзянь сипаттаттаған ортағасырлық Тараз қаласы Жамбыл қаласының базары орнындағы қаламен баламаланады деп алғаш рет өз пікірін білдірді. 1939 жылы жарық көрген «Археологические работы в Казахстане и Киргизии» атты мақаласында Тараздың алғашқы өлшемдері ретінде цитадель көлемін 145x113 м деп көрсетіп, оны шахристанның солтүстік бөлігінде орналасқан деп атап көрсетеді. Шахристан ұзындығын шығысында – 390м, солтүстігінде – 360 м, жалпы көлемі 14 га аумақты құраған [99, 141-142 п.].

Алғашқы №1 қазба Шахристанның солтүстік-шығыс бұрышына түсірілді. Көлемі 145x113 метр болатын цитадель шахристанның солтүстік бөлігіне қарай орналасып, төрт бұрышы әлемнің төрт бұрышына бағытталған. Қала Жамбыл қаласының орнында қалғандықтан өте қатты бұзылған, әсіресе цитадельдің солтүстік-батыс жағы қатты бұзылған. Аршылған қабаттар V ғасырдан XIX ғасырға дейінгі уақытты қамтитын қаланың бес ірі хронологиялық кезеңін анықтап берді. *Бірінші кезең* – қазіргі уақыт қабаты деп белгіленіп *XIX-XX гг.* кезеңделіп, қалыңдығы 0.25-0.70 м. болса, *екінші кезең XIII-XV гг.* мәдени қалдықтарын қамтиды және тимуридтік көгілдір және парсылық қыш ыдыстармен ерекшеленеді. Құмыра жасау шеберханалары кездескен. Осы қабаттың өзіне тән белгісі – құймалы қыш ыдыстардың көп болуы және бай өрнектелуі болып табылады [99, 142 п.]. *Үшінші қабат XI-XII гг.* қамтиды. Тараз қаласының гүлденуі де осы уақытқа жатады. Саманидтық династия жойылып, орнына Қараханидтер келген осы уақыт аралығында Тараздың маңызды, саяси тәуелсіз автономды өлкеге айналуы қаланың гүлденіп, дамуына мүмкіндік берді. Табылған заттар арасында қыш ыдыстар өте басым. Құйылмалы қыш ыдыстар да одан әрі жетілдіріліп, күрең түсті құймалар көптеп кездеседі. Тұрмыстық құйылмаған қыш ыдыстар да сырты жылтыратылып, ангобталып, құмыра шығырында жұқа етіп жасалған. Осы үшінші қабат қыш ыдыстарына А.Н. Бернштам ортағасырлық қыш ыдыстар өндірісінің дамуының шырқау шегі деп баға береді [123, 53]. Сонымен қатар осы қабатта көптеген елдердің теңгелері табылған. Оларды түркі-қытайлық, түргештік, мұсылмандық және т.б. деп ажыратқан ғалым рим солидына ұқсас алтын теңгенің

табылғанынан да хабар береді. Сондай-ақ терракота жасайтын қалып – ер адам бейнесі табылған. Бұл ер адам бейнесі ортаазиялық тұрғындардан ерекше дей келе біршама оңтүстіктік, тіпті батыстық тұрғындарға келетінін айтып өтеді [99, 145 п.]. Экспедиция осы қабаттан қала ішінде шығыстан батысқа қарай үздіксіз созылған 12 м 80 см су құбыр жүйесін ашады. Құбыр диаметрі 0,21-0,23 см, ал ұзындығы 0,70 м дейін барған. Ғалымның пікірінше, бұл құбырлардың қызметі – қалаға су әкелу болған. Шығырдың көмегімен Талас өзенінің суы хауызға құйылып, сосын осы құбырлар арқылы бүкіл қалаға таралған. Қазба барысында құбырлардың салыну кезеңі XI-XII ғғ. жататыны анықталды [99, 53-54 п.]. Бұл су құбырының қызметі туралы сыни бағытта жазылған Г.И. Пацевичтың «Несколько замечаний по работам А.Н. Берштама «Археологические работы в Казахстане и Киргизии в 1936- и 1938 гг» жазбасы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында сақталған. Бұл мақаласында Г.И. Пацевич А.Н. Бернштамның осы су құбырлары шығыр арқылы су тартып, қаланы сумен қамтамасыз етуге арналған деген ойына келіспейтінін айта келе, қаланың жер асты суына бай екендігін ескере отырып, осындай күрделі жүйемен су тарту ақылға сыйымсыз деген пікірін білдіреді. Қаланы сумен қамтамасыз ету үшін мұндай күрделі жүйелер салмай-ақ, қарапайым арықтар арқылы жеткізуге болатын дейді. Сонымен қатар құбырлардың шығыстан батысқа қарай жүргізілгенін, және жіңішке құбырлардың жуандарға кіріге орналасқанын, яғни су келу жолына қарама-қарсы бағытта жасалғанын атап көрсетеді. Осы ойларын корыта келе Г.И. Пацевич бұл құбырларды орталық канализация бөлігі болған деп санайды [99, 2-4 п.].

Экспедиция цитадельдің солтүстік–шығыс мұнарасы маңынан XI-XII ғасырларға жататын моншаны тауып, қазба жүргізді [99, 154 п.]. Монша көлемі 13,48х12,45 м, көлемдері 0.85-0.25-0.045 м жақсы күйдірілген кірпіштерді балшықпен қалап салынған (8-сурет). Іргетасының қалдығы және қабырғаларының бір бөлігі қазіргі заманғы құрылыстар астында қалған. Монша бес бөлме мен сыртқы қабырғасы жоқ екі алаңқайдан тұрған. Әр бөлмеде жуынатын астаулар, ванналар, су кететін құбырлар болған. Үш бөлме қабырғасында сол уақытқа тән фресканың қалдықтары сақталған. Сызба сюжеті қызыл, қара және сары түспен орындалған геометриялық оюлар – бір-бірімен кресттер арқылы жалғасқан сегіз жақты жұлдыздар, сегіз бұрыштар, үш жапырақшалы пальметталар. Ванналар, кандар және үлкен шомылатын астаулар сақталған. Жылыту жүйесі қабырғалар арасымен және еден астымен өткен жылу құбырлары арқылы жүзеге асқан. Монша едендері үлкен кірпіш плиталардан тізілген және олардың астынан да жылыту құбырлары жүргізілген.



8-сурет. Ежелгі Тараз №2 қазба – моншаның ОБ-СШ жалпы көрінісі. 1938 жыл. ҚазКСР. 1936 жыл. (ФМ, О.150859)

Құрылыс көп куполды, әр бөлменің өз куполы болған. Әр куполдың орташа радиусы шамамен 1 метр шамасында. Әрбір купол ішкі жағынан сыланған және қара, көк және қызыл түспен өрнектелген. Ғалым жалпы монша құрылысынан қабырғаның 0,45 метрден 1 метрге дейінгі төменгі бөліктері, кірпіштен тізілген едені және қабырғаның жалғасы іспеттес жерге 0,60-0,78 м шамасында кіріге салынған іргетасы ғана сақталғанын айтып өтеді, моншаға кіре беріс солтүстік қабырғада орналасқан [99, 155 п.].

Бұл қабат жәдігерлерінің өте жақсы сақталғанын А.Н. Бернштам қала құрылысында тас төсеу ісінің (тратуарлар, арықтар, құдықтар т.б.) кең таралғанынмен түсіндіреді (9-сурет). Үшінші қабаттан өте көп көлемде қыш ыдыстар қалдықтарының табылуын ғалым қыш өндіру өнеркәсібінің жоғарғы деңгейде болғандығынан деп баға береді. Жекелей қарағанда А.Н. Бернштам саманидтық қыш ыдыстарды қараханидтықтардан ажырату қиын деп санайды. Дегенмен де бірнеше ерекшеліктер байқалады дей келе, олардың қатарына – құймалы ыдыстар арасында бояулар санының көбейгенін, ал олардың оюлары арасында түсі қою қызыл бояулы екі және төрт жиекті розеткалар көбейеді және қыш ыдыстардың бүкіл беті оюлармен өрнектеле бастайды деп сипаттайды [123, с. 52].

*Төртінші кезең VII-X ғғ.* қамтып, бұл қабаттан да 3-кезең секілді материалдар табылған. Қабат қалыңдығы 0.95-1.10 м. Қарахандық керамикаға қарағанда, бұл кезең қыш ыдыстары сюжеті бойынша да, даярлану техникасы

бойынша да алуан түрлілігі атап көрсетіледі. Сондай-ақ, осы қабатта «соғдылық қыш ыдыстар» да табылған [98, 147 п.].



9-сурет. Ежелгі Тараз. Оңтүстік қабырғадағы ванналы ниша. КазКСР. 1936 жыл. (ФМ, О.1508.39)

Осы саманидтық кезең тарихын қорыта келе, А.Н. Бернштам бұл кезеңді түркі тайпаларының отырықшылыққа көптеп тартылуымен, ирандық, соғдылық халықтың түркілермен ассимиляциялануымен және түркілердің өміріне исламды енуімен сипаттайды. Тараз қаласы IX-X ғғ. көшпелі түркі тайпалары арасында, әсіресе қарлұқтар арасындағы исламның форпостына айналды деп баға береді [123, с. 49].

*Бесінші кезең VI-VIII ғғ.* аралығын қамтиды. Мұрағаттағы өз есебінде ғалым табылған жәдігерлерге қарай бұл қабатты б.з.б. II- б.з. V ғғ. кезеңдейді [98, 150 п.]. Қалыңдығы 0.89-0.84 м. Бұл кезеңнің ерекшелігі ретінде құймалы қыш ыдыстардың болмауын және ыдысты өңдеудің жалғыз жолы – жылтырату (ангобтау) әдісі болғанын атап көрсетеді. Бұл кезеңге жататын заттар ретінде жылтыратылған қыш ыдыстар, маймыл бейнелі ассуарий құлағы, ер-тұрманымен бірге жасалған жылқы мүсіншесі, құс басы мен мойыны бейнелі ұстағыштары бар ғұрыптық заттарды келтіреді. Тараз қаласының қыш ыдыстарын зерттей отырып, шығу тегі жергілікті құймалы қыш ыдыстар халық сұранысын қанағаттандыра алмағандықтан, мұнда афрасиаб типті ыдыстар сырттан әкеліне басталды деп жазады [95, 171 п.].

Тараз қаласы пайда болуын ғалым V ғ. жатқызды және осы округтың көптеген қалалары секілді, XII ғасырда қарақытайлардың Хорезмге шабуылы нәтижесінде құлдырап, кейіннен Хорезмшахтың шабуылдары әсерінен одан әрі әлсірейді. Ал 1219-1220 жж. моңғол шапқыншылығы нәтижесінде қиратылған.

Дегенмен, Тараз қаласы әлі де біраз уақыт өмір сүргенінің дәлелі ретінде жұқа мәдени қабаттың табылуын көрсетеді.



10-сурет. Жұмыскерлер демалыс күні. 1936 жыл. (ФМ, О -1510.38)

Ал 1307 жылы шағатайлықтардың Кайду мемлекетіне жасаған шапқыншылығы әсерінен толықтай өз тіршілігін тоқтатады [123, с. 64]. Осылайша, ортағасырлық Тараз қаласы мен оның аумағындағы ескерткіштердегі кең көлемдегі қазба жұмыстары нәтижесінде (10-сурет) осы аумақтың археологиялық материалдарын кезеңдеу ұсынылды, қала дамуының негізгі этаптары және оның аумағының қалыптасу жолы анықталды. Тараз қаласын көптеген ортағасырлық Мауереннахр қалалары секілді үш бөліктен – цитадель, шахристан және рабаттан тұратыны анықтады. Осындай ортаазиялық қала типінің Жетісу аумағында пайда болуын А.Н. Бернштам соғдылық отарлаумен байланыстырды [123, с. 19].

Тараз қаласынан табылған VIII ғ. жататын көптеген түргештік теңгелерге жасаған сараптама нәтижесінде, А.Н. Бернштам қала түркі-қытайлық және түргештік теңгелерді соғу орталығы да болған деп есептейді [123, с. 30]. Дегенмен, қала рабаты туралы айта келіп А.Н. Бернштам рабадтың формасы мен шекарасын анықтап бере алмады. Ол рабат шахристаннан оңтүстікке қарай Жамбыл қаласының ескі бөлігі құрылыстарының астында жатыр деген ой айтты. Бұл мәселелердің барлығына кейіннен өз монографиясында Т.Н. Сенигова кеңінен тоқталады [54].

1938 жылы Тараз қаласында жүргізілген қазба жұмыстарына кеңесші болған А.Ю. Якубовский А.Н. Бернштамға Айша Бибі және Бабажа хатун ескерткіштерін зерттеуге кеңес береді. Осы кеңесті ұстанған ғалым «К происхождению мавзолея Бабаджи хатун» атты мақала жазып, бұл мақаласы тек 1956 жылы жарық көреді [159]. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында Е.И. Агееваның Тарих, археология және этнография институтының директоры, профессор Покровскийге жазған хатында өзіне 1947 жылы А.Н. Бернштамның осы мақаланы Хабаршының Археология сериясының бір санына шығару үшін жібергенін, бірақ осыншама уақыт бойы белгілі бір себептерге орай, ешбір номерге енгізілмегенін айтады. Е.И. Агеева осы хатында А.Н. Бернштамның осы мақаланы өзіне қайыра салып жіберуін өтінген жеделхатын қоса көрсете отырып, мақаланы иесіне қайтаруға рұқсат сұраған [107, 2 п.]. Е.И. Агеева «белгілі бір себептермен» деуін сол кездегі саяси жүйенің А.Н. Бернштамға қырын қарауы мен ғылыми-шығармашылық қызметіне тосқауылдар қоюымен түсіндіруге болады.

Тараз қаласынан 18 шақырым оңтүстік-батысқа орналасқан кесененің қабырғасы және ішкі беті әрленбеген. Архитектурасы Айша бибі кесенесінен өзгеше әрі порталсыз. Сәулет өнерінің көптеген белгілері бұл кесенені Орта Азияның ең құнды және ерекше ортағасырлық архитектуралық ескерткіштері қатарына қояды деп бағалайды [107, 11 п.]. Ескерткіш құрылысын толықтай сипаттай келе, ғалым бұл кесене қараханидтық ескерткіштерден гөрі саманидтық архитектураға көп жақын деген шешімге келеді, және мұндай төбелі ескерткіштердің отаны Кавказ деп санап, батыстық және оңтүстік-батыстық элементтердің енуін ортағасырлық христиан-несториандармен байланыстырады, аналогтары X-XII ғасырлардағы армян ескерткіштері арасынан табылуы мүмкін деп санайды. Құрылыстың салыну уақытын XI ғ. жатқызады [156, с. 86-94].

Ал Айша Бибі кесенесі туралы «Труды Семиреченской археологической экспедиции. Таласская долина» жинағынан оқимыз. Бұл жерде Айша Бибі кесенесін қатты бұзылған, көлемі 7,60х7,62 м шамасындағы күйдірілген кірпіштен тұрғызылған кесене деп сипаттайды. Қабырғаларының арасында тек батыс қабырғасы ғана біршама жақсы сақталғанын көрсетеді. Кесене ішінде бейіт орналасқан. Кірпіштердің қалдықтарына қарап, кесене төбесі куполды болған деп санайды. Жалпы осы кесенені XII ғасырға яғни қарахан дәуіріне жатқызып, ескерткіш құрылысы мен оның әрленуінде кейінгі көшпелілер өмірінде қолданылған ою-өрнектер салынғаны айтылады. Тіпті осы кесене төбесі де көшпелілердің шатыры секілді жабылған деп сипаттайды [129, с. 75-76].

Саманидтық кезеңде Тараз бүкіл округымен қоса Испиджаб округы құрамына енеді. Талас жазығының қалалары ретінде В.В. Бартольд Тараз, Жікіл, Төменгі Барсхан, Бахлу, Атлах, Хамукет, Шельджи, Сус, Кул және Текабкет қалаларын атап көрсетеді.

Осы қалаларды баламалау мәселесі бойынша, А.Н. Бернштам бірнеше маңызды әрі алғашқы қадамдар жасайды. Экспедициялық барлау нәтижесінде

ескерткіштердің сырт бейнесін, топографиялық орналасуын сипаттады. Жекелеген шурфтар нәтижесінде қол жеткен жәдігерлер мен жазба деректерде келтірілген мәліметтерді қатар сараптай отырып, бірнеше ортағасырлық қала орындарын осы аумақта табылған ескерткіштермен баламалауға талпыныс жасайды.

Мысалы, Шігіл (Джикиль) қалашығының төменгі қабатынан көшпелілерге тән ат әбзелдері әшекейлері табылуын және қала атауының Чигил деген түркі тайпасы атауынан шыққанын ескере отырып баламалайды. Дегенмен деректерде Джикиль мен Тараз арасының қашықтығы 6-7 шақырым деген мәлімет келтірілген. *Джикиль* қаласын 1938 ж. А.Н. Бернштам Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан *Қостөбемен* баламалайды [99, с. 131]. Қостөбе мен Тараз арасы 12 шақырым, бұл сәйкессіздікті ғалым ара қашықтықтардың әр авторларда әртүрлі берілетіндігі және көп ретте нақты еместігімен түсіндіруге тырысады [129, с. 84]. Кейіннен Г.Е. Пацевич Тараз қаласынан 2-6 шақырым жерде орналасқан *Жалпақтөбе* қаласын ортағасырлық Джикиль қаласымен баламалайды. Бұл ойын зерттеуші Макдисидың: «Джикиль – Тараздан адам дауысы естілетіндей қашықтықта орналасқан кішкентай қала», – деп берген сипаттамасын негізге алады. Және бүкіл қала орындары арасынан осы сипаттамаға тек Жалпақтөбе сай келетінін атап өтіп, VII-XII ғғ. кезеңдейді [129, с. 139].

Тараздан 3 фарсах қашықтықта орналасқан *Төменгі Барысханды* Үшбұлақ станциясы маңындағы *Төрткүл* төбеге орналастырады [123, с. 43].

Ал Тараздан батысқа қарай 2 фарсах жерде деп араб саяхатшылары сипаттаған *Джувикат* қаласының орнын А.Н. Бернштам Тараздан 16-18 шақырым қашықтықта орналасқан VI-XII ғғ. жататын *Бектөбе* қала жұрты орнымен баламалайды [95, 176 п.]. Бұл баламалауды қазіргі уақытта да К.М. Байпақов дұрыс деп есептеді [79, с. 44]. Осы өңірдің тағы бір ірі зерттеушісі М.Е. Елеуов те осы баламалауға қосылады [56, 167 б.].

Сондай-ақ, Жамбыл қаласынан 35 шақырым солтүстікке орналасқан, саздың үстіне салынған бекініс қала *Шөлтөбеге* екі қазба жүргізеді. Түсірілген шурф көмегімен ең астында құм топырақ және гравий төселген қабат, оның үстіне бір-біріне крест бойынша қойылған қамыс қабаты табылды. Осындай платформа жасалуының себебін А.Н. Бернштам қаланың балшықтың үстіне салынуымен байланыстырады, Шөлтөбені дихандардың бекінісі деп атап өтеді [99, с. 119-130]. Қазба барысында қала қарахандық кезеңде өмір сүріп, өрттің әсерінен жойылғаны анықталды. Қаладан табылған қыш ыдыстар алуан түрлі және көбінесе күңгірт түсті. Көп мөлшерде ас үйлік ыдыстар, қазандар табылды. Табылған жәдігерлер негізінде қала орнын XI-XII ғасырлармен кезеңделеді [129, с. 117].

Талас-Шу өзенаралығында А.Н. Бернштам экспедициясы Ақшолақ өзенінен 6 шақырым шығыста орналасқан *Ақыртаста* зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бұл ескерткіш жергілікті құрылысшылардың емес, сирия-византиялық шеберлердің туындысы деген пікірге келді. Құрылыстың крест пішіндес жоспарын назарға ұстай отырып, ғалым бұл құрылыс аналогтары Қырымдағы

Ескі Кермен ескерткішінен табылған деп санайды [99, с. 125]. Осы қала орнында солтүстік қабырғадан 25 м солтүстікке қарай көлемі 1х4 м бір шурф түсіріледі. Бұл жерде тек бір хумның сынықтарын ғана табады. 0,15 – 0,25 м кейін материкке тірелген соң қазбаны тоқтатады. Осынша жұқа мәдени қабат ғалымға Ақыртас кешенінің аяқталмаған кешен екенін айтуға мүмкіндік береді. Дегенмен, қалау техникасына, кейінгі мұсылмандық жерлеу орындарына сүйене отырып, ғалым құрылысты XII-XIV ғғ. кезеңдейді [129, с. 121]. Бұл Ақыртас қаласын кейіннен ғалымдар Касрибас қаласымен баламалайды [72, с. 47]. Бұл пікірге М.Е. Елеуов те қосылады [56, 176 б.].

Таластың орта ағысындағы қалалар арасынан А.Н. Бернштам *Майтөбе* және *Жуантөбе* қала жұрттарына ерекше көңіл бөлді. Бұл уақытқа дейін Хамукет пен Атлах қалалары орны табылмаған болатын. В.В. Бартольд бұл қалаларды Тараздан солтүстікке қарай орналасқанын айтып өткен болатын. Бірақ А.Н. Бернштам жетекшілік еткен экспедицияның Таластың төменгі ағысы мен Тараз қаласы маңында жүргізген зерттеулері В.В. Бартольдтың бұл ойын терістейді. Хамукет қаласы соғдылықтардың Жетісуға қоныс аударуымен байланысты болғаны бізге белгілі. А.Н. Бернштам Тараздан оңтүстікке қарай орналасқан *Майтөбе* қала жұртын – *Хамукетпен* шендестіреді. Бірақ К.М. Байпаков өз еңбегінде осы Джамукат-Хамукат қаласын Таластың оң жағалауында Сарыкемер ауылы маңында орналасқан VI-XII ғғ. Қостөбе қала жұртымен баламалайды. Оның себебін қала құрылысы мен топографиясының Жетісудың өзге соғдылық қалаларына ұқсайтындығымен түсіндіреді [72, с. 100-108]. Нершахидың айтуына қарағанда Жамукатты бұхарлықтар салған, қаланың аты Бұхар көсемі Жамұқтың атымен аталған [56, 168 б.].

Араб-қытай шайқасын сипаттаған мұсылман және қытай авторлары шайқастың Талас өзені бойында кей жерлерде Тараз қаласы, кейде *Атлах* маңында орын алғанын суреттейді. Осы деректерге сүйене отырып, ғалым Атлах қаласын осы аумақтағы көлемі жағынан ең үлкен қиранды орны *Жуантөбемен* баламалайды [124, с. 25]. Бұл баламалау қазіргі кезеңде де дұрыс деп саналады. Осы қаладан табылған түрік руникасымен жазылған «Атлах» деген жазуы бар диірмен тастың сынығы бұл баламалаудың дұрыстығын дәлелдейді [56, 169 б.].

1938 жылы А.Н. Бернштам *Түймекент* қаласында қазба жұмыстарын жүргізеді. Бұл қаланы кезінде В.В. Бартольд ортағасырлық Тараз қаласы орны болуы мүмкін деп жазған болатын. Бірақ бұл ойының қате болуының басты себебі, жазба деректерде Тараз қаласы Талас өзенінің оң жағалауында орналасса, *Түймекент* қалашығы сол жағалауда орын тебуі болған. 1936 жылы осы қалашықта қазба жұмыстары жүргізілді [99, 127 п.]. Жоспар бойынша төртбұрышты (250×310 м) бұрыштарымен әлемнің төрт бұрышына бағытталған. Қалашық барлық жағынан мұнаралармен қоршалған. Әр жағынан 7 мұнарадан орналасқан. Қабырға биіктігі 4-6 м, мұнаралар биіктігі 4,5-7 м. Қалаға кіру солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс жағынан. Қаланың қақ ортасында көлемі негізінде 40х15м, жоғарғы бетінде 15х15 м болатын цитадель орналасқан. Қала орнында 3 қазба түсірілген. А.Н. Бернштам өз есебінде бұл

үш қазба да қаланың тұрақты түрде адамдар мекен еткен елдімекен болмағанын, тек әскери бекініс ретінде салынғанын көрсетті деп атап жазады. Жинақталған қыш ыдыстар бойынша қаланы VII-XIII ғғ. кезеңдеді. Осы Түймекент қаласынан Оқхум бекінісіне дейін бір-бірінен 10-15 шақырым қашықтықта белгілі бір стратегиялық бекініс шебін түзетін бекіністер орналасқан деп атап көрсетеді [129, с. 136-138]. Оқхум қаласын Дех-Нуджикес қаласымен баламалануына М.Е. Елеуов қарсылық білдіріп, бұл қала жұртын Махмут Қашқари сипаттаған ортағасырлық Қарлығ қаласымен баламалаған дұрыс болар еді деген пікірін білдіреді [56, 163 б.].

Ал Талас жазығының жоғарғы бөлігінде орналасқан қалаларға келер болсақ, осы жылдары А.Н. Бернштам Таластың оң жағалауында Дмитриевка ауылы мағында орналасқан *Ақтөбе* қаласын, Орловка ауылы мағындағы *Жаманқорған,* осы Жаманқорғанға жақын орналсқан *Шалдывар* және Үлкен Қақпа жайлауынан оңтүстікке қарай орналасқан *Садыр Қорған* қалаларын анықтады. Бұл төрт қаланы мұсылмандық қала белгілері - цитадель, шахристан, рабадқа ие дей келе, Макдиси сипаттаған Шельджи, Сусы, Кул, Текабкет қалаларымен баламалайды. Атап айтар болсақ, *Садыр қорған – Шельджи, Чалдывар- Сусы, Жаманқорған – Куль, Ақтөбе – Текабкет* қалалары деп санайды [99, с. 173]. К.М. Байпақов пен М.Е. Елеуов те осы баламалауға қосылады. Ақтөбе қаласынан суландыру жүйесі қазылса, Садырқорғанда Шахрух теңгелері табылған тимуридтік кезең аршылады. Бұл төрт қалада да зерттеулер жүргізіліп, шурфтар түсіріледі. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткен материалдар, қала топографиялары, құрылымдары және анықталған мәдени кезеңдері Жетісу археологиялық экспедициясы еңбегінің Талас өңіріне арналған томында толықтай сипатталған [129, с. 89-99].

А.Н. Бернштам ортағасырлық *Адахкес* және *Дех-Нуджикес* қалаларын Асы өзені бойына орналастырып, *Қаракемер 1* және *Қаракемер 2* қалаларымен баламалайды (11-сурет). Тарихи деректерде келтірілген осы қалалар мен Тараз қаласының қашықтықтарының 7 фарсах деп көрсетілуін – осы қала орындары мен Тараз қаласы қашықтығымен тең келеді деп санады [123, с. 44]. Кейіннен Б.Ә. Байтанаев Дех-Нуджикес қаласын – *Шымкент* қаласымен, Адахкет қаласын Сайрам ауылынан 14-15 шақырым жерде орналасқан *Жылан бүзген* қала орнымен баламалауды ұсынады [58, с. 76-79]. Бірақ, К.М. Байпаков әл-Макдиси сипаттаған осы екі қаланы А.Н. Бернштамның бір бірінен 2 шақырым қашықтықта орналасқан Қаракемер 1 және Қаракемер 2 қалаларымен баламалауы дұрыс деп санайды. Бұл екі қала орны да ұзын қабырғамен қоршалған деректерде Кевакиб деп аталған үлкен ауылдық округке ие деп көрсетеді [72, 44]. М.Е. Елеуов өз монографиясында К.М. Байпаковтың бұл баламалауына келіспейтінін білдіріп, оның себебін былай деп түсіндіреді: «...Екіншіден, Қаракемер қалалары Тараздан солтүстік-батысқа қарай орналасқан. Деректер бойынша Кевакет Тараздан солтүстікте болуы керек»,- дей келе, бұл екі қаланы Тараздың солтүстігіндегі ұзын қабырғалы Қара Төрткүл (VII-XIV ғғ.) және Қоңырбайтөбе (VIII-XIII ғғ.) қалаларымен баламалайды [56, 170 б].

А.Н. Бернштам Балу қаласын Бесағаш қаласымен баламалаған болатын [122, с. 44]. Ал К.М. Байпақов бұл пікірге қосылып, ортағасырлық ескерткіш пен Бесағаш қала жұрты материалдары сәйкес келетініне тоқталған [53, с. 29]. Дегенмен, М.Елеуов жазба деректерге сүйене отырып, Балуды Шігіл қаласы маңынан іздеу керек деген пікір айтады [56, 170 б.].

Жамбыл археологиялық пункті экспедициясы 1940 жылы Жамбыл қаласынан 12-13 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай қызылша совхозы маңында орналасқан *Төрткүл* қалашығына зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл қала орны ортағасырлық *Төменгі Барысхан* қаласымен баламаланған болатын. Қала жоспары бойынша төрт бұрышты ұзындығы 310 м, ені 140 м. Қалада қазба жұмыстары жүргізілмеген, тек жер бетінде жатқан материалдар жинақталған [129, с. 132].



11-сурет. А.Н. Бернштам қазба барысында. (ФМ, II 28458. О-1259-36)

Жалпы осы зерттелген қалалар жайлы айта отырып, А.Н. Бернштам олардың соғды «отарлауы» негізінде пайда болғанын, кейіннен Орта Азияның мұсылмандық мәдениеті негізінде дамығанын атап өтеді. Осының негізінде олардың құрамдық бөліктері біртектес екенін жаза отырып, бұл қалалар орталықта немесе солтүстік дуал бойына орналасқан цитадельден, оңтүстік бөлігінде орналасқан шахристаннан және дуал сыртында орналасқан рабадтан тұрады деп сипаттады. Бұл қалалар сауда жолының бойында және көшпелі ортада орналасқандығы осы өлкеде керуен сарайлардың, бекіністі рабадтардың және дуалдар мен үйінді жалдардың пайда болуына әсерін тигізгенін жазады [129, с. 85].

Енді осы аймақтың одан әрі зерттелу тарихына тоқталсақ. Жетісу археологиялық экспедициясы құрамында Т.Н. Сенигова 1958-1965жж. Тараз қаласын, 1961-1965 жж. Таразға жақын орналасқан Жикил, Төменгі Барсхан қалаларына қазба жүргізді. Ол А.Н. Бернштамның қала құрылымы туралы

негізгі қорытындыларын өз материалдарымен толықтыра отырып одан әрі дамытты. Ғалым ежелгі Тараз қаласының үш хронологиялық кезеңін анықтады. Олар:

1. Ерте феодалдық кезең VI-IX ғғ.
2. Феодалдық дәуір X-XII ғғ.
3. Тараз өңірі мәдениетінің құлауы XIII-XVIII ғғ [54, с. 200].

Археологиялық материалдар негізінде әр кезеңдегі қала дамуының ерекшеліктерін көрсетті. Аталған монографиясында Тараз топографиясы қалпына келтірілді және округтерінің шекарасы анықталды. Аумақ тұрғындарының саяси, әлеуметтік-экономикалық, этникалық мәселелері қарастырылып, қыш құмыра бұйымдарының негізгі формаларының дамуындағы генетикалық байланыс көрсетілді. Сақ-үйсін кезеңінен қазақ кезеңіне дейінгі мәдениеттің автохтондығына басар назар аударады.

Талас бойында 1980-1997 жж. археолог-ғалым М.Е. Елеуовтың жетекшілігімен ҚазҰУ археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ ғалымның ізденістері нәтижесінде Таластың төменгі бойымен өтетін керуен жолдары ашылды [57].

1983-1984 жж. ҚазКСР ҒА ТАЭИ Л.Б. Ерзакович жетекшілігімен Тараз археологиялық экспедициясы құрылды.1985-1989 жж. ескерткіштер жинағы экспедициясы жетекшісі К.М. Байпаков, 1983-1986 жж. Тараз археологиялық экспедициясы 1983 ж. К.А. Акишев 1984-1985 жж. К.М. Байпаков басқарды [59, с. 269-270].

Бұл ескерткіштер тәуелсіз тарихымызда да Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары Талас өңірі ескерткіштерін зерттеуді жалғастырды. 90-шы жылдардың басында Орталық базардың бос жерлерінде шағын археологиялық қазба жұмысы жүргізілді. Қазба жұмысы негізінде Шахристанның оңтүстік-шығыс жағынан табылған X-XI ғасырларға тән бояулы ыдыс-аяқтар, соқпа дуалдар мен тұрғызылған қоғамдық үйлердің қалдықтарынын ерекшеліктеріне қарағанда үйлердің тығыз орналасқанын байқауға болады.

1997 жылы облыс басшылығының қолдауымен жүргізілген қазба жұмысы кезінде негізінен ішкі қамал тұрған жерінен көлем 10 х 10 м, үстіңгі қабаттан Әулие-ата кезінде қиыршық тастардан төселген алаң табылды Одан әрі 1,5 м тереңдікте кірпіштен және соқпа дуалдан қаланған бірнеше бөлмелер тіпті бір бөлмеден күшті өрт болғандығын растайтын қалыңдығы 5 см, өртенген қамыстың қалдығы және осы уақытқа дейін бүлінбей сақталған құмыра және басқа да ыдыстар шықты Осы Тараз қаласындағы қазба барысында табылған 13 соғды және түркі дәуірінің тиын ақшалары сөз жоқ жуық арада ақша жасайтын сарай болғанын дәлелдейді.

Қысқаша қорытындылайтын болсақ, Жетісу археологиялық экспедициясы осы Талас жазығы бойындағы әр дәуірге жататын археологиялық, тарихи ескерткіштерді есепке алып, кейбіріне барлау шурфтарын салу арқылы Қазақстан тарихы ғылымына өлшеусіз үлес қосты. Бірнеше қала жұрттары тарихи деректерде келтірілген ортағасырлық қалалар орнымен баламаланды.

Тараз қаласы орнында Қазақстан аумағындағы ескерткіштердің арасында алғаш рет стационарлы қазба жұмысы жүргізілді. Қаланың пайда болуын ғалым V ғасырға жатқызып, соғдылық отарлаумен байланыстырып, Таразда тіршіліктің тоқтауын кейінгі моңғол дәуірімен мерзімдейді. Осы хронологиялық мерзімдеуде зерттеуші тек археологиялық қана емес, жазба деректердегі тарихи мәліметтерге де сүйенеді. Әрине бұл кезеңдеулер зерттеушінің өзінің тарапынан да, кейінгі ізбасарлары тарапынан да өзгерістерге ұшырағанымен, мазмұны іс жүзінде өзгермеді. Ортағасырлық Тараз қаласы мен оның аумағындағы ескерткіштер орнындағы кең көлемде жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде осы аумақтың археологиялық материалдарын кезеңдеу ұсынылды, қала дамуының негізгі кезеңдері мен оның округының қалыптасу жолы анықталды. К.А. Ақышев Тараз қаласының зерттелуін Қазақстан археологиясы үшін ортағасырлық қаланы кешенді тарихи-археологиялық зерттеудің алғашқы тәжірибесі болды деп баға берді [157, с. 76].

### 3.3 Шу жазығындағы ортағасырлық ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер

Жазба деректерде келтірілген мәліметтер бойынша, Шу жазығында IX-XIII ғғ. 21 ұзын дуалды қалалар болған. Олардың 15-і – Қырғыз Республикасы аумағында орналасса, 6-уы – Қазақстан аумағында орналасқан. Типологиялық жағынан қалалар үш топқа бөлінеді: қалалардың бірінші тобы – Ақ-Бешім, Бурана, Красная Речка, Шиштөбе, Ақтөбе Степнинское және Сретенское секілді астаналық және өте ірі қалалар. Қалғандары орта және кіші қалаларға жатады [71, с. 186].

Жетісу археологиялық экспедициясының 1938 жылы Талас жазығындағы зерттеу жұмысын аяқталған соң, Шу даласына бет бұрады. Экспедиция өз алдына біріншіден, Шу және Талас жазығының қалаларына тән ортақ және өзіндік белгілерді анықтау, екіншіден, Шу даласын одан әрі кеңірек зерттеу перспективаларын анықтау, үшіншіден, ежелгі Баласағұн қаласының орнын анықтау үшін материалдар жинақтауды мақсат етіп қояды.

1938-1941 жж. 4 жылдық маусымдағы жиналған материалдар «Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина» атты А.Н. Бернштамның редакторлығымен басылып шыққан жинақта жарияланған. Бұл жұмыс жасақ басшыларының есептерінен тұрады. Осы есептер негізінде ескерткіштер мен табылған жәдігерлердің классификациясы жасалған. Жәдігерлер мен ескерткіштерді толықтай сипаттау және хронологиялық кезеңдеу Жетісу археологиясындағы жаңа белес болып табылады. Бұл жинақтың кіріспесі, I бөлімнің 1-ші және 2-тараулары, II бөлімнің 2 тарауы, сондай-ақ қорытындысын А.Н. Бернштам жазған. Үлкен Шу каналын салу барысында ұйымдастырылған экспедиция зерттеулері де жинақталған [124].

Шу жазығында экспедиция төрт қала орнына зерттеу жүргізді. Олар: Үлкен және Кіші Ақбешім, Бурана және Красная Речка қалалары [124, с. 10].

Үлкен және Кіші Ақбешім Тоқмақ қаласының маңында, бір-біріне жақын орналасқан. А.Н. Бернштам Кіші Ақбешімді 2 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан Үлкен Ақбешімнің қорғанысты рабаты болған деп санайды [99, 181 п.].

Ақбешім қаласын В.В. Бартольд өз уақытында Баласағұн қаласы деп санаған болатын. А.Н. Бернштам Бартольдың осы ойына келіседі. Оның себебі ретінде Баласағұн қаласы XI-XII ғғ. қараханидтер астанасы болғанын, кейіннен қарақытайларға өткенін атап өте келе, ғалым Ақбешімге жақын орналасқан Бурана қаласын қарахандықтар мәдениетіне тән минареті болғандықтан, мұндай классикалық архитектура ескерткіштері қарахандықтардың саяси билік орталықтары маңында орналасуы керек деп есептеді. Сол себепті, мұнарасы бар Бурана қаласын Баласағұн рабады *Кирмирау*, ал Ақбешім – *Баласағұн* болуы мүмкін деп шешті [124, с. 13].

Келесі дәлел ретінде Ақбешімнен табылған жабынқыштың (черепица) Орта Азиялық қыш ыдыстары арасында теңдесі жоқ және тек Манчьжурия мен Амурдың қидандық қалаларынан табылған қыш ыдыстарға ұқсастығын айта келіп, Баласағұн қарақытайлар қолына өткен XII ғасырда осы қалаға қолөнердегі өзіндік белгілерді қарақытай шеберлер алып келген деген ой түйеді. Және де қала орнына түсірілген үш шурф беткі қабаттың қиратылған құрылыс материалдарынан тұратынын көрсетті. Осы жерде А.Н. Бернштам Джувейнидың Баласағұн қаласын Хорезмшах Мухаммедтен қашып бара жатқан Қарақытайлардың қиратуын еске түсіріп, жоғарғы қабаттағы құрылыс материалдар қалдықтарының табылуын осы оқиғамен байланыстырады [124, с. 13].

Және ең соңғы дәлел ретінде – Махмұд Қашқаридың Баласағұнда соғдылықтардың көптеп өмір сүргенін айтатын деректеріне сүйене отырып, цитадельден табылған қыш ыдыстар қалдықтары арасынан соғдылық ыдыстар қалдықтары табылғанын да атап көрсетеді. Бұл экспедиция жұмысы барысында Ақбешімнің цитаделі, шахристаны мен рабатында 5 жерде стационарлы қазба жүргізіледі. Дегенмен бұл қазба жұмыстары қаланың тек беткі қабаттарын ғана қамтыды. Цитадельге жақын маңдағы шахристанға түсірілген екі шурф құрылыс қалдықтары қабатын ашты. Шахристанның шығыс қабырғасына жақын орналасқан төбеде түсірілген шурф нәтижесінде VII-XII ғғ. жататын қабат аршылды. Жүргізілген қазба жұмыстарына келсек, негізгі жұмыстар «қидандық квартал» деп атаған, шахристанға шығыс жағынан кіріге орналасқан аумаққа шоғырландырылды. 1940 жылы бұл жерде бірнеше шурфтар түсірілді. «Қидан кварталы» деп атаған аумақтан екі ғимарат орны - будда монастырі мен часовнясы аршылды. А.Н. Бернштам оларды басында XI-XII ғғ. кезеңдесе кейіннен IX ғасырмен кезеңдеді. Осы экспедиция нәтижесінде табылған материалдарды зерделей келе А.Н. Бернштам бұл қаланың пайда болуын соғдылық отарлаумен байланыстырды [124, с. 14].

Осы Жетісу археологиялық экспедициясының құрамында жұмыс істеген тағы бір археолог Л.Р. Кызласов кейіннен 1953 жылы Қырғыз Кешенді археология-этнографиялық кешенді экспедициясын басқарып, 1953-1954 жж.

Ақбешімде кеңейтілген археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Осы зерттеулер нәтижесінде Л.Р. Кызласов В.В. Бартольд пен А.Н. Бернштамның ортағасырлық Баласағұн қаласын Ақбешіммен баламалауға негіз жоқтығын айта келіп, «Исторический Баласагун – блестящая столица караханидов XI-XII вв., город просуществовавший, согласно письменным источникам, вплоть до XIV в., надо искать в другом месте» деген қорытындыға келеді [60, с. 23].



12-сурет. Бурана қаласы. Мұнара. 1938 ж. Ф.Балдерман түсірген (ФМ, II-28372)

Бурана қаласы Тоқмақ қаласынан 15 шақырым жерде, Бурана өзенінің екі жағалауын бойлай орналасқан. А.Н. Бернштам экспедициясы осы Бурана

қаласында археологиялық қазба жүргізбеді, тек қала сызбасы түсіріліп, қарахан кезеңіне жататын материалдар жинақталды (12-сурет). Бұрана қаласын ортағасырлық Баласағұнмен баламалауда К.М. Байпаков Мухамед Хайдар Дулати мен Махмуд бен Уали сынды авторлар деректерінде Баласағұн қаласында мұнараның болғаны туралы мәліметтерге сүйенеді. Бұл кезеңдеуді қазіргі уақытта қырғыздың белгілі археологы В.Д. Горячева да қолдайды [71, с. 54-55].

Ең үлкен археологиялық зерттеу жұмысы жүргізілген *Красная Речка* қала жұрты осы аттас ауылдың шығысында, Бішкек қаласынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Қалашықтың жоспары күрделі, екі қатар үйінді – қабырғамен қоршалған. Цитадель оңтүстік-шығыс бұрышта орналасқан. Бұл қала орнында цитадельге жақын шахристанға екі қазба, округтегі ең мықты бекінісі бар төрткүлге бір қазба түсірілді. Одан өзге қабырға сыртында төбелерге де төрт қазба түсірілді. Қазбалар барысында түркі, қарлұқ және қарахан кезеңдеріне жататын материалдар табылды. Орталық қирандыдан оңтүстікке қарай жекелеген құрылыстарға бес қазба түсіріліп, оның біреуі – бір соғды бекінісін, екіншісі – Х ғ. жататын үй-жайды, үшіншісі – V ғасырдан XII ғасырға дейінгі мәдени қабаттарды анықтады. Қалған екеуі соңына жеткізілмеді. Красная Речка қаласында жүргізілген қазбалар барысында А.Н. Бернштам оны Кудама мен ибн-Хордадбек жазбаларында көрсетілген ортағасырлық *Сарығ* қаласымен баламалайды [124, с. 11]. Дегенмен Х ғасырдан XII ғасырға дейін деректерде Сарығ атауының жоғалып, мүлде кездеспегенін, ғалым қала атауының осы кезеңде басқа атпен аталуымен түсіндіруге тырысып, бұл кезеңдегі атауы ретінде Махмұд Қашқари еңбегінде қабырғасы, жан жағында оры және цитаделі бар деп сипатталған – Урду қаласы аталуы мүмкін деп тұжырымдайды. Осылайша *Красная Речка – Сарығ - Урду* баламасын келтіреді. А.Н. Бернштам қаланың ең гүлденген кезеңі – саманидтық кезең деп көрсетеді. Жалпы осы қала туралы А.Н. Бернштам «Бұл қала орны тұрғынжайлары жекелеген соғдылық бекіністі үйлерден тұрды. Үйлер ірі шикі кірпіштен салынған қалың қабырғалы, кішкентай бекініс түрін көзге елестетеді. Араб шапқыншылығына қарсы VII ғғ. түркілер саяси үстемдік еткен уақытта бұл «кешкілер» бос қала бастайды. Бұл бос қалған үйлер бейіттерге айналады»,- деп жазады және бұл қала соғдылық отарлау нәтижесінде пайда болған қалалардың санатына қосады [160, с. 195-196].

1940 жылы осы қала орнында жүргізілген зерттеу жұмыстары қайта жандандырылады. 1939 жылы түсірілген үш қазба жалғастырылып, онымен қатар V ғасырдан XII ғасырға дейінгі уақытты қамтитын үш құрылыс қабатын ашып берген жаңа қазба да түсіріледі. Осы қала маңындағы төбеде жерлеу орындарында жүргізілген зерттеулер барысында жерлеу орындарын экспедиция мүшелері 5 топқа бөліп жіктейді. Олар:

1. Ассуарийдегі жерлеу орындары;
2. Хумдағы жерлеу орындары;
3. Өтпелі типтегі жерлеу орындары;
4. Кірпішпен бөлінбеген шалқасынан қойылған жерлеу орындары;

5. Кірпішпен бөлінген шалқасынан қойылған жерлеу орындары [124, с. 29-31]. Красная Речка қала жұртын академик К.М. Байпаков Невакет қаласымен баламалайды [71, с. 51]. А.Н. Бернштам осы қала орнында болды деп есептеген Сарығ қаласын М.Е. Елеуов үлкен, әрі тарихи-топографиясы күрделі екенін ескере отырып, Новопокровка қаласымен баламалаған дұрыс деп санайды [56, 178 б.].

Ғалым Шу өзенінің оң жағалауында орналасқан *Қысмышы* қала жұртын – ортағасырлық *Якалыг* қаласымен баламалайды. Бұл қала шахристанына экспедиция 2 қазба түсіреді. Табылған археологиялық жәдігерлер қаланы VIII ғасырдан бастап өмір сүргенін көрсеткен [124, с. 27]. Невакет қаласын К.М. Байпаков Красная Речкамен шендестірген соң, А.Н. Бернштамның осы Кысмышы қаласын Якалыгпен баламалауы да дұрыс емес деп санап, оны Невакеттен 1 фарсах жерде орналасқан деп жазылған ортағасырлық *Пенджикет-Бунджикат* қаласымен баламалайды. Ал *Сукулук* қаласымен шендестірген *Джульдан* 7 фарсах жерде орналасқан Сарығ қаласының орнын Бішкек қаласынан 15 шақырым жерде Аларчи өзені бойында орналасқан *Грозненское* қаласының орнымен теңестіреді [71, с. 52].

Ақбешім қаласынан шығысқа қарай 35 шақырым жерде Орловка ауылы маңында үлкен елді мекен орны табылды. Оның бір бөлігі қазіргі заманғы құрылыстар астында қалған. Бұл қаланы А.Н. Бернштам Бішкек қаласынан 90 шақырым жерде, яғни Джуль қаласынан 15 фарсах жерде орналасқан *Невакет* қаласы деп топшылайды. [124, с. 19]. Жалпы Невакет қаласының деректерде Суябпен қатар ірі қала ретінде сипатталғанына сүйене отырып, кейіннен ғалымдар К.М. Байпаков пен В.Д. Горячева *Невакетті – Красная Речка* қаласымен баламалайды [71, с. 51].

Ғалым Шу өзені жағалауындағы қарастырған тарихи топография мәселесі – ортағасырлық Суяб қаласы орнын іздеу болған еді. Қытай және араб деректерінде VII ғасырдан бастап-ақ белгілі болған Суяб қаласы батыс түркілер, түргештер және қарлұқтар қағанаттарының астанасы болғаны бізге белгілі. В.В. Бартольд Суяб қаласын Шу өзенінің оң жағалауында Қарабұлақ елді мекенінде орын тепкен деп санайды [161, с. 31]. А.Н. Бернштам экспедициясы аталған аумақтан ешқандай қала жұрты орнын таппады. Есесіне Новороссийское ауылынан 1 шақырым жерде орналасқан қала жұрты табылды. Бұл қалашық тік бұрышты, ұзындықтары 500 м және 600 м болатын қабырғалары әлемнің төрт бұрышына бағытталған. Қабырғаларында мұнаралары бар. Қала цитадельсіз қалалар тобына жатады. Бұл қала орнына түсірілген екі шурф өте жұтаң мәдени қабатты анықтады [124, с. 20]. Ғалым Суяб қаласы туралы Сюань-Цзяньның «Цзин-чу көлінен (Ыстық көл) солтүстік-батысқа 500 ли қашықтықта ол Су-е өзені бойында қалаға жетті. Бұл қала қоршауы 6-7 ли және әртүрлі елдерден келген көпестердің кездесу орны» деп сипаттаған жазбасына сүйене отырып, осы *Новороссийское* қалашығын ортағасырлық *Суяб* қаласымен баламалады. Оның себебін тарихи деректермен салыстыра отырып, бұл қаланың Невакет – Орловкадан 30 шақырым яғни 4 фарсах жерде орналасуымен, екіншіден қаланың жалпы қабырғасының

шамамен 3 шақырым болуы деректерде келтірілген 6-7 ли өлшемге сай болуымен, үшіншіден тарихи деректерде Суяб қаласы VII ғасырдан XII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрді деген мәліметті қаланың мәдени қабаттарының дәлелдеуімен, төртіншіден, Кудама еңбегінде айтылған Суяб қаласының екі бөлігі – Сагур Кубал мен Кубалды Новороссийск және Тарсу қалашықтарымен баламалауға болатындығымен, бесіншіден, Суяб соғдылық шығу тексті қала емес, көшрпелілер ордасы болғанының дәлелі ретінде осы қала орнында цитадельдің болмауы және түркілік бейіттердің қоршап жатуымен, алтыншыдан, деректерде сипатталған ауа райының сәйкес келуімен негіздейді [160, с. 194]. В.Д. Горячева А.Н. Бернштамның Суяб қаласын Новороссийское қаласымен шендестіруіне келіспейтінін ата отырып, Суяб қаласын Ақ-Бешіммен шендестіру шындыққа жанасады деп жазады [61, с. 57]. Кейіннен, нумизматикалық материалдарға сүйене отырып, К.М. Байпаков Суяб қаласын Ақ-Бешім қаласымен баламалады [71, с. 58].

Осылайша 1938-1939 жж. жүргізіген зерттеулер барысында *Ақбешім-Баласағұн, Красная Речка – Сарығ, Орловка – Невакет, Новороссийское - Суяб* қалаларымен баламалады.

1940 жылы экспедиция жұмысы осы аумақта жалғастырылып, Фрунзе-Мерке маршруты бойынша барлау жұмыстары жүргізілді. Бұл аумақта экспедиция Солтүстік Тянь-Шань ежелгі қалаларының орналасуын анықтауға тырысты.

1936 жылы ғалымның жетекшілік етуімен Құлан қаласы орнында үйсін елді мекенінде алғашқы археологиялық қазба жұмысы жүргізілді. Құлан қаласы Луговое елді мекенінен 6 шақырым аумақтан табылған. Бұл қала да биік дуалмен қоршалған цитадель, шахристаннан тұрады. Шахристанға түсірілген шурф нәтижесінде VIII-X ғғ. жататын керамикалық материалдарға кол жетті [98, с. 177 п.]. Төбе бетіне XIX-XX ғғ. жерлеу орындары түскен. Төбеге түсірілген 2х10 м көлеміндегі траншея нәтижесінде 9 мәдени қабат аршылды. Елдімекен топырақтан соғылған тұрғынжайлардан тұрған. Қазба барысында көптеген қыш ыдыстар, бірнеше дән үккіштер, тас соқалар, бір жағдайда ыдыстың ішкі қабырғасына жабысып қалған тары дәнегі табылды. Елді мекен жоғарғы қабаттары б.з. VI – VIII ғғ. қамтыса, төменгі қабаттары б.з.б. II-I ғғ. кезеңделеді [129, с. 126-127]. Осы қалашық орнында жүргізілген зерттеулер туралы есебінде ғалым мәдени қабаттар тереңдеген сайын, жер өңдеушілікке қарағанда малшылық белгілер көбірек байқала бастайтынын атап айтады. Және осы мәдени қабаттардағы өзгерістерге қарай, бақташылық-малшылық шаруашылықтан отырықшы малшылық-жер өңдеушілік елді мекенге өтудің заңдылығы байқалады деп көрсетеді. Жалпы Орта Азиядағы отырықшылыққа ирандық әсердің көптеп байқалатынын айта келіп, Луговое секілді төбелердің шығу тегінде автохтондылық тән дейді [99, с. 123-124].

Жалпы осы Луговое қала жұрты орнын ортағасырлық *Құлан* қаласымен В.В. Бартольд шендестірген болатын [160, с. 29].

А.Н. Бернштам Шу жазығының қалашықтарын зерттей келе, Құланнан шығысқа қарай орналасқан қалалар таластық қалалардан ерекше кешендер

құрайды деп санап, оларды «шулық қалашықтар кешендері» деп атайды [140, с. 69].



13-сурет. Цитадель мен қамалдың солтүстік қақпасы. С.Луговое. 1936 жыл. (ФМ О. 1259.38)

Экспедиция сонымен қатар Шу-Талас алқабының ортағасырлық қалашықтарының бірі, ортағасырлық атауын осы уақытқа дейін сақтап қалған *Мерке* қалашығына зерттеу жүргізді. Меркенің орталық қирандысы шығыстан батысқа бағытталған төртбұрышты төбешік түрінде сақталған. Солтүстік жағы 380 м, шығысы – 275 м, батысы – 250 м. Цитадель шахристаннан бүгінгі күні биіктігі 1,5-2 м топырақ үйіндісі түріндегі қабырға арқылы бөлінген (13-сурет). Өз қолжазбасында ғалым Меркеге арнайы шурфтар мен қазбалар түсірілмегенін айтып, оның себебін қалашықтың жоғарғы қоқандық кезеңі аса қызықты материалдар бере қоймауымен түсіндіреді [89, 55 п.]. Ежелгі Меркі қаласының орнын анықтау қала жұртының өзінің XI ғасырдағы атауын жоғалтпауымен жеңілдетілген еді. Қаланы археологтар VII-XIII ғғ. кезеңдейді (14-сурет).

1940 ж. жазында экспедиция ежелгі мұсылман авторлары өз еңбектерінде Меркеден 4 фарсах шығысқа қарай орналасқан деп көрсеткен *Аспара* қаласын Қырғызстанның Қазақстанмен шекарасынан 3 шақырым жерден, Жамбыл облысының Мерке ауданы аумағынан тапты. Қиранды Чалдывар ауылының орнында, Аспара шатқалынан бастау алған сайдың оң баурайында орналасқан. Осы қала жұртының ежелгі Аспара немесе *Ашпара* қаласымен теңестірілуі біріншіден, әлі күнге дейін Аспара атауымен аталуы (оларды Асран төбе деп атайды), екіншіден, Мерке қаласынан 25 шақырым жерде орналасуы, бұл

ежелгі 4 фарсах өлшемге теңдігі, үшіншіден, қала жұрттың өзіндік ерекшелігімен түсіндіріледі.



14-сурет. Луговое қамалындағы қазба жұмыскерлері. 1936 жыл. (ФМ, II-43498)

Аспара қаласында Әмір Темірдің өте ірі құрылыс әрекетінің белгісі болатын биіктігі 18 м цитадель мен кей жерлерде биіктігі 5-8 м ге жететін шахристаны болған. Аспара қала орнының ерекшелігі – қабырғаларының монументалдығы және жақсы сақталғандығы Темір уақытында қалпына келтіріліп, одан соң қатты шапқыншылықтарға ұшырамауымен түсіндіріледі. Қала өмір сүруін XV ғасырда моңғол шапқыншылығы әсерінен аяқтайды [124, с. 23-24]. Аспара қаласын ғалым VIII-XV ғғ. кезеңдейді [160, с. 191-193].

Деректерде Аспарадан 8 фарсах жерде *Нузкет* қаласы орналасқан. Бұл қаланы А.Н. Бернштам Қарабалта ауылынан солтүстікке 2 шақырым жерде орналасқан *Шиштөбе* қала жұрты орнымен баламалайды [124, с. 24]. Қазіргі уақытта К.М. Байпаков Нузкет қаласы тарихи деректерде «ірі елді мекен», «қала» деп сипатталуына сүйене отырып, осы Аспарадан 8 фарсах яғни 55-60 шақырым жерде бұл сипатқа сай Шиштөбеден өзге қала жоқ екенін айта келіп, бұл балама дұрыс деп санайды [71, с. 50].

Деректерде одан әрі шығысқа қарай 4 фарсах жерде орналасқан деп жазылған *Харанджуван* қаласын А.Н. Бернштам Сталинское ауылынан солтүстікке қарай орналасқан *Ақтөбе Степнинскоемен* баламалайды [124, с. 24]. Ал К.М. Байпаков Харанджуван қаласын биік жерде орналасқан әрі ірі қорғаныс қабырғалары бар Ақсу (Беловодское) қаласымен баламалайды [71, с.

31]. М.Е. Елеуов Ақсудың тарихи-топографиялық құрылымын, қорғаныс жүйесін зерттеу барысында бұл қаланы Харанджуван қаласымен баламалау дұрыс деген пікір айтады [56, 177 б.].

Осы Шу бойындағы Ақтөбе қаласында 1973-1974 жж. бері жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде қазақстандық археолог-ғалым У.Х. Шалекенов осы қаланы стратиграфиясы, құрылымы және табылған артефактілеріне қарап, ортағасырлық Баласағұн қаласымен баламалайды [64]. Дегенмен бұл ойына қарсы көзқарастар да бар. Мысалы К.М. Байпаков ортағасырлық Баласағұн қаласының XII-XIV ғасырдың басында өмір сүргені туралы мәліметтерді алдыға тарта отырып, Ақтөбе қаласында бұл кезеңге жататын археологиялық материалдардың табылмағанын айта келе, У.Х. Шалекеновтың бұл баламалауы қате деп санайды. Және Ақтөбе қаласы ортағасырлық *Кадирийа* қаласы болуы мүмкін деген пікір айтады [71, с. 56]. Археолог М.Е. Елеуов те бұл Ақтөбе қаласын Түрік керуен жолынан 45 шақырым жерде орналасқанын, оның төңірегінде аттары жазба деректерде аталатын ортағасырлық қалалар мен елді мекендер жоқтығын және бұл қаладағы тіршіліктің VIII ғасырда аяқталғанын ескере отырып Ақтөбе – Баласағұн деген пікірге қосылмайтынын білдіреді [56, 189 б.].

Харранджуваннан 4 фарсах жерде орналасқан Джуль қаласын В.В. Бартольд Бішкек қаласымен баламалаған болатын. Ал А.Н. Бернштам Бішкек қаласы орнының материалдары қоқан кезеңіне жататынын айта келіп, Джуль қаласын *Бішкек* қаласынан 8 шақырым батысқа қарай Бішкек-Қарабалта жолының бойындағы IX-XII ғғ. кезеңделетін *Шола Қазақ* қала жұрты орнынан іздеу керек деп санайды [124, с. 25]. К.М. Байпаков Джуль қаласы әл-Омари дерегінде XIV-XV ғғ. өмір сүрген деген мәліметке сүйене отырып, А.Н. Бернштам шендестірген Шола Қазақ елді мекені өз өмір сүруін XII ғасырда аяқтауына байланысты, Джуль қаласы болуы мүмкін емес деп санайды. Ғалым Джуль қаласын XIV-XV ғғ. жататын материалдардың табылған *Сокулук* қаласы орнынан іздеу керек деп есептейді [71, с. 50].

Осы Шу өңірінің V-XIV ғғ. қыш бұйымдарын А.Н. Бернштам ерекшеліктеріне және сол уақыттағы саяси жағдайларға байланысты негізгі төрт кезеңге бөлген:

1. V-VIII ғғ. – түркі қағанаты мен соғды мәдениетінің кезеңі;
2. VIII ғ. екінші жартысы - X ғ.аяғы – қарлұқ және исламның таралу кезеңі;
3. XI-XII ғғ. – қарахан және қарақытай кезеңі;
4. XIII-XIV ғғ. – моңғол-темірлік кезең [124, с. 104-143].

Солтүстік Қырғызстан қалаларын толықтай локализациялау мақсатында маршрут Таластың орта бойындағы қалаларға бағытталды. Бұл аумақ қалаларын 1940 жылы Жамбыл археологиялық пунктінің жетекшісі Г.И. Пацевич толықтай зерттеген болатын.

Осы Шу жазығындағы «Ұзын қабырғалы қалаларды» зерттеу барысында А.Н. Бернштам олардың ролі туралы Шиштөбе мен Ақбешім секілді қалаларда бұл қабырғалар жекелеген кесінділер түрінде сақталуы себепті олардың екі

жақты функция атқаруы мүмкін дейді. Оның бірі – елді мекендерді көктемдік су басулардан қорғайтын және сол сулардың бағытын қала жаққа бұратын ирригациялық құрылыс болуы мүмкін десе, екіншіден, Шиштөбе маңындағы елді мекендерді өзге елді мекендерден бөліп тұратын қабырға қызметін атқаруы мүмкін деп санайды. Ал, Қысмышы, Ашпара, Садырқорған секілді қалаларда сыртынан сақина тәріздес қоршап тұратын қабырғалардың болуын XV ғасырда Әмір Темірдің кейбір қалаларды бекініс ретінде қалпына келтіруімен түсіндіреді. Бұл қалалар әскери отрядтар мен жылқыларды орналастыратын бекіністі лагерлерге айналдырылған деп есептейді [160, с. 192-194].

1952-1954 жж. А.Н. Бернштамның Шу жазығын зерттеу бойынша жұмыстарын П.Н. Кожемяко жалғастырды. Ғалым Шу өзені бойындағы «ұзын үйінділі» және «ұзын қабырғалы» 19 қалашықты және ондаған бекіністер мен төрткүлдерді анықтады және зерттеді. 27 ескерткішке қазба жүргізді. Бұл зерттеулері «Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины» деп аталатын көлемді монографиясына енді [62]. Жалпы осы ұзын қабырғалы қалалар осы қалалардың аграрлық мәнін көрсетеді. Олардың құрылысы шахристан, цитадель, бақтар мен бақшалар, усальбалардан тұрады. Олардың тұрғындары қолөнер–сауда және жер өңдеушілікті ұштастыра қолданған үлкен қала – елді мекендер деп сипаттама береді. П.Н. Кожемяконың пайымдауынша, мұндай қалалар «көшпелі тайпалар арасында пайда болып дамыды» [62, с. 177]. Сондай-ақ, Жетісу қалаларының Мауереннахр қалаларынан ерекше қорғаныс қабырғаларының болуын осы өлкенің әлеуметтік экономикалық жағдайымен де түсіндіреді. Жетісу қалалары Сюань-Цзянь уақытынан бастап-ақ жекелеген изоляцияланған аймақтар болған және оларды жеке билеушілер басқарған деп атап өтеді [62, с. 176].

П.Н. Кожемяко осы Шу өңірінің ерте ортағасырлық қалалары мен қоныстарын зерттеуге арналған VI-XII ғғ. Аралығындағы қыш бұйымдарды хронологиялық жағынан үш топқа бөледі:

1. VI-VIII ғғ. Түркі қағанаты уақытындағы қыш бұйымдар;
2. VIII- IX ғғ. Қарлұқ кезеңінің қыш бүйымдары;
3. X-XII ғғ. Қарахан үстемдігі уақытындағы қыш бұйымдар [62, с. 24]. Ал К.М. Байпаков бұл қалаларды «қала-оазистер» деп атап, ұзын қабырғалар осы оазистердің әкімшілік шекарасын айқындады, қаланың өзі орталық қирандылар орнында орналасқан деп санайды [71, с. 183].

Жалпы осы ұзын қорғанды қалалар туралы 2017 жылы М.Е. Елеуов, Д.Ә. Тәлеев және С. Есеновтың ұжымдық еңбегі жарыққа шықты. Монографияда ғалымдар Ортағасырлық Қысмышы, Меркі және Ақтөбе қалажұрттарының зерттелу тарихы, жүргізілген қазба жұмыстарына кеңінен тоқталған [162].

Жалпы Жетісу археологиялық экспедициясы жұмысы нәтижесінде Талас өзенінің жоғарғы және төменгі ағысынан, Тараз қаласы маңынан, Асы жазығынан, Шу-Талас өзенаралығынан ондаған ортағасырлық елді мекендер мен қалашықтар ашылды. Кейіннен ерекше белгілі болған Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Кеңкөл обасында, сондай-ақ, Берікқара, Қарғалы

Жуантөбе обаларында қазба жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, экспедиция ортағасырлық Құлан, Аспара, Мерке қалашықтарын зерттеді. Тәуелсіздік жылдары бұл ескерткіштердің көпшілігі қазақ және қырғыз ғалымдарымен зерттелді. Қазақстанда Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдары, университеттер мен өлкелік мұражайлар мамандары Шу бойындағы археологиялық ескерткіштерді есепке алу, зерттеу, қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев бастауымен 2003 жылы ұйымдастырылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша осы аумақтағы көптеген ескерткіштерге археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ақыртас, Ақтөбе қалалары 2004 жылғы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша стационарлы қазба жұмыстары жүргізілді.

Қырғыз жерінде орналасқан ортағасырлық ескерткіштерді зерттеулерін В.Л. Горячева, Д.Ф. Винник, В.П. Мокрынин, А.К. Абетеков, К Ташбаева, Б. Аманбаева, О. Береналиев және т.б. археологтар айналысып, ғалым жолын жалғастырды.

Қысқаша қорытындылай келсек, осы жылдары аталған аймақта Аспара, Шиштөбе, Сретенское (Ақтөбе), Ключевское, Красная Речка, Қысмышы, Ақбешім, Кіші Ақбешім, Бурана, Новороссийское қалалары зерттелді. Үш қала жұртында – Красная Речка, Ақбешім, Қысмышы қалаларында қазба жүргізілсе, Новороссийское, Құлан, Аспара, қалаларында екі орташа барлау шурфы түсірілді. 1938-1939 жж. жүргізіген зерттеулер барысында *Ақбешім-Баласағұн, Красная Речка – Сарыг, Орловка – Невакет, Новороссийское - Суяб* қалаларымен баламалады. Дегенмен бұл баламалаулары әріптестері мен болашақ ғалымдардығ тарапынан қолдау таппады. Өлкенің ірі зерттеушілері Л.Р. Кызласов, К.М. Байпаков, В.Д. Горячева, М.Е. Елеуовтар бұл баламалаулардың бәрі қате деп санады. Осы Шу өңірінің V-XIV ғғ. қыш бұйымдарын А.Н. Бернштам ерекшеліктеріне және сол уақыттағы саяси жағдайларға байланысты негізгі төрт кезеңге бөліп кезеңдеді.

Экспедиция барысында өте үлкен тарихи-мәдени құндылыққа ие материалдар жинақталды. Бұл материалдар осы аумақта V – XIII ғғ. аралығында өмір сүрген ежелгі тұрғындарының шаруашылығын, құрылыс техникасын, сәулет өнерін, діни наным-сенімін көрсетті. Сондай-ақ, қалалар туралы ортағасырлық жазба деректер сарапталып, олар бойынша бірнеше қала орындарын ортағасырлық қалалармен баламалауға тырысты.

## 4 ОҢТҮСІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

### 4.1 Қангюй (қаңлы) кезеңінің ескерткіштерін зерттеу. Қаңлы проблемасы

Қазақстан тарихы мен археологиясындағы шешімін толық таппаған даулы мәселелердің бірі – «қаңлы» проблемасы болып табылады. Қытай деректерінде атап өтілген қаңлының бес иелігін орналастыру (локализациялау) мәселесі тарихшылар арасында көптеген таластар тудырды.

Қытай тарихшылары мен саяхатшылары қалдырған жазба деректерді аударып, ғылыми айналымға енгізген «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихы деректері атты» еңбекте; «Қаңлы (Канга немесе Кангу) елінің ханы қыста Логатнукта тұрады да, Бетен қаласына көшеді. Басқақтықтың бақылауында емес. Логатнұққа дейін салт аттыға жеті күншілік жол. Чаң-әннан ханның жазғы қонысы Паннұт жеріне дейін 9104 ли. Қаңлыда 120 мың түтін, 600 мың жан, соғысқа жарамды 120 мың адам бар»,- деген деректер келтіреді [163, 155 б.]. «Қаңлыда 5 кіші хан бар.оның бірі – Сағай хан. Ордасы Сағай қаласында. Екіншісі Бомық хан (Кашания). Ордасы Бомық қаласында. Үшіншісі Роунық хан (Ташкент ханы). Ордасы Раунык қаласында (Бынкентте). Төртіншісі Ге хан (Бұхар ханы). Ордасы Ге (Бухара) қаласында. Бесіншісі Оган хан (Үргеніш ханы) ордасы Үргеніщ қаласында. Осы бес ханның бәрі Қаңлыға бағынады»,- деп бес иелік туралы хабар береді [164, 156 б.].

Деректанулық база негізінде локализация мәселесінде екі ғылыми көзқарас орын алды. Ғалымдардың бір тобы – қаңлылар ортаазиялық өзенаралығында Ташкенттен Хорезмге дейінгі алқапты алып жатты десе, екіншісі – қаңлы иеліктері Сырдың бойында Ташкентке дейінгі алқапта орналасқан, атамекені Сырдарияның орта ағысы, Сарысу, Шу өзені жазықтарында және Ұлытау тауларында орналасқан деген көзқарасты ұстанды [160, с. 167].

Жоғарыда аталып өткен бірінші көзқарастың белді жақтаушысы – С.П. Толстов болды. Әйгілі археолог, Орта Азия тарихына ерен еңбегі сіңген ғалым С.П. Толстов төмендегі өз теориясын алдыға тартты. Хорезм аумағын қаңлы мемлекетінің саяси ядросы болды деп санап, Хорезмнің ежелгі тарихының б.з.б. IV - б.з. II ғғ. қамтитын «Қаңлы кезеңін» бөліп қарастырды [66, с. 20-24]. Оның айтуы бойынша, Авестада келтірілген Канка елі – Хорезм, ал қаңлы атауы тайпаның емес, бүтіндей бір елдің атауы деп атап көрсетті. Хорезм археологиялық экспедициясы зерттеулерінің нәтижелерін жариялаған өзінің зерттеулерінде С.П. Толстов «Қаңлы» терминін осы кең мағынада қолданып өтті. Қаңлы мемлекетінің дамуының шарықтау шегі антикалық кезеңге тура келді деп есептеген ғалым, Хорезм тарихының бүтіндей бір даму кезеңін (б.з.б. IV-I ғғ.) – қаңлы кезеңі ретінде бөліп көрсетті. Қаңлы мемлекеті

шығысында Ферғанамен, батысында Хорезм және Бұхара оазистерімен шектеседі деп есептеп, қаңлының бес иелігін төмендегідей орналастырды:

1.Сусе иелігін ол Кашкадариядағы Кеш-Шахрисябзбен, 2. Фумуды – Заревшандағы Кунашиямен, 3. Юениды – Ташкентпен, 4. Ги- Бұхарамен, 5. Юеганьды – Хорезммен теңдестірді [67, с. 20-24].

Өзіміздің зерттеу нысанымыз ретінде А.Н. Бернштамның мақалаларындағы қаңлы мәселесіне тоқталайық. Жалпы зерттеуші өзі жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі ретінде осы қаңлы мәселесін таңдап алған болатын. Яғни Оңтүстік Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерді барлау, зерттеу жұмыстарымен қатар, жазба және археологиялық материалдарды қатар өре отырып, қаңлы тайпаларының тарихын, орналасуын, шығу тегін, ескерткіштерін зерттеуді қолға алды [165, 10 б.]. Осы экспедиция жұмыстары нәтижесінде жарық көрген мақалаларындағы қаңлы мәселелеріне тоқталайық.

Қаңлылардың үш иелігін Лоюени (Юегань), Юени, Сусе – прототүріктік мәндегі иеліктер ретінде Сырдарияның бойы мен Қаратауда орналастыра отырып, А.Н. Бернштам Ги мен Фумуды оңтүстік Өзенаралығынан емес, Яксарт маңынан іздеу керек, Яксарттан оңтүстікке қарай орналасуы мүмкін емес деп санайды [133, с. 95]. Ал 1948 жылы жарық көрген «Древний Отрар» атты мақаласында 1947-1948 жж. Отырар оазисінде жүргізілген экспедиция жұмыстары нәтижесінде осы бес иеліктің Сырдария бойымен шектелетінін айта келіп, Юени иелігі – Ташкент оазисі аумағында орналасып, Қауыншы мәдениеті жатса, Сусеге – Отырар-Қаратау мәдениеті таралған Отырар аумағы, Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзені, Қаратаудың солтүстік беткейі жататынын, Фумуға – Жетіқорғаннан Қазалыға дейінгі аймақ, Жетіасар мәдениеті аумағы кіретінін айта келіп, Гиді – Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қалалар аумағымен ал Юегань – Әмудариның төменгі ағысы, Хорезм аумағына орналастырды. Осы бес аймақтың негізгі тайпалары ретінде Юени мен Суседе – яксарт тайпасы негізінде, Фуму – тохар тайпалары негізінде, Ги – массагеттер, ал Юегань – массагет–алан тайпалары негізінде дамыды деп атап өтеді. Қаңлылардың астанасы Битянь қаласының орнын ғалым Сусе иелігінің аумағынан, яғни Қаратаудың маңынан іздеу керек деп есептейді [125, с. 81-97].

1949 жылы жарық көрген «Археологические работы в Южном Казахстане» атты мақаласында 1947 жылы Талас жазығы мен Тараз қаласында археологиялық жұмыстардың жүргізілу барысын сипаттай келіп, осы жолғы экспедицияның тарихи мақсаты - қаңлы мәселесін (тайпалардың орналасуы, мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктері) шешу болды деп атап өтті. 1947 жылы осы мақсатты шешу үшін Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы екі рет Қаратауды кесіп өтіп, оның баурайын, Сырдарияның оң жағалауын Отырардан Сығанаққа дейін, Сырдарияның сол жағалауында Оксус қаласы маңын барлап, Отырар, Сауран, Сығанақ, Испиджаб, Яссы шұраттары зерттелді деп атап көрсетеді. Б.з.б. І мыңжылдықтың екінші жартысынан бастап, Қаратау

мен Сырдария бойында шығу тегі бойынша сақ массагет тайпаларынан таралған қаңлы тайпалары таралып орналасты деп жазады. Каңлылар Сырдариядан Ілеге дейінгі аймақты мекендеді дей келе, осы ұлы даланы «Улуг-Иери» - қаңлылардың атамекені деп атайды [119, с. 131].

Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Қаратау маңы мен Сырдария бойында жүргізілген археологиялық зерттеулері нәтижесінде өзінің «Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана» мақаласында да қазақ халқының этногенезі және қаңлы проблемасына айырықша көңіл бөледі [134]. Бұл мақалада А.Н. Бернштам қаңлы атауына өзгеше мән береді. Ғалымның айтуынша, «Қаңлы» түсінігінің кеңею үрдісі және «Қаңлы» термині мен Қытайлықтар Соғдыларды атаған тағы бір атау «Кан» терминінің өзара байланысы өте күрделі мәселе деп санап, Кан елі мен Қаңлы тайпасының атаулары – бір мәнде емес деп және б.з. шегінде-ақ қаңлылардың түркітілдес болғанын атап көрсетеді [163, с. 10].

Осылайша, ғалым қытай деректерінде кездесетін қаңлы топонимикаларына өзінше талдау жасайды. Мысалы, «Люени» елінің атауының мағынасы түріктің ұлық деген сөзімен бір десе, «Юени» атауын «Ұлы» эпитетінсіз жай ғана «Жер» сөзінен шыққан деп түсіндіреді. «Сусе»атауы туралы ғалым иероглифтерде «Сусак» деп оқылуы мүмкін екенін айта отырып, оны қазіргі Созақ аумағының атауымен теңестіреді. Сусак топонимін ғалым ежелгі яксарттық сақтардың (апасаки), яғни, «су сақтары» атауынан шыққан деп түсіндіреді [104, с. 23]. Қаңлы лексикасының түркілік мәні және оның қытай деректері бойынша орналасу жері бойынша А.Н. Бернштам қаңлылар түркі тайпаларына жататын, Сырдарияның орта ағысы, Қаратау баурайы мен оның солтүстік және солтүстік-шығысындағы далалық аумақтарды мекендеген көшпелі тайпа деп атап көрсетеді және осы тұжырымға маңызды толықтыру ретінде б.з. шегіндегі Сырдария бойындағы ескерткіштерді зерттеу материалдарын алдыға тартады [134, с. 95].

Археологиялық материалдар негізінде А.Н. Бернштам саяси және экономикалық себептерге орай, қаңлы тайпалары отырықшы және көшпелі болып бөлінген деп есептейді. Отырықшы қаңлылар массагеттік-аландық топпен араласып, өзенаралығындағы этносаяси өмірде үлкен роль ойнаған этникалық құрылымның үлкен бөлігін құраса да, тәуелсіз көшпелі бөлігіне сүйене отырып қаңлы тайпалық атауын сақтап калды. Олардың кушан мемлекеті құрамында орналасуы қытай тарихшыларын алдымен юечжилер мен қаңлылардың этнографиялық туыстығын көрсетуіне әкелсе, кейіннен қаңлыларды юечжилардан тараған деп қателесуіне себеп болды деген қорытынды жасайды [134, с. 97].

Енді қаңлы тайпасының тарихы, олардың бес иелігінің орналасуы туралы өзге археолог ғалымдардың пікірлеріне тоқталайық. Өздерінің осы аймақтарға жүргізілген зерттеулері нәтижесінде еңбектерінде Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич б.з.б. II ғ. - б.з. III-IV ғғ. аралығында Талас жазығында, батысқа қарай Талас–Сырдария өзенаралығында және Қаратаудың солтүстік бөктерлерінде қаңлы тайпасы мекендеген деп есептеп, А.Н. Бернштам пікірімен

толықтай қосылады. Дегенмен, бұл ғалымдар қаңлы иеліктерінің С.П. Толстовтың да, А.Н. Бернштамның да локализациялауы толық негізделмеген деп есептеп, осы аймақтың қаңлылардың қай иелігінің құрамында болғаны әлі де басы ашық мәселе деп атап өтеді [65, с. 9]. Жалпы, Қазақстанның оңтүстігіндегі қаңлы елдімекендерін сипаттаған және сыныптаған да осы ғалымдар болды. Авторлар ежелгі қаңлы мәдениетімен байланысты б.з.б. II – б.з. IV ғғ. кезеңделетін «қаңлы-қаратау» археологиялық мәдениетін бөліп шығарады. Бұл мәдениетті Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау маңына орнықтырады [65, с. 210-211].

Кейінгі кезеңде Қазақстан археология ғылымында қалыптасқан, қаңлы тайпаларының мәдениеттері туралы көп зерттеулер жүргізген келесі бір ірі ғалым – Л.М. Левина еді. А.Н. Бернштам өзінің «Древний Отрар» атты мақаласында «Отырар-Қауыншы» мәдениеті деп бөліп көрсеткен мәдениетті Л.М. Левина «Отырар-Қаратау» мәдениеті деп атап өтіп, бұл мәдениеттің (б.з.б. I -— б.з. VII ғғ.) негізгі шоғырланған жері - Отырар оазисі болып табылады деп көрсетті. Жалпы қаңлы кезеңіне жататын археологиялық ескерткіштерді үшке бөліп қарастырып, олардың орналасуы туралы ғалым *Отырар–Қаратау мәдениеті* - солтүстік-батыста Сырдарияның орта ағысы, Отырар, Түркістан және Жаңақорған оазистерімен, солтүстігі мен солтүстік-батысында Қаратаумен, шығысында Талас жазығымен, оңтүстігінде Қазығұрт тауларымен шектесетін кең байтақ алапты алып жатыр десе, *Қауыншы мәдениеті* – Ташкент оазисінде, *Жетыасар мәдениеті* таралған Жетыасар жайлауы Сырдарияның төменгі ағысында Жусалы станциясы маңында орналасқанын атап өтеді. Бұл мәдениет ескерткіштері 1946 жылдан бастап белсенді түрде зерттеліп, соның нәтижесінде Л.М. Левинаның іргелі зерттеуі жарияланды [55]. Ғалым Жетіасар мәдениетін қыш ыдыстары бойынша екі кезеңге: 1. б.з. бірінші мыңжылдығының бірінші жартысы. 2. IV-VII ғғ. немесе VIII ғ. басы; 3. VIII ғ. соңы – IX ғ. [55, с. 226].

Қауыншы мәдениетінің қыш ыдыстарын үш кезеңге бөледі: 1. б.з.б. I ғ. – б.з. III ғ. немесе IV ғ. басы; 2. III-V ғғ. 3. VI-VIII ғғ [55, с. 227].

Отырар – Қаратау мәдениетіне жататын қыш ыдыстарды үш топқа: 1 . I-IV ғғ. 2. IV-VI ғғ. 3. VI-VIII ғғ. бөледі [55, с. 224]. Барлық үш мәдениет қыш ыдыстарын зерттей отырып, Л.М. Левина Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойын мекен еткен тұрғындардың этникалық құрамының мыңжылдық бойы өзгермегенін атап көрсетті [55, с. 242]. Демек, Л.М. Левина А.Н. Бернштамның негізгі идеяларын қолдайтынын көрсетті.

Кейіннен С.Г. Кляшторный 1964 жылы жарық көрген еңбегінде қаңлы елі туралы тарихи деректерде келтірілген әртүрлі мәліметтерге сараптама жасап, түрлі көзқарастарға сыни пікірін білдірді. Ғалым А.Н. Бернштам мен Н.А. Аристовтың қаңлы тайпалары «түркітілдес» болған деген пікіріне қарсы шығып, қаңлыларды көшпелі иран тайпалар тобына енгізді. Осы еңбегінде С.Г. Кляшторный қаңлылардың орналасуы жайлы А.Н. Бернштамның идеясын негізсіз деп табады. Оның ойынша қаңлы иеліктері ортаазиялық өзенаралығының солтүстік жағында болуы және орталығы Сырдарияның орта

ағысында Отырар оазисінде болуы деп мүмкін деп сақтықпен айтады [67, с. 172].

1957 жылы жарық көрген Кеңестік кезеңдегі Қазақстан археологиясы туралы мақаласында К.А. Ақышев Беріккара обасының кезеңделуі және оларың қаңлыларға тиесілілігі туралы А.Н. Бернштам тұжырымдарының ақиқатқа жақын екенін жазып өтеді [153, с. 77].

Б.А. Литвинский болса, қаңлылардың этникалық шығу тегі туралы мәліметтердің аздығы бұл мәселеде әртүрлі болжамдар мен гипотезалардың көбеюіне алып келді дей келе, С.Г. Кляшторныйдың б.з. І мыңжылдығының ортасына қарай шығыстан келген түркітілдес этникалық топтардың инфильтрациясы әсерінен сол кездегі каңлы конфедерациясына енген тайпалар өздерінің этникалық бейнелерін өзгерте бастады деген пікіріне қосылып, қаңлылар солтүстік-иран малшы тайпаларына жататын ирантілдес болды деген пікір айтады [68, с. 18-19]. «Кангюй» атауының шығуын ғалым хотан-сақ сөзі «канга» – «тері» деген сөзінен шығуы мүмкін дей келе, егер бұл ойы лингвистер тарапынан қолдау тапса, қаңлы тайпалсының атауы «теріден киім киген адамдар» деген сақ этнонимі болуы мүмкін деген пікір айтады [68, с. 22-23]. Ғалым *ерте қаңлылар* (археологиялық Қауыншы мәдениеті) – Сырдарияның орта ағысында орналасқан, күшейген кезеңдерінде түгелдей Арал бойын және ортаазиялық өзенаралығын өз қол астында ұстаған кейінгі сақ мемлекеті болған деп санайды. *Кейінгі қаңлылар* (Қауыншы ІІ археологиялық мәдениеті) – саяси биліктен айырылған ерте қаңлылардың ұрпақтары болды деп тұжырым жасайды [68, с. 23]. Қаңлылардың орталығын Сырдарияның орта ағысында дей келе, оңтүстік-шығыста Ферғанамен шектесті деп жазады. [68, с. 16].

Ю.А. Заднепровский өзінің 1997 жылы жарық көрген «Древние номады Центральной Азии» жинағындағы «Проблемы локализации кангюя в свете археологических данных» атты бөлімінде Қаңлы тарихының зерттелуін 1851 жылдан яғни Я. Бичуриннның қытай деректерін топтастырған жылнамалар жинағы жарық көрген уақыттан бастайды. Және бұл еңбекке аударылудағы нақтылық жағынан өз замандастары мен одан кейінгі шығармалар арасында жоғарғы сатыда тұрған сапалы еңбек деп баға береді. Жалпы, қаңлы тапаларының орналасуы тарихнамасына тоқтала келіп, Ю.А. Заднепровский қаңлылар елін бір мемлекет шеңберінде көшпелі және отырықшы тайпалардың тығыз байланыста өмір сүргенін және өзге тайпалар – үйсіндер, юечжилерге қарағанда қаңлылар осы жердің жергілікті тұрғындары болған деп атап көрсетті [69, с. 45].

Өз зерттеуінде қаңлы кезеңіне (б.з.б. ІІ ғ. - б.з. V ғ.) жататын көшпелілердің жерлеу орындары орналасқан бес географиялық ауданды бөліп көрсетеді. Олар: 1. Ташкент оазисі. Қауыншы мәдениетін құрайтын Келес-Шыршық-Ангрен өзендері бойының ескерткіштері дей келе бұл аумақта жерлеу орындарының әртүрлі типтері – катакомба, ақымдық, жер қабір (грунтты) және склепты түрлері кең тараған, әрі бұл аумақ ескерткіштерінің

ерекшеліктері отырықшы елді мекендермен кешенді түрде қатар орналасуында деп атап көрсетеді [69, с. 46].

Катакомбалы жерлеу орындарын сырттан келген тайпалармен байланыстырған пікірлер сәтсіздігін айта келіп, б.з.б. IV-II ғғ. катакомбалы жерлеу орындары Шығыс Түркістаннан Еділге дейінгі аумақты мекен еткен көптеген солтүстік ирандық тайпаларға тән болған деп санайды. Ал жерлеу салтының өзгеруі мен осы катакомбалы жерлеу салтының енуін Ю.А. Заднепровский осы кең алқапты мекен еткен көшпелілердің идеологиясындағы кординалды өзгерістердің болуымен түсіндіреді [69, с. 48].

2. Талас жазығы. Бұл жерде табылған катакомбалы жерлеу орындары арасынан автор Кеңкөлді ерекше атап өтеді. Талас жазығында грунтты және катакомбалы жерлеу орындарының ара қатынасы 60-40 дей келе, олардың алғашқысы жергілікті тайпалар үйсіндер мен қаңлыларға тән болса, ал катакомбалы жерлеу орындарын өзге салтты ұстанатын көшпелі тайпалардыкі деп санады. Кеңкөлдің этникалық жағынан кімдерге жататыны таласты әрі басы ашық мәселе деп санады. Бірақ ғалым өз мақаласында Кеңкөл обаларын қауыншы мәдениеті ескерткіштерімен ұқсастығын ерекше атап өтеді [69, с. 55].

3. Сырдарияның орта ағысы және Қаратау жазығы. Бұл аумақ Отырар – Қаратау мәдениетімен ерекшеленеді. Бұл жерден Кеңкөл мен Қауыншы мәдениеті обаларына ұқсас Бөріжары катакомбаларын атап өтеді.

4. Жетіасар мәдениеті – Сырдың төменгі ағысы.

5. Сырдарияның сол жағалауындағы Хорезм. Бұл жерде де көшпелі тайпалар жерлеу орындары – катакомбалы және ақымды болса, ал отырықшы тұрғындар – ассуарийге жерлеген деп атап көрсетеді.

6. Орталық Қызылқұм. 7. Бұхара оазисі. Осылайша қаңлы тайпаларына жатқызған ескерткіштерді орналасуы бойынша сыныптай келе автор осы 8 иелік аумағы түгелдей қаңлы тапалары жайлаған деген ой түйіндейді [69, с. 60].

Қаңлы тарихына қалам тартқан тағы бір отандық ғалым ретінде академик Карл Молдахметұлы Байпақовты айта аламыз. Ғалым Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық урбанизациясына арналған үш томдық кітабының бірінші томында қаңлыларға бөлім арналған. Академик қаңлы мәселесін шешудегі қиындықтардың көпшілігін жазба деректердің үзінді түрінде, бір біріне қарама-қайшы мәліметтерді келтіргенімен және жалпы қаңлылар туралы деректердің шектеулілігімен байланыстырады [163, с. 163-200].

Ал А.Н. Подушкинмен бірлесе жазған Оңтүстік Қазақстанның отырықшы–жер өңдеуші тайпаларына арналған монографиясында осы қаңлы ескерткіштеріне тоқталған [166].

Оңтүстік Қазақстан аумағының қаңлы ескерткіштерін зерттеушілер қатарында Н.П. Подушкин мен А.Н. Подушкинды айта аламыз. 1960 жылдардың ортасынан бастап, Шымкент Педагогикалық институтының археологиялық отрядын басқарған Н.П. Подушкин Қаратау маңы мен Арыс өзенінің жоғарғы және орта ағыстарындағы ерте отырықшы елді мекендерді зерттеумен айналысты. Бұл аймақта жылдар бойы жүргізген зерттеулер нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның отырықшы-жер өңдеуші тайпалары

ескерткіштері тақырыбында диссертация қорғап, зерттеуші отырар-қаратау мәдениетінің жергілікті Арыс мәдениетін бөліп шығарды. Әкесінің осы аумақтағы ұзақ жылғы зерттеулерін жалғастырған А.Н. Подушкиннің б.з.б. IV - б.з. VI ғғ. қамтитын кезеңде өмір сүрген тайпалардың материалдық мәдениетіне тән мәдени-генетикалық дәстүрлердің жүйесін зерттеуге арналған монографиясы жарық көрді [167]. Бұл монографияда автор Арыс мәдениетін Отырар-қаратау мәдениетінен бөлек, өзінше мәдениет деп қарастырып, үш хронологиялық кезеңге бөледі. Олар:

1. Ерте – Қарауылтөбе кезеңі (б.з.б. V-III ғ. – б.з. I ғ.), (Оңтүстік Қостөбе, Шаяндағы Ақтөбе, Бата-Атадағы Ақтөбе қоныстары, Қаратөбе, Күлтөбе, Ақтөбе, Шымкент, Кеңсай, Берікқара, Жетішоқы обалары).
2. Дамыған – Қаратөбе кезеңі (б.з. I – IV ғғ.), (Арыс оазисінде Қаратөбе обасы; Қостөбе елді мекені; Күлтөбе қалашығы мен обасы; Төлебайтөбе 1 және 2 қалашығы мен обасы; Алтынтөбе елді мекенінің төменгі қабаттары мен обасы; Сатанрабад обасы, Төрткүлтөбе (Кумышка) қалашығының төменгі қабаттары; Қараспантөбе мен Жуантөбе қалашықтарының төменгі қабаттары; Бөріжары, Қараспан обалары; Шүкірбұлақ қонысы мен Ордабасы обасы; Шымкент қалашығының төменнгі қабаттары; Қаратау тауы баурайында – Баба-Атадағы Ақтөбе қонысы, Шаға обасы; Отырар оазисында – Пұшықмардан қалашығының төменгі қабаттары, Мардан, Көкмардан, Мардан күйік обалары; Байтөбе қалашығының төменгі қабаттары. Сырдария мен Шаш оазисында Ақтөбе 2 елді мекені, Ақтөбе обасы; Шаушықұм обасы; Джун обасы, Қауыншытөбе қалашығы).
3. Кейінгі – Алтынтөбе кезеңі (б.з.IV – V ғғ.). (Төрткүлтөбе (Кумышка) қалашығының жоғарғы қабаттары; Бадамдағы Қостөбе 1 және 2 қоныстары; Бөріжары, Қараспан обалары; Жуантөбе, Қараспантөбе қалашықтарының орта қабаттары. Отырар шұратында – Көкмардан қалашығының төменгі қабаттары, Көкмардан және Мардан күйік обалары. Сырдария мен Шаш шұраттарында – Шаушықұм елді мекені, Жамантоғай обасы; Қауыншытөбе қалашығы, Мыңқұйрық және Шаштөбе қалашықтары) [164, с. 108-123]. Автор бірінші кезең ескерткіштерін сақ тайпаларының мұрасы деп санаса, Қарауылтөбе кезеңі мен Қаратөбе кезеңінің алғашқы этаптарын – сармат тайпалық одағына тән деп санады [167, с. 153].

Талас тудырған қаңлылардың бес иелігін орналастыруда автор төмендегідей өз нұсқасын ұсынады:

Юени иелігі – Ахангаран, Ыршық өзендерінің Сырдарияға құяр сағалары (Шаш шұраты),

Сусе иелігі – Келес, Құрыққелес өзендерінің Сырдарияға құяр алқаптарынан Шардара маңына дейінгі аумақ (Келес шұраты мен оның маңы);

Ги (Цзи) иелігі - Арыс өзенінің төменгі ағысы, Сырдарияға құяр тұсы, сондай-ақ, Қаратаудың оңтүстік беткейі (Отырар шұраты);

Юегань иелігі – Талас өзенінің орта және төменгі ағысы, Қаратаудың солтүстік беткейі деп орналастырса, қаңлылардың астанасы Битянь қаласын

зерттеуші Фуму иелігіне орналастырып, Қараспантөбе қалашығымен баламалайды [167, с. 170].

Қаңлы ескерткіштерін зерттеуші тағы бір ірі ғалым ретінде біз Ерболат Әкежанұлы Смағұловты атай аламыз. Өз өмірінің басым бөлігін Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуге арнаған ғалым, 2005 жылы авторлар бірлестігімен шығарған Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырлық некропольдарына арналған еңбегі осы тақырыпқа арналған [168]. Осы ұжымдық монографиясында Е.Ә. Смағұлов арыс мәдениетін бөлек бөліп қарастырған А.Н. Подушкинге сын пікір айтады. Ғалым А.Н. Подушкин қорғандар мен катакомбалы жерлеу салты – «арыс мәдениетінің» «жалғыз әрі эталонды белгісі» деп санауы дұрыс емес деген пікір білдіреді. А.Н. Подушкин арыс мәдениетіне жатқызған отырар-қаратау және қауыншы мәдениеттері аумағында қорған жамылғылы жерлеу орындарының арасында топырақ шұңқырлы, ақымды, наустағы, тас жәшіктегі секілді бірнеше түрлі салттар орын алғанын атап өтеді. Және А.Н. Подушкин «ерекше» деп бөліп көрсеткен Арыс мәдениетінің қыш ыдыстары отырар-қаратау және қауыншы мәдениеті қыш ыдыстарынан айырмашылығы жоқ дей келе Е.Ә. Смағұлов Күлтөбе қаласынан табылған кірпіштегі жазуларды да кезеңдеуі анық болмағандықтан, Қаңлы мемлекетіне жатқызуға дәлел жоқ екендігін атап көрсетеді. Осылай өз пікірін айта келе Е.А. Смағұлов А.Н. Подушкинның Арыс мәдениетінің таралу аймағы анықталмағанына тоқталып, Арыс және Бадам өзендерінің орта ағысында ойдан орналастырылған орталығының болуын, ерте кезеңінің б.з.б. IV-I ғғ. кезеңделуі нақты аргументацияға негізделмеген деп қорытындылайды [168, с. 163]. Жалпы отырар-қаратау, қауыншы және жетіасар мәдениеттерінің жақындықтарын ескере отырып, олардың бәрін жеке мәдениет емес, бір мәдениеттің варианттары ретінде қарастыруды ұсынады. Ғалымның ойынша қазіргі уақытта бұл варианттар қатары Арыс, Келес, Шу, Ферғана және басқа да варианттармен толығып жатқанын атап көрсетеді. Бұл аталған үш мәдениетті «Сырдария тарихи-мәдени қауымдастығына» біріктіріп, олардың иелерін этносаяси жағынан қаңлыларға жатқызу керектігін жазады [168, с. 164]. Осы ұжымдық монографияда К.М. Байпақов пен Е.Ә. Смағұлов Қазақстанның оңтүстігінде ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, қаңлылардың бес иелігін былай орналастырады:

Юени иелігін – Ташкент шұратында, Шашта орналастыру дұрыс деп санап, оның құрамына бастауынан Сырдарияға құяр сағасына дейінгі бүкіл Келес жазығы кіреді деп көрсетеді. Бұл Сырдария бойындағы 97 елді мекені, кен орындары бар, дамыған қолөнері мен ақшалы сауда қатынасы бар ірі тарихи-мәдени орталық болған деп санайды.

Фуму иелігі – ғалымдардың ойынша Сырдарияның орта ағысында, сол жағалауында Сүткенттен Байрақұмға (Байырқұм) дейінгі, түгелдей Арыс жазығында орналасқан, Жуантөбе және Қараспан секілді ірі қалалары бар иелік деп жазса, осы екі қалашықтың бірі иеліктің астанасы болған дейді.

Сусе иелігі – Сырдарияның орта ағысында Арыс өзенінің төменгі ағысы мен Қаратау алабына орналасқан. Иелік құрамына Отырар, Түркістан және

Жаңақорған шұраттары енген, ірі қалалары ретінде Отырар, Мардан-Күйік, Жалпақтөбе, Алтынтөбе, Оқсыз қалаларын атайды. Бұл аумақта отырар-қаратау мәдениеті ескерткіштері таралған.

Ги иелігі – Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан оған Түркістан мен Жаңақорған оазистері аумағы енген. Ірі қалалары ретінде – Қарашық, Шөлтөбе, Сидақ, Қаратөбе және Ордакент қалашықтары енген.

Юегань иелігіне – Жусалы ауданы мен Сырдарияның төменгі ағысы еніп, оның орталығы Жетіасар ауданы болған. Бұл жерде Жетіасар мәдениетіне жататын ескерткіштер тарала орналасқан. Жетіасар мәдениетінің соңғы кезеңінде Юегань мәдениетіне Жанкент, Кескен қала мен Күйік кескен қала секілді «батпақты» қалалар енген. Юегань иелігінің орталығы Шірік-Рабат қаласы болуы, кейіннен Алтын Асар қаласына ауысуы мүмкін деген жорамал айтады [168, с. 164-165].

«Қаңлы мәселесіне» қалам тартқан тағы бір ғалым ретінде А.Н. Свиридовты атай аламыз. Жас ғалым 2012 жылы жарық көрген өз мақаласында қаңлы мәселесінің мәні археологиялық деректерді жазба деректермен ұштастырудың қиындығында деп көрсетіп, мәселені шешудің үш кезеңін анықтап, қаңлы тарихын кезеңдеудегі авторлар көзқарастарын салыстырады [169].

Қаңлы тарихы туралы үлкен еңбек ретінде 2020 жылы жарық көрген С.Я. Яценко бастаған авторлар ұжымының «Археология и история кангюйского государства» атты монографиясы. Ұжымдық монография қаңлы тақырыбына арналған алғашқы халықаралық еңбектің тарауларында әлі жарияланбаған тың деректер жазылған. Кітаптың әсіресе құнды бөлігі С.А. Яценко жазған алғашқы төрт тарауы. 1-тарауы қаңлы мәселесінің деректері мен тарихнамасына арналып, қаңлы тарихына қалам тартқан ғалымдар еңбектеріне жақсы аналитикалық талдау жасалған. Монографияда қаңлы ескерткіштерін Түркістан шұраты, Арыс өзені жағасында, Қаратау баурайында таралған – отырар-қаратау, ежелгі Шаш аумағында таралған – қауыншы және Ішкі Тянь-Шань мен Шу-Талас өңірінде таралған – кеңкөл мәдениеттерін бөліп көрсетеді [170, 7]. С.Я. Яценко өзі жазған тарауда қаңлылардың тілі туралы Б.А. Литвинскидің пікірін қолдайтындығын білдіріп, қаңлыларды парсы тілдес болғандығы ғылыми негізі бар деп санайды [170, 26].

Енді А.Н. Бернштамның қаңлы тайпаларына тән деп есептеген ескерткіштерді археологиялық жағынан зерттеу жұмыстарына тоқталайық.

1936-38 жж. Жетісу археологиялық экспедициясы жұмысы барысында Талас алқабын зерттеуде ғалым осы аумақты үйсіндер мен қаңлылар шектескен аймақ деп санап, б.з.б. II – б.з. I-III ғғ. қаңлылардың орын тепкен жері деп атап өтеді [123, с. 11]. Археологиялық материалдар бойынша олардың шаруашылығы малшылық және аздаған көлемде отырықшылық болды деп санап, бұл пікірінің ақиқат екенін Луговое ауылы маңындағы төбеде жүргізілген қазба барысында төменгі қабаттардан б.з. алғашқы ғасырларына жататын материалдар – үй жануарлары мен жабайы жануарлар сүйектері табылуымен дәлелдейді. Бұл Луговое қонысынан балшықтан жасалған,

қарабайыр, сынған жерінде сұр кейде қызылдау түске ие, ағаш үгінділері қосылған қыш ыдыстар да табылған. Табылған қыш ыдыстардың көбіне екі түрі басымдықта: олар, кіші диаметрлі, дөңгелек түпті, ернеусіз табақтар мен түбі тегіс белі жуандап, мойнына қарай жіңішкеретін ыдыстар деп көрсетеді. Ыдыстар көбіне ұстағышсыз, геометриялық негіздермен жұпыны өрнектелген, күйдіру пешінің төмен температурасында жасалған қарабайыр, түбі тегіс банка типтес ыдыстар. Жасалу барысында бұл ыдыстардың түбіне дәндер себілген. Осындай тары дәні себілген ыдыстың табылуы ғалымға осы уақыттарда қаңлыларда тары өсірген деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Жер өңдеушіліктің болуының тағы бір себебі – дән үккіштер табылуы деп санады [111, с. 14].

1938-1939 жылдардың өзінде-ақ, А.Н. Бернштам жетекшілік еткен ғалымдар тобы Берікқара обасында көптеген қорғандарға зерттеулер жүргізеді. Қаратаудың солтүстік-шығыс бөктерінде Тараз қаласынан 85 шақырым батыста орналасқан Берікқара обасында жалпы саны 457 қорғаны бар 31 қорғандар тобынан тұрады. Барлық қорғандар дерлік тоналып, көлемдері бойынша үш топқа бөлінеді:

1. Диаметрлері 25-41 м, биіктіктері 2,50-3,20 м болатын ірі қорғандар.
2. Диаметрлері 12-24 м, биіктіктері 0,40-1,50 м болатын орташа қорғандар.
3. Диаметрлері 4-5 м-ден 9-12 м дейінгі биіктіктері 0,10-0,25 м болатын ұсақ қорғандар [129, с. 17].

Бұл жамылғылары көбінесе сақина, жарты ай немесе жол тәріздес қойылған тастармен бірге кездеседі. Ірі қорғандар жамылғымен қатар тас қоршаулары бар. Орташа қорғандарда қорған сыртын ала және жерлеу шұңқырын қоршай қойылған қоршаулардың ізі байқалса, ұсақтарда сыртқы белгілері аса айырықша емес және олардың ішінде көбіне бос жерлеу орындары кездеседі [129, с. 18].

Жерлеу орындары қатты тасты топырақты ойып, батыстан шығысқа бағытталып қазылған. Қайтыс болған адам, шалқасынан басы батысқа, кей кездері сәл солтүстікке бұрыңқырап қойылған. 1938-1939 жж. А.Н. Бернштам 40 тан астам обаға қазба жұмыстарын жүргізді. 1938 жылғы қазбалар барысында ұсақ қорғандар орташа қорғандардың бүйірінде орналасқан және оларда көбіне балалар жерленгені анықталған болатын.

ММТИ Мұрағатының қолжазба бөлімінде осы Берікқара қорғандарында қазба жұмыстарын жүргізген экспедиция мүшелері ғылыми қызметкер Г.И. Пацевич пен Л.Г. Розинаның күнделіктері сақталған. Г.И. Пацевичтың № 62-63, 71,76,127,148 обаларда жүргізілген зерттеу жұмыстары туралы жазылған [92]. Жалпы осы 1939 жылғы жұмыстардың басталуы жайлы А.Н. Бернштам өзінің далалық күнделігінде былай деп жазады:

«5/6-1939 жылы Ленинградтан шығып, 6/06-1939 жылы Москвада түнедік, 7-12/06-1939 ж. Алматыға жол тарттық. 13/06 Алматыда ҒА Қазақ Филиалы мен экспедиция бойынша келісім шарт жасадым. Сосновский мен Луппианға телеграмма жолдадым. Бенедиктов ақша алу үшін қалдырылды.

14/06 күні сағат 5.35 жолға шықтық. Жамбыл қаласында 14-маусымда 10.20 да болдық. 15-19 маусымда транспорт даярлап, жұмысшыларды жинақтадық, құрал-жабдықтар сатып алдық. 19 маусымда сағат 5-те Билікөлге жол тарттық. Берікқарада сағат 11 де болдық», - деп жұмыс барысын сағат минутымен жазып отырған [92, 1 п.].

Осы күнделіктен Берікқара обасының №71, 72, 73, 183 қорғандарда қазба жұмыстары жүргенін, әсіресе «Ақ қорған» деп аталған №448 қорғанда жүргізілген зерттеулеріне, №71 қорғанға жүргізілген қазба барысы мен қол жеткен материалдарға айырықша тоқталып өтеді [92, 1-6 п.]. Сондай-ақ №63, №62, №446 қорғандарындағы қазба барысында тек соңғысынан ғана алтын өрнекті жұқа қола дискінің жартысы, қола сақина, 1 сердолик моншақ, бірнеше формасы мен қолданысы анық емес темірден жасалған заттар, 2-3 балшықтан жасалған ыдыстардың көптеген бөлшектері және адамның 3 омыртқа сүйегі, бас сүйегінің бөлігі, астыңғы жағының бөлшегі және тағы басқа ұсақ сүйек қалдықтары табылғанын атап көрсетеді [92, 22-23 п.].

Осы экспедицияның келесі мүшесі М. Луппианның күнделігінде осы Берікқара қорғанының тағы бір тобына жүргізілген қазба жұмыстары баяндалған. Бұл жерде №45 қорғанда жүргізілген қазбаны сиптатай келіп, қорған кесігін, жоспарын және адам сүйектерінің өте нашар сақталғанын, ешқандай ыдыс қалдықтарының жоқтығын баяндайды [93, 1-5 п.]. Олардан сарматтық үшжақты, сапты жебелердің темір ұштары, үшқырлы сүйектен жасалған ұштары, қанжар-қылыш, сондай-ақ, сырттан әкелінген нефрит кесе, алтын мен мыстан жасалған көптеген әшекейлер табылды. Осы әйелдер қойылған қорғандармен қатар балалар қорғандары да қазылды. Бұл қорғандардың бәрінде жерлеу жәдігерлері болған. Ал ешқандай жәдігерсіз қойылған жерлеу орындарын А.Н. Бернштам құлдардыкі болуы керек деген болжам жасады [93, 17 п.].

Жалпы зерттеуші Берікқара обасының ең жақын аналогтары ретінде М.В. Воеводский пен М.П. Грязнов зерттеу жүргізген Қырғызстандық үйсін обаларын атай келе, қыш ыдыстарды жасау технологиясы мен формасындағы ұқсастықтармен қатар, бірнеше айырмашылықтары да бар деп жазады. Олардың қатарына, біріншіден Берікқара обасынан қытайлық және грекобактриялық шығу текті заттардың табылмауы, екіншіден, берікқаралық әшекей бұйымдарда сырғаларда көз түріндегі тастардың орналастырылуы, үшіншіден, жерлеу ғұрпы үйсіндіктерге қарағанда сарматтық жерлеу орындарына ұқсайтындығы деп атап өтеді. Ғалым осы тұжырымдар негізінде Берікқара обаларын қаңлы тайпалары қалдырған деп атап өтеді. Жерлеу орындарының екі хронологиялық шеңбері анықталған: біршама ерте топ б.з.б.ІІІ-І ғғ., ал кейінгі кезең - б.з.б. ІІ ғ.-б.з. 1 ғ. кезеңделеді [129, с. 16].

Обаның осы тобына берілген бұл кезеңдеу осы жерден табылған аузына құс тістеген арыстан бейнеленген қола айылбасқа сүйене жасалынған. Бұл айылбас 62-қорғаннан табылған. Осы айылбас туралы А.Н. Бернштам арнайы мақала да жазып, жариялайды [171, с. 3-11]. Бұл қорған да өз заманында-ақ тоналған. Жалпы көлемі 8х4,5 см айылбастың өзі тегіс әрі жалпақ, тікбұрыш әрі

құйылып жасалған. Бұл айылбаста ғалымның қызығушылығын тудырған нәрсе, екі жануардың қатар бейнеленуі. Арыстан бейнесі өте шыншыл бейнеленіп, аузы, көзі, бетінің бұлшық еттері мен құлағының жымқырылуынан өте ызаланып тұрған сәтін көрсете алған. Келесі жануар осы арыстанның аузында бейнеленген құстың басы мен мойыны [171, с. 9]. Осы айылбасты автор өз кезеңіндегі металға салынған өнердің ең озық туындысы қатарына қойып, ең жақын аналогы ретінде М.П. Грязнов ашып зерттеген Шибе қорғанынан табылған жәдігерді атап өтеді. Екі туындыға да ортақ нәрсе – жыртқыш аңның басының бейнеленуі. Сондай-ақ, жасалу стилі бойынша мысық тектес жыртқыштарың басы бейнеленген Жетісудан табылған алтарь, шырағдандарды да қарастыра отырып, Жетісулық жәдігерлердің арасында жануар бейнелерінің қоладан құйылып жасалуының сюжеті және стилі жағынан бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Шибе қорғандары б.з.б. ІІ-І ғғ. кезеңделетінін ескере отырып, ғалым Берікқара қорғандары да осы шекке сиятынын айта келе, Берікқара айылбасын сақ аң стилінен жаңа «сарматтық» кезеңге өту уақытымен яғни ІІІ ғасырмен кезеңдейді [171, с. 11]. Сараптай айтсақ, автор бұл мақаласында жазба және археологиялық көптеген деректер негізінде ежелгі тайпалардың діни-мифологиялық көзқарастары мен зергерлік өнері тарихын реконструкциялайды.

А.Н. Бернштам Берікқара обасынан тапқан материалдары сақ-үйсін мәдениетінің өзіндік ерекшелігін, және олардың ежелгі қаңлы мәдениетінінен өзгешелігін, осы тұрғындардың Қытай мен Орта Азиямен байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Тамды жайлауында орналасқан Тамды обасына 1947 жылдың қыркүйегінде зерттеу жүргізілді. Бұл жерде қорғандар осы аттас елді мекенге жақын орналасқан. Обаның негізін тасы конус тәріздес диаметрі 5 тен 25 м ге ал биіктігі 0,5 тен 3 метрге дейінгі көлемдегі қорғандар құрайды [104, с. 3]. Жеті қорғанда жүргізілген зерттеулер барысында көптеген ерекше жәдігерер табылды. Бұл қорғандар тас қоршауларымен - «мұрттарымен» ерекшеленеді. Қайтыс болған адамдар кейбірі ағаш бөренелермен жабылған үлкен топырақ шұңқырларда, бастары солтүстік-батысқа бағытталып, кейбір обаларда төрт адамға дейін бірге жерленген. Тамдыдағы ер адамдардың жерлеу орындарында темір акинақтар сынықтары, қорамсақтың ілгіштері кездеседі. Мұртты V қорғаннан әлсіз күйдірілген қара, ыдыраңқы қыш ыдыстардың сынықтары, қиыр шығыстық скифтік типті қорамсақтың кола ілгіші, алтын ілгішті шиыршық тәріздес сырға, алтын жапсырмалар, сондай-ақ, ерекше темір үшжақты жебе ұштары жиынтықтары және жапырақ тәріздес найза ұштары табылды. «Мұртты» тас жамылғының ерекшелігі және табылған инвентарь негізінде ғалым бұл обаны қаңлылық (б.з.б. 3 – б.з. 1 ғғ.) деп есептеді. Осы қарастырылған жерлеу орындарында әлі де сақ кезеңінің жерлеу ғұрпы салттары байқалады. Берікқара және Тамды обалары материалдары бойынша сақ және үйсін кезеңдерінде Жетісу бойынша орныққан жерлеу құрылыстары, ғұрыптары және жәдігерлерінің негізгі түрлері одан әрі беки түсті дей келе, б.з.б. ІІІ—ІІ ғғ. ескерткіштерінде ақымдап жерлеу пайда болады, бірақ олардың

негізгі массасы біздің заманымыздың алғашқы ғасырларына тура келеді деп санады [134, с. 96].

Ал осы аттас Тамды қалашығының материалдары біршама кейінгі уақытты қамтиды. А.Н. Бернштам қала ежелгі қаңлы тұрағының орнында пайда болған деп санайды. Қала цитаделіне барлау шурфы салынып, жалпы қалыңдығы 3 метрге жететін 7 мәдени қабаттың бары анықталды. Қаланың ең шарықтай даму кезеңі VI-VIII ғғ. мен кезеңделсе, моңғол шапқыншылығынан соң күйрегенін атап көрсетті [113, с. 4].

Қысқаша қорытындылайтын болсақ, зерттеуші қаңлы мәселесі бойынша өз пікірін білдіріп, осы тайпалар қалдырған көптеген обаларға зерттеу жұмыстары жүргізді. Бұл тұжырымдарға қысқаша тоқталсақ:

- қаңлының бес иелігі: Юени иелігі – Ташкент оазисі аумағы; Сусе – Отырар-Қаратау мәдениеті таралған Отырар аумағы, Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзені, Қаратаудың солтүстік беткейі; Фумуды – Жетіқорғаннан Қазалыға дейінгі аймақ, Жетіасар мәдениеті аумағы; Гиді - Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қалалар аумағы; Юеганьды – Әмудариянын төменгі ағысы, Хорезм аумағына орналастырды;
- осы 5 иеліктің негізгі тайпалары ретінде Юени мен Суседе – яксарт тайпасын, Фуму – тохар тайпаларын, Ги – массагеттер, ал Юегань – массагет–алан тайпаларын атап көрсетті;
- қаңлылардың астанасы Битянь қаласының орнын ғалым Сусе иелігінің аумағынан яғни Қаратаудың маңынан іздеу керек деп есептеді;
- ғалым қытай деректерінде кездесетін қаңлы иеліктерінің топонимикаларына талдау жасады;
- қаңлы лексикасының түркілік мәні және оның қытай деректері бойынша орналасу жері бойынша қаңлылар түркі тайпаларына жататын, Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау баурайы мен оның солтүстік және солтүстік-шығысындағы далалық аумақтарды мекендеген көшпелі тайпа деп атап көрсетеді;
- өзінің «Древний Отрар» атты мақаласында «отырар-қауыншы» мәдениетін бөліп көрсетті. Кейіннен археолог Л.М. Левина бұл мәдениет негізінде «отырар-қаратау» мәдениетін ерекшелейді.

А.Н. Бернштам өз зерттеулерінде қаңлы тайпасының Сырдария алабы мен Қарату баурайында қоныс тепкен көшпелі түркі тайпасы болғанын, ал Хорезмнің осы қаңлы мемекетінің орталығы емес тек перифериясы болғанын және б.з.б. II ғасырға дейін, яғни, кушан мемлекеті билігі тұрақтанғанға дейін толық өзенаралығына әсері күшті болғаны туралы тұжырымдайды. Қаңлы гегемониясы кушандар тұсында шектеліп, ғұндар шабуылы әсерінен әлсіреп, эфталиттер шабуылынан күйреді дей келе, өзенаралығы мен Сырдария бойындағы өзге этникалық топтармен араласып кетсе де, Қаратаудан арыға қарай орталық Қазақстан далаларында және батыс Жетісуда сақталып қалды деп ой түйіндейді. Қазіргі қазақ халқының қаңлы тайпасының болуы да осы мәдениеттің автохтондығының бір белгісі деп санайды [64, с. 33-34].

Өз отанымыздың тарихында елеулі орын алған, ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып есептелетін Қаңлы тайпалық бірлестігі тарихы туралы А.Н. Бернштамның осыдан 70 жыл бұрын айтқан тұжырымдары қазіргі уақытта тәуелсіз еліміздің зерттеушілері арасында кеңінен қолдау тауып, осы күнге дейін жинақталған материалдар негізінде шындықпен жанасатындығы анықталуда. 5 ғасырдан аса уақыт бойы ұлан-ғайыр аумақта үстемдік еткен қаңлы мемлекетінің тарихы – қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының ортақ мәдени мұрасы болып табылады. Осындай маңызына қарамастан, біз бүгінгі таңда қаңлылар туралы жетісулық сақтарға немесе үйсіндерге карaанда анағұрлым аз білеміз.

## 4.2 Отырар оазисі мен Оңтүстік Қазақстан ортағасырлық қалаларының зерттелуі

А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының ұйымдастыруымен құрылып, Материалдық мәдениет тарихы институты Ленинград бөлімінің мамандары қатыса жұмыс істеді. Экспедицияның жетекшісі А.Н. Бернштам, ал тұрақты мүшелері Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкерлері Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, өнертану ғылымдарының кандидаты Л.И. Ремпель және т.ғ.к. И.И. Копылов, А.Г. Максимова, практиканттар – С.Г. Кляшторный, М. Морозовтар болды [104, с. 2].

Енді осы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының ортағасырлық елді мекендер мен қалалар орнына жүргізген зерттеулеріне тоқталсақ. Бұл зерттеу жұмыстары ғалымның ежелгі Отырар қаласына арналған мақаласында, РҒА ММТИ Мұрағатының қолжазба қорында және бірнеше есепті мақалаларында жинақталған.

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1947 жылғы маусымында өз алдына Сырдария аумағындағы археологиялық ескерткіштерді барлауды және 1947 жылы жұмыс жоспарына осыған дейінгі ғалымдармен қарастырылмаған 1. Антикалық кезең мен ерте орта ғасыр; 2. Қазақ халқының этногенезі оның ішінде қаңлы мәселесі секілді мәселелерді мақсат етіп қойды. Осы екі мәселені шешу жолында Қаратау бойы мен Сырдарияның екі жағалауындағы аумақты шарлайтын маршрут құрылды. Маршруттың жалпы ұзындығы 1500 шақырымды құрады [134, с. 68].

1947 жылы Жамбыл – Тамды – Қаратау – Сайрам – Түркістан – Тимур – Сырдың сол жағалауы Оқсызға дейін одан әрі Қаратаудың сол жағалауынан Жамбылға дейінгі маршрут бойынша барлау жүргізілді.

Енді осы экспедиция қазба және барлау жұмыстарын жүргізген ортағасырлық қала жұрттарға тоқталсақ. Испиджаб – Қазақстан аумағындағы ең ірі ортағасырлық қалалар қатарында болғаны және Ұлы Жібек жолының ең маңызды деген түйіндерінің тоғысқан жерінде орналасқаны бізге белгілі. Осындай экономикалық және саяси жағынан маңызды орын алған Испиджаб

қаласының орнын табу – осы өлкенің тарихын зерттеуші тарихшы, археолог ғалымдардың көбінің негізгі мақсаттарының бірі болған. В.В. Бартольд Макдиси еңбегінде қала құрылымы, қақпалары жете сипатталған Испиджаб қаласын Сайраммен баламалайды [160, с. 9]. Ал осы өлкенің келесі ірі зерттеушісі М.Е. Массон қала топографиясын зерттеп, екі қабырға орнын анықтайды. Осы жұмыстар барысында кейбір археологиялық-топографиялық мәліметтердің жазба деректерде сипатталған мәліметтерге сай келмейтінін ескерте отырып, ғалым өз мақаласында ежелгі Испиджаб Сайрамның орнында болған деп түпкілікті кесіп-пішіп айтуға асығуға болмайтынын айтып өтеді [66, 39-41].

Зерттеуіміздің нысаны болған А.Н. Бернштам да осы Сайрам қаласында барлау жұмыстарын жүргізеді. Ежелгі Сайрам қаласы орнының параметрі 600x550м, қала қабырғалары әлемнің төрт бұрышына бағытталғанын, қала орны қазіргі заманғы құрылыс шұңқырларымен қазылып тасталғанын айтады. Көптеген мәдени қабаттары бар және керамикалық материалдары өте көп қала туралы ғалым: «Археолог получает здесь на свои руки большой материал для суждений и без раскопок»,-деп жазады [104, с. 5]. Табылған материалдардың көбі монғол-тимуридтік кезеңге жатса, қарахан кезеңінің қыш ыдыстары – өте аз көлемде, ал саманидтық кезеңге жататындары – бірнеше ғана деп сипаттама береді. Қала жоспарының ерекшелігін зерттей келе Сайрам қаласының орнында араб, парсы тарихшылары мен географтары Испиджабта бар деп жазған цитадельдің тіпті орны да жоқ деп санайды. Осы жағдайлар зерттеушіні Сайрам қалашығын ежелгі Испиджабпен баламалау қате және оны басқа аймақтан іздеу керек деген ойға алып келеді [104, с. 5]. Және *Испиджабты* Бадамның оңтүстік–батысы мен Арыстың төменгі ағысынан, дәлірек айтса, *Қарабұлақ* ауданынан іздеу керек деген тұжырым айтады. Сайрам қаласы Талас пен Шу бойының қалаларына қарағанда соғдылық шығу тек белгілері жоқ, одан гөрі оғыз қалалары құрамына кіреді деп қорытындылайды [104, с. 6].

Ал 1939 жылдан бастап Жамбыл археологиялық пунктіне жетекшілік еткен Г.И. Пацевич экспедициясы барысында Сайрам ауылы орнындағы қала жұртты ортағасырлық Испиджаб қаласы екендігі күман туғызбайтынын айта келіп, оның себебін IX ғасырда-ақ Махмуд Қашқаридың «Диуани луғат ат-турк» еңбегінде Сайрам – Испиджабтың атауы екендігі жазылып кеткендігімен түсіндіреді [129, с. 165].

Ал, К.М. Байпаков өз кезегінде М.Е. Массон, А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева секілді ғалымдардың қала орнын Бадам өзені бойынан іздеу керек деген ойлары әлі жүзеге аспады дей келе, бұл аумақта ежелгі Испиджабқа тең келетін ешқандай қала орны анықталмады деп жазады [67, с. 26]. Жалпы Испиджаб қаласының Сайрам қалажұрты орнында болғандығы туралы пікірді соңғы жылдары осы ескерткішті зерттеп жүрген белгілі ғалым Б.Ә. Байтанаев қолдайды [70].

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Сайрамнан соң Отырар қаласына келеді. Отырар цитаделінде, шахристанында, сондай-ақ, жақын орналасқан Пышақшытөбе, Алтынтөбе және Құйрықтөбе қалашықтарына

зерттеу жүргізді. Алтынтөбе қаласын зерттеуші ең архаикалық ескерткіш деп санаса, Құйрықтөбе де өз жоспарлауы мен құрылысы бойынша Сырдарияның сол жағалауындағы Жетіасар кешеніне ұқсастығын анықтап берді [134, с. 77]. Жапсырмалы-таспалы техникамен жасалған ағаш үгінділі, сусымалы қара түсті, кейде жылтыратылған, өздерінің технологиясы мен сыртқы түріне қарай скиф-сармат ыдыстары циклына жататын, архаикалық қыш ыдыстар табылып, олар қаңлы кезеңімен кезеңделді. Отырар шұратындағы алдын-ала зерттеулер нәтижесінде кей этномәдени байланыстар әсіресе қаңлы-тохар этномәдени байланыстар қабаты айқын байқалады [134, с. 79]. Әсіресе ең архаикалық материалдар б.з.б. IV ғасырмен кезеңделетін, кезінде С.П. Толстов Хорезмнен тапқан және қаңлылық деп атау берген қыш ыдыстарға ұқсайтын қалың қара және қызыл түсті қыш ыдыстар Құйрықтөбеден табылды деп атап өтеді [134, с. 77].

Ғалым Отырар қаласына арналған мақаласында Отырар секілді ежелгі ірі орталықтан селжұқ және қарахандық құймалы қыш ыдыстарды кездестірмегенін айта келіп, оның себебін Сырдарияның бұл уақытта мәдени тіпті саяси тәуелсіз де орталық болуынан деген қорытындыға келеді [104, с. 10]. Отырарда және Сырдың оң және сол жағалауындағы барлық елдімекендерде монғол–тимуридтік қыш ыдыстар кең таралғанын атап өтеді. Жалпы ғалым *Отырар* қаласының ортағасырлық *Фарабпен* баламалауға қарсы пікір білдірмейді. Ал ортағасырлық *Кедер* қаласын осы Отырар маңында орналасқан *Алтынтөбе* немесе *Құйрықтөбенің* бірі болуы мүмкіндігін көрсетеді. Ортағасырда қалалардың өз орнын ауыстыруы жағдайларын осы Кедер қаласымен де байланыстырады [104, с. 12]. Ал 1949 жылы осы Алтынтөбе қаласында қазба түсіріліп, оның барысында шикі кірпіштен тұрғызылған ғимарат орны ашылды. Өзінің 1949 жылғы есебінде ғалым «... Учитывая что, Алтын тепе не именуется Отыраром и не имеет послемонгольских культурных слоев, оно одно может названо древним именем Кедер. Совершенно очевидно, что Алтын тепе является остатками первой столицы Параб-Отрарского оазиса – городом Кедер»,-деген тұжырымға келеді [106, с. 8]. Бірақ келесі бір мақаласында ғалым осы аумақтағы зерттеу жұмыстары нәтижесінде бір округ шегінде қалалар орнын ауыстырып отырған, ал осындай ауыспалы қалалардың әртүрлі атаулары сол уақытта өмір сүрген және тарихшылар есінде қалып қойған деген пікірге келеді. Ғалым ежелгі *Кедер* қаласы Отырардың бұрынғы орны болуы мүмкін және Фараб – қала емес, Кедер-Отырар қаласы орналасқан аймақтың атауы деп санайды [134, с. 82]. Пышақшытөбе қаласы орнына жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қаланың негізгі материалдары VI-VIII ғғ. жататынын айта келіп, қала өмірі XIII ғасырдан кейін де жалғасын тапқаны анықталды [65, с. 35].

Қаратаудың оңтүстік бөктері мен Арыс өзенінің орта ағысындағы ескерткіштер ретінде Икан, Ишкан, Мыртөбе, Мәлік Баба-Ата, Садық Ата, Шойтөбе, Ясы-Түркістан, Яны Асар, Шорнақ, Сығанақ, Сауран, Қаратөбе қалаларын атап өтеді.

Сондай-ақ, Түркістанда кесене орналасқан қалашық және Түркістаннан оңтүстік–батысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе қаласын зерттеді. Табылған материалдар негізінде Шойтөбе біршама ерте кезеңде өмір сүрген елдімекен екендігі және 1,5 км қашықтықта орналасқан тепе-наустармен байланысы анықталды. Автордың ойынша, кесене орналасқан қалашықтан гөрі осы *Шойтөбе* ортағасырлық *Шауғар-Яссы* қаласы орны болуы мүмкін. Себебі осы қаладан табылған материалдар XI-XII ғғ. қамтыған, ал Шауғар қаласы осы жылдардан кейін тарихи деректер бетінде аталмайды. Ал кесенелі қалашықты моңғол-тимуридтік кезеңдегі Түркістан ретінде қарастырады [134, с. 82-83]. Дегенмен, кейіннен К.М. Байпаков ортағасырлық Шауғар қаласын Қарашық өзені бойындағы Төрткүл 1 қаласымен баламалайды. Кейіннен осы Шауғар округының орталығы Шауғар қаласынан Түркістан қаласына ауысады деп жазады [67, с. 35]. М. Қожа өз зерттеуінде «Шавгардың байырғы түркішесі – Қаращұқ, қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы Қарашоқы – Қаратау. Яғни Шавгар–Қарашоқы–Қаратау сөздері бір-бірінің баламасы. Сондықтан бұл қала қазіргі Түркістан қаласы шетінен ағып жатқан Қарашық өзенінің бойындағы Қарашық қаласы болуы тиіс»,-деген пікірімен К.М. Байпаковтың ойына қосылады [172, 19 б.].

Жалпы Түркістан қаласын зерттеуде 1928 жылы шілде айында арнайы келген М.Е. Массонды атап өтпесек, болмас. Бір апта көлемінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген ғалым басты назарын Қожа Ахмет Иассауи ескерткішіне салды. Осы зерттеулері нәтижесінде «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет кесенесінің зерттелуі хақында» атты мақаласы және «»Қожа АхметЯссауи» атты кітапшасы жарық көреді [173, 144-145 бб.]. Қазіргі қазақ ғалымдары М.Е. Массонның осы кітапшасын көлемі шағын болса да, монографиямен пара-пар дей келе, бұл зерттеуінде ғалым кесене тарихын археологиялық және тарихи-сәулеткерлік тұрғыдан ғана қарастырылып қоймай, қала тарихы, Әзірет Сұлтан тарихы туралы қолда бар барлық деректер негізінде қысқа да болса баяндалған, аңыз-әңгімелер келтірілген деп жоғары бағалайды [173, 150 б.]

Келесі қалалық округ – Сауран округінде экспедиция Сыдықата, Шорнақтөбе, Қаратөбе, Мыртөбе және Сауран секілді ірі ескерткіштерді зерттеді. Бұл жерде де А.Н. Бернштам Түркістан қаласынан 35 шақырым солтүстік-батысқа қарай орналасқан *Сауран* қаласын – *кейінгі Сауран*, ал *Мыртөбені* жоспары мен табылған жәдігерлер бойынша е*желгі Сауран* деп санады [134, с. 83]. Дегенмен, Мыртөбеден табылған ерте кезеңнің қыш ыдыстарының аздығы бұл жерге адамдардың Қаратөбеден тарап кеп орналасқанын көрсетеді деп тұжырымдайды. Кейіннен Г.И. Пацевич пен Е.И. Агеева өз монографияларында *Мыртөбе* қаласын Макдиси сипаттаған *Зерах* қаласымен баламалайды [65, с. 104]. Қазіргі уақытта қазақ ғалымдары X-XIII ғасырдағы *ежелгі Сауранды* Сауран қаласынан 2-3 шақырым жерде орналасқан *Қаратөбе* қаласымен баламалайды [73, с. 35].

Экспедиция сонымен қатар Сырдың орта ағысындағы Жуантөбе және Қараспантөбе қала жұрттарында барлау жұмыстарын жүргізіп шурф түсіреді.

Кейіннен Г.И. Пацевич пен Е.И. Агеева өз монографияларында *Жуантөбе* қала жұрты сөзсіз *Арсубаникет* қаласы деп санайды, ал *Қараспантөбе* қаласын бұл екі ғалым Арыс бойында орын тепкен *Қарасаман* қаласымен баламалайды [65, с. 109].

А.Н. Бернштам Оқсыз қаласын өте ежелгі төбе орнында пайда болған ортағасырлық қала деп санап, оның цитаделінен құмыра тәрізді қара түспен жылтыратылған скиф-сарматтық қыш ыдыстардың табылғанын жазады. Сондай-ақ, көп мөлшерде қаңлы-қаратау қыш ыдыстары, эфталиттік керамика және қаңлы хорезм керамикасы табылды. Оқсыз тіршілігі үзілмей үздіксіз сақталған қалалардың бірі деп баға берді [104, с. 15]. *Оқсыз* қаласын кейіннен Г.И. Пацевич пен Е.И. Агеева ортағасырлық *Весидж* қаласымен баламалайды [65, с. 124]. Өз кезегінде осы аумақтың ортағасырлық қалаларын зерттеуші ғалым М. Қожа бұл баламалауды теріс деп тауып, деректерде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Кедер-Құйрықтөбеден Оқсызға дейінгі аралық екі фарсахтан асатынын негізге ала, В.Н. Рудневтың картасында белгіленген Сырдарияның сол жағалауындағы қамалдардың бірінің орнында болуы керек деп санайды [172, 17 б.].

Осы экспедиция барысында А.Н. Бернштам Төменарық станциясының жанында орналасқан Сунақатаның жоспарын сызады. Қала жоспары бойынша бұрыс көп бұрышты. Осындай елді мекендердің цитаделсіз, көпқырлы жоспарын А.Н. Бернштам оғыздарға тән деп санап, Сунақата ертедегі қаңлы елді мекені орнында пайда болған деп көрсетеді [134, с. 86]. Бұл жылы экспедиция ешқандай қалаға қазба жұмыстарын жүргізбеді.

Ал 1948 жылы экспедицияның мақсаты - Сырдария бассейіні мен Қаратау баурайын зерттеу болған. Археологиялық жұмыстар жүргізумен қатар, экспедиция барысында ғалымдар өз алдарына қаңлы мәселесі мен Сырдария мәдениетінің қалыптасуындағы оғыздар ролін зерттеу сынды тарихи мәселелерді шешуді және экспедиция маршрутын оңтүстікте Ташкент оазисіне дейін және солтүстік бағытта Орталық Қазақстанға дейін кеңейтуді мақсат етіп қойды. Экспедиция тек археологиялық қазба жұмыстарымен ғана айналыспай, жұмыс барысында тарихи география, хронология тарихи-мәдени үрдістің ерекше кезеңдерін зерттеді.

1948 жылы экспедиция маршруты 2500 шақырымды қамтыды. Және осы жылы 11 қорғанды обалар, 5 қала типті елді мекен, 47 тепе (олардың ішінде 24-і біршама зерттелген) зерттелді. Отырар жайлы ортағасырлық араб-парсы деректерде көптеген ақпарлар берілгенін айта келіп, Отырар атауының шығу тегі мен орналасуы жайлы да таласты мәселелерді қозғап өтеді [125, с. 81]. 1948 жылы экспедиция зерттеуді екі бағытта жалғастырды. Оңтүстік бағытта Келес өзені жазығы бойымен Ташкент оазисы шегіне дейін барса, солтүстік бағытта Шу өзеніне дейін, яғни, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы шегіне дейін жетті. Бұл жылы стратиграфиялық зерттеу жұмыстары Ақтөбе Алтынтау және Тарсатөбе (Тарса Тепе) қалалары орнында жүргізілді [65, с. 20]. Диаметрі 100 метр, биіктігі 6 метр болатын Ақтөбеде екі шурф түсіріледі. Ерте кезеңдері жабайы және үй жануарлары сүйектерімен, қара борпылдақ қаңлы-

қаратау типті қыш ыдыстар, дәнүккіштер, тас шот қалдығы, ашық ошақ еденіндегі күл қалдықтары табылды. Ал орта қабаттарда отырар-хорезмдік ыдыстар басымдықта [94, с. 16]. Тарса-тепе орнына үш қазба түсірілді. Бұл қаланың қаңлы-қаратау қыш ыдыстары ерекше дей келе, оның екі ерекшелігін атап көрсетеді: 1. Ғұн-түркі дәуіріне тән жгутты типті немесе оюлы ыдыс қалдықтарының табылуы, 2. Бұл қыш ыдыстар бөлшектерінде ысқылау жылтырату байқалады, жиектердің қатты иіліне қайырылуы біршама қалыңданған. Ернеулері мен иықтарында бүршіктері бар. Тарсатөбе көшпелі отырықшы тайпалар мәдениетінің дамуының автохтондығын көрсететін ескерткіш деп баға берді. Қазба барсында қол жеткен материалдар негізінде Ақтөбе Алтынтау қаласы б.з.б. алғашқы ғасырлар мен б.з. VIII-X ғғ. аралығында өмір сүргені анықталды. Ал Тарсатөбе қаласы өмір сүру уақыты қаңлы кезеңінен бастау алып, ерте түркі дәуірінде яғни ең интенсивті кезеңі V-VII ғғ. болған деп тұжырымдайды [94, с. 19].

Экспедиция Арыс өзенінің оң жағалауы, Бөріжары және Келес бойындағы қорымдарға да зерттеу жүргізді. Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі некрополі – Бөріжары қорымы Қараспан ауылына қарама-қарсы Арыс өзенінің оң жағалауында, Қарауылтөбе ауылынан Бадам өзеніне дейінгі аумақта 13 шақырым жерге созылып орналасқан. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған жерлеу құрылысының екі негізгі түрі – котакомбалық және жер бетіндегі склептік. Бөріжары обасын А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы 1949 жылы екі обада қазба жұмысын жүргізді. Бұл туралы Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің зерттеуінде «Раскопанные два кургана (наименьшие по диаметру 8 м) были пустыми, не удалось даже проследить границы могильных ям. Возможно, что вскрытые насыпи без характерных ровиков вокруг полы кургана, были не курганами, а кенотафами – поминальными холмиками»,- деп сипаттама береді [106, 12 п.]. 1967-1968 жж. бұл обада Б.Н. Нұрмұхамедов қазба жұмыстарын жүргізсе, 1989 жылдан бастап Шымкент облыстық өлкетану мұражайы экспедициясы, ал 2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қызметкерлері зерттеу жүргізді.

Сонымен қатар, А.Н. Бернштам көшпелілік пен отырықшылықтың таралу шекарасын анықтауға да тырысты. Арыстың оңтүстігінен Келеске дейінгі сусыз аумақта көшпелілік ізі де байқалмайтынын айта келіп, көк баурайлы Келес бойында тек ерте кезеңдегі обалардың ғана орналасқанын таңданыспен жазған ғалым, бұл жағдайды төмендегідей мәселелермен түсіндіруге тырысады: 1. Арыс-Келес зонасы әртүрлі этно-экономикалық топтар арасындағы буфер ролін атқарғандығымен; 2. Б.з. алғашқы мыңжылдығының бірінші жартысында отырықшы оазистердің көбеюі және көшпелілердің отырықшылануының көбеюімен түсіндіреді [121, с. 87]. Сырдарияның этникалық ортасында қоғамдық қатынастың өзгеруі елді мекендер топографиясы мен орналасуын өзгертті дей келе бұл ойын төмендегідей тұжырымдармен дәлелдеуге тырысады: *біріншіден*, орлар мен үйінділер бар қалалар (Отырар, Сүткент, Байрақұм (Байырқұм) және т.б.) пайда болды; *екіншіден*, Жуантөбе және

Қараспантөбе секілді елді мекендер көшпелілер аумағына кіріге пайда бола бастады; *үшіншіден*, ойкосты типті шұраттар орнына Сырдарияның оң жағалауы мен Арыс бойындағы түзу бойымен орналасу басымдықта байқалады; *төртіншіден*, тепелердің орнында арнайы қорғаныс–бекіністі Шарапхана секілді қоныстар пайда болады; *бесіншіден*, көшпелілердің обалары топографиясы өзгереді - тізбектей орналасу жоғалып, қорған топтары ассиметриялы түрде орналаса бастайды (Шегнак сай, Қантуғай); *алтыншыдан*, көшпелілер қорғандарымен қатар «наусы» қорғандар пайда бола бастайды. «Наусты» төбелер өзендер бойында бір бірінен 3-5 шақырым ара қашықтықта орналасқан деп жіктеп көрсетеді [125, с. 88].

А.Н. Бернштам оғыз кезеңіндегі қалалардың ерекше типі пайда болды деп санап, олардың қатарына Сырдарияның оң жағалауындағы Сүткент және Байырқұм елді мекендерін жатқызады. Сондай-ақ, көпсанды «ғұздар қалаларына» Сайрам, Сығанақ, Қарнақ, Оксус және тағы басқа кішігірім қалаларды жатқызады [119, с. 133]. Бұл қалаларда цитадель мен шахристан анық байқалады және екі қалада да цитадель шахристаннан терең ормен бөлініп жатыр дей келе осы архитектониканы Жуантөбе мен Қараспантөбе қалашықтары да қайталайтындығына тоқталады [94, с. 12]. Осы орайда өлкенің ірі зерттеушісі Мұхтар Қожа Байырқұм атауы туралы өз еңбегінде атаудың төркіні моңғолдың «байри» – стойбище, резиденция деген сөзінен пайда болған, ал «құм» сөзі әдеттегі құмды білдірмейді дей келе, «Құмкент», «Құмтекей» атауларын мысалға ала отырып, осы сөздің бекініс мағынасында да қолданылатыны жөнінде пікір білдірген [74, 95 б.].

Осы 1948 жылғы есебінде А.Н. Бернштам Отырар оазисінің күшті әсері солтүстікке де таралуы керек деп санайды. Дегенмен ғалым Ә.Х. Марғұланды «Орталық Қазақстанның аз санды және әлсіз дамыған немесе XIX ғасырдағы Қоқан бекіністерінен Талас оазисіндегі секілді жер өңдеушілік мәдениетті байқағанын қателескені» деп санап, Қаратаудың солтүстік бөктерінен бастап-ақ қоныстарда құлдырау белгісі байқалып, бұл аумақтың периферия болғандығы байқалатынын атап өтеді және олардың өмірі толықтай Отырар оазисіне тәуелді және байланысты болды деп жазады [94, с. 15].

1949 жылы Сырдарияның сол жағалауындағы барлау жұмысы жалғастырылды, сондай-ақ 8 нысанға қазба жүргізілді. Жалпы осы жылы 120 шаршы метр елді мекен аумағы аршылып, 15 обада зерттеу жүргізілді [106, с. 2]. Алғашқы жұмыс нысаны ретінде Утрабат темір жол станциясынан оңтүстік-батыста қарай орналасқан Қандытоғай жайлауындағы обалар тобы мен елді мекен таңдалып алынды [65, с. 24]. Арыс өзенінің сол жағалауындағы Көкмардан қалашығы Отырар қаласы орнынан 10 шақырым қашықтықта орналасқан. Осы жылы аталған қала орнына 3 қазба түсірілді. Бұл үш қазбадан табылған материалдар негізінде бұл ескерткіш VI-VIII ғасырлардан да ерте уақытқа жатуы мүмкін екендігін көрсетті [106, с. 3].

1950 жылы экспедиция алдына қойылған мақсат – алдыңғы жылдары зерттеумен қамтылмаған Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстік аудандарын зерттеу, Сырдарияның сол жағалауындағы Шардара мен Сүткент совхозы

аралығындағы Мыңтөбе обасына рекогностировкалы қазба жүргізу және Мардан Күйік қаласы орнына қазба жүргізу болды. Және де осы аталған ескерткіштерде қазба жүргізілді [65, с. 40].

1951 жылы экспедиция Бөріжары обасының екі қорғанына стационарлы зерттеулер жүргізеді. Осы жылы осы аумақта ерекше жақсы сақталған Құйрықтөбе қаласы цитаделінде қазба жұмыстары жүргізіледі. 400 шаршы метрды қамтыған қазба орнынан барлығы 7 нысан аршылды [65, с. 47].

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі қалаларға жүргізген зерттеулеріне тоқталайық. Барлығы бұл аумақтан 7 қала орны табылып, Ақтөбе, Қаратөбе, Тамды, Баба-Ата қалаларына қазба жүргізді. Ақсүмбе қаласы Қаратауды солтүстік баурайында осы аттас өзен бойында орналасқан. Жан жағы топырақтан тұрғызылған қабырғамен қоршалған төрт мұнараның ізі сақталған. Тарихи деректерде бұл қаланың аты *Ақсумбе* болып аталады. Келесі қала – *Созақ* қаласы да өз атауын сақтаған қала. Шолақ қорған, Баба Ата, Құмкент, Саудакент, Тамды қалалары да осы аумақта орын тепкен. Осы *Баба Ата* қаласын А.Н. Бернштам ортағасырлық – *Баладж* қаласымен, ал *Тамды* қаласын – *Берукет* қаласымен баламалайды [134, с. 87]. Баладж қаласын Баба Ата қала жұртымен баламалауды К.М. Байпақов та қолдайды [53, с. 92] және әріптесінің бұл пікірін М.Е. Елеуов те дұрыс деп санайды [56, 171 б.].

Жалпы экспедиция жұмысы барысында Отырар оазисінде қала типтес 310 елді мекеннің орны зерттелді. Олар Алтынтөбе, Жалпақтөбе I, Жалпақтөбе II, Құйрықтөбе, Отырар, Мардан күйік, Пышақшытөбе, Тоқайтөбе және Шұңқырлы. Осы қалалар ішінде Көкмарданда ғана цитадель сақталмаған, ал Жалпақтөбе, Көкмардан, Мардан Күйік және Тоқайтөбе де рабаттар сақталмаған [134, с. 88-89].

Археологиялық тематика жағынан экспедиция екі мәселені алдыға қойды: 1) елдімекендер типтерінің ауысуы, 2) қыш ыдыстар классификациясы. Бірінші мәселе бойынша өз генезисін б.з.б. I мыңжылдықтың ортасынан бастау алатын, шығу тегі бойынша қаңлы-қаратаулық келесі елдімекен түрлері көрсетіледі: 1. Жота үстіндегі тұрақтар (Ноғайқора), 2. Күлді төбелер (Ақтөбе, Төбеттөбе). 3. Көпярусты төбелер (Құмкент) жатады.

Жалпы осы аумақтағы елді мекендерді ғалым типтеріне қарай төмендегідей жіктейді:

1) Тепелер (Пышақшытөбе, Майбалық) Б.з.б. I м.ж. ортасынан басталатын қангюй-қаратау типі;

2) Төбесі тегіс тепелер (төбесі тегіс алаңқай төбелер) (Артықата, Қаратөбе, Сыдық ата, Тарсу, Құйрықтөбе, Оқсус). Б.з.б. I м.ж. ортасынан басталатын қангюй-қаратау типі;

3) Кіріккен тікбұрышты (вписанные прямоугольники) (Алтынтепе, Қаратепе, Янги Асар) б.з. шегіндегі қалалар;

4) Көпжақты цитадельді қалалар (Отырар, Бұзықтөбе, Сайрам, Сығанақ) орта ғасырда өмір сүрген;

5) Көпжақты немесе тікжақты түрдегі қалашықтар (Қауғаната, Тамды). Оғыздық тип VIII-X ғғ.;

6) Қабырғалары дұрыс емес периметрлі (Сауран, Абдал, Бабамалик). Моңғолдық тимуридтік тип XIII-XV ғғ. [134, с. 89].

Жалпы осы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының қорытынды есебі ретінде А.Н. Бернштамның редакциялығымен жарыққа шығуға тиіс болған «Материалы и исследования по археологии Казахстана. (Сыр-Дарья и Семиречье, 1947-1951 гг)» еңбегінің 2-томына ғалымның жазған алғысөзі және осы еңбектің жоспары Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Мұрағатының 11-қорының №256 ісінде сақталған [109, 18 п.]. Жинақта сонымен қатар, Е.И. Агееваның, Г.И. Пацевичтың, В.В. Гинзбургтың, Г.Г. Бабанскаяның, Л.И. Ремпельдің мақалаларынан тұратын кітап мазмұны берілген. Дегенмен, бұл еңбек жарыққа шықпаған, оның себебі А.Н. Бернштамның қудалануы да негізгі себеп болуы мүмкін.

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстарын кейінгі кешенді экспедициялар жалғастырды. 1969 жылы Отырар Археологиялық Экспедициясы жасақталып Отырар қалашығының қазба жұмысы басталды. К.А. Ақышев 1971 жылдан бастап, Оңтүстік Қазақстан Археологиялық Экспедициясын басқарды. Зерттеуге полеолит зертеушілерінен бастап, палеоэтнографтар бәрі жұмылдырылды. 1970-80 жж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Кеңес Одағындағы ең озық экспедиция болды. Аз ғана кезеңде тұрғын үйлері, лабороториялық корпустары, қор сақтаулары, бөлек аханасы, жатақханасы бар Отырар базасы салынды. 20 жылда археолог – медиавистердің жоғарғы маманданған мектебі құрылды.

Бұл ескерткіштердің одан әрі зерттеліміп, табылған жәдігерлердің зерделенуіне кең тыныс берген – Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы болды. Аталған бағдарлама аясында Отырар, Сауран, Сығанақ, Ақыртас, Ақтөбе, Жуантөбе, Қараспантөбе, Сидақ, Шымкент қалалары, Бөріжары қорымдарына кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ғалымның шәкірттері – Е.И. Агеева, Г.И. Пацевичтен кейін, Л.Б. Ерзакович, К.А. Ақышев, К.М. Байпаков, Е.Ә. Смағұлов, М.Б. Қожа сынды көптеген айтулы ғалымдар А.Н. Бернштамның ғылыми қызметтерін жалғастырды.

Отырар қаласының тарихы зерттелуі туралы қалам тартып, құнды зерттеулер жазған келесі ғалым М.Б. Қожа аңыздар, деректер зерттеулер бойынша монографиясы жарыққа жыққан [174]. Бұл монографияның ерекшелігі – Отырар алқабының тарихи топографиясынан бастап, топонимдер, гидронимдер, ойконимдер, микротопонимдер, ирригациялық жүйелер – арықтардың атаулары, керуен жолдар және олардың жалпы жағдайы туралы археологиялық және тарихи деректерді пайдалана отырып, қалам тартқан. Өзге зерттеулерден үлкен артықшылығы – аумақтың тарихын жазуды жергілікті аңыз-әпсаналар да кеңінен пайдаланылғаны монографияның маңызын арттыра түскен. Арыстан баб өмірі мен кесенесінің салынуы, Темірдің Отырарда қайтыс болуы туралы т.б. аңыздар тарихи айналымға енгізілген. Еңбектің келесі бөлімі – Отырар тарихы баяндалатын жазба деректерге арналған. IV тарауда автор

Отырар өлкесінің XIX ғасырдың І жарытысына бастап, XXI ғасырдың басына дейінгі зерттелуіне тоқталған. Осы бөлімде біздің зерттеуіміздің нысаны болған – А.Н. Бернштамның Отырар өлкесі туралы ғылыми мақалаларына кеңінен тоқталған [174, 147-150 бб.].

Қорыта келе, А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы осы аймақта барлау, қазба жұмыстарын жүргізіп, Қазақстан археологиялық картасына бұрын белгісіз болған көптеген екерткіштерді қосты. А.Н. Бернштам жетекшілік еткен осы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Сайрам, Шойтөбе, Сыдықата, Шорнақтөбе, Қаратөбе, Мыртөбе және Сауран қалаларына барлау жүргізіп, Қаратаудың солтүстік бөктеріндегі – Ақтөбе, Қаратөбе, Тамды, Баба-Ата қалаларына қазба жүргізді. Жалпы Отырар шұратында қала типтес 310 елді мекеннің орны зерттелді. Олар Сунақата, Ақтөбе Алтынтау, Тарсатөбе, Алтынтөбе, Жалпақтөбе І, Жалпақтөбе ІІ, Құйрықтөбе, Отырар, Көкмардан, Мардан күйік, Пышақшытөбе, Тоқайтөбе, Сүткент және Шұңқырлы ескерткіштері. Ғалым осы қала жұрттарды жазба деректерде айтылған ортағасырлық қалалармен баламалады. Берікқара, Тамды, Бөріжары, Шегнақсай қорымдарына қазба жүргізді.

Жалпы алғанда, Қазақстан археологиясында барлық дәуір ескерткіштері ең көп жинақталған аумағы болып саналатын Оңтүстік Қазақстан аумағы ғалымның назарын өзіне аударып, көптеген сүбелі ғылыми тұжырымдар жасап, ғылыми мақалалар жазуына себепкер болды.

# 5 А.Н. БЕРНШТАМ КӨТЕРГЕН ТАЛАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## 5.1 Түркілер тарихы мен қазақ этногенезі мәселелері

Түркі халықтарының этногенезі, таралу аумағы, өзара қарым-қатынасы мәселелері ғалымды қызықтырғаны әрі өмірінің соңына дейін зерттеуіне арқау болғаны белгілі. 1935 жылдың сәуір айында «Социально-экономический строй орхоно-Енисейских тюрок VI-VIII вв.» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғағандығы жөнінде 1-тарауда кеңінен тоқталған болатынбыз. Кандидаттық диссертациясы Ғалымның 1935 жылы қорғалған кандидаттық диссертациясының тезисімен ММТИ-ның кітапханасында таныстым. Диссертация ретінде 1934-1935 жж. жазылып, 1937 жылы аяқталған зерттеу жұмысы сол кездегі саяси жағдайларға орай, тек 1946 жылы монография болып жарық көреді. Еңбек таптық тұрғыда жазылған. Ең алғашқы руна жазулы ескерткіштердің ашылуы мен оларды оқуға деген ғалымдар арасындағы талпынысты сипаттай отырып, ғалым кеңестік және буржуазиялық ғалымдар арасындағы таласты мәселелерге тоқталады [112, с. 3-5]. Бүкіл буржуазиялық зерттеушілер арасынан А.Н. Бернштам В.В. Бартольдты прогрессивті таниды. Дегенмен, ғалым түркі мемлекеті таралу аймағын руналық эпитафиялардың орналасуына байланысты анықтау керектігін айтып, түркі қоғамының тайпалық одағы үш ірі тайпадан: үйсіндер, сяньбилер мен жуан-жуандардан (аварлардан) тұрғандығын айтады [112, с. 12].

Түркі қоғамын зерттеуші Орталық Азияның көшпелі қауымдары арасынан пайда болған алғашқы таптық қоғам санайды. Ежелгі түркі қоғамы мен түркілердің пайда болуын көшпелі халықтар арасындағы феодолизмнің пайда болып, этно-генетикалық үрдістердің қалыптасуының аяқталуы үдерісі әсерінен болды деп түсіндіреді. Өзіне дейінгі варварлық – ғұндық қоғамға қарағанда, сатылап дамыған феодалдық қоғам болғандығын айтады [112, с. 13]. Ал тайпаның атауы болып саналатын «түркі» термині туралы ғалым бұл атау жалпы түркі халқының емес, тек билеуші топтың ғана атауы болды деп жазады [112, с. 14].

Енді «Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII вв. Восточнотюркский каганат и кыргызы» атты монографиясына тоқталайық. Еңбек екі бөлімнен тұрады. Олардың біріншісі тарихнама мен деректерді сипаттауға арналып, «Место древнетюркского общества в историческом процессе Центральной Азии» деп аталып, осы кітапқа жалпы кіріспе түрінде жазылған. Бұл тарауда негізінен төмендегі төрт мәселе қарастырылған:

1. «Ғұн тайпалық одағы» – әскери-демократиялық қатынастардың үстемдік еткен дәуірі;
2. «Сяньби және тоба тайпаларының басшылығы» – көшпелілер арасындағы құл иеленушілік қатынастың құрылуына өту уақыты;
3. «Жужан қоғамы» – Азия көшпелілерінің құл иелеушілік қатынасының қарабайыр формасы;

4. «Түркі қағанаты тұсында феодалдық қатынастар типі дами бастайды», – деген негізгі мәселелерді көтереді.

Монографияда ғалым негізгі үш мәселенің шешімін табуға тырысты. Олар «Орхон-Енисей түркілерінің шығу тегі», «Рулық қауым» және «Таптар және тап күресі» деп аталып, арнайы тақырыптарға арқау болды. Сондай-ақ, «Түркілік және ұйғырлық династия» деп аталатын тарауларға бөлінген. Бірақ бұл еңбекте бүкіл Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтарының түптамыры болып саналатын Батыс Түркі қағанатына тоқталмаған. Ғалым Батыс Түрік қағанатына тән ескерткіштердің жоққа тәндігі және тасқа жазылған жазулардың кездеспеуі – бұл қағанаттың тарихын зерттеуде қиындық тудырғанына тоқталады [113, с. 12].

Еңбектің екінші тарауы «Мәселенің тарихы» деп аталып, онда XVII-XVIII ғғ. руна мәтіндерінің оқылу тарихына тоқталады. Бұл жерде ең алғашқы түркі жазуларын кездейсоқ кездестірген ғалымдардан бастап, XIX ғасырдың басында жинақталған материалдарды оқуға және шығу тегін түсінуге талпынған Г. Спасский, А. Ремюза секілді ғалымдар арасындағы таласқа да тоқталып өтеді. Атап өтетін болсақ, Абель Ремюза бұл жазулар үйсіндердікі болуы мүмкін десе, Г. Спасский моңғол немесе қалмақтарға теліген. Сондай-ақ, осы руна жазуларын оқумен айналысқан тюркологтар В.В. Радлов пен дат ғалымы В. Томсен және С.Е. Маловтың зерттеулеріне тоқталады [113, с. 13].

3-тарау «Жазба деректер» деп аталып, бұл тарауда А.Н. Бернштам түркілік руна ескерткіштерін соның ішінде 1) Күлтегінге арналып қойылған жазба, 2) Білге қаған жазбасы, 3) Онген ескерткіші, 4) Тонықөк жазбасы, 5) Монғолиядан табылған ұсақ жазбалар, 6) Оңтүстік Сібірлік жазбалар тобы, 7) Кули-Чора мәтіні, 8) Ұйғыр династиясының екі мәтінін дерек көзі ретінде қарастырып, онда келтірілген адам атаулары мен саяси жағдайларға сараптама жасауға тырысады. Жазбаларға жеке тоқталып, Күлтегін, Білге қаған, Елтеріс қаған, Қапаған қаған және Тонықөк секілді тұлғаларға сипаттама береді. Түркі мәтіндері мен қытай деректеріндегі мәліметтерді салыстыра отырып, келтірілген фактілер шынайы деген баға береді [113, с. 37].

Тараудың екінші бөлігі осы түркі тарихына арналған византиялық, араб, парсы жазба деректеріне арналады. Ал заттай деректер тобы келесі «Ғұндардан түркілерге дейінгі заттай деректер археологиялық материалдар бойынша» бөлімінде жинақтай көрсетілген. Автор деректердің бұл тобы өте нашар жағдайда деп атап көрсетеді. Түркілік ескерткіштер ретінде В.В. Радлов зерттеген Катанда обасын, Ильмовая Падьтағы Суджинский обасын, Алтайдағы Кударга обасын жатқызып, қысқаша сипаттама береді [113, с. 70]. Бұл обалардың барлығында жылқымен қоса жерлеу кеңінен таралғанын айта отырып, автор балбал тастарға да тоқталып өткен. Кейбір балбалдағы жазбаларға қарап, А.Н. Бернштам оларды түркілер жаулап алған елдердің хандарының бейнесі деп санады. Қайтыс болған адамның құрметіне қойылған бұл балбал тастар «о дүниеде» де осы адамдарға қызмет етеді деген сенімнің кең тарағанын атап өтеді. Осы түркі қоғамында пайда болған жеке меншікті

жерлеу орындарына қойылған тастардағы таңбалар дәлелдейді және белгілі бір ру мүшелерінің бейіттерін айқындайтын белгі деген ой түйеді [113, с. 73].

Ғұн тайпалары құрамына енген көптеген тайпалар түркі тайпаларының ата-бабалары дей тұра, А.Н. Бернштам ғұн одағы орталықазиялық шығу текті болса, түркі қағанаты – алтайлық деп ерекшелейді [113, с. 83].

Ғалымның бұл ғылыми еңбегі жарыққа шығысымен көптеген сын-пікірлердің астында қалады. Солардың бірі С.В. Киселевтың 1947 жылы «Вестник древней истории» журналының 1-номеріне шыққан сыни мақаласына тоқталайық [29].

Бұл мақалада автор түркілердің шығу тегіне арналған кітаптың 1-тарауы дәлелденбеген, ал ғұндар, сяньби, тоба тайпалары туралы мәліметтер жоқтың қасы деп сынаса, мәселенің тарихы мен деректерге арналған 2 және 3-тарауларды деректер, әсіресе руналық жазбалар өте жан-жақты бағаланған, ертетүркілік қоғам жайлы буржуазиялық концепциялық сыни талданған кітаптың ең сәтті бөлімдері деп бағалайды [29, с. 83]. С.В. Киселев еңбек барысында көптеген ұғымдар мен терминдерді аударуда А.Н. Бернштам жіберген қателіктерді көрсете келе, авторға өзіне дейінгі руна ескерткіштерін зерттеуші ғалымдар еңбектеріне жақсылап көңіл бөлуді ұсынады. Сондай-ақ, А.Н. Бернштамның түркі қоғамында «феодалдық қатынастар орнай бастады» деген ойымен келіспей, осы кезеңде бұл қоғамда феодалға дейінгі қатынастар орын алған деп санайды. Және осы түркі қоғамындағы құлдарды жете бағаламағандығын сынап, түркі қоғамының күшеюі – өз тайпаластарын эксплуатациялаумен емес, соғыстар мен құлдар еңбегін пайдаланумен жүзеге асқан деп түзетеді. Сондай-ақ, осы қоғамның жүргізген соғыстары жете зерттелмегеніне назар аударады [29, с. 88-89]. Қырғыздар түркі мемлекетінің құрамында болды дегенді көрсететін ойы шындыққа жанаспайды деп санап, қырғыздардың түркілерге бағынышты болғанын көрсететін деректердің жоқтығын алға тартады. Жалпы VI-VIII ғғ. Орхон-Енисей бойындағы ежелгі түркі халықтары деген ұғым жасанды біріктірілген негізсіз атау деп айыптайды. Осылайша, А.Н. Бернштамның негізгі алға тартқан мәселелеріне жете тоқтала келіп, еңбектің түркітілдес халықтардың ежелгі тарихының маңызды мәселелерін қамтыған еңбек деп атай келе, авторға сында келтірілген мәселелерді қайта қарастыруын ұсынады [29, с. 90].

Ал жалпы ғалымның археологиялық жағынан түркі дәуірі ескерткіштерін зерттеуіне тоқталсақ.

Ғалым Шу өңіріндегі археологиялыө зерттеулерге арналған еңбегінде түркілердің жерлеу орындары туралы склептегі өдікті өртеу салтымен қойылған жерлеу орындары, Тараз қаласында осы салтпен хумда жерленген жерлеу орындарынан өзге, түркілерде мәйітті қою салты кең тарағанына тоқталады. Кедей адамдар өздері, бай түркілер жылқымен бірге жерленген дей келе, қабірге міндетті түрде ағаш астауға салынған қойдың құйрығы, кейде үш бел омыртқасы және үш мойын омыртқасы, немесе алдыңғы аяғы жауырынымен қойылатынын жазады. Жетісуда жылқымен бірге жерлеу өте

сирек кездесетінін, әзірше тек бірнешеуі ғана кездескеніне баса тоқталады [124, с. 80-81].

1948 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеулер барысында көшпелілер қорғандарымен қатар «наусы» қорғандар пайда бола бастайды. «Наусты» төбелер өзендер бойында бір бірінен 3-5 шақырым ара қашықтықта орналасқан деп жіктеп көрсетеді [125, с. 88]. Қазба барысында кол жеткен материалдарды сараптау барысында бұл наустар VI-IX ғғ. түркі-оғыз кезеңіне жатқызады. Ал қорғандарды Шегнақ сай қорымында жүргізілген зерттеу барысында V-VI ғғ. түркі кезеңіне жатқызады [125, с. 90]. Жалпы осы Шегнақ сай қорымы 32 қорғаннан тұрады. Олардың көлемдері 8-16 м. аралығында, биіктіктері 0,30-0,50 м. 1948 жылы экспедиция мүшелері бұл қорғандарда қазба жұмыстарын жүргізіп, осы жылы 1 қорған қазылса, келесі жылы 4 қорғанда қазба жүргізілді. Табылған қыш ыдыстар Жетісудың түркі қыш ыдыстарына ұқсас, дегенмен ғалымның ойынша Сырдария қыш ыдыстары Жетісу қыш ыдыстарына қарағанда аз өрнектелген және біртекті деп ерекшелейді. Қорғандар осы аттас мекенде Сырдарияның қазіргі арнасынан 4 шақырым жерде орналасқан [94, с. 11].

Тянь-Шань мен Памирге жүргізілген экспедицияларда бірнеше түркі кезеңіне жататын ескерткіштер ашылды. Ыстықкөл бойындағы ертетүркілік кезеңіне жататын Көкбұлақ қорымы, Кочкор жазығындағы Аракөл және Джумгаладағы Алтынарық қорымдарын жатқызамыз.

Көкбұлақ қорымы Шу өзенінінің оң жағалауында, Күңгей Алатауының оң жақ бөктерінде Рыбачье аудан орталығынан 12-14 шақырым қашықтықта орналасқан. 1949 жылы Көкбұлақ қорымында бес жерлеу орнында қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба барысында ерлер мен әйелдер жерлеу орындары бағытталуы жағынан әр түрлі екендігі байқалды. Ерлердікі – батысқа, әйелдердікі – солтүстікке бағытталған. Ерлер жерлеу орындарында бас сүйектердің жоқ болуы тән болса, әйелдер жерлеу орындарында иық тұсында көбіне оң жақта қойылатын жәдігерлер тән [127, с. 75]. Сондай-ақ, Аракөл қорымында түркі дәуірінің 4 қорғанында қазба жүргізілсе, Ал Алтынарық қорымында 5 жерлеу орнында қазба жүргізілді. Осы Ыстықкөлдің түркі ескерткіштері балбалтастардың қойылуымен байланысты ерекшелінеді. Бұл балбалдар ешқандай қорғандарға тәуелді емес, конструкциясы жағынан жеке қойылғанын есептей келіп, А.Н. Бернштам олар ежелгі тайпалардың орналасу аумағының «шегін» білдіретін белгілер болуы мүмкін деп санайды [127, с. 79].

Ал 1952 жылы жарық көрген Памир – Алай ескерткіштеріне арналған еңбегінде А.Н. Бернштам жалпы осы балбалдардың кімнің бейнесін көрсететіні туралы таласқа, олардың қайтыс болған адамның о дүниедегі құлы – қызметшісі ретінде ғана емес, қайтыс болған адамның портреті ретінде де қойылуы мүмкін екендігін, сол себепті осындай екі жақты сипатын қатар көрсету керек екендігін атап өтті [127, с. 143].

Нарын өзенінің аңғарында Аламышық обасының құрамындағы №1, 69, 102 түркілік жерлеу орындары да зерттелді. 1949 жылы Памирге жасалған

археологиялық экспедиция зерттеулері нәтижесінде, жалпы Орталық Тянь-Шаньда VI-XI ғғ. жататын бірнеше жерлеу түрлері ерекшеленеді. Олар:

1. Көкбұлақ Ыстықкөлдің оңтүстік-батыс жағалауы, Көкмойнақ, Аракөл;
2. Алтынарық, Аламышықтың грунтты жерлеу орындары, Джаргелан, Кирчин;
3. Ыстықкөлдің солтүстік-шығыс жағалауындағы балбал тасты топырақты қорымдар (Карой, Ойбұлақ, Қырчин, Джргелан);
4. Аламышықтың ақымдық қорымдары. Бұл ескерткіштерді бұлай сыныптауға төрт топтың жерлеу ғұрыптары мен жәдігерлеріндегі ерекшеліктер негіз болған. Ал осы тайпалардың этникалық жағынан кімдердікі болғаны туралы А.Н. Бернштам төмендегідей болжамдар келтіреді. Бірінші топтың тайпалары өз кезегінде Гардизи сипаттап өткен *чигил* тайпалары деп санаса, екінші топтың жерлеу орындарын табылған жәдігерлердің кезеңделуі қарлұқ дәуіріне сай келетінін ескере отыра, *қарлұқтық* деп атайды. Үшінші топты – *түргештік* ескерткіштер деп, төртінші топты – *чубандық* деп санайды (Чубань атауын А.Н. Бернштам ғұндардан тараған чубань тайпасымен байланыстырады) [127, с. 87-88].

Осы Орталық Тянь-Шань мен Памир-Алай ескерткіштеріне арналған сүбелі еңбегінде А.Н. Бернштам сондай-ақ, түркілердің синкретикалық өнеріне тоқталады. Бұл кезең өнері мен мәдениетіндегі ерекшелікті ең алдымен соғдылықтардың енуімен байланыстырады. Соғдылықтардың енуімен пайда болған терракоталар, шырақтар, олардың қақпақтары мен ассуарийлерді ерекше сипаттайды. Осы көшпелі түркілер мен отырықшы-соғдылықтардың мәдениетінің өзра байланысы нәтижесінде өзіндік синкретикалық мәндегі түркі қағанаты өнері туындады деп ой түйіндейді [127, с. 135-137].

*Этногенез мәселесі бойынша ой толғаулары*

Жалпы түркі этногенезінің мәні мен орнын зерттеу мәселесі А.Н. Бернштамның ғылыми шығармашылығы кезеңінде біраз ғалымдар арасында кең тараған болатын. Дегенмен, ешқандай ғылыми зерттеулерде түркі халықтарының шығу тарихы түбегейлі қарастырылмаған.

Ғалым өзі жетекшілік еткен экспедициялар зерттеулері нәтижесінде қол жеткен материалдарды жүйелей отырып, Жетісу, Тянь-Шань, Ферғана, Алай және Памир ескерткіштерін кезеңдеді және сыныптады. Осы арқылы өлке тарихын зерттеудің негізгі бағыттарын анықтады. «Среднеазиатская древность и ее изучение за 30 лет» атты мақаласында ғалым осы өлкелер тарихын кезеңдеуде осыған дейінгі жаулап алу соғыстары бойынша кезеңдеуден бас тартып, ислам дініне дейінгі тарихты кезеңдеудің төмендегі үлгісін ұсынады:

1. Скиф-соғдылық кезең б.з.б. VII-VI ғғ.;
2. Сақ-хорезмдік кезең б.з.б. IV-III ғғ. (380-250 жж.);
3. Қаңлы-парфяндық кезең б.з.б. III-II ғғ. (250-140 жж.);
4. Кушан-тохарстандық кезең б.з.б. II ғғ. (б.з.б. 140-б.з. 180 жж.);
5. Кейінгі кушандық кезең б.з. II-V ғғ. (180-420 жж.);
6. Ғұн-эфталиттық кезең б.з. V-VI ғғ. (420-560 жж.);

7. Түркі-соғдылық кезең б.з. VI-VII ғғ. (570-783 жж.) [118, с. 91-92].

«Советская археология Средней Азии» мақаласында ғалым Орта Азияның зерттелуі туралы толықтай сипаттауға тырысады. XIX ғасырдағы аумақты археологиялық зерттеуді Қазан революциясына дейінгі уақытты қамтитын екі кезеңге, төңкерістен кейінгі уақыттағы екі кезеңге бөліп кезеңдеді. Бірінші кезеңнің бірінші этапын кездейсоқ табылған заттарды жинақтаумен байланыстырады. Ал екінші кезең ескерткіштерді арнайы кезеңдеумен байланысты зерттеулердің басталғанымен сәйкестейді. Және бұл екінші этаптың басталуын 1867 жылы П.И. Лерхтың Сырдария мен Батыс Жетісуға сапарымен және 1876 жылғы Ташкент мұражайының құрылуымен басталады деп санайды [120, с. 5-17].

Төңкеріске дейінгі кезеңді А.Н. Бернштам 1893-1894 жж. В.В. Бартольд іс-сапарымен байланыстырып, «бартольдық кезең» деп атады. Осы кезеңде, әсіресе, 1895 жылы құрылған Түркістан археологиялық үйірмесі мүшелерінің де жұмысын атап өтеді. Бұл зерттеушілер қатарына ғалым В.В. Бартольдтан өзге Н.Н. Пантусов, В.А. Каллаур, Н.П. Остроумов, А.М. Фетисов, А.Г. Поляков сынды орыс ғалымдарын жатқызады. 1900 жылдардағы бұл кезеңде археологиялық мәліметтерді жазба деректермен салыстыру, заттарды интерпретациялауға тырысу, өрнектер семантикасы мен сюжеттерін зерттеуге тырысу сияқты іс-әрекеттер жүзеге асырылды. А.Н. Бернштам Бартольдық кезеңнің жетістіктерімен қатар, кемшіліктерін де атап көрсетті. Ол, әсіресе, В.В. Бартольдты сол кезеңде Орта Азиядағы тарихи үрдістерді үнемі дамулар мен құлдыраулардан тұрды деген көзқарастан алыс кете алмай, тарихи дамудың негізі арийлық халықтарға байланысты болды деген тұжырымымен ғылымға нәсілдік көзқарасты енгізді деп сынады. Әрине ғалым В.В. Бартольдтың азиаттық халықтарды европалықтардан төмен қоймағанын, бірақ дегенмен де түркі және иран тектес халықтарды арийлық және арийлық емес деп бөлгеніне тоқталды [120, с. 21].

Кеңес кезеңіндегі археологиялық зерттеулерде А.Н. Бернштам Орта Азия археологиясының бірінші ерекшелігі ретінде – тарихилық-методологиялық негізін атап өтеді. Ал екінші ерекшелігі ретінде археологиялық ескерткіштерді өздері өмір сүрген тарихи кезеңге сай түсінуге тырысу болды деп санады. Ескерткіштердің пайда болуын сол кездегі күрделі тарихи-мәдени байланыстарды зерттеу арқылы ғана түсінуге болатынын айта келе, пәндер арасындағы байланыс ретінде геология, антропология және топырақтануға көңіл бөліне бастағанын атап көрсетті [120, с. 26]. Осы кезеңнің кемшін тұстары ретінде – фактілердің жеткілікті дәрежеде археологиялық жағынан түсіндірілуінің әлсіздігі, жүйелеу жұмысының жоқтығы, іс әрекеттердің бақыланбауы және өзара пікір алмасудың аздығын атап көрсетіп, осы кемшіліктер жойылуы керек деп санады [120, с. 33].

Халықтар этногенезі туралы сол кезде қалыптасқан көзқарастарды атап өте келе, қазақтардың шығу тегі – сақтардан басталып, моңғол хандығы кезінде халықтың құрылуымен аяқталғанын, ал қырғыздардың түпкі тегі – динлин-үйсіндер, өзбектердікі – сақ-соғдылықтар мен қарахан мемлекеті, тәжіктердікі –

соғдылық және бактриялық тайпалар мен саманид мемлекеті, түркмендердікі – дае-массагет-алан конфедерациясы мен оғыз мемлекеті, қарақалпақтардыкі де сол тайпалар және печенег мемлекеті деп атап көрсетті [120, с. 30].

«Спорные вопросы истории кочевых névродов Средней Азии в древности» атты мақаласында Орта Азия тарихында алғашқы еңбек бөлінісін сақ қоғамында көшпелілелердің отырықшылардан бөлініп шығуымен байланыстырып, ал екінші еңбек бөлінісі ретінде қолөнердің жер өңдеушіліктен бөлініп шыққанын атап өтеді. Ғалым көшпелілерді Орта Азияның отырықшы жер өңдеу аудандарының варварлық перифериясы болды деп есептейді [131, с. 18-21].

Орта Азия этногенезіндегі ежелгі түркілік элементтерге арналған мақаласында ғалым бірнеше маңызды мәселелерді алдыға қояды. Түркі халықтарының маңызының зор бола тұра, олардың қалыптасуы мәселесі әлі де шикі күйде дей келе, автор осы мақаласында түркі этногенезінің кейбір маңызды мәселелеріне қалам тартқанын атап өтеді. Түркі тілі ғұн кезеңінде қалыптаса бастады деген К. Иностранцевтың 1926 жылы шыққан ғұндарға арналған еңбегіндегі тұжырымын басшылыққа ала отырып, ғалым түркі этногенезі туралы көшпелі қоғамның археологиялық ескерткіштерін зерттей келе, олардың дамуының автохтонды болғандығын анықтайды және «...қола дәуірінен бастап көшпелі қоғам құрылу процессі жүрген аумақтарда соңғы нәтижесі – түркі этногенезі болып табылады», - деп ой түйіндейді [131, с. 148]. Қарабайыр негізде сипаттаған бұл ойын ғалым археологиялық зерттеулер нәтижесінде гипотезадан заңдылыққа айналатынына сенеді. Тіпті бұл линиядан ауытқу немесе қоғамдық даму мен мәдени әсерлердің ықпалымен өзгеруі этногенездің өзге нәтижесіне әкелер еді деп санайды. Орта Азиялық державалар тарихынан ғалым көшпелі шаруашылық, бақташы-мал шаруашылығын қолданған тайпалар негізінде – түркі этногенезі, ал аңшылық басым болған аймақта – моңғолдану үрдісін (жужандар, қидандар, моңғолдар) байқаймыз деп жазды. Бірақ бұл жерде ғалым ассимиляциялану, өзара шағылысу және мәдени әсерлерді де естен шығармайды. Орта Азиялық этногенез бастауын да осылайша түсіндіреді. Отырықшы шаруашылық басым болған аумақта – ирандық мәдениет, ал көшпелі қоғамнан – түркілік этногенез өніп шықты деп санайды. Автор бұл жерде Н.Я. Маррдың түркі этногенезі көшпелілік шаруашылықпен байланысты деген идеясын негізге алады [131, с. 149].

Бұл мақаласында ғалым түркі этногенезінің ең алғашқы кезеңі ретінде ғұн тарихына тоқталады. Түркі этногенезінің ең алғашқы белгісі іспеттес түркітілдес ғұн тайпалық одағы көптеген күрделі және ұзақ үрдістердің нәтижесі болды деп санайды. Неолит дәуірі кезінде ақ, осы процесс құрыла бастап, ал кейінгі кезеңдерде көшпелі малшы тайпалар Солтүстік Қытайдың жер өңдеуші тайпаларынан бірте-бірте бөлініп шыққанын, қарасұқтық қола дәуірі мен скифтік кезеңде көшпелілер мен отырықшылар мәдениетінің арасындағы айырмашылықтың ерекше байқала бастағанын атап өтті. Жалпы осы жун тайпаларының Солтүстік Қытай тұрғындарынан ерекшеленуін

олардың тунгус-манчжур халқымен байланысқа түсуімен байланыстырады. Ал осы көшпелілер мен отырықшылардың кешенді өмір сүруі мүмкін болмай кеткен кезіне ғұндар мен Цинь династиясы тұсындағы қытайлардың арасындағы шекара іспеттес болған Ұлы Қытай қорғаны тұрғызылған деп санайды [131, с. 150].

Өз кезегінде эрамыздың шегіндегі шеттен келген ғұн тайпалары қалдырған ескерткіштерге тоқтала отырып, орталық азиялық державалардың Оңтүстік Сібір мен Жетісудың тайпаларымен шағылысуы нәтижесінде түркі тілінде сөйлейтін түркілік тайпалардың пайда болуына әкелді деп қорытындылайды [131, 153].

Динлин тайпаларының көшпелі орталық азиялық тайпалармен синтезі нәтижесінде Оңтүстік Сібір мен Жетісудың көшпелі тайпалары құрылды деп санаған ғалым, орталықазиялық тайпалардың ролін бұл жерде «тездету элементі» ретінде көреді. Түркі халықтары орналасқан жерлердің бәрінде бұрын динлин тайпалары өмір сүрген деп санайды. Динлиндер ретінде ғалым бұл жерде Енисей мен Алтайдың европеоидты тайпаларын, Тянь-Шаньдағы памир-ферғаналық типтегі үйсіндерді қарастырады. Жетісуда көшпелі шаруашылықтың дамуына өте ыңғайлы жағдайда түркі этногенезі ерекше интенсивті жүргенін атап көрсеткен А.Н. Бернштам, Жетісу – түркі этногенезінің орталығы деп баға берді [131, с. 154].

Өз мақаласының келесі бөлімінде ғалым ежелгі этнонимдерінің шығу тегіне көңіл бөліп, бұл үрдістің басталуын б.з.б. ІІІ ғасырға жатқызады. Ең ерте кезеңге қыпшақ этнонимін жатқызады. Бұл тайпа атауы VIII ғасырда-ақ Селенгі руна жазуында оңтүстік-шығыс Алтай аумағын қоныстанған тайпа болып аталады. Одан да ерте деректер Мөде шаньюй жаулап алған ғұндардан солтүстікке қарай жатқан бес тайпаның арасында аталады деп көрсетеді [131, с. 154]. Жалпы, қыпшақ, қимақ тайпаларының тарихын араб, парсы деректерін қолдана отырып, тыңғылықты зерттеген академик Б.Е. Кумеков болды. Ғалымның қыпшақ тайпаларының шығу тегіне арналған іргелі мақаласында XI ғасырдың басында бүкіл гегемонияны өз қолына шоғырландырған айтулы тайпаның тарихын нарративті араб, парсы, түркі дерек көздерін пайдалана отырып, тайпаның тарихына деректанулық талдау жасалған [175].

Гаогюй этнонимінің қытайша транскрипциясы – ұйғыр деп санайды. V ғасырдың аяғында екіге бөлінген гаогюй тайпаларының бір бөлігі Жужан ханы Дэулун мен Ноғай хан басшылығымен Қазақстан даласына ығыстырылса, келесі бөлігі Орталық Азияда қалады. Батыс гаогюй тайпалары Шығыс Европаға қоныс аударып, ол жерде угр тайпалары атымен белгілі болады. Ал оңтүстік тобы өз ұйғыр атауларын сақтап қалады. Кейіннен бұл тайпа тағы да екіге бөлініп олардың бір бөлігі Селенгінің бойында тоғыз-оғыздар деген атпен қалса, ал келесі бөлігі өз атауын сақтап, Шығыс Түркістанға орнығып қалады. Осылайша алғашқы ұйғыр этнонимі модификацияға ұшырап, түркі фонетикасының заңдылығына сәйкес «гур» сөзі «гуз» сөзіне айналды деп санайды. А.Н. Бернштам бұл жерде «ұй» сөзі тек атрибутты префикс деп санап, тайпа атауын «гур» сөзімен байланыстырады. Осылайша оғыз атауын және

тарихтағы тоғыз-оғыздарды гаогюй яғни ұйғыр тайпаларымен баламалайды [131, с. 155]. Оғыз тайпалары Орта Азиядағы көптеген түркі тайпаларының әсіресе, түркімендердің ата тегі болғаны бізге белгілі.

Батыс Түрік қағанатының құрылуы мен оның саяси белсенділігі Орта Азияның түркі этногенезінде маңызды роль ойнағанын айта келіп, осы уақыттан бастап Орта Азияның жер өңдеуші халықтары қатты түркілене бастады деп санайды. Осылайша I мыңжылдықтың басында түркі тайпалары пайда болғанын, ал таптық қоғамның алғашқы формалары пайда болысымен түркі халықтары қалыптасты деп тұжырым жасаған ғалым, түркі этногенезі үшін бұл уақыт VI ғасырдан басталатынын атап көрсетті.

Осы жерде ғалым Жетісуға соғдылардың әсері қатты болғанын, бірақ XI ғасырдың аяғында түркілермен ассимиляцияға түскенін айта келіп, керісінше түркілердің соғдыларға әсері нәтижесінде олардың соғды жерінің этногенез «қожайынына» айналғанына баса назар аударады. Ал қарлұқтар мен қарахандар тұсында түркі тайпалары Мәуереннахр қалаларына енгенде түркі этногенезі үлкен жетістікке жеткенін жазады [131, с. 157].

Жоғарыда аталған жәйттерді қорытындылай отырып, ғалым мынадай тұжырымдарға келеді:

1. Түркі этногенезі динлин тайпаларының солтүстік қытайлық көшпелі тайпалармен араласуы нәтижесінде түркі тайпалары пайда болады. Уақыты: б.з.б. III м.ж. б. - б.з. басына дейін;
2. Халықтардың құрылуы көшпелі тайпалар арасында алғашқы құлиеленуші мемлекеттердің пайда болуымен аяқталады. Уақыты: б.з. VI-VIII ғғ;
3. Түркі тайпаларының саяси билігінің орнауымен түркі этногенезінің кеңею үрдісі тездетіледі. Уақыты: VII-VIII ғғ;
4. Түркі тайпаларының қала өміріне тартылуымен қала тұрғындары да түркі этногенезі үрдісіне тартылады. Уақыты: Жетісу үшін – VIII-XII ғғ., Мәуереннахр үшін – XI-XIV ғғ;
5. Түркі этногенезі көшпелілердің парсы және қытай әлемімен тығыз байланысы жағдайында өрбіді. Бұл жағдай әсіресе VI-VIII ғғ. орын алды. Түркі этногенезінің орталығы Жетісу әсіресе оның оңтүстік бөлігі деп санайды [131, с. 158].

1949 жылы жарық көрген «Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана» атты мақаласында ғалым «қазақ» этнонимінің шығу тегіне де көңіл бөледі. Өзіне дейінгі ғалымдар пікірі ретінде академик В.В. Бартольдтың XIII-XIV ғғ. моңғол-татар кезеңінде түркітілдес ортада «қазақ» сөзі әлеуметтік атау ретінде «өз мемлекеті, тайпасы мен руынан бөлініп еркін өмір сүрген адам» деген мағынада кең тарала бастады деген ойын келтіреді. Ғалым сондай-ақ, академик М.Я. Маррдың «қазақ» термині өз шығу тегін «хазар» атауынан алады деген ойын да көрсетеді [134, с. 60]. Лингвистикалық мәліметтер тек терминнің ғана шығу тегін көрсетеді деп санай отырып, ғалым қазақ халқының шығу тегі жайлы екі мәселені бөліп көрсетеді: 1. Қазақ халқының қалыптасуының субстраты ретіндегі түркітілдес

халықтар. 2. Қазақ халқының қалыптасуы Қазақстанның көшпелі одағындағы феодалдық қатынастар дамуы нәтижесі ретінде.

Қазақ халқы өз арасында көптеген тайпалардың атының сақталып қалғандығын айта келіп, В.В. Радловтың қазақ халқы түркі, монғол және «кавказ» (нәсілдік түрде) тайпаларының араласуы нәтижесінде болған деген ойына қосылатынын жеткізеді. Ал «қазақ» атауы екі атаудан кас+сақ сөздерінің бірігуі әсерінен пайда болған деген пікірді айтады [134, с. 61-63]. Осы мақаласында қазақ халқы мен жалпы түркі халықтары тарихының даму кезеңдері ретінде қарлұқ, түргеш, қарахан кезеңдеріне де тоқталады.

А.Н. Бернштам 1947 жылы «Проблемы истории Восточного Туркестана» атты мақаласы жарық көреді [133]. Шығыс Түркістанды тарихи және археологиялық зерттеулер тарихына тоқтала келе, зерттеушілер арасынан Шоқан Уәлихановтың 1858-1859 жж. Қашқарияға сапарын маңызы жағынан шетелдік ғалымдар Шау мен Белльюдың еңбектерінен әлдеқайда жоғары баға береді. Сондай-ақ, орыс консулы Н.Ф. Петровскийдың, Д. Клеменцтың де қалдырған мәліметтерін тарих ғылымы үшін ерекше атап көрсетеді. Шетелдік атақты зерттеуші А. Стейнның еңбектеріне ғылыми құндылығы жағынан жоғары бағалай келе, дегенмен де Түркістанның тарихы мен мәдениетіне Индияның мәдениеті әсерін асыра жоғары бағалады, сондай-ақ, өзі зерттеген Материалдық мәениет ескерткіштеріне жеткілікті дәрежеде археологиялық сыныптау жасамады деп деп айыптайды [133, с. 25]. Осылайша 4 неміс, фин, жапон, итальян және француз экспедицияларымен қатар, орыстың Г.М. Березовский, С.В. Ольденбург және С.Е. Малов зерттеулеріне де сипттама беріп өтеді.

Жетісулық археологиялық ескерткіштермен салыстыра келе, А.Н. Бернштам б.з.б. 1 мыңжылдықтағы Шығыс Түркістанның тайпалық құрамында ортаазиялық (анықтап айтқанда - жетісулық) шығу текті тайпалар доминантты компонент болған деген тұжырым жасайды [133, с. 60]. Б.з.б. I ғасырдың ортасынан б.з. II ғ. басына дейінгі уақыт аралығында Шығыс Түркістан мен Тянь-Шаньды ғұндардың жаулап алуы - Шығыс Түркістан мен Тянь-Шаньның ортақ этникалық ортасының құрылуының екінші кезеңі болды деп тұжырымдайды. Ғұндардың енуі нәтижесінде ұйғырлардың арғы аталары гаогюй тайпалары түркіленгенін атап көрсетеді. Сондай-ақ, б.з.б. III ғасырдың аяғында Шығыс Түркістанда осы аумақтың таулы аймақтары тайпаларының материалды мәдениетімен еш байланысы жоқ жерөңдеуші тайпалары да өмір сүрген. Бұл тайпалар мәдениетінде ежелгі парсылық мәдениет белгілері байқалады [133, с. 61]. Мақаланың үшінші бөлімі «Восточный Туркестан и Семиреьче в средние века. Уйгурская проблема» деп аталады. Бұл жерде IX ғасырдан бастап-ақ қытай жаулап алушыларына қарсы жергілікті ұйғыр тайпасының бас көтерулері жиі орын алғанына тоқталып, оларды тәуелсіздікке қарсы күрес деп санайды. Осы орта ғасырлық уақытта Шығыс Түркістан Ұйғырстанға айналды деп мақаланың өн бойында Ұйғырстан атауын бірнеше рет қолданады. Ұйғырлардың ертеде таралып орналасуы туралы нақты мәліметтердің жоқ екенін айта келіп, олардың құрамына Байкалдан Дунайға

дейінгі тайпалар болды деп көрсетеді. Өзге де мақалаларында айтылғандай, бұл жерде де автор ұйғырлардың шығу тегін Шығыс Европалық гур тайпалық топтарымен және оғыздармен байланыстырады. Мәуереннахрды Синьцзяньмен байланыстыра отырып, ұйғырлар ұлы өркениеттер синкретизмінің тасымалдаушысы болды деп баға береді [133, с. 71].

Жалпы, Н.Я. Марр іліміне тоқталсақ. Марр ілімі тек Сталин өмірінің соңына қарай ғана сынға ұшырады. Оған дейін бірден-бір «тіл ғылымындағы марксизм» ретінде жоғары бағаланып, тіл білімі ғылымында монополиялық басымдыққа ие болып келген еді. Ұзақ жылдар бойы И.В. Сталиннің қолдауына, соңынан сынына ұшыраған бұл ілім И.В. Сталин өмірден өтіп, жеке басқа табынушылықты сынаған XX съезі өткен соң да ғылымда қайтадан жанданбады. Себебі 1920 жылдары өте көп жақтастары болғанмен, бұл ілімнің ғылыми маңыздылығы көптеген ғалымдар арасында күмән тудырған. Қазіргі уақытта псевдоғылым ретінде де танылады. «Тіл туралы жаңа ғылым» немесе «яфетикалық теория» деп аталатын бұл ілім 1923-1924 жж. құрылып, 1934 жылға дейін яғни академик қайтыс болғанға дейін үстемдік құрды. Оның негізін тілдердің пайда болуы мен тарихи дамуы туралы екі идеядан тұрады. Оның алғашқысы ғылымда орныққан бір алғашқы тілдің кейіннен жекелеген, бірақ генетикалық шығу тектері бір тіл топтарына бөлініп кететіні туралы идеяға қарама-қайшы еді. Марр ілімі бойынша тілдің дамуы кері бағытта көп тілділіктен бір тілділікке өтеді деп тұжырымдалады. Тілдер бір-біріне тәуелсіз болып пайда болып, кейіннен араласу үрдісі яғни екі дербес тілдің өзара байланысы нәтижесінде үшінші тіл пайда болған. Нәтижесінде көптеген тілдер азайып, коммунистік қоғамда бұл үрдіс аяқталып, жалпы әлемдік бір тіл пайда болады деп санады.

Н.Я. Маррдың келесі иедясы тілдердің құрылымдық дамуына арналған. Ең алғашында барлық елдерде тіл *сал, бер ион, рош* атты төрт элементтен құралған деп тұжырымдайды. Бірте-бірте олардың комбинациясынан сөздер құрылды. Бұл идеялар қазірдің өзінде ғылымда қатты сыналып, фактілер мен ғылым нәтижделеріне сай емес, логикалық негізсіз, қарама-қайшылыққа толы деп есептеледі. Дегенмен, Н.Я. Марр сол кезеңде тіл ғылымымен сабақтас көптеген ғылым салалары, мысалы, философтар, археологтар, тарихшылар, фольклоршылар арасында өте үлкен беделге ие болды. 50-жылдардың басына қарай лингвистикалық тақырыптарда Марр атын атамай сөйлеуге, іздеуге, жауға болмайтын заман туған еді. Дегенмен, 1950 жылы И.В. Сталинның «Относительно марксизма в языкознании» атты «тіл туралы жаңа ілімге» қатысты сыни мақаласы жарық көрді. Мақалада Марр ілімі сынға ұшырап, ғылыми негізсіз деп табылып, нәтижесінде Марр ілімін қолдаушылар қуғындалған еді [176]. Бұл да бір сол заманның құйтұрқы саясатының бір белгісі. А.Н. Бернштам да ашық түрде болмаса да, Н.Я. Марр ілімін қолдаушылар қатарына енген еді. Себебі 1935 жылы ғалымның академик қайтыс болуына байланысты жазылған «О Н.И. Марре» [177] және «Яфетическая теория Н.Я. Марра» [178] атты екі мақаласы жарық көрген болатын. Бұл мақалаларында ғалым академик теориясын ұлықтайды. Осы

әрекеттері де өз өмірінің соңында ғылыми қызметіне шектеу қойылып, экспедицияларға басшылық ете алмауына әкелген себептердің бірі деп тұжырымдаймыз.

Дегенмен кейіннен жарық көрген Орталық Тянь-Шань мен Памир Алайға арналған ғылыми еңбегінде Марр идеясынан бас тартқаны байқалады. Еңбекте парсы және түркі тілдерінің пайда болуы мен дамуын әр түрлі уақытта және әр түрлі аумақта орын алды деп тұжырымдауы қазіргі этногентикалық консепцияда оң бағалануда [127, с. 15-16].

1947 жылы жарық көрген қырғыз халқының шығу тегіне арналған еңбегінде де, қырғыз халқының тарихы Н.Я. Марр атвохтонды идеясының негізінде қате жазылып келгендігін атап өтеді.

ХХ ғасырдың 30-шы жылдары марксистік парадигма аясында ежелгі түркі қоғамының тарихын түсіндіруде А.Н. Бернштам Ф. Энгельстің «Мемлекеттің пайда болуының Герман жолы» туралы еңбегіндегі тұжырымдарын негізге алып, көшпенділерде, атап айтқанда ежелгі түріктерде патриархалдық қауымның ыдырауы барысында рулық жүйеден феодалдыққа дейінгі әлеуметтік қатынастар дамығанына тоқталды. А.Н Бернштам қағанаттағы құл иеленумен рулық ақсүйектер байланысты дап санаса, бектерді — мүліктік стратификацияға негізделген қауымның феодалданған жоғарғы бөлігі ретінде қарастырды. Бұл жағдайда құлдықты ғалым феодалдық формацияның ішіндегі құрылым деп санады. Қағанаттың, бектердің және қауымның үшжақты күресі барысында қалыптасқан мемлекет басқару тетігінің негізі ретінде ру-тайпалық институттарды санады. А.Н. Бернштамның кейінгі еңбектерінде түркілердегі ұжымдық тәуелділіктің түрлеріне көп көңіл бөлінеді. Ол кейбір тайпалардың басқаларға тәуелділігін құлдық деп түсіндіруді жалғастырды, дегенмен тайпалардың басқаларды жаулап алуын әлеуметтік қатынастарды дамытудың негізгі қозғаушы факторы ретінде атап өтті. А.Н. Бернштамның еңбектерінде ежелгі түркі әлеуметтік терминологиясын марксистік стадиялар схемалары аясында түсіндіруге көп орын берілген. Атап айтқанда, el және budun терминдерінің семантикасын екіұшты түсіндіру олардың мағыналарын түсінуге әмбебап көзқарастың сәтсіздігін көрсетті. Зерттеуші Орталық Азияның көшпелі бірлестіктерінің саяси сипаты ретінде түркітілдес халықтардың этногенезі мәселелеріне көп тоқталды. Алайда, объективті әдіснамалық шектеулікке байланысты көшпенді халықтардың этногенезі және социогенезін біртұтас тарихи контекстке орналастыру әрекеттері сәтсіз болды. С.П. Толстов пен А.Н. Бернштамның еңбектерінде көшпелі және отырықшы-егіншілік шаруашылықтарының ажырамастығы және көшпелі және егіншілік қоғамдарының өмір сүруінің симбиотикалық сипаты туралы ойлар негізделді.

Ғалым отырықшы елдер материалы негізінде құрылған қоғамның ұйымдасуы туралы орныққан формаларға көшпелі тайпалардың сәйкес келмеуі, сонда да ерте түркілік қоғамды марксистік парадигма схемасына енгізуге тырысты.

Тарауды қорытындылай келе ғалымның түркі тайпаларының шығу тегі туралы тұжырымдарына тоқталайық. Жалпы әр кезеңдергі ғалымның бүкіл еңбектерінде, яғни 1930-жылдардағы мақалаларынан бастап, 1951 жылғы ғұндар тарихы туралы монографиясына дейін оның эволюциялылық консепциясының өзара жалғасқан бір тізбегін байқаймыз. Түркі қағанатының құрылуы Орталық Азияның көшпелі халықтарының дамуының заңды кезеңі деп қарастырды. Ғалым түрік этногенезінің субстраты ретінде ғұн қоғамын, ал ғұндардың ата-тегі ретінде скифтерді көрсетеді [179, с. 49]. Ғұндарды түркітілдес тайпаларға жатқызады. Осылайша ғалым, біріншіден, бір-бірін алмастырып отырған Орталық Азияның көшпелі халықтарының саяси ұйымдарының сабақтастығын, екіншіден, әртүрлі тайпалар миграциясы мен жалпы тұрғындардың орнығуының тұрақсыздығы жағдайында тұрақты этникалық қауымдастықтардың құрылуы мүмкін болмауын, үшіншіден, тайпалық одақтар атауларының этникалық емес саяси мәнде болғанын анықтап берді.

Түркілердегі феодализм генезисі туралы орхон-енисей түріктері варварлықтың фоедализмге өтетін жоғарғы сатысында тұр деп тұжырымдаса, кейінгі зерттеулерінде бұл қарабайыр феодалдық қатынастардың ерте формасы деп жазады. Дегенмен А.Н. Бернштам консепциясының барлық әлсіз тұстары оның еңбегіне жазылған С.В. Киселевтің рецензиясында айқын көрсетілген. С.В. Киселев ғалымды археологиялық мәліметтерді жеткіліксіз пайдаланғаны, өзбетінше түсіндіруге тырысқанына тоқталып, түркілердің даму леңгейін асыра бағалады деп сынап, А.Н. Бернштамның түркілердің дамуын оған дейінгі көшпелі тайпалармен байланыстыруын асығыс шешімге балаған [29, с. 83].

Осылайша, А.Н. Бернштам тек археолог ғалым ғана емес, этногенез мәселелесіне де қалам тартқан, көптеген түркі тайпаларының және халықтардың шығу тегін, этнонимдердің шығу тегін анықтауға тырысқандығын байқаймыз. Әсіресе, қырғыз және ұйғыр халықтарының шығу тегіне арналған монографиясы және бірнеше мақалалары бар. Әрине ғалымның айтқан тұжырымдары сол кезеңдегі де қазіргі заманғы да этнологтар мен тарихшылардың арасынан кеңінен қолдау таба алмады. Ғалымның түркі халықтарының этногенезі мәселесін зерттеуіне арналған В.В. Тишиннің мақаласында, автор А.Н. Бернштам өзінің теориялық схемаларын нақты деректік материалдармен негіздеуге көп көңіл бөлуі, өз теорияларының аяқталмағанын, бірнегізді еместігін түсінгендігінен болар деп баға береді [180, с. 35]. Ғылыми негізі аз тұжырымдамалары ретінде әсіресе тайпалар этнонимдерінің шығу тегі туралы ойларын айтсақ болады. «Қазақ» терминін «Хазар» сөзімен байланыстыруы; Гаогюй этнонимінің қытайша транскрипциясы – ұйғыр деп санауы; «Ұйғыр» атауының негізі «гур» сөзі, «гуз» сөзінің өзгерген нұсқасы дей келе, ұйғыр атауын «оғыз» атауымен байланыстыруы; «динлиндер» ретінде Енисей мен Алтайдың европеоидты тайпаларын, Тянь-Шаньдағы памир-ферғаналық типтегі үйсіндерді қарастыруы секілді ақиқаттығы күмән тудыратын тұжырымдары да бар.

## 5.2 А.Н. Бернштам зерттеулеріндегі соғды мәселесі

«Соғдылық отарлау» мәселесі ғылымда XIX ғасырдың соңында пайда болды және бұл мәселенің көтерілуі ең алдымен Ұлы Жібек жолымен байланыста қарастырылады. Ұлы Жібек жолы туралы қалам тартқан әрбір зерттеуші соғдылықтардың сауда-саттық жүргізу қызметін айтпай, айналып өте алмады.

Жалпы, соғдылықтар кімдер болды деген мәселеге аздап тоқталсақ, соғдылықтар ежелгі халықтардың бірі, б.з.б. VI ғасырдағы Бехистун жазбасында Соғды жерін Ахаменидтер жаулап алып, өз құрамына ендіргендігі жазылады. Б.з.б. VI ғасырында Александр Македонский соғды аумағына басып кіріп, көптеген соғдылықтар өз отандарын тастап, шығысқа босып кеткен. Өте еңбекқор, пайданың көзін білетін соғдылықтар жаңа жерлерді игеріп, өздері елді мекендер салып, жер өңдеумен, қолөнермен және сауда-саттықпен айналысқан.

Қытай деректерінде: «Соғд Қаңлы еліне тәуелді. Таңдаулы жылқы түрі, сиыр, қой және жүзім тәріздес толып жатқан жеміс-жидек өседі»,-деп жазылған [164, 203 б.]. Соңғы он жылдықтарда қолда бар жазба деректерге сүйене отырып, Ұлы Жібек жолы бойындағы соғдылық іздер туралы зерттеулер көбеюде. Жалпы қалалардың ортағасырлық пайда болуы мен дамуына соғдылық әсер туралы мәселені көтерген ғалымдар қатарына В.В. Бартольд, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Л.Р. Кызласов, В.А. Лившиц, Ю.А. Зуев, В.И. Распопова, П.Н. Кожемяко, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова, С.Г. Кляшторный, К.М. Байпаков, В.И. Горячеваны айта аламыз. Осы ғалымдардың бірқатарының еңбектері талданатын болады.

Жетісудың соғдылық отарлануы туралы мәселені ең алғаш рет 1927 жылы В.В. Бартольд көтерді. Түркістан тарихына арналған еңбегінде «Орта Азиядағы қалалық мәдениеттің дамуы соғдылық колониямен байланысты болды» деп атап көрсетуі ғылымда «соғдылық отарлау» атты терминнің пайда болып, кейіннен орнығып қалуына әсер етті [181, с. 24-166]. Бірақ бұл мәселеде археологиялық материалдар жоқтығынан, В.В. Бартольд тек жазба деректерге сүйенді. Дегенмен, нақты археологиялық деректерге негізделген осы мәселенің зерттелуі тек А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы жұмыстары нәтижесінде ғана жүзеге аса бастады. Ғалымның соғды мәселесіне байланысты бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрген [122; 124; 182; 183]. Өз еңбектерінде В.В. Бартольдтың «соғдылық отарлау» туралы идеясын жалғастыра отырып, зерттеуші өзіндік ой-тұжырымдар да жасайды. Соғдылықтарды Жетісудағы қала мәдениетін дамытушы және көптеген қалаларды салушылар деп атай отырып, олардың әсерін қала топографиясынан, архитектурасынан, қыш құмыра өндірісі мен теңге соғу ісінен, зороастризмнің дамуынан айқындап көрсетіп беруге тырысты. Жалпы, ғалым отырықшы және жер өңдеушілік ескерткіштерді – соғдылықтарға тән, ал көшпелі мәдениет ескерткіштерін – түркілерге тән деп санады [124, с. 145-147]. Дегенмен де, соғдылықтар мен түркілер арасындағы өзара байланыс пен ықпалдың синкреттік мәнде болғанына баса тоқталады.

Жетісудың соғдылық отарлауына арналған мақаласына тоқталып өтейік. Сол кезеңде ғылыми ортада орныққан – Шығыс Түркістанның б.з. I ғасырында-ақ соғдылардың қоныстанғаны туралы пікірге А.Н. Бернштам бұлай айтуға әлі де негіздің жоқтығын, тіпті Шығыс Түркістанда соғдылар колониясының б.з. I ғасырында пайда болды деген идеяға да күмәнмен қарайтынына тікелей тоқталады [122, с. 37]. Осы мақаласында А.Н. Бернштам, жалпы соғдылық отарлау екі кезеңнен тұратынын көрсетеді:

1. Бухаралық эммиграциямен байланысты болып, соғдылықтардың Жетісу көшпенділері арасындағы орны сауда мен қарым-қатынаспен ғана шектелген кезең;

2. Араб жаулап алушылығымен, яғни, IX ғасыр аяғындағы Саманидтық жорықтармен аяқталған кезең деп көрсетеді [122, с. 42]. Кейіннен біршама кейінгі зерттеулерінде бірінші кезеңді I-VIII ғғ. кезеңдейді [124, с. 72].

А.Н. Бернштам өзі жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеулеріне сүйене отырып, Беріккара және Кеңкөл обаларында табылған жергілікті қыш ыдыстардан қатты ерекшеленетін, шағырда жасалған, сырты жылтыратылған қыш ыдыстарды Соғдыда немесе Шығыс Түркістан шұраттарының бірінде жасалуы мүмкін дей келе, осы уақытта яғни б.з. шегінде Жетісу жеріне соғдылық шеберлер әскери тұтқындар ретінде әкелінуі мүмкін деп тұжырымдайды [122, с. 41].

Тараз жазығы ескеркіштеріне арналған еңбегінде б.з. алғашқы ғасырында Жетісу өлкесіне Зарафшан, Соғдианадан иран тектес соғды тайпалары ене бастағанын, олардың келуімен елді мекендердегі өзіндік ерекше мәдени қабаттарды байқауға болатынын айтады. Соғды отарлауы бүкіл Жетісуда Ыстыққөлге дейін, Тянь-Шань арқылы өтіп Шығыс Түркістанға тарап, одан әрі Ұлы Қытай қорғанына тірелген дей келе автордың айтуынша «Ұлы Жібек жолы қытайлықтардан гөрі соғдылықтарға тән болған» [123, с. 19]. Шығыс Түркістанға қарағанда Жетісуда соғдылық «отарлаудың» орны мен мәнінің анықталмағанын А.Н. Бернштам мынадай себептермен түсіндіреді: *біріншіден*, қазба жүргізілген ескерткіштердің аздығы; *екіншіден*, бұл аумақта соғдылықтардың Шығыс Түркістандағыдай жергілікті жерге біріге орналаспауы салдарынан түркі халықтарымен ассимиляциялануы; *үшіншіден*, бұл аумақ туралы б.з. алғашқы ғасырларының тарихи деректердегі мәліметтерінің аздығы және де соғдылықтардың тарихы мен мәдениетінің өз отанында да жете зерттелмеуімен түсіндіреді [123, с. 19]. Қазақстан аумағында, әсіресе Жетісу жеріндегі соғдылықтар туралы толыққанды дерек көзі Махмұт Қашқаридың Баласағұн, Тараз және Ақ қала (Испиджаб) тұрғындарының түркі және соғды тілінде қатар сөйлейтіні туралы мәліметін дәлелдейді деп атап көрсетеді [123, с. 20].

VII ғғ. соғды мәдениетінің ролі мен мәнінің қатты өскендігінен солтүстік Тянь-Шаньда, Шу және Талас бойында осы аумақта қалалар пайда болды дей келе, олардың қатарына Сарығ (Красная Речка) пен Баласағұнды (Ақпешім) және Таразды жатқызып, бұл қалалар соғдылық елді мекендердің тарихи жалғасы деп білді. Ғалымның ойынша осы аймақтағы «соғдылық отарлаудың»

күшеюі осындай қала типтерінің пайда болуына әкелгенін тұжырымдайды [141, с. 56].

Шу өңіріндегі Жетісу археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеулер нәтижесінде жазылған еңбекте ғалым: «...как показали раскопки некоторых из них, эти города развивались несомненно из старых согдийских поселении»,- деген тұжырым айтады [124, с. 76].

1940 жылдың далалық кезеңінде Серафимовка ауылы маңындағы Майтөбе колхозы аумағындағы *Майтөбе* қалашығына барлау жүргізеді және осы қала жұртын ортағасырлық соғдылар негізін салған *Хамукат* қаласы болуы мүмкін деп санады. Сондай-ақ, Шу алқабындағы Қарабалта қалашығын да соғдылықтар салған қалаларға жатқызды. Соғды елді мекендері негізінен Шу өзенінің сол жағалауында орналасқан дей келе, Шу өзенінің оң жағалауындағы соғдылықтардың ең солтүстік «отары» ретінде Қысмышы қалашығын көрсетеді. Бұл колониялардың бәрі кейіннен Мауереннахр типтес яғни цитаделі, шахристаны және рабаты бар қалашықтарға айналды деп санады. Ал ең шығыс колониясы ретінде Ақбешім қаласын көрсетеді. Ғалым өзі Баласағұнмен шендестірген осы Ақбешім қаласын Махмұт Қашқаридың еңбегіндегі Жетісудағы соғды тілінің таралуының ең шығыстағы қаласы деп көрсеткенін шындыққа балайды [141, с. 59-60]. Осылайша соғды «отары» шекарасын Шымкент қаласынан бастап, Талас өзеніне дейінгі бүкіл Талас жазығын, Шу жазығында сол жағалау бойымен Тоқмақ қаласына дейін, ал оң жағалау бойында тек Қысмышы қалашығы болған деп көрсетеді. Жалпы осы аумақта түркілердің ескерткіштері біршама аз орналасқан тіпті олар жоққа тән дей келе, түркілердің таралу аумақтары ретінде жоғарғы Талас, Чон-Кемин және Ыстықкөл секілді таулы аудандарды көрсетеді. Бұдан өзге жетісулық мәдениетке Византия, Иран, Индия, Соғды мен Ферғана, Шаш пен Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістан мен Қытай әсері де байқалады. Осылайша ғалым VI-VIII ғғ. Жетісу жері Орталық және Орта Азияның, Қиыр және Таяу Шығыс мәдениеттерін ұштастырған «Шығыс Византиясы» деген атау береді [117, с. 116].

Жалпы соғдылардың Жетісу жеріне, соның ішінде Шуға қоныс аударуын V ғасырмен кезеңдей отырып, Бішкек қаласынан 32 шақырым жерде орналасқан Красная Речка қалашығына тоқталады. Бұл қаланы ортағасырлық Сарығ қаласымен баламалағанын алдыңғы тарауларда атап өттік. Қаланы күрделі тарихи кешен деп санай келе, А.Н. Бернштам оны бастапқыда бірнеше ондаған жеке қорғанысты қабырғалары бар, жекелеген жанұяларға арналған үйлерден тұратын елдімекен болған деп жазады. Бұл үйлердің қабырғалары мықты соғылып, екі және үш қабаттан тұрады, көлемі 1х1х1,5 м ге жететін топырақтан жасалған блоктардан тұрғызылған. Қалау барысында сондай-ақ шикі кірпіштер де қолданылған. Қабырғалары төмен жағында барынша қалың және мықты болып келіп, жоғарылаған сайын жұқара береді. Тұрғын жайлар 6-8х2 м болатын бөлмелерге бөлінген. Төбелері жартылай шеңбер түріндегі шатырмен жабылған. Қабырғалары бітеу болған, тек қабырғалардың төменгі жағында көлемі жарты метрге дейін жететін тесіктер болған. Олар оқ атуға

арналған тесіктер ме, әлде терезелер болғаны түсініксіз екендігіне тоқталады. Ғалым осы табылған материалдар мен үй құрылысының типіне байланысты осы қалашықтың ерте қабаттары Шу жазығына соғдылықтардың енуімен байланысты пайда болған деген қорытындыға келді [141, с. 56-57]. Үйге дәл осындай дуалмен қоршалған аула кіріге орналасқан, оның бір бөлігі жанұялық бейіт болған. Ғалым жүргізген зерттеулер барысында жетісу типті ассуарийлерде жерлеу орындары да табылды. Бұл ассуарийлер мауереннахрлық ассуарийлерге қарама-қарсы, жоспары жағынан сопақша, сфералық пішінді қақпақпен жабылған, жалпы алғанда көшпелілер киіз үйіне (лашығына) ұқсас болуы және қабырғаларының жоғарғы бөліктеріне және қақпақтарына шаңырақ, уық, кереге секілді суреттердің салуынуы - Шу жазығына қоныс аударуышылар мен жергілікті көшпелі халықтың арасында орнаған тығыз байланысты көрсететіндігі жөнінде пікір айтады [141, с. 58].

Өз кезегінде осы науста жерленген жерлеу орындары туралы А.Н. Бернштамның тағы бір өзгеше пікіріне тоқталайық. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағатында сақталған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының 1949 жылғы есебінде Сырдарияның сол жағалауындағы Қызылқұм маңында орналасқан Қызылқұм қорымының осындай «наусты» жерлеу орындары бар қорғандарына қазба жүргізгені туралы айта келе, мұндай жерлеу орындарын екіге бөліп көрсетеді: 1. Кіші құмырадағы мәйітті өртеп қою орындары. 2. зароостризмдік үлкен хумда бас сүйектері деформацияланған мәйітті қою әдісімен жерлеу орындары. Жерленгендердің нәсілдік түрлері - монғолоидық белгілер әлсіз байқалатын өзенаралығына тән ортаазиялық түр дей келе: «...Нет сомнений в том, что погребения в хумах с деформированными черепами могут быть сопоставлены только с огузами Сыр-Дарьи, чему не противоречит и керамика в частности и орнамент хумов. Тем самым, многочисленные «холмы-наусы» мы отождествляем с некрополями огузов Сыр-Дарьи и массовое их распространение отмечает ту роль, которую играли огузы в этом районе»,-деген тұжырым жасайды [106, с. 11].

Сюань Цзянь Суябтан батысқа қарай бір-біріне тәуелсіз, бірақ түркілер билігіндегі қалалар туралы айтқан Су-ли елін А.Н. Бернштам Сули сөзі Соғд терминінің қытайлық транскрипциясы атайды. Сюань Цзяньның осы өлке адамдары 32 әріптен тұратын жазуды қолданады деп айтқанына қатысты 1938 жылғы қазба барысында табылған сириялық жазуы бар ыдыс дәлелдейтіндігін және бұл алфавит түргещ теңгелерінде жазылғандығын атап көрсетеді [123, с. 35].

А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеулері нәтижесінде 1938 жылы Тараз қаласының солтүстік–шығыс бөлігінен осы аумақтың соғдылық мәдениетінің ең ежелгі үлгілері деп санауға болатын культтік заттар, ыдыстар және теңгелер сынды жәдігерлер табылды [110, с. 21]. Бұл заттардың барлығы ғалымның ойынша батыстық түп негізді дей келе, оларды шамамен б.з. III-V ғғ. аралығымен кезеңдейді. Автор егіншілік құдайы Анахит мүсіншесі мен жапсырмада бейнеленген ер адам

антропологиялық жағынан гректік деп санап, бұл заттардың шығу тегі соғдылық және соғдылық отарлаудың бірінші кезеңін сипаттайды деген тұжырымға келеді.Тараз қаласының 5 қабатынан аршылған заттар арасынан ғалым соғдылық шығу текті балшықтан жасалған ер тұрманды жылқы мүсіні, ұстағыштарында құстар басы бейнеленген екі ғұрыптық ыдыс, ассуарийдің ұстағышы болуы мүмкін маймыл бейнесі, адам бейнелі мөр, теңгелер және көптеген қыш ыдыстарды атайды [123, с. 32].

Тараз қаласынан табылған «соғдылық қыш ыдыстар» құмыралар, жіңішке мойынды жабық ыдыстарымен ерекшеленеді. Ыдыстар құрамында ағаш үгіндісі көп, жабыстырмалы, жартылай, кейде шала күйдірілген. Қолдан жабыстырылғаны ыдыстың бүкіл ассиметриясынан және ішкі бөлігінен айқын көрініп тұрады. Ыдыс түбін, жанының екі таспасынан және мойнын осы төрт бөлікті құрап жабыстырылады. Қабаттар бірінің үстінен бірі келтіріліп, сырты жақсылап сыланып, жылтыратылса, ішінен басып тегістелген. Ішкі жағынан саусақ іздері жақсы байқалады. Жұқа жолақшаларды жапсыру арқылы әшекейленген. Ыдыстар түрлері мен әшекейленуі Тәжікстандағы янгобтық ыдыстарға қатты ұқсағандықтан, бұл ыдыстар да «соғдылық» деп аталады [123, с. 33]. Жалпы Тараз қаласы қыш ыдыстарына соғдылықтардың әсері туралы айта келіп, ғалым: «Талантливые согдийские мастера дали Таразу его первоначальную, пусть и провинциальную, но все же достаточно высокую культуру», – дей келе осы өлкедегі соғдылықтар орны туралы «Алғашқы кезеңде соғды мәдениеті Таразда метрополий тәжірибесімен ене бастаса, кейінгі тіршілігі көшпелі түркі мәдениетін қабылдаумен байланысты болды. Соғды мәдениеті тек әсер етіп қана қоймай, жергілікті халықтың сұранысын қанағаттандыруы тиіс еді», – деп жазады [129, с. 69].

Жетісу жерінен табылған жерлеу орындарынан кездейсоқ табылған түркілік бұйымдар кешені: белдік гарнитурасы, ат әбзелдері, қару-жарақ, оба үсті тастарындағы руналық жазулар, балбал тастар Жетісудағы ерте түріктік мәдениетті сипаттайды. Екі мәдениет те ертетүріктік қағанаттар шеңберінде тығыз байланыста болды. Бұл А.Н. Бернштамға соғды-түріктік кезең мәдениетінің синкретикалық ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді [119, с. 115-126].

Осы соғдылардың түркі мәдениетіне әсері жайлы А.Н. Бернштам өзінің Орталық Тянь-Шань мен Памир-Алайға арналған сүбелі еңбегінде арнайы бөлім арнайды. «Түркі қағанатындағы синкреттік өнер» деп аталған бөлімде осы аумаққа қоныс аударған соғдылықтар ең алдымен өз бейнелерін терракоталық мүсіншелерге ойып сала бастаған деп тұжырымдайды. Бұл жайында әсіресе төменде келтірілген Сукулук өзені бойындағы қалашықтан табылған материалдар бойынша сипаттайды. Балшықтан жасалған бұйымдар мен терракоталардың негізінен Сукулук өзені бойында орналасқан қалашықтан көптеп табылуы авесталық, ортаазиялық және ирандық пантеон туралы көп мәлімет береді. Осы қалашықтан табылған буддалық терракотаға арналған мақаласы 1947 жылы жарық көрді [184].

Сукулук өзенінің сол жағалауында төртбұрышты жоспарлы аса үлкен емес қаланың Үлкен Шу каналы салыну орнында болған соң 11 м тереңдікке дейінгі қабаттары аршылады. Табылған археологиялық жәдігерлер нәтижесінде қала V-XII ғғ. өмір сүргендігі анықталды. Қаланың әртүрлі қабаттарынан табылған көптеген құмыра күйдіру пештеріне байланысты қала – «құмырашы қала» деп аталды. Көптеген табылған заттар арасынан ұстағышының төменгі негізіне ерекше штамппен жасалып, сосын жабыстырылған ер адам бейнеленген құмыраның сынығы назар аудартады, оны VI-VII ғғ. кезеңдейді. Жергілікті қолөнершілер дәстүрінен ерекшеленетін бұл бейнені ғалым соғдылықтар қолынан шыққан туындыға жатқызады. Бұл құмыра мойынына адамның беті, ал денесіне адам денесі секілді бейне салынған. Үлкен мұрыны гректік стильде болса, көзі мен аузы жабыстырылған тілікшелер арқылы салынған. Көздерінің жиегі төмен түсіңкі, үшбұрышты сақалы бар. Ақсақалдың шекесінде диадема бейнесі салынған. Диадема зигзаг тәрізді оюлармен бедерленген, диадемадан құлағына дейін түсіп тұрған салпыншақ байқалады. Қабағы түсіңкі тұрғындар жайлы Чжан Цзяньның келтірген дерегін мысалға ала отырып, осы портретте Орта Азияның шығыс иран тектес тұрғындары бейнеленген деген қорытындыға келеді [184, с. 52]. Сукулуктан тағы да бір осы типтес адам бейнеленген биіктігі 18 см мүсінше табылды. Бұл мүсіншеге ғалым Орталық Тянь-Шань мен Памир-Алай археологиялық ескерткіштеріне арналған еңбегінде тоқталады. Мүсіншеде адамның басы, денесі, беліне қаусырыла ыдыс ұстап тұрған екі қолдары өте анық бейнеленген, ал тым қысқа және ірі аяқтары шартты түрде ғана бейнеленген. Бұл мүсіншенің ерекшелігі – басында үш мүйізді тәждің бейненуі. Осындай стильдегі, алайда біршама қарабайыр жасалған мүсіншелер көптеп табылды. Бірақ олардың бастарында тәждер немесе диадемалар келтірілмеген. Бұл сипатталған скульптуралар культтық мәнге ие болғандығына мән бере келе, олар о дүниеге қожайынмен бірге баратын құлдар ретінде жасалуы мүмкін деп топшылайды [127, с. 133-134].

Сукулук қаласының соғдылық қабатынан табылған қызарғанша күйдіріліген балшықтан сапалы жасалған көлемі 8х5,5 см адам бейнеленген мөр-қалыпта (штамп) Иран билеушісінің бейнесі бейнеленген. Бұл штамппен ірі ыдыстар мен ассуарийлардың беттеріне бейнелер түсірілуі мүмкін дей келе, бұл бейнедегі сасанид патшасы Ковад (б.з. 488-531 жж. билік құрған) болуы мүмкін деген болжамын айтып, оны V-VII ғасырлармен мерзімдейді [185, с. 36-38].

Соғдылық эмиграциямен бірге Жетісу жеріне ортодоксалды зороастризм енді деп санаған ғалым осы дінде ерекше орын алған отқа байланысты пайда болған шырағдандарға ерекше көңіл бөледі. Ол шырағдандарды атошдандар деп атайды. Жетісу шырағдандары тұғырға орнатылған кесе (чаша) түрінде болған. Шырағдандар бетінде арнайы тұғырмен бекітілген қақпақпен жабылған. Егер Сасанидтық Иранда бұл шырағдандарда өмір симфолы – ағаштар мен өсімдіктер бейнеленсе, Жетісулық шырағдандарда көшпелілердің тотемдік культті белгілері бедерленген. Шырағдандар формасы бойынша алуан түрлі болса да, әрленуі бойынша өте жұтаң. Олардың арасында аяқтары иттің

бастары бейнелес етіп жасалған шырағдан да кездеседі. Осы үш аяқты шырағдандардың жасалуы өз аналогтарын сақ дәуірі қазандарынан табады [127, с. 135].

Зороастризм культінің келесі элементі ретінде шырағдандар қақпақтарын атап өтеді. Қақпақтар ортасында құс, қой және қасқыр бейнесінде жасалған ұстағышы бар жарты сфера түрінде. Осы үш бейнені ғалым түркілердің үш тайпасының тотемі деп санайды. Жалпы осы Жетісудан табылған соғды ескерткіштерін осылай сипаттай келіп, А.Н. Бернштам түркі-көшпелілер мен соғды-отырықшылар мәдениетінің органикалық байланысынан түркі қағанатының синкретикалық өнері пайда болды деген қорытындыға келеді [127, с. 138].

Соғдылықтардың осы аумаққа тигізген әсерлерін айта келе, ғалым олар Баласағұндағы дастарханнан және Сукулуктық қабырғаға жабыстырылатын тақташадан табылған сасанидтық ою шеңберін, сондай ақ соғдиананың киіз үй тәріздес оссуарийлері секілді ерекшеліктерді енгізгендігін атап өтеді. А.Н. Бернштам сондай-ақ, соғдылықтармен түркілерге ыңғайластырылған Жетісудағы алғашқы әріптік жазу – соғды жазуының енуін және бұл жазулар кейіннен ыдыстар мен түргеш теңгелерінің беттерінен табылғанына тоқталады [117, с. 113]. Жетісулық түркілер руна жазуымен қатар соғды алфавитын қолданған дей келе, теңгелердегі түрік мәтіндері соғды әріптерімен жазылса, ыдыстарда соғды сөздері соғды жазуымен жазылғанына тоқталады [124, с. 79].

Ғалым шәкірттері Е.И. Агеева және Г.И. Пацевичтің монографиясында соғдылықтар, яғни «өзгелер» мен далалық тайпалар өкілдерінің Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ара-қатынасы және осы аумақта қалалардың байырғы тұрғындарының пайда болуы әлі анықталмаған мәселе екендігін көрсетеді. Аталған ғалымдар осы түркілердің арасында соғды тілінің ұзақ сақталуын, Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардың салынуын соғды диқандарымен байланысты емес екенін, Мәуереннахрдан жер өңдеуші, сауда және қолөнер тұрғындардың миграциясы ұзақ және үнемі болғанын, сондай-ақ, VI ғасырда-ақ түркі тілдес тайпалардың Қазақстанның оңтүстігінен, әсіресе, Жетісудан Орта Азия қалаларына, оның ішінде Ташкент, Самарқан мен Бұхараға тарала бастауымен түсіндіреді. Жалпы авторлар жергілікті ерте ортағасырлық мәдениет сақ-үйсіндік мәдениет сабақтастығы әсерінен пайда болған деп санайды [65, с. 72].

Ежелгі Таразға арналған монографиясында Т.Н. Сенигова бұл мәселе туралы: «...На основании сказанного следует, что в Таразе, как и в других городах Семиречья: Суябе, Невакете, Мерке, тюрки являлись основным населением в VI-XII вв. И включали в свою среду различные этнические группы: прежде всего согдийцев, меньше арабов, сирийцев и персов»,-деп осы аумақтың ортағасырлық қалаларының негізгі құрамы түркілерден тұрғаны турады айтады [54, 210-211]. Жалпы соғдылық отарлау мәселесі бойынша автор: «Тараз не был объектом колонизации Согда, как и другие города Южного Казахстана, и сыграл значительную роль в исторических судьбах народов Средней Азии»,-деп ой тұжырымдайды [54, 212].

1953-1954 жж. Ақбешімде табылған материалдар негізінде Шу жазығының қыш ыдыстарын біршама толық сараптауды 1953-54 жж. В.И. Распопова жүргізді [77]. Осы зерттеулері нәтижесінде ғалым соғдылықтардың Шу жазығын қоныстануының басымдығы VII ғасырға, әсіресе, VIII ғасырға тура келетінін айта келіп, «соғдылықтар» ретінде тек Заравшан мен Қашқардария тұрғындарын ғана емес, Уструшан мен Шаш тұрғындарын да қоса көрсетеді. Және аталған аумаққа қоныс аударғандар негізінен осы Уструшан мен Шаш тұрғындары деп санайды. Қоныс аударудың III-V ғғ. қамтыған «алғашқы кезеңінен» бас тартып, жалпы бұл процесті VII-VIII ғғ. шектейді де, «отарлау» терминінің орнына «әсер ету» деп қолдануды жөн санайды [77, с. 140].

1953-1954 жж. Ақбешімде жүргізілген қазба жетекшісі Л.Р. Кызласов, кейіннен П.Н. Кожемяко да арнайы осы тақырыпта қалам тартпаса да өз еңбектерінде қарастырды. 1959 жылы шыққан монографиясында П.Н. Кожемяко Шу жазығында жер өңдеу үйсін дәуірінен бастау алғандығына тоқтала келе, отырықшылықтың дамуы Шаш пен Соғдыдан қоныс аударған тұрғындар әсерінен жылдамдай түсті деген тұжырымға келеді. Дегенмен археологиялық материалдарға сүйене отырып, «біздің стратиграфиялық материалдарымыз бұл аумақта отырықшы–жер өңдеу елді мекендерінің пайда болып, қалыптасуын көшпелі-малшы тайпалардың бір бөлігінің отырықшылыққа өтуімен байланысты болды», – деп санайды [61, с. 170]. Шу өңірінің ерте ортағасырлық елді мекендері құрылымы жағынан Мәуереннахрлық елді мекендерден ерекшелігі ретінде, Мәуереннахрда үлкен аудандарды қоршап жататын ұзын қабырғалар болса, Жетісуда мұндай қоршаулар әрбір елді мекендерде бар және де көбіне қабырғалар саны бірден көп болғанын көрсетеді [61, с. 175].

Шығыстанушы-археологтардың көшбасшысы болып есептелетін В.М. Массон миграциялар мен автохтонизм мәселесінен бас тартуды ұсына отырып, оның орнына фактілерді «мәдени интерпретациялауды» ұсынады. Бұл терминнің мәні ретінде соғдылық әсер ету түсінігін мәдени интеграция процесі ретінде қарастыру керектігін атап көрсетеді [79, с. 5-6].

1964 жылы жарық көрген еңбегінде С.Г. Кляшторный Жетісу қалаларына арналған тарауында осы өлке қалаларының пайда болуындағы соғдылық әсер туралы В.В. Бартольдтың, А.Н. Бернштамның еңбектеріне шолу жасап, Жетісуды соғдылық «отарлаудың» V-VI ғғ. бастау алатынына тоқталады. Ал Жетісуға, оның ішінде Шу өңіріне соғдылардың негізгі бөлігінің миграциясы уақыты VII-VIII ғғ. шектеледі деп санайды [67, с. 125]. VI-XI ғғ. Шу өңірінде ғана соғдылықтар негізін сақталған 18 ірі қала, ұсақ елді мекендер болғанын айта келе, бұл қалаларда соғдылықтармен бірге қытайлар, түркілер, сириялықтар, парсылықтар тұрғанымен, IX-X ғғ. дейін бұл қалалардың тұрғындарының басым көпшілігі соғдылықтар болған деп ой қорытады [67, с. 126]. Байқағанымыздай С.Г. Кляшторный да өз жетекшісі секілді Жетісу қалалары соғдылық отарлау әсерінен пайда болды деп есептейді.

Ғалым Батыс Түрік қағанатында VII ғ. II ж. – VIII ғ. I ж. қағандар билігі Шығыс Қағанатқа қарағанда біршама әлсіз болғанына тоқталады. «...Нақты әскери күш қолында шоғырланған әскери тайпалық ақсүйектердің әртүрлі топтарының өзара күресі жоғары билік органдарын жалған қайраткерлерге айналдырды. Мұндай жағдайда қуатты бекіністер, күшті әскери отрядтар және үлкен сауда-дипломатиялық байланыстары бар ірі және бай соғды колониялық қалалары үшін өте тиімді жағдай болды; олар кез-келген ірі ішкі немесе сыртқы қақтығыста «үшінші күш» ретінде әрекет етудің тұрақты мүмкіндігіне ие болды»,-деп сол кездегі саяси жағдайды осылай сипаттай келе, Жетісудағы түркі-соғды қатынастарының сипатын түркі қағандары емес, соғды дихандары анықтаған деп пайымдауға барлық негіз бар деп санап, Батыс қағанаттың бүкіл экономикалық өмірі, соның ішінде ақша эмиссиясы да соғдылардың бақылауында боғанын тұжырымдайды [67, с. 134]. Ғалым соғдылардың Жетісудағы колониялары ретінде Суяб, Ми (Маймург), Невакет қалаларын атап көрсетеді.

Ғалымның «Шу мен Талас бойындағы қалалар ежелгі соғды елді мекендерінің орнында пайда болды»,-деген тұжырымы [121, с. 375] қазақ ғалымдарының әлі де қарсылығын тудыруда. Отандық беделді археолог ғалым М.Е. Елеуов өз еңбегінде: «...1938-1941 жж. жұмыстар кезінде Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың толық қамтылмағандығын, зерттеулердің тек кейбір қалаларда ғана жүргізілгенін, оларда жүргізілген қазбалардың көлемі шағын ал қазбадан табылған археологиялық заттардың көлемі аз екенін ескеретін болсақ А.Н. Бернштам ұсынған «соғдылық үлгінің» негізсіз, біржақты екенін көреміз», – деген пікірін білдірген [56, с. 108].

Соғды мәселесі туралы айтқанда лингвист ғалым В.А. Лившицты атамай өту мүмкін емес. Лингвист ғалым Шу-Талас өңірінен табылған соғдылық жазуларды жинақтай келе, бұл жазулардың көпшілігін IX-Xғғ., тіпті XI ғасырмен кезеңдеді [186, с. 81].

Ғылымда ұзақ уақыт бойы соғдылардың ең ежелгі жазба ескерткіші болып, А. Стейн тапқан Дуньхуандағы жазу саналып келген. Күлтөбе қаласынан әріптер жазылған он күйдірілген кірпіш табылған еді. Ежелгі парсы жазуларының маманы Н. Симс-Виляьмс мұқият зерттей келе бұл жазуларды ежелгі соғды жазуы екенін мәлімдеді. Және бұл жазу Дунхуаньдағы жазудан бір ғасырға әрірек, б.з. II-III ғғ. кезеңделді. Соңғы кірпіш 2012 жылы табылды. Қазақ ғалымдары арасынан осы мәсені қарастырған К.М. Байпақов А.Н. Бернштам еңбектеріндегі соғды мәселесі Соғдының өзіндегі материалдардың аздығына байланысты ұлғайтылып, асыра көрсетілген дей келе, Жетісу қалаларының құрылуындағы соғдылардың әсері де схематизммен жазылған деп санайды [53, с. 9]. Дегенмен, Қазақстанның ежелгі және орта ғасырдағы урбанизациясына арналған еңбегінде Сырдария бойының этникалық құрамы б.з. I ғ. – VI-VIII ғғ. аралығында өзгермегенін, ал көптеген ортағасырлық қалалар ертедегі орта ғасырлық елді мекендердің орнында пайда болғанын айта келіп, «Қазақстандағы жер өңдеушілік пен урбанизацияны ешкімнің әкелуі мүмкін емес», – деген пікір айтады [71, с. 185]. К.М. Байпаков

«Западнотюркский и Тюргешский каганаты: тюрки и согдийцы, степь и город» атты еңбегінің кіріспесінде ғалым соғдылық отарлау терминінің мәнін жаңа және қазіргі заманғы отарлау терминімен салыстыруға болмайтынын, өзге елде, өзге қалада өмір сүріп жатқан ұлт өкілдерінің жиынтығы, өзге елден шыққан ұлт өкілдерінің басқа елдегі елді мекендері деген мағынада түсінуді ұсынады [78, с. 8].

Соғдылықтардың орны туралы «олар өздері орналасқан елде саяси басымдыққа ие болған жок, дегенмен, қағанның жақын ортасына енді. Қағанның өзге елдерге жіберетін елшілері, діни миссионерлер болды», – дей келе, К.М. Байпақов өз монографиясында соғдылық әсердің үш кезеңін бөліп көрсетті:

1. ерте кезең. V-VI ғғ.;
2. II кезең. VII – VIII ғғ.;
3. III кезең IX – XII ғғ. бұл кезеңде соғдылықтар ассимиляцияланып, өзіндік қалалық мәдениет қалыптасқан деп ой қорытты [78, с. 8].

Соғды жерінде VIII ғасырдың басында түркілер ықпалы күшейген, Усуршан, Ферғана, Бұқара секілді аумақтарды басқаруға түкілердің келуі себепті, жергілікті соғдылық мәдениет пен жерлеу салтында түркілік әсер де байқалады дей келе, К.М. Байпаков мұның мысалы ретінде Ферғанадан табылған билік басына Арслан ханның келуіне байланысты түркілік жылқы мен ат-әбзелдері жерленген жерлеу орындарын атап өтеді [78, с. 65].

Жалпы Түрік қағанатының құрылуы орталық Евразияның халықтарының саяси, экономикалық, мәдени дамуында үлкен рольге ие болды. 563-567 жж. евталиттерді жеңген түркілер Соғдыны Түркі қағанатының құрамына қосып алды. Соғдылықтардың «отарлаушы» әрекеттері және олардың далалық Жібек жолы арқылы сауда-саттық жүргізуі – түркі қағандарына саяси тиімді болды және көп пайда әкелді. Көптеген соғдылықтардың түркі қағандары ордасында тұрғаны да белгілі [78, с. 76]. Ал осы түркі-соғды байланысы соғдылықтарға түркілер жаулап алған кең байтақ аумақтарда сауда жасауына мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда кей ғалымдар А.Н. Бернштамның көптеген артефактілерді соғдылықтарға тән деген тұжырымдауын қате деп санайды. Осы мәселеге арнаған мақаласында В.А. Кольченко Шу бойы ауданынан табылған бір ассуарий типологиялық жағынан VII ғасырдың ортасынан ерте уақытқа жататынын көрсетеді [80, с. 19]. Өз мақаласында 1938 жылы А.А. Потаповтың Жетісу мен Шаш ассуарийлерін соғдылық және хорезмдік ассуарийлерден ерекшеленетіні туралы пікіріне келісе отырып, ошақ орындары, қақпақ құлақтары секілді заттарды VIII ғасырмен кезеңдеп, олардың соғдылық материалдар арасында жақын аналогтарының жоқтығына назар аударады. Күлсалғыштарды да А.Н. Бернштам «соғдылық» заттар қатарына жатқызуы өте күрделі әрі шешімін таппаған мәселе ретінде есептейді. А.Н. Бернштамды Соғдыда жүргізілген археологиялық зерттеулер материалдарына сүйенбегенін айта келіп, тек сол замандағы тәжік шеберлердің қолтаңбасына қарап қана солай атаған деген тұжырымға келеді. Себебі, Соғды аумағындағы

Пенджикент, Афрасиаб, Варахшада жүргізілген стаионарлық зерттеулер ол уақытта басталмағанын көрсетеді [80, с. 20].

Қысқаша қорытындылағанда А.Н. Бернштам жазба деректер мен археологиялық ескерткіштерге талдау жасай отырып, сол кездегі қала дамуы үдерісіндегі VI-VIII ғғ. қамтитын түркі-соғдылық кезеңді бөліп көрсетті. Сондай-ақ, соғды миграциясының VII ғ. Орта Азиядағы араб жаулаушылығы әсерінен күшейе түскені туралы ой қорытты [187, с. 167]. Соғдылықтар мен жергілікті түркі тілдес тайпалар байланысы бейбіт, екі жаққа да тиімді сипатта болды. Ұлы Жібек жолы бойында сауда жасайтын соғдылықтар IV-VI ғғ. Солтүстік Қытайдың барлық ірі қалаларында қоныстанған болатын. Соғды–түркілік байланыстың орнауына әсіресе буддизм, манихейлік, христиандықты тарататын соғдылық-миссионерлер үлкен үлес қосты.

Ғалым түркілер көшіп-қону мен соғысудан басқа ештеңе білмеді, барлық өнерді отырықшы ирантектес халықтардан үйренді деген орныққан тұжырымға қарсы дәлелдер келтірді. 1952 жылы жарыққа шыққан Орталық Тянь-Шань мен Памир-Алай ескерткіштеріне арналған ғылыми еңбегінде панирандық теорияны фашисттік расизммен теңестірді. Көшпелі түркілер ою әдісі (техника резьбы) түркілерде дамығанын кейіннін қышқа ойып жазуды соғдылар түркілерден үйренгеніне баса тоқталады. Осылайша ортаазиялық терракоталарды жасау өнері де түркілердің ағашқа ою салу өнерінен бастау алған деген тұжырым жасайды [127, с. 152]. Елді мекендердегі тұрғындар жайлы «...в поселениях оказались рядом бок о бок, тюрки и согдийцы, – при политическим господстве первых и при их чисто колличественным превосходстве. Все это не могло не создать условии для увеличения взаимного влияния, и победителями из этого культурного состязания вышли: в сюжете – кочевники тюрки, в технике – земледельцы-согдийцы»,-деп атап көрсетеді. Түркілердің Орта Азиялық ирантектес халықтардың өнімдерін тұтынушы, отырықшы аудандардың мәдениеті мен құрылыстарын талқандаушы «варварлар» ғана болмағанын, Орта Азияның жоғарғы деңгейде дамуына тек ирандық қана емес түркілердің де әсері жоғары болғандығын шегелей айтады.

Өз тұжырымымызға тоқталсақ, «Отарлау» сөзі В.В. Бартольд «колониялары» деп атауынан орнығып қалған тіркес қана болған және ешқандай саяси мәні жоқ. Жетісу аумағы мен Оңтүстік Қазақстан жері біздің заманымыздың алғашқы ғасырдарында ақ пайда болған жергілікті тайпалардың елді мекендері негізінде салынған қалашықтар мен ірі қалаларға толы болған. Әрине, мәдениетке, қала құрылысына, діни-наным сенімге тигізген әсерін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, бұл тек мәдени ықпал болды және түркілердің өздерінің рұқсатымен, өздеріне пайдалы негізді құрылған байланыс болғандығын айта аламыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Нақты ғылыми ізденіспен археологияның дамуын жаңа сапаға көтерген зерттеушілердің еңбегін жүйелеу, талдаудың маңызы зор. Осындай ғалымдардың қатарына Александр Натанович Бернштам да жатады. Ғылымға қосқан үлесінің ауқымы уақыт өткен сайын айқындала түсуі де ғалымның бірегейлігін анықтайды.

Қолда бар әдебиеттерді талдау бүгінгі күні А.Н. Бернштамның тұлғасын толыққанды ашатын кешенді зерттеу жұмысының жоқ екенін көрсетті. Бұл тұрғыда зерттеуіміз осы олқылықтың орнын толтырады деген үміттеміз. Дерек көздерімен жұмыс және мәселеге жүргізілген тарихнамалық шолу ғалым жұмыс істеген негізгі ғылыми бағыттар туралы кеңінен түсінуге, сан қырлы тұлғасын жаңаша қарастыруға, оның ғылыми және шығармашылық мұрасын зерделеуге мүмкіндік берді. Бұл ғылыми жұмыста деректанулық және тарихнамалық материалдар негізінде А.Н. Бернштамның отандық археология ғылымына қосқан үлесі талданып, қорытындыланды.

Ғалымның өмір жолының негізгі кезеңдерін бақылай отырып, ғылыми-зерттеу қызметінің келесі кезеңдерін атап көрсетсек болады: 1) 1927-1932 жж. – ғылыми көзқарастардың қалыптасуы кезеңі, орта мектепте оқи жүріп, Қырымдағы өлкетану мұражайында жұмыс істеуі, Ленинград Мемлекеттік университеті қабырғасында білім алуы, алғашқы археологиялық іс-сапарлары; 2) 1933-1940 жж. – КСРО ҒА ММТИ аспирантурасында оқуы және ғылыми қызметкер болуы, Жетісу археологиялық экспедициясына жетекшілік етуі; 3) 1941-1945 жж. – Ұлы Отан соғысы жылдары, Қырғызстанда Үлкен Шу каналын салу мақсатында құрылған экспедицияға, Тянь-Шань экспедициясына жетекшілік етуі; 4) 1946-1956 жж. – Оңтүстік Қазақстан, Памир-Алай, Памир-Ферғана экспедицияларына жетекшілік етуі. Ғалым шығармашылығында тарих, археология, этнология бойынша ғылыми зерттеулері осы жылдардың барлығында да жазылды. Белгілі бір аумақты археологиялық зерттеу барысында, өлкенің тарихы, мәдениеті, тұрғындары этногенезі бірге қарастырылған.

Ғалымның ғылыми еңбектерін, мұрағаттағы жазбаларын саралап талдаудың нәтижесінде, төмендегідей қорытындылар жасалды:

– қола дәуірі ескерткіштері ғалымның басты зерттеу ареалына айналмаса да, Жетісу археологиялық экспедициясының жұмысы барысында қола дәуірінің жерлеу орындары – Қайыңды, Қарғалы, Арпа, Бурмачап, Жайылма, Сукулук ескерткіштеріне қазба жұмысын жүргізіп, Жетісулық «солтүстік-қырғыз нұсқаны» бөліп шығаруы, бұл мәдениеттің Қазақстан аумағындағы андрон ескерткіштерінен ерекшелігімен қоса, үндестігінің болуын анықтауы қазақ-қырғыз тарихының қола дәуірінің зерттелуінің бастауы болды;

– Жетісуда б.з.б. VII-б.з. I ғғ. мәдениет дамуының ортақ бір линиясы болып, ерте көшпелілер – сақтар мен үйсіндердің мәдениеті кейінгі қола дәуірінен бастап, жергілікті негізде қалыптасты, жетісулық сақ мәдениеті үйсін мәдениетінің негізін құрады және ешқандай үйсіндер миграциясы болмаған, тек

сақтардың күш қуатынан айырылып, исседондармен ығыстырылуы әсерінен, тайпалар одағының этникалық атауы ғана ауысты деген тұжырымдары – жалпы қазақ халқының тарихына жаңаша ғылыми көзқарастың бастауы болды. Сақ дәуірі археологиясымен айналысқан кейінгі кезең ғалымдары А.Н. Бернштамның аталған дәуір зерттелуіндегі орнын жоғары бағалайды. Мысалы, К.А. Ақышев өз еңбегінде А.Н. Бернштамның амюргий (хаомоварга) сақтарын Памирге орналастыруына келіспейтіндігін және ғалымның көп тұжырымдамаларында асығыстықтың, жете негіздеудің жетіспейтіндігін айта келе, дегенмен, А.Н. Бернштам зерттеулері сақ-үйсін мәдениетінің зерттелуінің жаңа кезеңін ашты деген баға береді. Сақ-үйсін бірлестігі туралы ғалымның және К.А. Ақышев, Ю.А. Заднепровский, К.М. Байпақов, Ә.Т. Төлеубаев, А.М. Досымбаева және т.б. ғалымдардың ойларын талдай келе, А.Н. Бернштам идеясының шындыққа жанасымдылығы, ғылыми негізделгендігі анықталды;

– ғалымның Шығыс Памирдегі ерте көшпелілер – сақтардың ескерткіштерін зерттеуі, сақ тайпаларының Памирді қоныстану уақыты мен жолдарын анықтауы, ежелгі уақытта отырықшы және көшпелі халық арасындағы шекаралар туралы маңызды тұжырымдары – осы өлкедегі сақ ескерткіштерін зерттеудің бастауы болды. ХХ ғасырдың 40-50 жж. Памир өлкесі археологиядағы «ақтаңдақ» беттің бірі болатын. Саймалы-Таштағы, сондай-ақ Араванның жартастағы суреттерді зерттеу нәтижесінде жасалған кезеңдеулері мен классификациялаулары әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Кейіннен А.И. Мартынов, А.Н. Марьяшев және А.К. Абетековтер өзгеріс енгізіп, А.Н. Бернштам «сақ дәуіріне дейінгі» деп көрсеткен кезеңді қола дәуіріне жатқызып, б.з.б. III–II мыңжылдықтармен кезеңдеді [188, с. 25];

– Ғұн тарихы, жалпы ғұн миграциясының прогрессивті ролі туралы А.Н. Бернштам ойлары кеңес ғалымдары тарапынан қолдау тапқан жоқ. Осындай қылышынан қан тамған заманда, автордың ғұн тарихына арналған еңбегі қатаң сындарға ұшырады және өте үлкен саяси қателіктер жіберілген деп айыпталды. Ғалымды жаулап алу соғыстарын жақтаушы деп кіналап, ғұндардың ролін асыра күшейте көрсетуін пантюркизмге қатысы бар деп сынады. Осы сындар салдарынан А.Н. Бернштам ұстаздық қызметінен және экспедицияларға жетекшілік ету мүмкіндігінен аластатылды. Бірақ, қанша сынға ұшыраса да, ғалым ғұндар тарихына қатысты өз идеяларынан бас тартпады және ғұндардың саяси аренадағы орнын төмен көрсетуге тырыспады. Ғалымның Жетісу мен Тянь-Шаньның катакомбалы-ақымды обаларын ғұн тайпаларына жатқызуы да көптеген археологтар тарапынан қарсылық туғызды. Осы күнге дейін катакомбалы-ақымды обалардың кімдерге тиесілі екендігі туралы орныққан, дәлелденген пікір жоқ. Яғни пікір қайшылығы әлі де орын алуда. Дегенмен, соңғы ғылыми зерттеулер нәтижесінде көпшілік ғалымдар мұндай жерлеу орындарын қаңлыларға тиесілі деп санауда;

– Ғалым қаңлының бес иелігін орналастыруы, қаңлы топонимикаларына талдау жасап, қаңлыларды түркі тайпаларына жатқызуы – қаңлы тарихнамасындағы маңызды қадам болды. Қазіргі таңда «Қаңлы мәселесі» деп

аталатын проблеманың түп-төркіні – табылып жатқан археологиялық ескерткіштерді жазба деректердегі мәліметтермен сәйкестендіруден туындады. Орталық Азияның батысындағы ең күшті саяси күшке айналған, 5 ғасырдан астам уақыт бойы билік еткен қаңлы мемлекетінің тарихы әлі де толық қарастырылмады. Жетісу мен Солтүстік Тянь-Шаньдағы қорғанысты елдімекендер мен алғашқы қалалар, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен табылған катакомбалы-ақымдық жерлеу орындары жергілікті, автохтонды деп саналып, қаңлы тайпаларына тиесілі екендігі дәлелденуде. Қаңлылардың көшпелі топтарына тән обалар мен отырықшы бөілігінің елді мекендері кеңінен зерттелуде;

